Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

# НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**(**жаңартылған МЖМБС шеңберінде**)**

Астана, 2024

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2024 жылғы 8 қарашадағы №7 хаттама)

**Негізгі орта білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар (жаңартылған МЖМБС шеңберінде).** – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 160 б.

Негізгі орта білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарда (жаңартылған МЖМБС шеңберінде) негізгі орта білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізудің негіздемелері, пәндік және метапәндік құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелерге сәйкес пәндер мазмұнындағы өзгерістердің сипаттамасы, құндылықтарға негізделген білім беруді жүзеге асырудың ерекшеліктері және құндылықтарға негізделген тақырыптарды оқытуда тәрбиелік аспектіні, пәнаралық байланысты іске асыру, пәндік және метапәндік құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелерге сәйкес тапсырмалар құрастыру және оқыту әдістерін қолдану, қалыптастырушы, жиынтық бағалау тапсырмаларын, бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдар берілді.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептердің пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім басқармалары мен білім беру ұйымдарының мамандарына арналған.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2024

# КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2024 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, ҚР Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы №2 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі шараларына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасына» сәйкес Қазақстан Республикасының орта білім беру мазмұнын жетілдіру жұмыстары жүргізілді.

2021 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Отаншылдықтың маңызды шарты – ұлттық бірегейлікті сақтауға, қоршаған әлемге жауапты қарауға, жергілікті және ұлттық деңгейлерде қоғамдық өмірге белсенді қатысуға қатыстылық пен бастамашылық сезімін дамытуға бағытталған әрбір азаматтың санасын жаңғырту» деп атап көрсетілген [2].

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегиясы. Білім алушылар өздері өмір сүретін ортада жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Еліміз үшін маңызды болып табылатын стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық қасиеттерін: белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, өмір бойы білім алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілігін дамыту. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Осы орайда Қазақстанның білім саласындағы қазіргі басым бағыттарының бірі – орта білім беру мазмұнын жетілдіру. Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептердегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұнына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Еліміздің орта мектептеріндегі оқыту әлі де өз дәрежесінде тиімді болмай отыр. PISA, PIRLS зерттеулері нәтижесінде алынған деректер жалпы орта білім беру жүйесінде теориялық білім беру оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті. Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, оқу барысында мәтінді талдау және бағалау, алған білімін өмірде қолдану сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде жеткіліксіз екенін көрсетті. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипатының басым және ауқымды болуы тиімді оқытуда кездесетін негізгі кедергі деуге болады.

Мектеп оқушыларының қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізуі үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет

екенін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды.

Жоғарыда аталған мәселелерге байланысты орта білім беру сапасын арттыру жағдайында оқу пәндерінің мазмұны жетілдірілді. Осы әдістемелік ұсынымдарда пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларының жетілдірілген мазмұнының ерекшеліктері сипатталды және оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

Әдістемелік ұсынымдардың бірінші бөлімінде оқу бағдарламаларына енгізілген өзгерістердің сипаттамасы мен оның негіздемелері туралы сипатталады.

Екінші бөлімінде әрбір сыныптың білім мазмұны мен оқу мақсаттарына сай тапсырмалар құрастыру әдістері, қалыптастырушы, жиынтық бағалау тапсырмаларының, сондай-ақ бағалау критерийлері мен дескрипторлар құрастырудың үлгілері бойынша әдістемелік ұсынымдар берілді.

# 1 ЖАҢАРТЫЛҒАН МЖМБС ШЕҢБЕРІНДЕ НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

## «Қазақ тілі» (Т1) пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнінен берілетін білім білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыра отырып, оның бойына құзыреттіліктерді дарытуды мақсат тұтады.

«Қазақ тілі» пәні – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес міндетті түрде оқытылатын негізгі пәндердің бірі.

«Қазақ тілі» пәні бойынша мазмұны жетілдірілген бағдарламаның қолданыстағы бағдарламадан ерекшелігі оның философиясын сақтай отырып, функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға, тілдің синтаксистік жүйесін жүйелі түрде меңгертуге бағытталуында.

Әдістемелік ұсынымдарда қамтылған материалдар білім алушылардың жас ерекшелігі мен таным-түсінігіне, ортасы мен әлеуметтік мүмкіндігіне сай таңдалған. Алайда, оқушының ғаламдық білім кеңістігі аясын кеңейту және пәндік білімдерін толықтыру мақсатында түрлі қосымша мағлұматтар ұсынылады. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттыра отырып сабақты ұйымдастыру, өткізу маңызды болып табылады.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту үдерісі *тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым* әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін дәріс оқу, пікірталасқа түсу, мақала жазу, монолог дайындау, графикалық мәтіндермен жұмыс жасау, эссе жазу т.б. белсенді әдістерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қоры жетілдіріледі. Сыныпты басқару ісіне қатысты жұптық, топтық жұмыстар жүргізу берілетін білімнің жүйелі, өміршең болуымен қатар, оқушылардың өзара коммуникативтік қарым-қатынасын нығайтады. Өз ойын еркін жеткізуге, өзгенің пікірімен санаса білуге үйретеді.

Қазақ тілінде оқытылатын негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 және 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу пәні бойынша білім мазмұны жетілдірілген бағдарламада қазақ тілінің функционалды қызметін коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану көзделген. Сонымен қатар білім алушылардың әдеби тіл нормалары мен тілдік құзыреттіліктерін дамыту мақсатында тілдің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік жүйесін меңгерту ескерілген.

5-9-сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасын жетілдіру бойынша қолданыстағы бағдарламаның бөлімдерінің (тыңдалым/айтылым, оқылым, жазылым, әдеби тіл нормасы) негізгі жүйесі сақталып, мақсаты мен міндетіне ұлттық құндылықтарды енгізу тұрғысынан толықтырылып, мұғалімдер мен оқушыларға қиындық келтіретін оқу мақсаттарына лексикалық, стилистикалық түзетулер жасалып, редакцияланып өңделді.

Жетілдірілген Үлгілік оқу бағдарламасында білім алушылардың оқу мақсаттарында көзделген коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында тіл

табиғатын таныту үшін мәтін ішіндегі тілдік бірліктердің қызметін талдау 5-9 және 10-11-сыныптарда үздіксіз процесс ретінде жүргізіледі. Әсіресе, әдеби тіл нормалары негізінде жазу сауаттылығын жазылым дағдысымен қатар, сөйлеу мәдениетін айтылым әрекетімен қатар дамыту бағдарламада анық көрсетілген.

Білім алушылардың бастауыш сыныптарда алған тілдік құзыреттіліктерін жетілдіріп, шиыршық қағидатын сақтап, әр тоқсанда және жыл сайын қайталап отыру үшін мәтіндерді (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндері) орфографиялық және пунктуациялық нормаға сай жазу, сөздік қорын арттыру, эссе жазуда тіл оралымдарын ескеру, сөйлемде қолдану; орфографиялық қателерді түзету мен редакциялауда сөз тұлғасын, мағынасын меңгерту; тасымал, пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, өңдеп жазу, стильдерге қатысты тілдік ерекшеліктерді білу мен салыстыру; тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыру; жай, құрмалас сөйлемдердің түрлерін нақтылау сұрақтарын құрастыру мен жетекші сұрақтарды құрастыру; эмоционалды-экспрессивті сөздерді коммуникативтік жағдаятқа сай қолдану арқылы меңгерту; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш және тұрақты тіркестерді қолдану; бұқаралық ақпарат құралдары материалдары негізінде стильдік ауытқуларды табу, өңдеу арқылы сөйлеу мәдениетін дамыту қамтылған. Ең бастысы- білім алушылардың бастауыш сыныптан бастап алған білім, дағдылары тілдік құзыреттілікпен үнемі ұштасады.

Бағдарламаның «Әдеби тілдің нормалары және тілдік құзыреттілік» бөлімінде әр сыныпқа бөлініп қарастырылған қазақ тіл білімінің салалары – мұғалімнің білім алушылардың тілдік білімдерін жүйелі түрде жетілдіруі үшін жасалған қадам. Ал тіл нормаларымен берілетін тілдік білім негізгі төрт коммуникативтік әрекеттің ішкі мазмұнында жан-жақты әрі үздіксіз беріледі.

4) әдеби тіл нормалары және тілдік құзыреттілік:

| 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып | 10-сынып | 11-сынып |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Фонетика. Орфографиялық және орфоэпиялық норма | Лексика. Лексикалық норма | Морфология. Морфологиялық норма | Синтаксис. Синтаксистік және стилистикалық, пунктуациялық норма | Синтаксис. Синтаксистік және стилистикалық, пунктуациялық норма | Сөз мәдениеті. Сөз мәдениеті нормалары | Шешендік өнер. Шешендік өнер нормалары |

Бағдарламаның «Әдеби тіл нормалары және тілдік құзыреттілік» бөлімінде грамматикалық тақырыптардың былайша берілуі тілдің жүйесіне байланысты. Тіл – жүйелі құбылыс. Оның салалалары тілдің құрылымдық ерекшелігіне байланысты белгілі тәртіппен бір-бірімен байланысады.

Алдымен, сөз тіл дыбыстарының, яғни фонемалардың мағыналық байланысынан түзіледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесіз, ретсіз берілмейді, мағыналық бірлігіне қарай сөзді туғызады. Фонемалардың жуан және жіңішке түрлері сөз мағыналарын өзгертеді: сан-сән, ал-әл (күш), тас-тес,

жар-жер, тыс-тіс, ұн-үн, тағы басқалар. Дыбыстардың қосындысы белгілі бір мағынаны білдіретін сөздерді жасайды. Сөздің құрамындағы дыбыстар үндеседі: жуан дауысты дыбыстан тұратын буынға жуан дауысты, жіңішке дауысты дыбыстан тұратын буынға жіңішке дауысты дыбыс тіркеседі. Бұл- қазақ тілінің ерекшелігі. Сөздерді дұрыс жазу орфографиялық нормаға, дұрыс айту орфоэпиялық нормаға бағынады. Осыдан буын үндестігі, дыбыс үндестігі деген заңдылықтар келіп шығады. Сөздердің қатесіз дұрыс айтылуында зор рөл атқаратын екпіннің түрлерін - дыбыс екпінін, сөз екпінін, логикалық екпін түрлерін фонетика саласы қарастырады.

Мағыналық дыбыстардың қосындысынан туындаған сөздер атауыштық мағынасы мен қызметіне қарай бірнеше түрлерге бөлінеді: тура мағыналы сөз, ауыспалы мағыналы сөз, түбір сөз, туынды сөз, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, эмоционалды сөздер, экспрессивті сөздер, табу сөздер, эфмемизмдер, дисфемизмдер, тағы басқалар. Аталған сөздердің қолданысы лексикалық нормаға бағынады. Бұлардың мағынасы мен қызметін тілдің лексика саласы қарастырады.

Сөздер мағынасы мен қызметіне қарай сөз таптарына бөлінеді. Әр сөз табына жататын сөздер бір-бірімен байланысқа түсу үшін түрленеді: жұрнақ және жалғау жалғанады. Әр сөз табына енетін сөздердің түрлену жүйесі әртүрлі. Мысалы, зат есім көптеледі, тәуелденеді, септеледі, ішнара жіктеледі. Сын есім шырай жұрнақтары арқылы түрленеді. Етістік шақ және рай жұрнақтары, жақтық мәнді білдіретін жалғаулар арқылы түрленеді, тағы басқалар. Осы сияқты ерекшеліктерді тілдің морфология саласы қарастырады.

Сөздер түрленіп барып, түрлі тәсілдермен сөз тіркесін құрайды. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін синтаксис қарастырады. Сөз тіркестері сөйлемге еніп, белгілі бір ақпаратты жеткізеді, оқиғаны баяндайды, затты суреттейді, тағы басқалар. Сөйлемдер мағынасы мен айтылу интонациясына қарай хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдер, құрылысына қарай жай және құрмалас сөйлемдер болып бөлінеді. Сөйлемнің түрлері мен байланысу жолдарын, қызметін тілдің синтаксис саласы қарастырады.

Сөйлемдер мәтін құрайды. Осыдан тілдің танымдық, коммуникативтік қызметтері жүзеге асады. Коммуникацияда сөз мәдениеті нормалары мен талаптары анықталады. Сөз мәдениетінің жоғары формасы шешендік өнер өз алдына сала болып оқытылады.

Тілдің осы жүйесін сақтап оқыту «Қазақ тілі» пәнінде талап етіледі. Сондықтан тілдің салаларын 5-11-сыныптар аралығында арнайы тақырып ретінде оқыту тілдің құрылымдық ерекшелігін, функционалды қызметін терең білуге көмектеседі.

Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген.

***Оқу мақсаттары***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **1. Орфографиялық норма** 5.4.1.1 | 6.4.1.1 Мәтіндерді (диктант түрлері немесе | 7.4.1.1 Мәтіндерді (диктант түрлері немесе жазылым | 8.4.1.1 Мәтіндерді (диктант түрлері немесе | 9.4.1.1 Мәтіндерді (диктант түрлері немесе |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Мәтіндерді (диктант түрлері немесе жазылым мәтіндері) орфографиялық нормаға сай жазу<br>5.4.1.2<br>Тіл дыбыстары. Дауысты, дауыссыз дыбыстар<br>ды орфография<br>лық нормаға сәйкес жазу;<br>5.4.1.3<br>буын түрлері мен тасымалды жасауда орфография<br>лық норманы сақтау;<br>5.4.1.4<br>буын үндестігі, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды орфогра<br>фиялық нормаға сәйкес жазу;<br>5.4.1.5<br>дыбыс үндестігін орфогра<br>фиялық нормаға сай қолдану.<br>**2. Орфоэпиялық норма**<br>5.4.2.1<br>дыбыс үндестігі, дыбыстарды сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, | жазылым мәтіндері) орфографиялық нормаға сай жазу<br>6.4.1.2<br>сөз мағынасы туралы түсінік алу, сөздің тура және ауыспалы мағынасын ажырату.<br>6.4.1.3<br>көп мағыналы сөздер, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану<br>6.4.1.4<br>сөздік қор және сөздік құрам ерекшеліктері мен қолданыс аясын түсіну**.**<br>6.4.1.5 көнерген сөз, эвфемизм, дисфемизм, табу сөздердің мағынасын білу және сөйлем ішінде ажырату.<br>6.4.1.6<br>неологизм, терминдер, диалект, кәсіби сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу<br>6.4.1.7<br>фразеологизм, мақал-мәтелдердің, нақыл сөздердің мағынасын білу және көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану<br>6.4.1.8 | мәтіндері) орфографиялық нормаға сай жазу<br>7.4.1.2<br>Сөзжасам. Сөздердің жасалу жолдарын ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану;<br>7.4.1.3<br>Зат есімдер. Зат есімнің түрленуі. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану;<br>7.4.1.4<br>Сын есімнің мағыналық түрлері. Шырай категорияларының көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>7.4.1.5<br>Сан есім. Сан есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сан есімді зат есім орнына қолдана білу;<br>7.4.1.6<br>Есімдік және оның түрленуі. Есімдікті зат есім, сын есімнің орнына қолдану;<br>7.4.1.7<br>Етістіктің түрлері мен категорияларын (етіс, шақ, рай) ажырату, мәтін аясында қолдану; | жазылым мәтіндері) орфографиялық нормаға сай жазу<br>8.4.1.2<br>Оқшау сөздердің түрлерін және тыныс белгілерін ажырата білу, сөйлемдегі қызметін түсіну.<br>8.4.1.3<br>Сөз тіркесі туралы түсінік. Сөз тіркесінің байланысу тәсілдері мен түрлерін ажырату, жасалу жолдарын білу.<br>8.4.1.4<br>Есімді, етістікті сөз тіркестерін ажырату, мәтінде мақсатқа сай қолдану;<br>8.4.1.5<br>Сөз тіркесіндегі синтаксистік қатынастарды ажырату.<br>8.4.1.6<br>Хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты сөйлемдерді мағынасына қарай ажырату, сөйлем түрлеріне қарай тыныс белгілерін қолдану.<br>8.4.1.7 | жазылым мәтіндері) орфографиялық нормаға сай жазу<br>9.4.1.2<br>Құрмалас сөйлем жөнінде түсінік алу. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдерді ажырату, құрмалас сөйлемдердің ерекшеліктерін білу;<br>9.4.1.3 Салалас құрмалас сөйлемнің мағыналық түрлері мен жасалу жолдарын, тыныс белгілерін ажырату, түрлендіріп қолдану;<br>9.4.1.4<br>Сабақтас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, мағыналық түрлерін және тыныс белгілерін ажырату, түрлендіріп қолдану;<br>9.4.1.5<br>Аралас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, тыныс белгілерін ажырату, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылық тарына сәйкес айта білу; 5.4.2.2 ерін үндестігі, буын үндестігі. Буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды білу, сөз және сөйлем ішінде қолдану; 5.4.2.3 екпіннің түрлерін (сөз екпіні, дыбыс екпіні, тіркес екпіні, логикалық екпін) ажырату, сөз және сөйлем ішінде орынды қолдану 5.4.2.4 сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. | бейнелі сөздер: эпитет, теңеу, метафораның ерекшеліктерін түсіну, сөздерді мақсатқа сай қолдану. | 7.4.1.8 Үстеудің мағыналық түрлерін ажырату, синонимдік қатарларын түрлендіріп қолдану; 7.4.1.9 Шылау және еліктеу сөздердің түрлерін ауызша, жазбаша мәтінде орынды қолдану. | Сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелерінің жасалу жолдарын ажыратып, қолдану; 8.4.1.8 Сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер мен айқындауыш мүшелердің қызметін білу, тыныс белгілерін қолдану; 8.4.1.9 Жай сөйлемдердің құрылымдық ерекшелігін түсіну, жақты, жақсыз, жалаң, жайылма, толымды, толымсыз, атаулы сөйлемдерді ауызша және жазбаша мәтіндерде қызметіне сай қолдану. | мақсатқа сай қолдану 9.4.1.6 Құрмалас сөйлемдердің тыныс белгілерін ажырату, қолдану. 9.4.1.7 Төл сөз бен төлеу сөз жайында түсінік алу. Төл сөз бен автор сөзінің орналасу тәртібін және тыныс белгілерін ажырату. 9.4.1.8 Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдарын біліп қолдану. |

**«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Қазіргі уақытта ұлттық білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық сана, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Сондықтан, жалпы білім беру ұйымдарында тіл мен әдебиетті оқыту аталған міндетке сәйкес болуы қажет.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен білім мазмұнын жетілдіруде Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы мен ЕҚЫҰ-ның «Compass of learning – 2030» тұжырымдамасы басшылыққа алынды. Ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы

қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен берілетін білім мазмұнын жетілдіру барысында бірқатар шетелдік тәжірибелер де сараланды. АҚШ, Аустралия, Канада, Жаңа Зеландия, Түркия сияқты елдерде тіл мен әдебиет кіріктіріліп оқытылатын болса, Сингапур, Эстония елдерінде әдебиет жеке пән ретінде оқытылады. Сингапур мен Эстония елдерінде әдебиетті оқытуда «*мәтінді түсіну*», «*талдау*», «*интерпретация*» және «*шығармашылық жұмыс*» сияқты әдеби дағдыларды қалыптастыруға көңіл бөлінеді. Сингапур мен Түркияда әдебиетті оқытудың тәсілдемесі – жанрға бағытталған оқыту болса, Эстонияда дағдыға негізделген оқыту және әдеби шығармаларды оқуда мектепке, мұғалімдерге, кейде оқушыларға да таңдау еркіндігі беріледі. [15]

Сингапур мен Түркияда ертегі/миф/дастан, комикс, мысал, поэма, хикаят, әңгіме, роман, пьеса, ән/әуен, бесік жыры, сатиралық өлеңдер, карикатура, рифма, санау/жұмбақтар сияқты жанрларды оқытуға басымдық беріледі. Ал Эстонияның әдебиетті оқытудағы ерекшеліктері: «құндылық және мораль», «отбасы және мектеп», «ұлттық мәдениет және мәдени алуандылық», «қоршаған орта», «қоғамның тұрақты дамуы», «азаматтық қоғам», «халықаралық қатынастар», «ақпараттық орта», «технология және инновация» сияқты тақырыптар аясында мәтіндердің мазмұнын түсіну, мәтінді тұтас қабылдау, интерпретация және шығармашылық жұмысты қамтиды. [15]

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні бағдарламасының басты бағыты әдебитанымдық, тұлғатанымдық және мәдениттанымдық сипатта көрінеді:

- әдеби мұраларды оқыту арқылы білім алушылардың ойлау қабілеті мен тұлғалық қасиеттерін дамыту, рухани тәрбие беру;
- тұлғаның әдеби-эстетикалық танымы мен талғамын қалыптастыру, өздігінен білім алуға, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіруге мүмкіндік жасау;
- сөз өнерін ұлттық мәдениеттің маңызды бөлігі ретінде бағалай алатын, адамзаттық құндылықтарды сыни тұрғыдан пайымдайтын тұлға қалыптастыру;
- білім деңгейі мен ой-өрісі, оқырмандық мәдениеті мен әдеби тілі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге икемді ұрпақ тәрбиелеу.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәнін оқытудың мақсаты – ұлтымыздың құнды мұралары арқылы білім алушылардың ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын дамыту, тұлғаның рухани-адамгершілік әлемін, танымдық-эмоционалдық зиятын, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру. Әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті функционалды білім беру және игерілген білім, білік, дағдыларды өмірлік жағдайларда қолдана білетін, өзіндік пікірі мен сыни пайымы бар шығармашыл тұлға қалыптастыру.

Әлемдік тәжірибені зерделей келе, «Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын жетілдіруде әдебиетті оқытудың төмендегі ерекшеліктерін ескеру көзделді:

1) Оқыту мен тәрбиелеу мақсаттары. Олар:

- көркем әдебиетті білім алушылардың жас ерекшелігіне сай оқыту, оқу дағдылары мен тұрақты оқу әдетін дамыту;

- әдебиеттің бейнелі тілін түсіну, сөздік қорын кеңейту және ауызша және жазбаша ойын білдіру дағдыларын дамыту;

- әдебиетті өзінің ұлттық мәдениетінің маңызды бөлігі ретінде бағалап, әртүрлі халықтардың әдебиетімен, мәдениетімен салыстыра оқыту;

- әдебиет арқылы өзінің эстетикалық және этикалық көзқарастарын қалыптастыру;

- әртүрлі ақпарат көздерін сыни тұрғыдан бағалауға және мақсатты пайдалануға үйрету.

2) Құндылықтарға негізделген оқыту:

- ✓ эстетикалық және этикалық;
- ✓ адамгершілік және руханилық;
- ✓ отбасы;
- ✓ мәдениет пен дәстүрлер;
- ✓ еңбек және өзін-өзі жетілдіру;
- ✓ білім мен зият;
- ✓ ынтымақтастық пен өзара көмек;
- ✓ табандылық пен сенімділік;
- ✓ патриотизм мен азаматтық.

3) Құзіреттіліктер (оқу мақсаттары арқылы қалыптасады).

4) Мәтін түрлері (ауыз әдебиеті үлгілері, классика, қазіргі әдебиет);

5) Мәтіндерді іріктеуге қойылатын талаптар. Олар:

- әдеби құндылықтарды қалыптастыратын мәтіндер;
- көпшілікке танымал авторлар мен шығармалар;
- оқушылардың сезім әлемін, ақыл-ойын байытатын мәтіндер;
- сыныптан тыс оқитын шығармалар.

5) Пәнді оқыту арқылы әмбебап дағдыларды дамыту. Олар:

- ✓ оқу сауаттылығы;
- ✓ коммуникативтік дағдылар;
- ✓ сыни ойлау;
- ✓ АКТ-ны меңгеру дағдылары;
- ✓ өзін-өзі жетілдіру;
- ✓ оқуға құштарлық;
- ✓ проблемаларды шеше білу.

6) Оқу және білім нәтижелері. Олар:

- жас ерекшелігіне сәйкес әртүрлі жанрдағы шығармаларды оқиды, оқу дағдыларын дамытады;
- күрделі мәтіндерді еркін және мәнерлеп оқиды және түсіне алады;
- оқылған шығармалардың мазмұны мен кейіпкерлері туралы баяндайды;
- сюжеті мен композициясына, образдарына, шығарма тіліне талдау жасайды, интерпретациялайды;
- көркем шығармаларды оқудың құндылығын түсінеді;

- кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас және кез келген көтерілген мәселелерді, кейіпкерлерді, олардың құндылықтары мен мүдделерін салыстырады.

7) Пәнаралық байланыс: тарих, фольклор, театр, кино, бейнелеу өнері.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнында түрлі жанрдағы әдеби шығармалар қамтылды. Оқиғалы мәтіндер: ертегі, комикс, аңыз, мысал, хикаят, әңгіме, фэнтези, қарасөз, роман, шешендік сөздер, драма. Лирикалық шығармалар: өлең, мысал өлең, жыр, толғау, дастан, баллада, поэма, айтыс.

Оқу бағдарламасына бұрынғы бағдарламадағы шығармалармен қатар жаңа авторлардың шығармалары енгізілді. Бұл – әдебиетіміздің жаңа туындылармен толығып отырғандығының кепілі.

*5-11-сыныптарда оқытылатын әдеби шығармалар білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай төмендегідей жүйеленді:*

- 5-7-сыныптарда оқырмандық мәдениетті қалыптастыру мақсатында түрлі жанрда жазылған балалар әдебиеті (ертегі, аңыз, батырлар жыры, комикс, фэнтези, фантастика және т.б.) көбірек қамтылды;
- 8-11-сыныптарда әдебиеттің тарихи кезеңдері жеңілден күрделіге қарай жүйеленіп берілді;
- «Толық адам» тұжырымдамасының негізінде тәрбие компонентін күшейту мақсатында Абай Құнанбаевтың шығармаларын әр сыныпта (5-10-сыныптарда) оқыту көзделді.

5-7-сыныптар әдебиеттік оқу сыныптары ретінде негізінен көркем әдебиетті оқуға және түсініп қабылдауға бағытталады. Жазба тілді қабылдау және оның бейнелі тілін түсінуге ықпал ететін дағдыларды дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Әсіресе оқушылардың көркем шығармаларды оқу арқылы оқырмандық дағдысын қалыптастыру көзделеді. Сыныптан тыс оқуға, оқушылардың өздігінен көркем туындыларды оқуға деген ықыласын тудыру мақсаты қойылады. Сондықтан бұл сыныптағы мәтіндер тілі шұрайлы, оқиғасы жеңіл әрі қызықты болып келуі шарт. Осы орайда оқу бағдарламасына ертегі, аңыз, мысал өлең, лирикалық өлеңдер, қарасөз, эпикалық жанрдың шағын көлемді әңгімелері оқушы танымына лайықты етіп таңдалды. Балалар әдебиеті өкілдерінің шығармаларына басымдық беріліп, әр сынып бойынша тәуелсіздіктен бергі қаламгерлердің түрлі жанрдағы үздік шығармалары енгізілді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында Блум таксономиясын толық меңгерту теориясы басшылыққа алынып, көркем шығарманы толық оқыту қағидаты сақталды. XXI ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып, толғандырар сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілді. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкес, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын

түсіну, монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны Блум таксономиясының мақсаттар жүйесіне сәйкес бөлімдерге бөлінген: ***«түсіну және жауап беру», «талдау және интерпретация»*** (қолданыстағы бағдарламада *«анализ және интерпретация»* деп берілген), ***«салыстыру және бағалау»*** (қолданыстағы бағдарламада *«бағалау және салыстыру»* деп берілген), сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден құрылған. Блумның иерархиялық құрылымы бойынша берілген оқу мақсаттарының алты деңгейі бағдарламада сақталды. Әр деңгей белгілі бір ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталды.

***Бөлімдер мен бөлімшелердегі өзгерістер***

| **Қолданыстағы нұсқа** | **Өзгертілген нұсқа** |
|---|---|
| 1. ***«Түсіну және жауап беру» бөлімі***:<br>1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні;<br>2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы;<br>3) көркем шығармадағы образ;<br>4) шығарма үзінділерімен жұмыс | 1. ***«Түсіну мен жауап беру» бөлімі:***<br>1) әдеби шығарманы түсіну;<br>2) әдеби шығармадағы тақырып пен идея;<br>3) шығарма үзінділерімен жұмыс. |
| 2. ***«Анализ және интерпретация» бөлімі:***<br>1) әдеби шығарманың композициясы;<br>2) автор бейнесі;<br>3) көркем шығарманың тілі;<br>4) шығармашылық жұмыс | 2. ***«Талдау және интерпретация» бөлімі:***<br>1) әдеби шығарманың жанры, сюжеті мен композициясы;<br>2) әдеби шығармадағы образ;<br>3) әдеби шығарманың тілі, көркемдік тәсілдері;<br>4) авторлық көзқарас;<br>5) шығармашылық жазылым. |
| 3. ***«Бағалау және салыстыру» бөлімі:***<br>1) тарихи және көркемдік құндылығы;<br>2) заманауилығы мен жаңашылдығы;<br>3) әдеби эссе;<br>4) әдеби сын | ***3. «Салыстыру және бағалау» бөлімі:***<br>1) әдеби шығармадағы өміршең идеялар мен образдар;<br>2) әдеби шығарманың құндылығы;<br>3) әдебиеттегі ортақ идеялар;<br>4) әдеби эссе;<br>5) сыни пікір |

Оқу мақсаттарындағы өзгерістер мен оларды жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар екінші бөлімде берілген.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Оқу бағдарламасы өзге тілде білім алатын негізгі мектеп оқушыларын қазақ тіліндегі сөйлесім әрекетін мәдениетаралық қатысым құралы ретінде меңгертуді көздейді. Бағдарламада тілді меңгерту бойынша өркениетті елдердің тәжірибесі мен отандық озық дәстүрлер үйлестіріле отырып, өзге тілді мектептің негізгі деңгейінде пәнді оқытудың жаңа бағыттары белгіленді.

Біріншіден, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні (өзге тілде оқытатын мектептер

үшін) бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1,A2, B1, B2, C1) негізге ала отырып айқындалған және әр деңгейдің соңындағы күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Қазақ тілін еуропалық стандартқа сай жаңа тәсілмен оқыту жүйесі бойынша қазақ тілін үйрету барысында қалыптастырылуы көзделетін коммуникативтік құзыреттің құрамындағы компоненттер (Communicative language competence) еуропалық тіл үйрету стандартына сәйкес мынадай етіп белгіленді:

- тілдік-лингвистикалық құраушы компонент;
- әлеуметтік лингвистикалық құраушы компонент;
- прагматикалық құраушы компонент.

Екіншіден, оқу бағдарламасы коммуникативтік тәсіл негізінде құрастырылып, оқушылардың сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуды көздейді.

***Қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан оқыту*** функционалдық-мағыналық тұрғыдан меңгертуді білдіреді. Коммуникативтік технология, негізінен, сөйлеу әрекетінің есту, сөйлеу, оқу, жазу түрлерінің өзара біртұтас байланыстағы кешенді оқытуға сүйенеді. Осы ретте Пассов Е.И. «*Содержание учебного аспекта составляют те речевые умения, которыми должен овладеть учащийся как средствами общения — говорение, аудирование, чтение, письмо (возможен и перевод), а также собственно умение общаться. Каждое из умений основано на определенных навыках и механизмах, обладает определенными качествами. Процесс формирования речевых навыков и развития речевых умений понимается нами как процесс формирования целостного речевого механизма, а формирование речевого механизма — как процесс развития личности. Следствием этого является совершенно иной характер коммуникативной технологии.» - деп атап өтеді.* Ал Құрман Н.Ж. өз еңбегінде *«Қазақша коммуникативтік құзырет дегеніміз – оқушының қазақ тілін қолдана отырып, тұрмыстық, оқу, кәсіби, мәдени өмірінде өзіне өзекті болып табылатын қазақша тілдік міндеттерді шеше алуы; қазақ тілінің нормасына сай қазақша сөйлеу және жазу, тыңдау-түсіну, оқу-түсіну міндеттерін шеше алуы. Коммуникативтік құзырет адамның жеке тұлғалық қасиетіне бірден айналмайды, ол қазақша қарым-қатынас жасау барысында ғана танылады.»*-деп көрсетеді.

Коммуникативтік технология жүйесімен қазақ тілін үйрету арқылы тіл үйренуші қазақ тілінің түрлі салада қызмет ету тетіктерін түсінеді және қолдану дағдыларын меңгереді. Ондай қызмет ету тетіктері ретінде мыналарды атауға болады:

1) тілдің құрал болу қызметі - тілді бір нәрсе туралы ақпарат алу үшін қолданғанда;
2) тілдің реттеушілік қызметі - сөйлеуші тілді өз айналасындағы адамдардың мінез-құлығын реттеу үшін қолданғанда;
3) тілдің интерактивтік қызметі - сөйлеуші тілді басқа адамдармен өзара байланысу мақсатында қолданғанда;
4) тілдің жеке тұлғалық қызметі - сөйлеуші тілді жеке басының ойы мен

сезімін білдіру үшін қолданғанда;

5) тілдің эвристикалық қызметі - тілді әлемді танып-білу үшін қолданғанда;

6) тілдің бейнелік қызметі - тілді қиял әлемін бейнелеу үшін қолданғанда;

7) тілдің репрезентативтік қызметі - тілді ақпаратты жеткізу үшін қолданғанда.

Түсініп-тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу оқушылардың қарым-қатынас жасауын қамтамасыз етуге қажет қалыптастырылатын сөйлеу қызметінің түрі болып табылады. Сондықтан да осы сөйлеу қызметі түрлерінің негізі міндетті түрде оқушылардың бойында **дағды** ретінде қалыптастырылуы керек. Сөйлеу дағдылары жөнінде Т.М. Балыхина былай деп түсінік береді: *«В зависим ости от рецептивности или продуктивности, а также от формы общения (устной или письменной) выделяется четыре вида речевой деятельности: чтение, аудирование, говорение и письмо. Речевая деятельность характеризуется предметностью, мотивированностью, целенаправленностью, осознанностью. Структурной единицей деятельности является* ***действие****, а способом реализации действия — **операция**. Действие может становиться самостоятельной деятельностью, а может превращаться в операцию. Методические категории **речевой навык** и **речевое умение** соотносятся с психологическими понятиями речевая операция и речевое действие.»* Ал Қадашева Қ.Қ. өз еңбектерінде *«Әдістемелік терминдер дағды мен білік – сөйлеу әрекеті мен іс-қимылдың нәтижесі. Яғни дағды іс-әрекетті жылдамдату амалы; тілді үйрену үдерісіндегі дыбыстай білу, екпінді дұрыс қою, грамматикалық және лексикалық дағды қалыптастыру тіл нормаларына сәйкестікте орындалып, біліктілікті қалыптастыруға қажеттілікті тудырады. Тіл үйренушінің тілді үйрену үдерісіндегі қалыптасқан **дағды** мен **білік** негізінде түрлі қатысымдық міндетті шешу жағдайындағы сөйлеу әрекетін сөйлеу білігі дейміз»* деп анықтама береді.

Сөйлеу әрекетінің түрлеріне байланысты қалыптасатын дағды тұтас кешен ретінде әр сынып бойынша оқу мақсаттары түрінде ұсынылады. Ал оқу мақсаттары оқыту процесін жоспарлауға, әдіс-тәсілдерді таңдауға және қалыптасқан дағдыны бағалауға мүмкіндік береді. Сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша оқу мақсаттарының негізгі бағыттары реттелді.

Ал әр бағыт бойынша оқу мақсаттарының мысалдары төмендегідей (5-сынып):

- 5.Т1. Тақырыпты тірек сөздер арқылы болжау.
- 5.Т2.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.
- 5.О1. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау.
- 5.О2. Хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау.
- 5.А3. Ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту
- 5.А4. Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау.

- 5.Ж3.Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу, т.б.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жүйелі ұйымдастырылған әдіс-тәсілдер негізінде жүзеге асады. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейіне арналған бағдарлама мақсаттарының бірі ─ түрлі әлеуметтік топтармен тиімді тіл табысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Осы мақсатқа жетуге қажетті дағдыларды дамыту үшін ынталандырушы және қолдаушы ортаны құру керек. Коммуникацияның түрлі формаларын қолдану құнды болып саналатын мұндай ортада оқушылар өз пікірін еркін білдіре алады. Осы жөнінде Қадашева Қ., *«Тілді үйрену мен үйрету тіл үйретуші мен үйренушінің тығыз ынтымақты байланысы мен өзара түсінігі бар жерде ғана іске асады. Үйретудің ең негізгі қағидасы – үйренушінің танымы, ойлауы арқылы іс-әрекетке, адамдармен қатысымға түсу мүмкіншілігіне ие болу мақсатына жету.» - деп негіздейді.*

Білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым-қатынасқа түсуі және қазақ тілін сауатты қолдануын ынталандыруға басымдық беріледі, сөйлеу әрекетінің түрлерін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер ұсынылады.

Айтылым және тыңдалым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

• күнделікті тақырыптар аясында және таңдау тақырыбына байланысты (ойын-сауық, ғылыми және т.б.) еркін сөйлесу;

• ауызша тілдесімді түсіну, қысқаша мазмұндау және оны жалғастыру;

• ақпараттардағы негізгі ойды анықтау және оны жүйелі баяндау;

• әртүрлі мәтіндердің стильдері мен ерекшеліктерін түсіну және бағалау;

• бұқаралық ақпарат құралдарының тілін түсіну.

Оқылым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

• әртүрлі оқылым материалдарын (газет-журналдар, бүгінгі таңдағы мақалалар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар, графиктік мәтіндер т.б.) меңгеру;

• көркем шығармаларды көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсініп оқу, нақты және қосымша ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу.

Жазылым дағдыларын дамытуға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

• сөздер мен фразаларды қолдана отырып, мақсатын, өз ойын, ақпараттарды қазақ тілінде сауатты жазу;

• көркемдегіш құралдарды пайдаланып жазу;

• әр түрлі стиль мен жанрда мәтін жазу;

• эссе жазу.

Тілдік бағдар арқылы сауаттылықты қалыптастыруға арналған әдіс-тәсілдер үлгісі:

• тыңдалым, оқылым материалдары негізінде грамматикалық бірліктерді анықтай алу;

• өз ойын жеткізуде және жазба жұмыстарында грамматикалық

бірліктерді  орынды қолдана білу.

**Бағдарламаға енгізілген өзгерістер**

1. Бағдарламаны жетілдіру барысында орта білім саласында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту  үдерісінде  соңғы 4 жылда  қалыптасқан  мәселелер мен қиындықтар туралы  мұғалімдер мен сарапшылардың  пікірлері мен  ұсыныстары назарға алынды. Сонымен байланысты оқу мақсаттары бойынша нақты нәтижелерге қолжеткізу үшін  әр сөйлеу әрекеті  түрлерімен  жүргізілетін  жұмыс түрлеріне (эссе жазу, пкіріталасқа шығу және т.б.) жеткілікті уақыт беру қажеттілігі ескерілді. Бұл - білім алушының тілдік дағдыларды  қалыптастырушы өнімді, өнімсіз жаттығу жұмыстарын орындауына, өз бетінше зерттеу жұмыстарын жүргізуіне, қосымша әдебиеттер оқуына, мұғалімнен кері байланыс алуына жұмсалатын уақытты көбейту  қажеттілігі.Сонымен қатар  қазақ тілінің грамматикалық ерекшелігіне қарай грамматикалық бірліктерді меңгеру уақытты көбірек керек ететіні де есепке алынды. Оқыту үдерісінде қалыптасқан қажеттілікті қанағаттандыру және оқыту сапасын жақсарту мақсатында ұсынылып отырған бағдарламада лексикалық тақырыптар саны 13-тен 8-ге қысқартылды.

2. Оқу  мақсаттары  нақтыланды, қарапайымнан  күрделіге  дидактикалық қағидасына сай  қайта  қаралды.

**«Математика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

5-6-сыныптарға арналған «Математика» пәнінен оқу бағдарламасын жетілдіру барысында келесі мақсаттар бойынша жұмыстар жүргізілді:

– сыныптар бойынша оқу бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және олардың заманауи талаптары бойынша өзектілігі нақтылау;

– білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктері ескеру;

– оқыту мақсаттарының көпшілігі бағалауға, өлшеуге болатындай нақтылау;

– мақсат пен міндеттері құндылықтар негізінде жазу;

– пәнаралық байланыстар ескеру;

– математиканың практикаға бағытталуына, қолданбалы бағытына назар аудару;

– ұзақ мерзімді жоспарда материалдарды тоқсандарға бөлінуі негізделді, оның ішінде жиынтық бағалау санына назар аудару;

– оқу жылының соңында қарастырылатын қайталауға арналған сағат саны арттыру;

– математикалық терминдердің қолданылуын қамтамасыз ету.

Оқу бағдарламасының бірінші тарауда берілген 5-6 сыныптарда «Математика» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері заманауи талаптарға сәйкес нақтыланды. Атап айтқанда, пәнді оқытудың мақсаты тәрбиелік аспектімен толықтырылды, оқытудың міндеттері МЖМБС-ында көрсетілген құндылықтар негізінде нақтыланып, толықтырылды

Өзгерістер мен толықтырулар 5-6-сыныптардың базалық мазмұнына, яғни бөлімдер мен тақырыптардың берілу ретіне енгізілді.

5-сынып: «Бұрыш. Көпбұрыш» бөлімінен көпбұрышқа байланысты материал алынып тасталды; «Диаграмма» бөлімінен «Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор. Диаграмма. Бағанды, сызықтық және дөңгелек диаграммалар» тақырыптары 6-сыныпқа көшіріліп, «Статистикалық деректерді көрсету тәсілдері» тақырыбы ғана қалды. Бұл тақырыпта кестеге ғана байланысты оқыту мақсаттары қарастырылатын болғандықтан, бөлім «Статистика» деп аталды; «Кеңістік фигураларының жазбалары» бөлімі толығымен алынып тасталды. Себебі бұл материалды білім алушылардың қызығушылығына қарай қосымша материал ретінде сабақтан тыс уақытта қарастыруға болады. Сонымен қатар, бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінің арасындағы сабақтастықты орнату мақсатында «Натурал сандар және нөл саны» бөлімі «Көптаңбалы сандарға амалдар қолдану» тақырыбымен басталады.

6-сынып: Базалық мазмұны жеңілдетілді. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 6-сыныптың базалық мазмұнынан «Шамалар арасындағы тәуелділіктер», «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері» бөлімдері 7-сыныпқа көшірілді; «Кеңістіктегі фигуралар» бөлімі алынып тасталды. Сонымен қатар, 6-сыныптың базалық мазмұны қолданыстағы оқу бағдарламасы бойынша 5-сыныпта қарастырылатын «Шеңбер. Дөңгелек. Дөңгелек сектор. Диаграмма. Бағанды, сызықтық және дөңгелек диаграммалар» тақырыптарымен толықтырылды.

**«Алгебра» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Бірінші тарауда берілген 7-9 сыныптарда «Алгебра» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері заманауи талаптарға сәйкес нақтыланды. Атап айтқанда, пәнді оқытудың мақсаты тәрбиелік аспектімен толықтырылды, оқытудың міндеттері МЖМБС-ында көрсетілген құндылықтар негізінде нақтыланып, толықтырылды (1-кесте).

Өзгерістер мен толықтырулар сыныптардың базалық мазмұнына, яғни бөлімдер мен тақырыптардың берілу ретіне енгізілді. 7-сыныпта енгізілген өзгерістер келесі кестеде көрсетілген.

Бөлім атаулары, 7-сынып

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасы | Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасы |
|---|---|
| 5-6 сыныптардағы математика курсын қайталау | 5-6 сыныптардағы математика курсын қайталау |
| 1-бөлім. Бүтін көрсеткішті дәреже | 1-бөлім. Бүтін көрсеткішті дәреже |
| 2-бөлім. Көпмүшелер | 2-бөлім. Көпмүшелер |
| 3-бөлім. Функция. Функцияның графигі | 3-бөлім. Функция. Функцияның графигі |
| | 4-бөлім. Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері |
| 4-бөлім. Статистика элементтері | 5-бөлім. Қысқаша көбейту формулалары |
| 5-бөлім. Қысқаша көбейту формулалары | 6-бөлім. Алгебралық бөлшектер |
| 6-бөлім. Алгебралық бөлшектер | 7-бөлім. Статистика элементтері |
| 7-сыныптағы алгебра курсын қайталау | 7-сыныптағы алгебра курсын қайталау |

Кестеден оқу бағдарламасының жетілдірген нұсқасында жеті бөлімнен тұратынын, яғни 7-сыныптың базалық мазмұнына жаңа «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер мен олардың жүйелері» бөлімі енгізілгенін байқаймыз.

Яғни, білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып,

1) 7-сыныптың базалық мазмұнына 6-сыныпта қарастырылған «Шамалар арасындағы тәуелділіктер» және «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері» бөлімдері көшірілді. Яғни функция ұғымына байланысты оқыту мақсаттары бір сыныпқа жинақталды және жүйеленді;

2) 8-сыныптан «Статистика» бөлімінің «Орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу» алынып тасталды, себебі 10-11-сыныптардың материалын қайталайды;

3) 9-сыныптан «Комбинаторика элементері» бөлімінен «Комбинаториканың негізгі ұғымдары мен ережелері (қосу және көбейту ережелері). Санның факториалы. Қайталанбайтын «орналастыру», «алмастыру» және «теру» ұғымдары. Комбинаториканың негізгі формулалары. Комбинаторика формулаларын қолдану арқылы есептер шығару. Ньютон биномы және қасиеттері» тақырыптары 10-сыныпқа көшірілді. «Тізбектер» тарауынан «Математикалық индукция әдісі» тақырыбы алынып тасталды. Себебі, бұл тақырыпты білім алушылардың қызығушылығына қарай сыныптан тыс уақытта қарастыруға болады. Сонымен қатар, білім алушыларды қорытынды аттестаттауға сапалы дайындауын қамтамасыз ету мақсатында 9-сыныптың соңында қайталауға бөлінген сағат саны арттырылды.

7-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі төмендегі кесте көрсетілген.

7-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 62 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 20 | 20 | 20 | 2 | 6 |
| 32,3% | 32,3% | 32,3% | 3,2% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 68 | | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай 7-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 62 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 20-ы белсенді етістіктермен ауыстырылды, 20-ы нақтыланды, 2-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 2 оқыту мақсатына қысқарып, 6 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарындағы өзгерістердің проценттік үлесі келесі диаграммамен берілген.




8-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі келесі кестеде көрсетілген.

8-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттарының саны: 35 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 13 | 16 | 3 | 3 | 3 |
| 37,1% | 45,7% | 8,6% | 8,6% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы оқыту мақсаттарының саны: 35 | | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай 8-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 35 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 16-сы белсенді етістіктермен ауыстырылды, 3-і нақтыланды, 3-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 3 оқыту мақсатына қысқарғанмен, 3 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарындағы өзгерістердің проценттік үлесі төмендегі диаграммамен берілген.




9-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі 12-кесте көрсетілген.

9-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 38 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 3 | 20 | 11 | 4 | 5 |
| 7,9% | 52,7% | 28,9% | 10,5% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы | | | | |

| оқыту мақсаттар саны: 39 |
|---|

Кестеден байқағанымыздай 9-сыныпқа арналған оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 38 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 20-ы белсенді етістіктермен ауыстырылды, 11-і нақтыланды, 4-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 4 оқыту мақсатына қысқарып, 5 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарындағы өзгерістердің проценттік үлесі төмендегі суретте берілген.




Екінші тараудың 3-параграфында 7-9-сыныптарына арналған «Алгебра» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар берілген. Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасын жетілдіруге байланысты ұзақ мерзімді жоспарға да өзгерістер енгізілді.

**«Геометрия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Бірінші тарауда берілген 7-9 сыныптарда «Геометрия» пәнін оқытудың мақсаты мен міндеттері заманауи талаптарға сәйкес нақтыланды. Атап айтқанда, пәнді оқытудың мақсаты тәрбиелік аспектімен толықтырылды, оқытудың міндеттері МЖМБС-ында көрсетілген құндылықтар негізінде нақтыланып, толықтырылды.

Өзгерістер мен толықтырулар сыныптардың базалық мазмұнына, яғни бөлімдер мен тақырыптардың берілу ретіне енгізілді. Келесі естеде 9-сыныптың геометрия курсының базалық мазмұнына енгізілген өзгерістер көрсетілген.

Бөлім атаулары, 9-сынып

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасы | Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасы |
|---|---|
| 8-сыныптағы геометрия курсын қайталау | 8-сыныптағы геометрия курсын қайталау |
| 1-бөлім. Жазықтықтағы векторлар | 1-бөлім. Жазықтықтағы векторлар |
| 2-бөлім. Жазықтықта түрлендіру | 2-бөлім. Жазықтықтағы қозғалыстар мен ұқсастықтар |
| 3-бөлім. Үшбұрыштарды шешу | 3-бөлім. Үшбұрыштарды шешу |
| 4-бөлім. Шеңбер. Дұрыс көпбұрыштар | 4-бөлім. Дұрыс көпбұрыштар. Шеңбер. Дөңгелек |
| 7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау | 7-9-сыныптардағы геометрия курсын қайталау |

Кестеден оқу бағдарламасының жетілдірген нұсқасында бөлімдер атауы 9-сыныптан басқа сыныптарда өзгеріссіз қалғанын байқаймыз. Атап айтқанда,

мазмұнына қарай «Жазықтықта түрлендіру» бөлімінің атауы «Жазықтықтағы қозғалыстар мен ұқсастықтар» бөлімі, «Шеңбер. Дұрыс көпбұрыштар» бөлімінің атауы «Дұрыс көпбұрыштар. Шеңбер. Дөңгелек» бөлімі болып өзгертілді.

Сонымен қатар, білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, 7-сыныпта бөлімдерде қарастырылатын тақырыптардың беру реттілігіне өзгерістер енгізілді.

Тақырыптардың беру реттілігі, 7-сынып

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасы | Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасы |
|---|---|
| *Бөлім: Геометрияның алғашқы мәліметтері* | *Бөлім: Геометрияның алғашқы мәліметтері* |
| Геометрияның негізгі ұғымдары.<br>Геометрияның қарапайым фигуралары.<br>Аксиома және теорема. Фигуралардың теңдігі.<br>Теореманы дәлелдеу. Дәлелдеудің кері жору әдісі.<br>Сыбайлас және вертикаль бұрыштар және олардың қасиеттері.<br>Бұрыштың биссектрисасы. Перпендикуляр | Геометрияның негізгі ұғымдары. Аксиома және теорема.<br>Фигуралар теңдігі.<br>Теореманы дәлелдеу әдістері: тура дәлелдеу әдісі және «кері жору» әдісі. Сыбайлас және вертикаль бұрыштар, олардың қасиеттері |
| *Бөлім: Үшбұрыштар* | *Бөлім: Үшбұрыштар* |
| Үшбұрыш және оның түрлері.<br>Үшбұрыштардың теңдігі.<br>Үшбұрыштардың теңдігінің белгілері.<br>Теңбүйірлі үшбұрыш.<br>Үшбұрыштың биссектрисасы, медианасы және биіктігі, орта сызығы | Үшбұрыш және оның түрлері.<br>Үшбұрыштың биссектрисасы, медианасы, биіктігі.<br>Үшбұрыштар теңдігінің белгілері.<br>Теңбүйірлі үшбұрыш, оның қасиеттері және белгілері.<br>Үшбұрыш теңсіздігі |
| *Бөлім: Түзулердің өзара орналасуы* | *Бөлім: Түзулердің өзара орналасуы* |
| Екі түзуді қиюшымен қиғанда пайда болған бұрыштар.<br>Түзулердің параллельдік белгілері.<br>Параллель түзулердің қасиеттері.<br>Үшбұрыштардың бұрыштарының қосындысы.<br>Үшбұрыштың сыртқы бұрышы.<br>Үшбұрыштардың теңсіздігі. Тікбұрышты үшбұрыштың теңдік белгілері.<br>Тік бұрышты үшбұрыштың қасиеттері.<br>Перпендикуляр түзулер.<br>Көлбеу және оның проекциясы. Түзуге жүргізілген перпендикулярдың біреу ғана болуы | Перпендикуляр түзулер. Перпендикуляр, көлбеу және оның проекциясы.<br>Тікбұрышты үшбұрыштардың теңдігінің белгілері.<br>Параллель түзулер, олардың белгілері және қасиеттері.<br>Үшбұрыш бұрыштарының қосындысы.<br>Үшбұрыштың сыртқы бұрышы |

Сонымен қатар, білім алушылардың қорытынды аттестаттауға сапалы дайындығын қамтамасыз ету мақсатында 9-сыныптың соңында негізгі мектептің геометрия курсын қайталауға бөлінген сағат саны ұлғайтылды.

7-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі төмендегі кесте көрсетілген.

7-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 51 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 3 | 19 | 22 | 7 | 9 |
| 5,9% | 37,3% | 43,1% | 13,7% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 53 | | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай 7-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 51 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 19-ы белсенді етістіктермен ауыстырылды, 22-і нақтыланды, 7-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 7 оқыту мақсатына қысқарып, 9 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарының өзгерістері пайызбен үлесі төмендегі суретте берілген.




8-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі келесі кестеде көрсетілген.

8-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 37 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 9 | 16 | 11 | 1 | 4 |
| 24,3% | 43,2% | 29,8% | 2,7% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 40 | | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай 8-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 37 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 16-сы белсенді етістіктермен ауыстырылды, 11-і нақтыланды, 1-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 1 оқыту мақсатына қысқарғанмен, 4 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарының өзгерістері пайызбен үлесі келесі суретте берілген.




9-сыныптың оқыту мақсаттарын қайта қарастыру нәтижесі төмендегі кесте көрсетілген.

9-сыныптың оқыту мақсаттарының жүйесі

| Үлгілік оқу бағдарламаның *қолданыстағы* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 39 | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Өзгеріссіз қалғаны | Белсенді етістіктермен ауыстырылғаны | Нақтыланғаны | Алынып тасталғаны | Жаңадан қосылғаны |
| 6 | 25 | 3 | 5 | 8 |
| 15,4% | 64,1% | 7,7% | 12,8% | |
| Үлгілік оқу бағдарламаның *жетілдірілген* нұсқасындағы оқыту мақсаттар саны: 42 | | | | |

Кестеден көріп отырғанымыздай 9-сыныпқа арналған Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасында 39 оқыту мақсаты бар. Оқу бағдарламасын жетілдіру барысында осы мақсаттардың 25-і белсенді етістіктермен ауыстырылды, 25-і нақтыланды, 5-і алынып тасталды. Сонымен, үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасында оқыту мақсаттарының жүйесі 5 оқыту мақсатына қысқарып, 8 оқыту мақсатымен толықтырылды. Оқыту мақсаттарының өзгерістері пайызбен үлесі төмендегі суретте берілген.




Екінші тараудың 3-параграфында 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәнінен үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар берілген. Үлгілік оқу бағдарламасының қолданыстағы нұсқасын жетілдіруге байланысты ұзақ мерзімді жоспарға да өзгерістер енгізілді.

**«Информатика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

5-9-сыныптардағы «Информатика» оқу пәнінің мақсаты – оқушыларды компьютерлік жүйелер, ақпараттық үдерістер және компьютерлік ойлау саласында негізгі білімдермен, дағдылармен және біліктіліктермен қамтамасыз ету, сонымен қатар заманауи ақпараттық технологияларды тиімді қолдануға үйрету.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Оқушылардың ақпараттық үдерістердің қоғамдағы рөлін, ақпараттық технологияларды әртүрлі салаларда қолданудың техникалық мүмкіндіктері мен болашағын түсінуін қалыптастыру;
2. Оқушылардың күнделікті өмірде, оқу мен еңбек қызметінде ақпараттық технологияларды тиімді қолдану дағдыларын дамыту;
3. Компьютерлердің жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын меңгеру, жүйені талдау, шешім әзірлеу, бағдарламалық қосымшалар жасау және өз өнімін бағалау;
4. Анализ, абстракция, модельдеу және бағдарламалау арқылы әртүрлі тапсырмаларды шешу қабілетін, алынған және қолда бар ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын дамыту;
5. Логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептеу ойлауын дамыту, оның ішінде жалпылау және аналогия жасау қабілеті, тапсырманы құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды табу, қойылған міндеттерді тиімді әрі ұтымды шешу жолдарын табу;
6. Оқушылардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру – жалпыға бірдей ережелерді сақтау, жеке тұлғаның және жалпы Қазақстан қоғамының мүдделерін ескеру;
7. Пән бойынша ұғымдық аппаратты байыту және оқушылардың академиялық тілін меңгеруі;
8. Ақпаратпен тиімді жұмыс істеуге қажетті заманауи технологиялар мен әдістерді меңгеру.

«Информатика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 5 сынып – 36 сағат, 5 бөлім, бағдарламада 22 оқу мақсаты бар.
- 6 сынып – 36 сағат, 6 бөлім, бағдарламада 20 оқу мақсаты бар.
- 7 сынып – 36 сағат, 4 бөлім, бағдарламада 19 оқу мақсаты бар.
- 8 сынып – 36 сағат, 4 бөлім, бағдарламада 17 оқу мақсаты бар.
- 9 сынып – 36 сағат, 6 бөлім, бағдарламада 20 оқу мақсаты бар.

Бағдарламаға енгізілген негізгі өзгерістер:

1. *Компьютер құрылғылары:* 5.1 бөлімге бағдарламалық және аппараттық құралдардың өзара әрекеттесуін нақтылау мақсатында өзгерістер енгізілді. Оқу мақсаттары 5.1.1.1 және 5.1.1.2 мақсаттарына толықтырулар енгізіліп, 5.1.1.1 мақсаты операциялық жүйелер мен есептеу техникасының тарихы және даму болашағын түсіндіруге бағытталды.
2. *Бағдарламалық қамтамасыз ету*: 6.1.1.3 оқу мақсаты файлдарды сақтау ережелерімен байланысты өзгертілді, ал 6.1.2.5 мақсаты жүйелік, қолданбалы және құралдық бағдарламалық жасақтаманы қамтитын мақсаттар

бойынша жаңартылды. 7.1.2.3 оқу мақсаты оқу құрылымын жеңілдету мақсатында жойылды.

3. *Компьютерлік желілер:* 5.1 бөлімге негізгі желілік түсініктер мен желі түрлерін, топологиялар, аумақты қамту және ақпарат тасымалдау ортасы бойынша классификациясын қамтитын жаңа оқу мақсаттары қосылды (5.1.2.1). Сонымен қатар 9.1.2.1, 9.1.2.2, және 9.1.2.3 оқу мақсаттары DNS протоколдары мен құрылымына байланысты толықтырылды.

4. *Ақпараттық қауіпсіздік*: Интернет қауіпсіздігі және есептік жазбаларды қорғау мәселелерін кеңейту мақсатында оқу мақсаттарына өзгерістер енгізілді (5.4.2.1, 6.4.2.1, 7.4.2.1, 8.4.2.1 және 9.4.2.1). Оқу мақсаттары алаяқтық, киберқауіпсіздік және қажетсіз желілік трафиктен қорғау үшін бағдарламалық жасақтаманы қолдану тақырыптарымен толықтырылды.

Негізгі өзгерістер оқу мақсаттарын кеңейту және нақтылау, жаңа тақырыптарды қосу және кейбір мақсаттарды алып тастау арқылы енгізілді. Қорытынды құжатта киберқауіпсіздік, бағдарламалық қамтамасыз ету және компьютерлік желілер мәселелеріне көбірек көңіл бөлінген. Оқу мақсаттарының құрылымы қарапайымдалып, тиімді оқытуға бейімделген.

**«Жаратылыстану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері (1 б.)**

«Жаратылыстану» пәнінің ерекшелігі – ол көптеген заңдылықтар мен тенденцияларды анықтай отырып, бірнеше ғылымдардың позициясымен табиғи құбылыстарды зерттейді. Жаратылыстану ғылымдарын зерттеудің нәтижесі микро-макро және мегаәлемді, жер мен ғарышты, физикалық және химиялық құбылыстарды ғаламдағы өмір және санамен байланыстыратын негізгі заңдардың тұжырымы болып табылады. "Жаратылыстану" пәні табиғатты танудың бірінші кезеңі болып табылады, онсыз табиғатты біртұтас ретінде тануға,географиялық, физикалық, химиялық және биологиялық құбылыстар арасындағы терең байланыстарды анықтау мүмкін емес. "Жаратылыстану" баспалдағының әр сатысы келесі ғылымның негізі болып табылады және өз кезегінде алдыңғы ғылымның деректеріне негізделеді. Жаратылыстану ғылымдарының физика ғылымымен байланысы, ол денелер, олардың қозғалысы, түрленуі және әртүрлі деңгейлердегі көріну формалары сияқты тақырыптарды қамтиды. Келесі қадам – химия. Химия сабақтарында химиялық элементтердің құрылымы және олардың электронды қабықтары туралы айтылады. Бұл химияда физикалық білімді қолданудың мысалы. Өз кезегінде химия биологияның негізі болып табылады – жасушаны және оның барлық туындыларын зерттейтін ғылым. Ең бастысы жер туралы ғылымдар (геология, география, экология) физикалық, химиялық және биологиялық құбылыстар мен процестердің күрделі үйлесімі болып табылатын планетамыздың құрылымы мен дамуын қарастырады.

Қазіргі таңда жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа құнды бағыты ретінде оқу пәндері мазмұнын қазіргі заман талабына сай өзгертуді қажет

етеді. Білім беру саласын демократияландыру мен ізгілендіру идеясы негізінде мектеп географиясы мазмұнына өзгерістер енгізу болашақта білім берудің мақсат-мазмұнын, оқыту әдістерін жаңартуды талап етуде. Жаңа білім парадигмасы оқушыны оқу процесіндегі басты субъект ретінде қарай отырып, оның кең шығармашылықпен ойлауына мүмкіндік туғызып, бүкіл оқу жүйесін өзгертуді талап етуде.

Білім мазмұнын жетілдіру аясында (5-6-сыныптарда) «Жаратылыстану» оқу пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдарда жетілдірілген білім мазмұны бойынша ерекшеліктері көрсетіліп, кейбір мақсаттардың мазмұндарын өзгертуге ұсыныстар берілген яғни мақсаттарды нақтылап, оқушылардың функционалдық ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімді қамтиды:

1) «Ғылым әлемі»;

2) «Ғалам. Жер. Адам»;

3) «Заттар және материалдар»;

4) «Тірі және жансыз табиғаттағы үдерістер»;

5) «Табиғат физикасы»;

6) «Экология және тұрақты даму»;

7) «Әлемді өзгертетін жаңалықтар».

**«Физика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

«Физика» оқу пәні білім беру процесінде екі негізгі функцияны атқарады: біріншіден, табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын меңгертетін дербес оқу пәні ретінде; екіншіден, математика, химия, биология, информатика, технология сияқты басқа пәндерді игерудің ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы құралы ретінде.

7-9-сыныптардағы физика курсын оқытудың мақсаты – білім алушыларда ғылыми дүниетаным негіздерін, әлемнің жаратылыстану-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауды, өмірлік маңызды практикалық міндеттерді шешу үшін табиғат құбылыстарын бақылау және талдау қабілетін қалыптастыру.

Мақсатқа сәйкес оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттеріне төмендегідей өзгерістер еңгізілді:

- білім алушылардың әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі физикалық заңдар мен принциптер, табиғатты ғылыми тану әдістері туралы білімдерді игеруі;

- білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивті мәдениетін, физикалық эксперимент пен зерттеуді орындау және STEM дағдыларын дамыту;

- оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

- табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады.

«Физика» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны пәнішілік және пәнаралық байланыстарды, оқу процесінің логикасын, оқушылардың жас

ерекшелігін ескере отырып нақтыланған. Бағдарламада берілген уақыттың 25% жуығы көрсетілім, практикалық және лабораториялық жұмыстарды орындауға беріледі.

Жетілдірілген бағдарламадан оқушылар үшін қиындық тудырған күрделі оқыту мақсаттары алынып тасталды. Оқыту мақсаттары жас ерекшеліктеріне сай өзгертілді, күрделі оқыту мақсаттар 10-11-сыныптарға ауыстырылды.

Зертханалық және практикалық жұмыстардың санын арттыру арқылы, сондай-ақ STEM/STEAM жұмыстарын енгізу арқылы пәннің практикалық бағыты күшейтілді.

Пәнаралық интеграцияны айқын жүзеге асыру үшін тақырыптар мен бөлімдерді оқыту тәртібі өзгертілді.

Оқу пәнінің базалық білім мазмұны төмендегідей мазмұнда әзірленді.

7-сыныптағы базалық білім мазмұны:

«Физика – табиғат туралы ғылым». Физика – табиғат туралы ғылым, табиғатты зерттеудің ғылыми әдістері, физикалық шамалар, өлшеулер мен есептеулердің дәлдігі, Халықаралық бірліктер жүйесі.

№ 1-зертханалық жұмыс: Физикалық шамаларды өлшеу;

№ 2-зертханалық жұмыс: Кішкентай денелердің өлшемін анықтау.

STEM жұмыстар: денелердің құлау құбылысын бақылау, аспап шкаласындағы бөліктердің құнын анықтау, пульстің екі соққысы арасындағы уақытты өлшеу, Қазақтың ұлттық өлшем бірліктерін өлшеу.

«Механикалық қозғалыс». Механикалық қозғалыс және оның сипаттамалары, санақ жүйесі, скаляр және векторлық физикалық шамалар, қозғалыстың салыстырмалылығы, түзусызықты бірқалыпты және бірқалыпсыз қозғалыстар, жылдамдық және орташа жылдамдықты есептеу, әртүрлі механикалық қозғалыстардың графиктері.

№ 3-зертханалық жұмыс: Орташа жылдамдықты анықтау.

STEM жұмыстар: Өзінің жылдамдығың есептеу, бірқалыпты қозғалыс кезіндегі орын ауыстыру мен жылдамдықтың уақытқа тәуелділігінің графигін зерттеу.

«Тығыздық». Масса және денелердің массасын өлшеу, дұрыс және дұрыс емес пішінді денелердің көлемін өлшеу, заттың тығыздығы және тығыздықтың өлшем бірлігі, тығыздықты есептеу.

№ 4-зертханалық жұмыс: сұйықтар мен қатты денелердің тығыздығын анықтау.

STEM жұмыстар: таразыларды қолданып әр түрлі денелердің массасын анықтау, мензурканы пайдаланып сұйықтың көлемін анықтау, мензурканы пайдаланып дененің көлемін өлшеу.

«Денелердің өзара әрекеттесуі». Инерция құбылысы, күш, тартылыс құбылысы және ауырлық күші, салмақ, деформация, серпімділік күші, Гук заңы, үйкеліс күші, үйкеліс әрекетін техникада ескеру, бір түзу бойымен денеге әсер ететін күштерді қосу.

№ 5-зертханалық жұмыс: Серпімді деформацияларды зерттеу;

№ 6-зертханалық жұмыс: Сырғанау үйкеліс күшін зерттеу.

STEM жұмыстар: динамометр көмегімен күшті өлшеу, ауырлық күшінің

массаға тәуелдігің зерттеу, әртүрлі денелердің созылуын зерттеу.

«Қатты денелер, сұйықтар және газдардағы қысым». Қатты денелердің, сұйықтардың және газдардың молекулалық құрылымы, қатты денелердегі қысым, сұйықтар мен газдардағы қысым, Паскаль заңы, қатынас ыдыстар, гидравликалық машиналар, атмосфералық қысым, атмосфералық қысымды өлшеу, кері итеруші күш, денелердің жүзу шарты.

№ 7-зертханалық жұмыс: Архимед заңын зерттеу;

№ 8-зертханалық жұмыс: Дененің сұйықта жүзу шарттарын анықтау.

STEM жұмыстар: қатты денелердің қысымын зерттеу, сұйық ішіндегі қысымның тереңдікке байланысты өзгеруін зерттеу, кез-келген пішінді қатынас ыдыстардағы бірдей және әртүрлі сұйықтардың беттерінің орналасуын зерттеу, атмосфералық қысымды зерттеу.

«Жұмыс және қуат». Механикалық жұмыс, қуат.

STEM жұмыстар: жұмыстың мәнін график бойынша анықтау, ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру, оқушы өзінің қуатын анықтау, транспорт түрлерінің қуатын салыстыру.

«Энергия». Кинетикалық энергия, потенциалдық энергия, энергияның сақталуы және басқа түрге айналуы.

STEM жұмыстар: үстел теннисі шарының соғылып кері ұшқан кездегі жоғалтқан энергиясын анықтау.

«Жай механизмдер». Жай механизмдер, дененің массалық центрі, иіндіктің тепе-теңдік шарты, пайдалы әрекет коэффициенті.

№ 9-зертханалық жұмыс: Жазық фигураның массалар центрін анықтау;

№ 10-зертханалық жұмыс: Иіндіктің тепе-теңдік шарттарын анықтау;

№ 11-зертханалық жұмыс: Көлбеу жазықтықтың пайдалы әрекет коэффициентін анықтау.

STEM жұмыстар: түсірілген күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу

«Жер және Ғарыш». Астрономия - аспан денелері туралы ғылым, Орталық Азияның астрономдары, Күн жүйесі, күнтізбе негіздері (тәулік, ай, жыл).

**«Химия» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Білім мазмұнын жетілдіру, бірінші кезекте, орта білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеу тәсілдерін және әдістерін қайта қарау болып табылады. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Химия» пәнінен жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы қолданыстағы бағдарламадағыдай, тек жалпыдан жалқыға өту принцпіне және бірізділіктің сақталуына байланысты және білімдегі сабақтастықты сақтау мақсатында мақсаттар жетілдіріліп, қайталанатын мақсаттар мен жас ерекшелігіне сай емес оқу мақсаттары оқу бағдарламасынан алынып тасталды.

Химиялық білімнің алғашқы түсініктері бастауыш мектептің 1-4 сыныптарында «Жаратылыстану» пәнінен басталады да, негізгі орта мектептің

5-6-сыныптарында жалғасады. «Жаратылыстану» курсынан алынған білім негізгі мектептің «Химия» курсында жалғасын табады.

«Химия» оқу пәнінің мақсаттары:

1) Заттардың құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білімін қалыптастыру,

2) Химиялық реакциялар, заңдар және олардың заңдылықтары туралы білімді нақты өмірде қауіпсіз қолдану дағдыларын дамыту.

4. Химия курсын оқып аяқтағаннан кейін оқушылар білулері қажет:

1) заттардың атомдар мен молекулаларының құрылымын, химиялық реакция барысында заттардың қасиеттерінің өзгеруін;

2) химиялық реакциялар кезіндегі зат массасы мен энергия сақталу заңдарын;

3) химиялық эксперименттер жүргізу кезінде өзі және қоршаған орта үшін қауіпсіздік техника ережелерін сақтау;

4) эксперименттерді жоспарлаудың ғылыми әдістерін;

5) химиялық үдерістер мен олардың заңдылықтарын болжау және түсіндіру үшін химияның басты заңдылықтарын қолдануды және бағалауды білулері қажет.

«Химия» оқу пәні бойынша максималды оқу жүктемесі:

1) 7-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;
2) 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты;
3) 9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 72 сағатты құрайды.

Сонымен қатар 7-сыныпта:

Бұрынғы бағдарламада 7-сыныпта 1 сағат болған. Жаңа оқу жоспарында 7-сыныпта 2 сағат. Осыған байланысты 8-сыныптағы кейбір мазмұндар 7-сыныпқа ауыстырылды. Оқу мақсаттары жетілдірілді. 7-сынып оқушылары химияны алғаш рет өтіп жатыр, сондықтан, қауіпсіздік ережесі және химия зертханасының заттарымен толық және жүйелі танысуы керек. Себебі, бала қауіпсіздігі ең маңызды.

«Ауа. Жану реакциясы» ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім сабақ жүйесінде біріздiлiк сақтау мақсатында 2-тоқсаннан 4 тоқсанға ауыстырылды. «Химиялық элементтердің периодтық кестесі» ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім сабақ жүйесінде біріздiлiк сақтау мақсатында 2-тоқсаннан 3 тоқсанға ауыстырылды. «Оттегі. Озон. Оттегінің табиғаттағы айналымы» 8сыныптан 7 сыныпқа түсті. 8-сыныптың жүктемесін жеңілдету үшін жас ерекшеліктеріне сай тақырып түсірілді.

«Табиғи қышқылдар мен негіздер» тақырыбы 7 сыныптан 8 сыныпқа ауысты, себебі жас ерекшелігіне сай емес.

8-сыныпта:

Кейбір оқу мақсаттарының 7 сыныпқа кетуіне байланысты реттеу жұмыстары жүргізілді. Оқу мақсаттары жетілдірілді. Мазмұндардың спиральді оқыту бойынша кейбір тақырыптардың орын тәртібі өзгерді.

Ал 3-тақырып 9.3. Галогендер. Хлор. Хлорсутек. 9-сыныптан 8-сыныпқа сабақ мазмұнына және сабақ мақсаттарына сәйкес көшірілді. Органикалық химия сабақтарын 2 тоқсанға созылды.

8-сынып бойынша 7-сыныптағы «Химиялық реакциялар» тақырыбындағы ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім 8-сыныпқа ауыстырылды. Себебі қышқылдар тақырыбы толық 8 сыныпта ашылады. «Химиялық элементтердің периодтық жүйесі» ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім 3-тоқсаннан 1ші тоқсанға ауыстырылды. «Химиялық байланыс түрлері» ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім 3-тоқсаннан 2-ші тоқсанға ауыстырылды. «Сілтілік металдар және олардың қосылыстары. №2 көрсетілім «Натрийдің сумен әрекеттесуі».» 9 сыныптан 8 сыныпқа көшірілді. 9 сынып жүктемесін жеңілдету мақсатында. Қышқылдар тақырыбы жетіден 8ке көшті. «Металдардың қышқыл ерітінділерімен әрекеттесуі. № 3 зертханалық тәжірибе "Металдардың қышқылдар ерітінділерімен әрекеттесуі"» және «Металдардың тұз ерітінділерімен реакциялары. № 3 көрсетілім "Тұз ерітінділерінен металдарды ығыстыру» осы соңғы екі тақырып біріктіріліп практикалық сабақ ретінде беріледі. «Көміртек және оның қосылыстары» тақырыбындағы ұзақ мерзімді жоспардағы бөлім 8-сыныпқа ауыстырылды. Себебі тақырып толық 8 сыныпта ашылады. Әрі жас ерекшелігіне сай емес.

9-сынып бойынша «Химиялық реакция жылдамдығы» ұзақ мерзімді жоспардағы бөлімі және «Хлор Хлорсутек қышқылы.№ 10 зертханалық тәжірибе "Хлорсутек ерітіндісінің химиялық қасиеттерін зерттеу"» 10 сыныпқа көшірілді.

Құндылық индикаторлары ескерілді.

Мысалы: 8.3.4.23 Жергілікті тұзды көлдердің шипалы қасиеттерін бағалау

Сабақтың бірізділігін қамтамасыз ету үшін кейбір тақырыптар тоқсан арасында ауыстырылды.

10. Қолданыстағы 7 сыныпта 24 тақырып 1 сағатқа есептелген. 7-сынып 2 сағатқа болғандықтан 36 тақырыпқа кеңейтілді. 8 сынып тақырыптары жас ерекшелігіне сай тақырыптары 7 ауыстырылды , 8 тым көп жүктеме соның есебінен жеңілдетілді.Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 9-сыныптан «Химиялық реакциялардың энергетикасы» бөлімі 11-сыныпқа көшірілді

Сабақ мақсаттары күрделенген жоқ, тек сабақтастық пен прогрессия және дифференциация ұстанымдары бойынша оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылды.

Білім алушылардың қорытынды аттестаттауға сапалы дайындауын қамтамасыз ету мақсатында қайталауға және есеп шығаруға бөлінген сағат саны арттырылды.

| **Қолданыстағы ҮОБ бойынша** | | | | **Ұсынылған ҮОБ бойынша** | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Зертханалық жұмыстар | | | Зертханалық жұмыстар | | |
| **сынып** | **Зертханалық жұмыс** | **Көрсетілім** | **Практикалық жұмыс** | **Зертханалық жұмыс** | **Көрсетілім** | **Практикалық жұмыс** |
| **7** | 11 | - | 4 | 11 | 4 | 3 |
| **8** | 10 | 4 | 7 | 10 | 3 | 5 |
| **9** | 17 | 16 | 6 | 12 | 13 | 3 |

## «Биология» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері

«Биология» пәнінің мақсаты – оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшылықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру - салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу.

«Биология» пәні бойынша Блум таксономиясына және балалардың жасына сәйкес белсенді оқытуды қамтамасыз ететін етістіктер түзетілді.

8-сыныптың «Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімшесінің оқу мақсаттары 7-сыныпқа ауыстырылды, бұл білім алушылардың тірі ағзалардың әртүрлілігі туралы білімді біртұтас қабылдауын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Оқу бағдарламасында 7-сынып «Жасушалық биология» бөлімшесінен басталады. «Биология» пәні алғаш рет басталатындықтан, «Биология ғылымы туралы түсінік», «Тірі ағзалардың деңгейлері» деген тақырыптар қосылды. Бөлімшені бұл тақырыптардан бастау тірі ағзалардың қасиеттерін оқуда алғашқы түсінік пен ұғымды қалыптастырып, келесі тақырыптарды, мысалы, тірі ағзалардың көптүрлілігі, олардың тіршілік әрекеттері туралы білімді игеруге бастама, негіз болады.

Қолданыстағы бағдарламада «Молекулалық биология және биохимия» бөлімшесі 7-сыныптан басталады, ұсынылған бағдарламада 9-сыныпқа көшірілді. Өйткені 7, 8-сыныптарда зерттеу жасушалық деңгейде, ал 9-сыныпта молекулалық деңгейде жүреді. Молекулалық деңгей макро және микроэлементтерден тұрады.

«Заттардың тасымалдануы» бөлімшесінде оқу материалының қайталануларын болдырмау және тасымалдау процесі бойынша біртұтас түсінікті қалыптастыру үшін 9-сыныптағы осы бөлімшедегі тақырыптар 7-сыныпқа ауыстырылды.

«Қоректену», «Көбею», «Заттардың тасымалдануы», «Қозғалыс» бөлімшелерінде өсімдіктер 7-сыныпқа, жануарлар және адам ағзасы 8-сыныпқа топтастырылды. 9-сыныпқа тұқым қуалаушылық заңдары, генетикалық есептер, биохимия мен молекулалық биология тақырыптары жүйеленді.

«Биология» пәні бойынша Блум таксономиясына және балалардың жасына сәйкес белсенді оқытуды қамтамасыз ететін етістіктер түзетілді.

8-сыныптың «Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімшесінің оқу мақсаттары 7-сыныпқа ауыстырылды, бұл білім алушылардың тірі ағзалардың әртүрлілігі туралы білімді тұтас қабылдауын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады.

Бұл бөлімді оқыту биология ғылымына кіріспеден бастау ұсынылды, өйткені 7-сыныпта білім алушылар алғаш рет биологияны жеке пән, ғылым ретінде оқи бастайды. Ғылыми дүниетанымды ұстана отырып, 7 және 8 сыныптардағы «Биология» курсының кіріспе бөлімі ретінде «Тірі ағзаларды жүйелеу деңгейлері» бөлімшесі қосылды. Өсімдіктер мен жануарларға арналған 7-сыныптағы мақсаттар жасушадан ағзаға дейін, 8-сыныптағы мақсаттар-жасушадан мүше және адам ағзалары жүйесіне дейін анықталды.

«Координация және реттелу» бөлімінде шамадан тыс егжей-тегжейлерді және накты тақырыптарға енуді жеңуге әрекет жасалды. Адамның жүйке жүйесінің құрылымдық ерекшеліктері, ағзаның қызметін реттеудегі жүйке жүйесінің рөлі, эндокриндік жүйенің құрылымдық ерекшеліктерімен және гуморальды реттеумен қатар, тірі организмдердегі үйлестіру және реттеу процестері туралы тұтас идеяны қамтамасыз ету үшін 8-сыныпта зерттеген жөн.

«Адам қызметінің қоршаған ортаға әсері» кіші бөлімінің атауы «Адам және экожүйе» атауымен ауыстырылды. «Адам және экожүйе» атауы адам қызметінің қоршаған ортаға әсеріне қатысты мәселелердің мәнін толық көрсетеді. Адам қызметінің жағымсыз әсерлеріне назар аударудың орнына, бұл тақырып экологиялық жүйелер контекстінде адамның қоршаған ортамен өзара әрекеттесуін қарастырады. Бұл тәсіл адамның ресурстарды ұқыпты пайдалану және таза, сау ортада адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту арқылы қызметінің экожүйеге ықтимал оң әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Адам және экожүйе» тақырыбы адамның табиғатпен өзара әрекеттесуін және олардың жалпы экожүйеге әсерін қарастыруды қамтиды. Осылайша, бұл тақырып жан-жақты және адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуіне қатысты мәселелер мен мүмкіндіктерді тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді.

*Оқу бағдарламасын жетілдіруде атқарылған жұмыстар:*

1. Пәнішілік және пәнаралық сабақтастық реттеліп, горизанталды құрылым жүйеленді.
2. Пән мазмұнының вертикалды құрылымы жас ерекшеліктерін ескеріп, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленді. (сыныптар бойынша төменнен жоғарыға қарай күрделенді).
3. Зертханалық жұмыстар жеке сабақ ретінде берілді (бұрын жаңа тақырыппен қоса жүргізілетін).
4. Оқу мақсаттары ірілендіріліп, жүйеленіп, нақты практикалық маңыздылығы бойынша сараланды.

Оқу бағдарламасы оқушыларға алған білімдерін құбылыстар мен тіршілік үдерістерін зерттеу, ақпаратты бақылау, топтастыру, жүйелендіру, салыстыру, талдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

**«География» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Географияның зерттеу объектісі - географиялық қоршаған орта

компоненттерінің орналасуы мен өзара әрекеттесуінің заңдары мен заңдылықтары және олардың әртүрлі деңгейлердегі комбинациясы. Зерттеу объектісінің күрделілігі және пәндік саланың кеңдігі бірыңғай Географияны географиялық ғылымдар жүйесін құрайтын бірқатар мамандандырылған (салалық) ғылыми пәндерге бөлуге әкелді. География үш (физикалық, экономикалық және гуманитарлық-әлеуметтік) тармақтарға бөлінеді. Кейде жеке географиялық пән ретінде географиялық картографияны да қоса аламыз.

География ерекше дүниетанымдық пән болып саналады. Сонымен бірге географиялық білім ғаламдық, аймақтық және жергілікті деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық және ғаламдық экологиялық проблемаларды шешу үшін де қажет. Географиялық білімнің негізгі мазмұнын меңгерген оқушылар геоэкономика, геоэкология,демография, әлемтану, және т.б. ғылым салалары бойынша да еркін бағыт-бағдар алу мүмкіндігін игереді.

География оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны 7-сыныптан 11-сыныпқа дейін оқытуға негізделген. Географиядан берілетін білім мазмұнын саралау географиялық ойлаудың дамуын, білім - біліктер мен дағдыларын қалыптастыра отырып, курстар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етуі керек. География ғылымы адамзат тіршілігінде, ел экономикасының дамуындағы үлкен рөлге ие. Табиғаттағы өзгерістерге байланысты, әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуға, мамандық таңдауға мүмкіндіктер тудырады.

География жаратылыстану(7-9сыныптар) және қоғамдық–гуманитарлық бағыттағы (10-11сыныптар) оқу пәндеріне кіретін бірден-бір мектеп пәні болып табылады. Географиядан берілетін білімнің маңыздылығы қоршаған ортаға қатысты оқушылардың көзқарастары, ұстанымдары, тәртіп нормалары, өмірлік біліктіліктері жүйесін және алған білімдері негізінде табиғи, шаруашылық, әлеуметтік және әр түрлі аумақтардың экологиялық жағдайларын бағалауға қатысты біліктерін қалыптастыруға бағытталумен ерекшеленеді.

Негізгі мектепте географияны оқыту төмендегідей мақсаттарға жетуге бағытталған. *Білімді меңгеру:*

- негізгі географиялық ұғымдар, қоршаған ортаның табиғи заңдылықтары, географиялық қабық және оның біртұтастығы, табиғат компоненттері және олардың өзара байланыстары туралы;
- Жер ғаламшары туралы оның геологиялық тектоникалық тарихы, қазіргі географиялық жағдайы мен туристік-ресурстық, геосаяси, геоэкономикалық проблемалары;
- Жер шарының халқы, демографиялық мәселелер, дүние жүзінің саяси картасы,геосаясат мәселелері, Қазақстанның географиялық жағдайының алуан түрлілігі мен жер аумағының біртұтастығы және оның әлемдегі орны туралы;
- өзінің туған өлкесі мен Отанына деген патриоттық сезімін, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге, қоршаған орта табиғатын қорғауда, оны аялауға, экологиялық мәдениеттілікке *тәрбиелеу*;
- қазақстандық оқушылардың табиғатты қоршаған заттар және табиғи-құбылыстар туралы көзқарасын жаратылыстану пәндерін кіріктіре отырып, географиялық білім негізін *қалыптастыру*;
- әлеуметтік-экономикалық міндеттерді географиялық білім негізінде

шешу және географиялық білімді өздігінен меңгере отырып, оны қоғамдық, саяси, мәдени және күнделікті өмірге қолдана білу дағдыларын дарыту арқылы географиялық білімді жетілдіру;

- ақпараттық-коммуникациялық, STEM технологияларды қолданып, географиялық ой-өрісін *дамыту.*

*Оқу бағдарламасын жетілдіруде атқарылған жұмыстар:*

1. Пәнішілік және пәнаралық сабақтастық реттеліп, горизанталды құрылым жүйеленді.

2. Пән мазмұнының вертикалды құрылымы жас ерекшеліктерін ескеріп, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленді. (сыныптар бойынша төменнен жоғарыға қарай күрделенді).

3. Зертханалық жұмыстар жеке сабақ ретінде берілді (бұрын жаңа тақырыппен қоса жүргізілетін).

4. Оқу мақсаттары ірілендіріліп, жүйеленіп, нақты практикалық маңыздылығы бойынша сараланды.

Оқу бағдарламасы оқушыларға алған білімдерін құбылыстар мен тіршілік үдерістерін зерттеу, ақпаратты бақылау, топтастыру, жүйелендіру, салыстыру, талдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

«*География» пәні бойынша күтілетін нәтижелер:*

*Білім алушы*:

- бастапқы географиялық ұғымдарды, география ғылымының дамуы кезеңдерін, саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін, географиялық зерттеу нысандары мен әдістерін;

- картография негізін және карталардың түрлерін, жіктелуін және элементтерін; геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін;

- заманауи геоақпараттық жүйелердің жұмыс істеу ерекшеліктері мен қолдану аясын;

- зертханалық және сарамандық жұмыстарда оқыту мақсатына сай технология негізінде қарапайым жобалауды жасауды, оны күнделікті тіршілікте пайдалануды;

- географиялық-экологиялық іс-шараларды өткізуде технологиялық процестерді пайдалану жолдарын;

- аумақтық кешендерді, географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың мәнін, жіктелуін, таралу және орналасу ерекшеліктерін;

- Қазақстан Республикасының заманауи геосаяси және геоэкономикалық жағдайының ерекшеліктерін; Қазақстанның аймақтық, халықаралық саяси процестерге, халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, қатысын;

- географияның, геоинформатиканың, геоэкологияның, табиғатты пайдаланудың, геосаясаттың, геоэкономиканың негізгі категорияларын;

- дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін; халықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының айырмашылықтарын; жекелеген аймақтар мен елдер шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының географиялық ерекшеліктерін; жекелеген аймақтар мен елдердің географиялық өзгешеліктерін,

олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жүйесіндегі мамандануы бойынша айырмашылықтарын;

- халықаралық экономикалық қатынастардың мақсаттары мен нысандарын; халықаралық байланыстардың түрлерін;

- табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлері мен типтерін, жалпы қағидаттарын, географиялық ерекшеліктерін; табиғатты қорғау шараларын және тұрақты даму қағидаттарын; табиғатты пайдаланудың мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын;

- Қазақстан географиясының,адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін **біледі;**

*Білім алушы*:

- жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы географиялық аспектілерді; табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестердің, құбылыстардың мәнін;

- заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын;

- «табиғат – адам- қоғам - шаруашылық (экономика)» географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын; түсінеді;

*Оқу бағдарламасын жетілдіруде атқарылған жұмыстар:*

1. Пәнішілік және пәнаралық сабақтастық шиыршық тәсілі арқылы реттеліп, құрылым мазмұны жүйеленді.

2. Пән мазмұнының вертикалды құрылымында білім адушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, қарапайымнан күрделіге қарай жүйеленді. (7-сыныптағы экономикалық географиялық мақсаттар кейінге ауыстырылды).

3. Оқу мақсаттары ірілендіріліп, жүйеленіп қысқартылды.

Оқу бағдарламасы оқушыларға алған білімдерін құбылыстар мен тіршілік үдерістерін зерттеу, ақпаратты бақылау, топтастыру, жүйелендіру, салыстыру, талдау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді.

**«Қазақстан тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша жетілдірілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жобасы негізінде әзірленді.

Қазіргі уақытта тарихты оқытудың жаңа сапасы мен оны жетілдіру және оқу бағдарламасын мазмұнды жаңарту өзекті болып отыр. Тарихи білім беру жүйесі қоғамдық ойдың әлеуетін дамытудағы маңызды фактор, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, қауіпсіздікті нығайту және гуманистік құндылықтарды қалыптастыру көзі болып табылады.

Тарихи сана – тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып

түсіну, әлеуметтік болжау, өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына көмектеседі.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің жетілдірілген мазмұны әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, өз елінің тарихы мен мәдениетіне құрмет, өз ата-бабаларының жетістіктеріне деген мақтаныш сезімін қалыптастыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

Оқу пәнінің міндеттері:

– Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

– Қазақстанның тарихи дамуы барысында қалыптасқан ұлттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

– Қазақстанның тарихи дамуының негізгі оқиғалары, құбылыстары мен процестердің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

– тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

– тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

– тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

– қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

– коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, жарияланым мен электронды құралдарды қолдану.

«Қазақстан тарихы» пәнінің білім мазмұны хронологиялық реттілікпен беріледі: көне дәуірден бүгінгі күнге дейін және әлеуметтік қатынастардың дамуы,мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, экономикалық даму бөлімдерін қамтиды. Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер: тарихи пәндер арасындағы пәнаралық байланыс іске асырылады, тарихи ойлау дағдыларын (тарихи процестер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталады, білім алушылардың тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінеді.

*Тарих пәні мазмұнына енгізілгін өзгерістер*:

–Тарих пәні бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны тың зерттеулер және мәліметтер негізінде жетілдіріледі;

–Жаңа зерттеулер негізінде ежелгі заман мен орта ғасыр тарихы мазмұнындағы сабақтастық жүзеге асырылады;

–Түрік қағандығы мемлекеттерін қазақ мемлекеттігінің бастауы ретінде көрсетіліп, қазақ халқының тарихы тұтастықта және біріздідікте оқытылады;

–елу ғасыр тарихы бойындағы қазақтардың байырғы халық екені және Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің екі жарым мыңжылдық дәстүрі көрсетіледі;

–Әлемдік тарихи үдерістер аясында түркі өркениеті құндылықтары негізінде білім алушылардың тарихи санасын және жасампаз дүниетанымын қалыптастыруға басымдық беріледі;

– Қазақстан Республикасы аумақтық тұтастығы мен мемлекеттік шекараларының негіздемесі, ұлттық тарихтың жаһандық тарихи үдерістердегі орны көрсетіледі.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқыту барысында қазақ тарихының даму кезеңдері туралы анық түсінік қалыптастырып, ғұн, түркі, Алтын Орда дәуірі, қазақ халқының қалыптасуы мен «қазақ» этнонимінің шығуы, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы мен көшпелі қоғамның дамуы жайлы жан-жақты білім беруді қажет етеді. Қазақ хандығының отаршылдық саясатқа ұшырауы тарихы, сондай-ақ қазақ жеріне өзге этнос өкілдерін әкеліп күшпен қоныстандыру саясаты тарихын толыққанды оқытуды қажет етеді.

Ұлы дала көшпелі ірі өркениетінің туу, даму және құлдырау процесі ретінде қарастыру қажет. Тарихи процестің жалпы тәртібін келесідей көреміз:

– адамзаттың шығу тегі;

– кешенді мал шаруашылығы мен егіншілік шаруашылығы түріндегі аграрлық қоғамның пайда болуы;

– әлемдік өзара байланыстарды дамыту арқылы адамзат өркениеті ілгерілеуінің шешуші факторы ретінде атқа міну мәдениетінің пайда болуы;

– өзен мен теңіз жағалауы қоғамына балама ретінде салт-атты мәдениеті қауымының қалыптасуы;

– Ұлы даланың жылқы шаруашылығының гүлденуі және олардың саяси бастамалары;

– Жылқы өсірушілер тарихында дала империяларының пайда болуы, дамуы, орталықтандырылуы және ыдырауы;

– жылқы өсіруге негізделген қауымдардағы ауыл шаруашылығы мен қалалардың рөлі;

– Ұлы даланың құлдырауы, аграрлық қоғамның дағдарысы, Еуразияның соңғы дала империясы ретінде Алтын Орданың күйреуі;

– Ұлы даланың жылқы өсіру қауымдастығын біріктіру арқылы қазақ қоғамының қалыптасуы;

– Орталық Азиядағы мемлекеттер – Қазақ хандығы және басқалар арасындағы бәсекелестік;

– модернизация және заманауи ұлтты қалыптастыру арқылы дағдарыстан

шығу;

Тарихты қабылдау тарихи процестің логикасын түсіну, болған тарихи оқиғалардың хронологиялық жүйелілігін есте сақтау ретінде қалыптасады.

Қазақстан тарихы» оқу пәнін жүйелі оқытуды 5-9 сыныптарда жүзеге асырылады.

Қазақстан тарихының мазмұны тарихи кезең бойынша жаңартылды:

1) Ежелгі Қазақстан (1 млн ж.б. – 552 жылға дейін)

2) Қазақстан түркі қағанаттары кезеңінде (552-1227 жылдар)

3) Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) кезеңіндегі Қазақстан (1227-1680 жылдар)

*4)* Қазақ хандығы кезеңі. Ұлттық мемлекеттікті қалыптастыру (1680-1905 жылдар*)*

5) XX ғасырдың басындағы Қазақстан. Ұлттық дағдарыс және қайта өрлеу кезеңі. Мемлекеттікті қалпына келтіру кезеңі (1905 жылдан бүгінгі күнге дейін)

**«Әлем тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны Негізгі орта білім беру деңгейі бойынша жаңартылған МЖМБС жобасына сәйкес жасалынды.

«Әлем тарихы» оқу пәнінің мақсаты – білім алушылардың бойында тарихи сана, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрмет қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту және зерттеушілік, когнитивтік, коммуникативті дағдыларды дамыту.

3. «Әлем тарихы» оқу пәнінің міндеттері:

1) адамзат өркениетінің ежелгі заманнан бастап бүгінгі күнге дейінгі әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері және түрлі халықтардың тарихи даму жолының ерекшеліктері туралы білімін қалыптастыру;

2) негізгі оқиғалар, құбылыстар мен тарихи даму процестерінің мәні туралы түсінік қалыптастыру;

3) әлемнің тарихи дамуы барысында қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі туралы білім беру;

4) тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін дүниежүзі тарихы контекстінде сын тұрғысынан талдау және баға беру дағдыларын қалыптастыру мен дамыту;

5) тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын дамыту;

6) тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастыру мен дамыту (гипотезаларды ұсыну, зерттеу сұрақтарын құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, нәтижелер мен қорытындыларды шығару, өзінің ұстанымын анықтау);

7) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерде бағдарлану үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

8) коммуникативті дағдыларды қалыптастыру, соның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қоса алғанда, басылымдар мен электронды құралдарды қолдану.

Ұсынылып отырған бағдарлама жобасындағы *1-тарау. «Жалпы ережелер» бөлімі 5-9-сыныптар бойынша енгізілген толықтырулар мен өзгерістер:*

Ұлттық тарихтың басымдық қағидасына сәйкес оқу бағдарламаларын әзірлеу барысында Дүниежүзі тарихы мен Қазақстан тарихының бағдарламаларын үйлестіру мақсатында Дүние жүзі тарихы бойынша бағдарламалар Қазақстан тарихының кезеңдеу «ырқына ыңғайластырылды».

Тарихымыздағы ең мазмұнды, ең шешуші кезең Орта ғасырлар кезеңі 2-сыныпқа бөлінді (6,7-сыныптар) Қазақстан тарихы бойынша Ұлы далада өмір сүрген сақтар, ғұндар - түркі мемлекеттері, Алтын Орда, Қазақ хандығы тарихының бастауы ретінде сабақтастықта беріледі. «Дүниежүзі тарихы» пәні бағдарламасы мазмұнына Қазақстанның әлемдік өркениетке қосқан үлесі туралы материалдар енгізілді.

«Дүниежүзі тарихы» оқу пәнінің қазақ тіліндегі пән атауы «Әлем тарихы» деп өзгертілді.

Атаудың ауысуы тарихи құбылыстарды, үдерістерді, оқиғаларды кеңірек және әмбебап тұрғыдан ұғынуға, ғаламдық байланыстар мен өзара әсерлерді толыққанды көрсетуге бағытталған. «Дүниежүзі» ұғымы көбінесе әлемнің саяси картасын сипаттап, оқиғалар мен құбылыстарды нақты географиялық және мәдени аймақтармен байланыстыруды білдіреді. Бұл ұғым дәстүрлі еуроцентристік немесе жекелеген аймақтық көзқарастармен шектелуі мүмкін. Ал «Әлем тарихы» атауы кеңірек және тереңірек мағынаны білдіреді. Ол тарихты тек мемлекеттердің саяси әрекеттері немесе соғыстармен ғана шектемей, мәдени, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық аспектілерін қоса қарастырады. Бұл атау жаһандық құбылыстар мен адамзат тарихының өзара байланысын көрсетуге бағытталған және әртүрлі өркениеттердің, халықтардың, мәдениеттердің бір-біріне әсерін, өзара ықпалдастығын талдауға мүмкіндік береді. Ал «Әлем тарихы» термині кең мағынаны қамтып, тарихи зерттеулерді жаһандық контексте қарастыруға жол ашады. Ол тарихты барша адамзаттың ортақ тәжірибесі ретінде қабылдауға мүмкіндік береді, сол арқылы ұлттық, аймақтық және мәдени шекаралардан асып, тарихты өзара әрекеттесу тұрғысынан зерделеуге ықпал етеді.

Оқу бағдарламасының түсіндірме жазбасында қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, оқу пәнінің мақсаты жетілдірілді («толеранттылық» ұғымы алынып тасталды, өйткені ол «құрмет» құндылығымен қайталанады; «ойлау» дағдылары термині «когнитивтік» дағдылармен ауыстырылды).

«Экономикалық қатынастарды дамыту» бөлімі бойынша бөлімшелердің атаулары жетілдірілді:

1) экономикалық жүйелер типтерінің эволюциясы;

2) түрлі экономикалық жүйелер шеңберіндегі өзара әрекеттестік;

Бөлімшелерді жетілдіру білім алушыларға экономикалық жүйелердің түрлерін және олардың өзара іс-қимылын ажыратуға мүмкіндік береді. Бұл тарихи процесті және экономикалық қатынастардың даму логикасын жақсы түсінуге ықпал етеді.

Ұсынылып отырған бағдарлама жобасындағы *базалық мазмұны бойынша енгізілген толықтырулар мен өзгерістер:*

1) 5-9 сыныптар үшін «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңа кезеңділігіне сәйкес базалық мазмұн төмендегідей жүйеленді:

5-сынып – Ежелгі дүние тарихы (өркениеттің пайда болуы-б.з V ғасыр);

6-сынып – Ерте орта ғасырлар тарихы (VI ғ. –XIII ғ.басы);

7-сынып –Классикалық және кейінгі орта ғасырлардың тарихы (XIII ғ. бірінші жартысы – XVII ғ. басы.);

8-сынып –Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы-XIX ғасыр);

9-сынып – Қазіргі заман тарихы (XX ғасыр-XXI ғасырдың басы).

Маңызды өзгерістердің бірі 6-сыныпта оқылған пәндік мазмұн орта ғасырлар кезеңі «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері бойынша 6 және 7-сыныптарда оқытылатын болады. Осыған байланысты 8-сыныптың оқу материалы (бұл қазіргі заманның тарихы, XX ғасырдың тарихи оқиғалары-XXI ғасырдың басы) 1-ші оқу жылында, 9-сыныпта оқылады.

Әр жартыжылдықтың соңында (әр сыныпта 2 сабақ) қайталау сабақтары енгізілді, 9-сыныпты қоспағанда, 8 және 9-сыныптардың мазмұнын біріктіру арқылы зерттелетін материалдың көлемі өсті.

Оқыту мақсаттарының мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жеңілдетілді, саны азайтылды. Оқыту мақсаттарының құрылымы мен мазмұнын нақтылау мақсатында өзгерту арқылы бағдарлама мазмұнындағы оқыту мақсаттары оңтайландырылды (Оқыту мақсаттары жүйесінде 109 оқыту мақсаттары), кейбір мақсаттар білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жеңілдетілді.

Қолданыстағы бағдарламаның ұзақ мерзімді жоспарында сабақ тақырыптары зерттеу сұрағы түрінде тұжырымдалған, ұсынылған жобада тақырыптар, сондай-ақ зерттеу сұрақтары қоса берілді. Ұсынылған жобада бұл зерттеу сұрақтары сақталған, бірақ оң тезисте тақырыптың дәстүрлі тұжырымы да қосылды. Мысалы: Сабақтың тақырыбы: 7. «Ұлы Сұлтан Бейбарыс», осы тақырып бойынша зерттеу сұрағы: Қыпшақтан шыққан Бейбарыс қалай Египеттің мамлюк сұлтаны болды?. Бұл тақырыптың атауында оның пәндік мазмұнын дәлірек көрсетуге мүмкіндік береді.Бағдарлама мазмұнындағы тақырыптар ақпаратты ұсынудың дәйектілігі мен қисындылығын қамтамасыз ете отырып, оқу материалын құрылымдауға мүмкіндік береді. Зерттеу сұрақтары тақырыптарды түсінуді тереңдетеді, сыни ойлауды дамытады және білім алушыларға зерттелетін материалдың негізгі аспектілеріне назар аударуға мүмкіндік береді.

Тараулар тақырыптық мазмұнды оңтайландыру мен тараулар санын азайту бағытында біріктірілді, Мысалы, 5-сыныпта 1) Ежелгі Грекия мен Ежелгі Грекия мәдениеті 1 бөлімге біріктірілген: Ежелгі Грекия;

2) ғасырлар тоғысында Рим империясының өркендеуі мен Рим 1 бөлімге біріктірілді: Ежелгі Рим.

Базалық мазмұнға Орталық Азия компоненті мен қазақстандық компоненттерді нығайту үшін бөлімдер мен тақырыптар қосылды.

1. Тараулардың атаулары өзгертілді. Тараулардың атауларын өзектендіру оқу материалының соңғы ғылыми жаңалықтар мен теорияларға сәйкестігін қамтамасыз ету мен оларды халықаралық пәндік терминологияға сәйкестендіру болып табылады. Бұл тараулар атауының анықтығын және халықаралық дәйектілігін қамтамасыз ету үшін өзгерістер қажеттілігін көрсетеді.

**«Құқық негіздері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына енгізілген өзгерістерге сәйкес пән бойынша Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны жетілдірілді.

Үлгілік оқу бағдарламасында оқу пәнінің міндеттеріне білім алушылардың бойына адамгершілік, әдеп, азаматтық, жауапкершілік, адам құқықтары, заңдылық пен тәртіп, бірлік пен ынтымақтастық, демократиялық институттар туралы іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды сіңіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Пән мазмұны білім алушылардың интернеттегі қауіпсіз әрекеті, жеке ақпарат пен дербес деректерді өңдеу және қорғау ережелерін сақтай отырып сенімді ақпаратты іздеу дағдыларын дамыту туралы жаңа міндеттермен толықтырылды. Бұл цифрландыруды дамытуды, интернет-ресурстарды кеңінен пайдалануды, дербес деректерді қорғау қажеттілігін көрсетеді.

Құқықтық тәрбие, құқықтық білім беру, қоғамның тарихи-құқықтық құндылықтарына негізделуді қажет етеді, осыған байланысты білім алушыларды Қазақстан Республикасының заңдарына, оның тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына құрметпен қарауға тәрбиелеу бойынша оқу пәнінің міндеті толықтырылды. Сонымен аталған толықтырулар мен өзгерістер ұлттық құндылықтарды білім мазмұнына кіріктіруді, цифрландыруды дамытуды, білім алушылардың интернет-ресурстарын қолдануда құқықтық ережелерді сақтауына бағыт береді.

Қолданыстағы бағдарлама 7 бөлімді құрайды, шиыршық принципіне сәйкес білім алушылар бір тоқсан көлемінде барлық жеті бөлімнің бөліктерін қамтып зерделейтін. Бір бөлім тақырыптары 4 тоқсанға бөлініп оқытылуы білім алушылардың құқықтың нақты саласы арқылы жүйелі білім алуына қиындық туғызған. Үлгілік оқу бағдарламасы жобасында пәнді оқыту ерекшелігіне байланысты құқықтың салаларын салалық принцип бойынша оқыту ұсынылған. Сонымен оқу бағдарламасы мазмұны салалық принцип бойынша жүйеленді, Бұл пәнді оқытуда бөлімдер мен тақырыптар арасында бірізділіктің сақталуына мүмкіндік береді.

Ұсынылған бағдарлама төрт бөлімнен тұрады.

1) Адам мен қоғам өміріндегі құқықтың рөлі;

2) Азаматтық және еңбек қатынастарын құқықтық реттеу;

3) Құқықтық қатынастарға қатысушылардың жауапкершілігі;

4) Отбасы– қоғам мен мемлекеттің негізі.

Ұсынылған нұсқада білім алушылар әр тоқсан сайын құқықтың бір немесе екі саласын зерделейді. Әр тоқсанның соңында қайталау сабақтары жоспарланған, оның

шеңберінде білім алушылар теориялық және практикалық тапсырмалармен мазмұндық бөлім бойынша жиынтық жұмысты орындай алады.

Пән бөлімдері жаңа тақырыптармен толықтырылды, білім алушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту үшін тәжірибеге бағдарланған оқыту мақсаттары нақтыланды. «Құқықтық қатынастарға қатысушылардың жауапкершілігі» бөлімінде «Дербес деректер және оларды қорғау» тақырыбы енгізілді, ол интернеттегі қауіпсіз және этикалық әрекет ережелерін; жеке ақпаратты қорғау; құпиялылық құқығын сақтау, құқықты зерттеу үшін цифрлық құралдарды пайдалануды қарастырады.

Бағдарлама төрт бөлімнен тұрады. Әр бөлімнің оқу жүктемесі әр тоқсанға сәйкес бөлінген. Бірінші бөлім «Адам мен қоғам өміріндегі құқықтың рөлі». Бөлім Қазақ халқының құқықтық жүйесінің ерекшеліктерін анықтаудан басталады. Бұл тарих пен құқықтың пәнаралық байланысын көрсетеді. Адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері де қарастырылады. Қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтың рөлі анықталады. Құқық жүйесі, Конституцияның елдің Негізгі Заңы ретіндегі маңызына, Конституциялық жүйеге ерекше назар аударылады. Сонымен қатар, барлық тақырыптар практикамен тығыз байланысты.

Екінші бөлім «Азаматтық және еңбек қатынастарын құқықтық реттеу». Бұл бөлімде азаматтық және еңбек құқығының жалпы ұғымдары мен негізгі нормалары жүйелі негізде қарастырылады. Практикалық мысалда тұтынушылардың өз құқықтарын қорғау құқықтары анықталады. Нарықтық экономиканың дамуы жағдайында білім алушылар Заңның мүліктік қатынастарды қалай реттейтінін, кәсіпкерлік қызметті, еңбек қатынастарын дамытатынын, шарттық міндеттемелерді қалай жүзеге асыратынын білуі қажет.

Үшінші бөлім «Құқықтық қатынастарға қатысушылардың жауапкершілігі».

Бұл бөлімде құқық бұзушылық және құқықтық жауапкершілік ұғымдары қарастырылады. Құқықтық қатынастарға қатысушыларды әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тарту ерекшеліктері айқындалады. Жаңа ережелер ретінде дербес деректерді қорғауға, қауіпсіз әрекет ережелерін сақтауға қатысты тақырыптар мен интернетте, жеке ақпаратты қорғау, құпиялылық құқығын сақтау қажеттілігі қамтылған.

Төртінші бөлім «Отбасы - қоғам мен мемлекеттің негізі». Бұл бөлімнің ерекшелігі-отбасылық-некелік қатынастарды реттейтін барлық құқық нормаларын кеңінен қамту. Мұнда отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері, баланың құқықтары мен міндеттері бөлек қарастырылады. Балалардың құқықтарын қорғаудың негізгі негізі ретінде отбасы институтына ерекше назар аударылады; балалық шақты мемлекеттік қолдауға қатысты тақырыптар қамтылған. Бұл бөлім сонымен қатар отбасы мен отбасылық қатынастарға негізделген негізгі құндылықтарды зерделеуге негізделген.

Сонымен, ұсынылып отырған оқу бағдарламасы құқықты бөлудің салалық принципін, қазіргі қоғам құндылықтарын және «Құқық негіздері» пәнін зерделеуде тәжірибеге бағытталған тәсілді ескере отырып жаңартылды. Әр тоқсанда тәжірибеге бағытталған мазмұны бар (қолданыстағы құқықтық нормаларды пайдалана отырып, шешімдерді табуды талап ететін нақты өмірлік жағдайлар қарастырылған) тақырыптық блоктар болып табылатын бір немесе екі сала зерделенеді.

**«Музыка» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Үлгілік оқу бағдарламасы МЖМБС-на сәйкес әзірленген. Ұсынылған бағдарламаға пәннің мақсаттары мен міндеттері және бағдарламаның құрылымына, бөлімдері мен бөлімшелеріне өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына негіз болатын кең ауқымды дағдылармен тығыз байланыста дамитын жаңа құндылықтар енгізілді.

«Музыка» пәнінің ерекшеліктеріне байланысты құндылықтар іс-әрекеттер түрінде оқу мақсаттарынан көрініс табады.

Қолданыстағы оқу мақсаттары ықшамдалып, ұқсас мақсаттар біріктіріліп, әр іс-әрекетке нақтыланып бөлінді.

Білім алушылардың музыка сабақтарында орындаушылық пен шығармашылық іс-әрекеттерге бойлай дамуы мақсатында ұсынылған бағдарламада 1-4-сыныпта 11 мақсат, 5-6- сыныпта 17 мақсат қамтылды. Оқу мақсаттары құндылықтарға сәйкес іріктеліп, бөлімдерге жинақталды.

Қазақ тілі, әдебиет, дүниетану, тарих, математика, жаратылыстану, көркем еңбек сияқты пәндермен сабақтастығы сақталды, кеңейтілді.

1-4-сыныптардағы мақсаты – музыка арқылы білім алушылардың ұлттық құндылық және жалпыадамзаттық мәдениет туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық шығармашылық қабілеттерін дамыту болса, 5-6-сыныптардың мақсаты - қазақтың дәстүрлі музыкасы мен кәсіби музыкасы және әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білімдерін игере отырып, ұлттық құндылықтар арқылы орындаушылық қабілеттерін дамытуболып өзгертілді.

Қолданыстағы бастауыш сынып бағдарламасында пән мақсатына ішіндегі оқу мақсаттарын құндылықтарға негіздеп музыкалық қабілеттерін дамыту болса, ал 5-6 сыныпқа пән мақсатына қазақтың кәсіби музыкасы және ұлттық құндылықтар арқылы орындаушылық қабілеттерін дамыту қосылды.

Бөлімдер мен бөлімшелер:

1-бөлім «Негізгі музыкалық ұғымдар»

2-бөлім «Музыканы тыңдау және талдау»

3-бөлім «Орындаушылық іс-әрекет»

4-бөлім «Шығармашылық іс-әрекет және бағалау»

Бөлімдер келесі бөлімшелерден тұрады:

1-бөлім «Негізгі музыкалық ұғымдар»

Музыкалық ұғымдар

2-бөлім «Музыканы тыңдау және талдау»

Музыка тыңдау және талдау

3-бөлім «Орындаушылық іс-әрекет»

3.1 Ән орындау

3.2 Аспапта ойнау

4-бөлім «Шығармашылық іс-әрекет және бағалау»

4.1 Музыкалық шығармашылық

4.2 Шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау

Бөлімдер саны 3-еуден 4-ке көбейді. «Негізгі музыкалық ұғымдар» музыкалық сауаттылықты қамтыса, «Орындаушылық іс-әрекет» келесі бөлімшелеріне

1) 3.1 Ән орындау, 3.2 аспапта ойнау болып, практикалық іс-әрекеттерге арналады.

«Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру», «Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау» деген бөлімдері ұқсас іс-әрекеттер болғандықтан «Шығармашылық іс-әрекет және бағалау» деп біріктірілді.

«Музыка» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру 1-4 сыныпта;

1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 33 сағатты;
2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
3) 3-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
4) 4-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
5) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;
6) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

**5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

Үлгілік оқу бағдарламасының жобасы 2026 жылға арналған МЖМБС жобасына сәйкес әзірленген. Ұсынылған бағдарламаның 1-тарауында ұсынылған пәннің мақсаттары мен міндеттері негізгі орта білім берудің 5-9 сынып оқушыларын оқытуды қамтиды.

Оқу бағдарламасының жаңа редакциясында 5-9-сыныптардың «Еңбек» пәні бойынша оқыту шеңберінде ұлдар мен қыздарды біріктіру және оларды жалпы тақырыптар бойынша интеграцияланған оқытуды жүргізу ұсынылған.

Оқу пәнінің мақсаты – оқушылардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілеттерін оларды көркемдік-шығармашылық қызметпен таныстыру, ұлттық және әлемдік мәдени мұрамен таныстыру арқылы дамыту.

Оқыту міндеттері:

- білімді дамыту, қоршаған әлемде өнерді, дизайн мен технологияны саналы қабылдауды қалыптастыру;

-Қазақстан халқының және әлемнің көркем-мәдени мұрасын зерттеу;

- ұлттық және әлемдік мәдениеттің өнер туындылары мен дизайн сипаттамаларын зерттеу;

-бейнелеу өнері, сәулет, дизайн және сәндік-қолданбалы өнер мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдар мен өнертанушылардың зерттеулерін пайдалану;

- технологиялық дағдыларды, шығармашылық идеяларды өнер мен дизайнның мәнерлі құралдарымен жеткізу дағдыларын дамыту;

- объектілерді зерттеу, құру, талдау, көркемдік трансформациялау процесінде білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауын дамыту;

- оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тәжірибесін алу (зерттеу, идеяларды шығармашылық іске асыру, жұмыстарды таныстыру);

- шығармашылық идеяны қалыптастыру және жүзеге асыру үшін әртүрлі AI мүмкіндіктері мен ресурстарын пайдалану;

-эстетикалық, еңбек, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбие және адамгершілік-рухани құндылықтарды қалыптастыру;

- уақытты, материалдардың қасиеттерін және басқа факторларды анықтап, ескере отырып, өз қызметін өз бетінше жоспарлау қабілетін дамыту;

- мақсаттарға жету үшін бірлескен жұмысты (жеке, жұптық және топтық) ұйымдастыру тәжірибесін алу.

Сонымен қатар, өнімді дайындау үшін материалдар мен техниканы таңдау мұғалімнің қалауына қалдырылады.

«Бейнелеу өнері» бөлімінің тақырыптары қолданыстағы бағдарламада ортақ болды, сондықтан тек «табиғатпен үйлесімділік» және «индустриалды пейзаж» тақырыптары қысқартылды.

Адами капиталды дамытуға және гендерлік теңгеріммен отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған тақырыптар жүйесі қайта қаралды.

Тақырыптарды игеру барысында білім алушының бойында Абай тұжырымдамалары негізінде шығармашылық жұмысты орындау кезінде ұлттық мүдденi, ұлттық мұраны, цифрлық және технологиялық құндылықтарды, соның ішінде ЖИ мүмкіндіктерін қалыптастыру көзделген. Себебі құндылықтар қоғамды біріктіреді және қоғамды жеке тұлғалардан жасайды.

«Сәндік-қолданбалы өнер», «Дизайн және технология», «тамақтану мәдениеті», «үй мәдениеті» бөліміндегі тақырыптық мазмұн біріктірілген, өйткені ұсынылған үлгілік оқу бағдарламасы бөлінбейді (қыздар мен ұлдар үшін). Осыған байланысты тақырыптар біріктіріліп, жаңа тақырыптар енгізілді. Ұсынылып отырған бағдарлама білім алушыда, оның ішінде құндылықтарды қазіргі заманғы индустрияландыру талаптарына сәйкес тәрбиелеу мен қалыптастыруды көзделген.

«Үй гигиенасы», «тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу» және т.б. этиканы ілгерілету мақсатында тақырыптар ұсынылады.

«Көркем еңбек» пәнәінің мазмұнын ұйымдастыру

1) 5-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 6-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

3)7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты;

4) 8-сыныпта – аптасына 1 сағатты оқу жылында 34 сағатты;

5) 9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» пәнінің мазмұны мен оқу бағдарламасы мектеп оқушыларында технологиялар мен цифрлық құралдардың қарқынды дамуы жағдайында сұраныска ие дағдыларды қалыптастырудың маңыздылығына негізделген. Бағдарлама оқушыларды заманауи технологияларды меңгеруге, шығармашылық қабілеттерін және сыни ойлауын дамытуға, сондай-ақ алған білімдерін нақты міндеттерді шешу үшін қолдануға үйретуге арналған.

Бағдарламаның өзектілігі:

Заманауи технологиялар өмірдің барлық салаларына, дизайн мен дизайннан бастап тамақ дайындауға және тұрғын үй кеңістігін ұйымдастыруға

дейін белсенді түрде еніп келеді. Жаһандық цифрлық трансформация жағдайында теориялық білімге ие болу ғана емес, оларды іс жүзінде қолдана білу де маңызды. 7-9 сыныптарға арналған «Еңбек» бағдарламасы білім алушыларға цифрлық технологияларды, жобалауды және әртүрлі материалдармен жұмыс істеуді қоса алғанда, сұранысқа ие дағдыларды игеруге мүмкіндік береді. Экологиялық қауіпсіздік пен экономикалық тиімділіктің заманауи талаптарына жауап беретін тұрақты жобалау және жайлы өмір сүру ортасын құру принциптерін игеру ерекше маңызға ие.

Оқу бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері:

Оқу бағдарламасының негізгі мақсаты-оқушылардың технология, дизайн және цифрлық модельдеу саласындағы практикалық дағдыларын дамыту. Бұл тек техникалық аспектілерді оқытуды ғана емес, сонымен қатар шығармашылық және аналитикалық қабілеттерді қалыптастыруды да қамтиды. Бағдарлама аясында білім алушылар әртүрлі технологиялар мен материалдармен жұмыс істеуді, бұйымдарды жобалауды, процестерді басқаруды және нәтижені бағалауды үйренеді.

Бағдарламаның міндеттері:

- идея мен эскизден дайын өнімге дейін өнімді жобалау бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру;

- түпнұсқа бұйымдарды зерттеу және жасау, сондай-ақ өз жұмысын және басқалардың жұмысын бағалау арқылы шығармашылық және сыни ойлауды дамыту;

- 2D және 3D модельдеуге арналған графикалық редакторларды, (СББ сандық бағадарлама басқару) бағдарламаланатын жабдықты қоса алғанда, сандық технологияларды игерту;

- шығармашылық міндеттер, жобаларды әзірлеу және өз идеяларын таныстыру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) және жасанды интеллектіні (ЖИ) қолдану тәжірибесін алуға бағыталған.

Ұжымда жұмыс істеу дағдыларын және ортақ мақсаттарға жету үшін ұжымдық іс-әрекетті ұйымдастыру қабілетін дамытады.

Материалдар мен құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу принциптерін үйрету.

Экологиялық сана мен тұрақты дизайн дағдыларын тәрбиелеу.

Оқу бағдарламасының негізгі мазмұны мен зерттелетін тақырыптары:

*1 бөлім.* Сандық технологиялар:

Бөлім дизайн мен модельдеудің сандық құралдарын игеруге бағытталған. Оқушылар 2D және 3D графикалық редакторлардағы жұмыс негіздерін үйренеді, модельдер құру және объектілерді визуализациялау бойынша тапсырмаларды орындайды.

*2 бөлім.* Дизайн және технология:

Бұл бөлім әртүрлі материалдардан бұйымдарды жасау дизайны мен технологиясының негіздеріне арналған. Дизайнның теориялық аспектілерін де, әртүрлі материалдар мен жабдықтармен практикалық жұмысты да қамтиды.

*3 бөлім.* Тамақтану мәдениеті:

Ұлттық және әлемдік тағамдардың аспаздық дәстүрлерін зерттеуді қамтиды. Оқушылар тамақ дайындау және іс-шараларды ұйымдастыру негіздерін меңгереді.

Қазақ тағамдарын дайындау технологиясы.

Буфет үстелдерін ұйымдастыру және іс-шараларды басқару.

Әлем халықтарының тағамдарын дайындау бойынша практикалық жұмыс.

*4 бөлім.* Үй мәдениеті:

Бұл бөлімде оқушылар жасыл дизайн негіздерін және тұрғын үй кеңістігінде жайлы жағдай жасауды үйренеді. Үйді жарықтандыру, акустика және экологиялық жайластыру принциптерін меңгеру.

Экологиялық тұрақты тұрғын үйді жобалау.

Интерьерлер мен заманауи жарықтандыру жүйелерін ұйымдастыру.

Үйде жайлы және функционалды кеңістік құру.

Жобалық қызмет:

Жобалық іс-шаралар пәнді оқытуда басты орын алады, бұл білім алушыларға пәнді тереңдетіп оқып қана қоймай, білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Дизайн шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі, нақты міндеттермен жұмыс істеуге және жұмыс нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік береді. Жобалармен жұмыс істеу білім алушылардан тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар өз идеяларын жоспарлау, талдау, сынау және жақсарту дағдыларын талап етеді.

Жобалық іс-шаралар тұжырымдаманы зерттеу мен әзірлеуден бастап прототиптер жасауға және дайын өнімді сынауға дейінгі бірнеше кезеңдерді қамтиды. Бұл тәсіл өз жұмысын жоспарлау, қажеттіліктерді талдау және шешім табу қабілетін дамытады. Оқушылар командада жұмыс істеуді, шығармашылық жобаларды әзірлеуді, материалдар мен жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді үйренеді.

5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» пәнінің оқу бағдарламасы цифрлық технологияларды игеруді, бұйымдарды жобалау мен дайындауды, сондай-ақ тұрмыс пен тамақтану мәдениетін біріктіретін интеграцияланған оқыту болып табылады. Бұл осылай жан-жақты білім алу білім алушыларға болашақта өзін, мейлі ол дизайн, технология, аспаздық немесе тұрақты өмір сүру кеңістігін құру саласында болсын табысты жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

**«Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының ерекшеліктері**

«Дене шынықтыру» оқу пәнін оқытудың *мақсаты* білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, негізгі дене қасиеттері мен қабілеттерін дамыту арқылы жеке тұлғаның дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекетіне тұрақты мүдделер мен оң эмоционалдық-құндылық қатынасты қалыптастыру болып табылады.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің міндеті:

1) денсаулықты нығайту, үйлесімді физикалық дамуға жәрдемдесу, өмірлік маңызды дағдылар мен дағдыларды дамыту;

2) қозғалыс (үйлестіру және кондициялық) қабілеттерін дамыту;

3) оқу және бәсекелестік қызметте коммуникативтік өзара іс-қимыл және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен шығармашылық әлеуетті дамыту;

4) дене шынықтыру және өмір сүру кеңістігін сауықтыру саласында қажетті білім спектрін игеру;

5) әртүрлі нысаналы бағыттағы дене жаттығуларын орындауда қозғалыс тәжірибесін алу;

6) қазақ халқы мен Қазақстанда тұратын халықтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының құндылықтары туралы білімді толықтыру, патриотизмге тәрбиелеу, ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту.

Дене шынықтыру және технология пәндерінің 5-9 сыныптардағы ерекшеліктерін қарастырайық.

Дене шынықтыру пәнінің ерекшеліктері (5-9 сынып)

1. Дене белсенділігі: Дене шынықтыру сабағы оқушыларға физикалық белсенділікті арттыруға, спорттық дағдыларды дамытуға, және денсаулықты сақтауға ықпал етеді.

2. Денсаулық сақтау: Сабақ барысында оқушылардың дене қабілеттері мен денсаулығына келетін пайдалы әсерлерді, аурулардың алдын алу, дұрыс тамақтану мен өмір салтын қалыптастыру мәселелерін қамтиды.

3. Командалық жұмыс: Оқушылар командалық ойындар мен қызықты жарыстарға қатыса отырып, командада жұмыс істей білу, өзара құрметтеу, қиындықтарды жеңе білу сияқты дағдыларды игереді.

4. Спорт түрлері: Денешынықтыру пәні барысында әртүрлі спорт түрлерімен танысу, олардың ережелерін меңгеру, тәжірибелік көрсетілімдер мен жаттығулар жүргізу арқылы өтеді.

5. Психологиялық аспектілер: Сабақтар оқушылардың стресс деңгейін төмендетуге, өзін-өзі бағалауды арттыруға, сонымен қатар өмірлік қиыншылықтарды жеңуге көмектеседі.

Дене шынықтыру және технология пәндері 5-9 сынып оқушыларының физикалық және креативті дамуын қамтамасыз ететін маңызды элементтер болып табылады. Олар әртүрлі дағдыларды, білім мен тәжірибені қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде дамуға ықпал етеді.

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағат;

2) 6-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағат;

3) 7-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағат;

4) 8-сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағат;

5) 9 – сыныпта-аптасына 3 сағат, оқу жылында 108 сағат.

Дене шынықтыруды оқыту пәні жалпы даму бағыты бар оқушылардың қозғалыс белсенділігі болып табылады. Дене шынықтыру бойынша заманауи сабақты өткізудің негізгі талабы денсаулық жағдайын, физиологиялық ерекшеліктерін, психикалық, физикалық дамуын, қозғалыс дайындығын, гигиеналық нормаларды сақтауды ескере отырып, оқушыларға сараланған және жеке көзқарасты қамтамасыз ету болып табылады.

# 2 НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ПӘНДЕРІНІҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЕНГІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

## «Қазақ тілі» пәнінің үлгідік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Тілдің салалары әр сынып бойынша мәтінмен жұмыста үнемі байланыста жүзеге асады. Байланыс әр саланың нормалары арқылы, атап айтқанда, орфографиялық, орфоэпиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық, сөз мәдениеті нормалары арқылы іске асырылады. Мұнымен қоса, әр саладағы тілдік бірліктер (барлық сыныптарда) сөйлесім әрекетінің төрт түрінде: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттеріндегі оқу мақсаттарында да, әдеби тіл нормалары және тілдік құзыреттілік бөлімінде де қамтылады.

*5-9-сыныптар бойынша әр тоқсанда күнтізбелік жоспардағы сабақ тақырыптарына оқыту мақсаттарын таңдап алу жолдары*

Мұғалім «Қазақ тілі» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құрастыруда, күнделікті сабағын жоспарлауда тек оқулықты емес, құжаттарды да (Қазақстан Республикасының жалпыға білім беру стандарты; «Қазақ тілі» пәні бойынша оқу бағдарламасы/ұзақ мерзімді жоспар, «Қазақ тілі» пәні бойынша тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясы) басшылыққа алуы тиіс. Ұзақ мерзімді жоспардан күнтізбелік-тақырыптық жоспарды жасайды. Бөлім ішінде тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын мұғалімнің өзі анықтайды.

Әр дағдыны (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастыратын оқу мақсаттарымен бірге тілдік құзіреттілікті дамытатын әдеби тіл нормасы мақсаттарын етістіктеріне қарай отырып қолданған жөн. Тапсырма құрастыруда оқу мақсаттарындағы етістіктерді Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейіне сай өлшенетін етістіктермен қарастырсаңыз, нәтижені бағалауға, тапсырманы орындағанда алатын дағдыны өлшеуге болады.

Бір бөлімде берілген 2 тыңдалым/айтылым, 2 оқылым, 2 жазылым, 2 әдеби тіл нормасы мен тілдік құзіреттілік мақсаттарын сол бөлім ішінде білім алушының дағдысы қалыптасқанша бірнеше рет қайталап қолданасыз. Оқу мақсаттары тек бір сабаққа емес, жыл ішінде сол сыныптағы барлық білімді меңгертуге, дағдыға айналдыруға құрылғанын естен шығармасаңыз, оқу мақсаттарындағы күрделі әрекеттерді сабақтың смарт мақсатына айналдыру да жеңіл болары сөзсіз.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар құру кезінде оқу мақсаттарының күрделілік деңгейі мен олардың өзара үйлесімділігіне назар аудару қажет. Оқу нәтижелерін бағалау үшін оқу мақсатының мазмұнын ашатын, оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген тапсырма түрлерін (жабық, ашық) әзірлеу маңызды. Тапсырманың түрін ұтымды пайдалану нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және маңызды болып табылады.

*Жабық тапсырмалар* – педагогика мен психологияда кең қолданылатын тапсырмалардың түрі. Мұндай тапсырманы құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне жеңіл болады. Тапсырманың дидактикалық мазмұны

сақталған жағдайда жабық тапсырмалардың ішкі құрылымы әр алуан болуы мүмкін. Бұл бір дидактикалық материал негізінде сандық және сапалық сипаттамалары әртүрлі бірнеше тапсырма дайындауға мүмкіндік береді. Оқу процесінде үнемі тек жабық тапсырмаларды қолданған жағдайда оқушылардың білім-дағдылары толық жинақталмаған, шектеулі болады. Практикада *жабық тапсырмалардың бірнеше түрлері* кеңінен қолданылады:

- жауабында көп таңдауы бар тапсырмалар: бір дұрыс жауабын таңдау немесе бірнеше дұрыс жауабын таңдау тапсырмалары;
- сәйкестендіруге арналған тапсырмалар;
- реттілікті анықтау тапсырмалары;
- тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар (ақиқат немесе жалған тапсырмалары),т.б.

*Ашық тапсырмалар* оқушының білімін өмірде қолдану туралы ойлануы оның өздігінен шешім қабылдап, өз таңдауын негіздей білуіне мүмкіндік береді. Ойландыруды көздейтін жоғары деңгейлі тапсырмалар оқушының оқыған материалды ой елегінен өткізіп, талдауын қажет етеді. Ашық тапсырмалар жоғары деңгейлі танымдық дағдыларды тексеруге, дәлелдер келтіруге, қойылған проблемаға қатысты өзінің жеке көзқарасын білдіруге, сыни ойлауға арналған. Ашық тапсырмалардың жауабы ұзындығына немесе көлеміне қарай ерекшеленеді. Ол бір немесе бірнеше сөздерден тұратын ***қысқа жауаптан*** бастап толық дәлелді пайымдау түріндегі ***толық жауапқа*** дейін болуы мүмкін.

*Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмаларда* оқушылар бірнеше сөздерді, бір сөйлемді, қарапайым сызбаны қолданып, сұрақтарға қысқа нақты жауап беруі қажет. Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма түрлері:

- Бос орынды толтыру
- Қысқа шешім
- Сұраққа жауап
- Санамалау, т.б.

*Толық жауапты қажет ететін* тапсырмаларды бірнеше сөйлем, түсініктемелерді, сызбаларды немесе бірнеше кезеңнен тұратын дәлелдеулерді келтіре отырып орындау қажет. Толық жауапты қажет ететін тапсырма түрлері:

- Толық шешім
- Таныстырылым
- Жоба
- Эссе, т.б.

*Тапсырма әзірлеу алгоритмі:*

- оқу бағдарламасына, ұзақ мерзімді жоспарға шолу, оқу мақсаттарын талдау;
- оқу мақсаттары негізінде бағалау критерийлерін құрастыру;
- тапсырмаларды саралауды қамтамасыз ету үшін бағалау критерийлерін ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкестендіру;
- бағалау критерийлері мен ойлау дағдылары деңгейлеріне сәйкес тапсырмалар әзірлеу;

•әр тапсырмаға оның орындалу кезеңдерін сипаттайтын дескриптор құрастыру

*Әр тоқсандағы БЖБ-ны қалай ұйымдастырамыз?*

БЖБ өткізу нысаны мен сабағын және БЖБ орындау уақытын педагог өздігінен белгілейді. БЖБ үшін максималды балл 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек. БЖБ тоқсанына 2 рет өткізіледі. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына екіден көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда, тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескеріп, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауда сөйлеу әрекетінің екі түрі біріктіріледі (мысалы, тыңдалым және айтылым; оқылым және жазылым). Қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын академиялық адалдық принциптеріне сай педагог өзі дайындайды. оқушылардың БЖБ жұмысы тексерілгеннен кейін педагог тарапынан кері байланыс берілуі маңызды. Ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте сол оқу жылы аяқталғанға дейін сақталады.

*Тоқсан соңындағы ТЖБ-ны ұйымдастыру*

«Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясында» төрт тоқсан бойынша міндетті түрде бағаланатын мақсаттар тізбесі мен оларға сәйкес тапсырмалар, жалпы балл саны, уақыты, бағалау кестелері берілген. Мұғалім аталған құжаттағы жалпы балл санын, тапсырмаларды орындауға бөлінген уақытты, мақсаттар жүйесін өзгеріссіз қолданады. Ал тапсырмалар санын, олардың түрлерін, тапсырмалардың сипаттамасын өзгерте алады. Тоқсанның жиынтық бағалау тоқсанның соңғы күніне қойылмайды.

Білім беру үдерісінде оқушыны тексеру үшін ауызша және жазбаша түрде түрлі тапсырмалар ұсынамыз. Білім алушының қаншалықты білім мазмұнын игергендігін, тақырыпты меңгергендігін, сол тақырып бойынша өз ойын жүйелеп бере алуы мен өзіндік тұжырымын жасай алуын бағалау, сыни ой-пікірін анықтау, тақырыпқа қатысты көзқарасын білу мақсатында жазбаша жұмыстар, оның ішінде эссе жазудың маңыздылығы жоғары. 7-сыныпта оқушылар құрылымы мен даму желісін сақтап, дәлелдемелерге сілтеме жасап, тақырыпқа байланысты мәселенің артықшылығы мен кемшілігін талқылап, дәлелдер келтіріп, **дискуссивті эссе** жазулары тиіс. Дискуссивті эссенің жазылу ерекшелігі туралы Е.Оспанның «Эссе және оның түрлері» атты еңбегіне тоқталып өтсек:

**Дискуссивті эсседе** белгілі бір көзқарасқа байланысты қолдаушы және қарсы пікірлер қарастыралады. Сол себепті бұл эссе кейде («argumentative essay») деп те аталады. <u>Эссені жазу барысында берілетін пікірлерді қолдайтын және қолдамайтын болып бөлінуі және олардың нақты дәлелденіп берілуі, айқын жазылуы маңызды болып табылады</u>. Сондай-ақ эссе құрылымының сақталуына аса мән берген жөн. Эсседе автор ойын жеткізудегі нақтылық, жинақылық, дәлелдер мен дәйектерді беру қабілеттері ерекше бағаланады.

**Дискуссивті эссені жазу барысында ескеретін жайттар:**

***Кіріспе бөлімі бойынша:*** Бірінші сөйлемді оқырманның назарын аудару үшін тақырыпқа қатысты қызықты мағлұматтан бастаған жөн. Сілтеме,

риторикалық сұрақтар қолдануға болады және екі жақты мәселені көрсетіп, осы жөнінде бейтараптық ой қысқаша қорытындыланады.

***Негізгі бөлім:*** Әрбір параграф оқырманға түсінікті болуы үшін тақырыптық сөйлемнен бастаған жөн. Пікір берілгеннен кейін міндетті түрде дәлелдер, фактілер арқылы нақтылануы тиіс. Егер негізгі бөлімнің бірінші параграфы қолдаушы пікірде жазылса, келесі параграф қарсы пікірде жазылуы тиіс. Негізгі бөлім бейтараптық көзқараста болуы қажет. Біржақтылық ой жазылмайды.

***Қорытынды бөлім:*** Негізгі бөлім параграфтарында жазылған негізгі пікірлерді қорытындылап береді. Ондағы пікірлерді дәлелдеу үшін берілген барлық фактілер мен дәлелдерді қайталап берудің қажеті жоқ. Автор өз ойы мен пікірлердің негізінде логикалық тұрғыда қорытынды жасайды.

Ал Қ.Е.Бешімбаеваның «Академиялық эссе жанрының теориясы мен практикасы» атты монографиялық еңбегінде дискуссивті эссеге мынадай түсінік береді:

Дискуссиялық эссенің негізгі мақсаты – мәселенің шешімін (-дерін) ұсынудан гөрі, оны тұжырымдау және әр аспектісін нақтылау арқылы ақпарат беру, алайда ықтимал шешім ұсыну эссенің бөлігі бола алады.

***Әдеттегі дискуссиялық эссенің құрылымы:***

1. Кіріспе: мәселе туралы түсінік, жалпы мәлімет және тезис.
2. Артықшылықтары / жетістігі /жақсы жақтары/ басым жағы: әр сипаты бір абзацта түсіндіріледі.
3. Кемшіліктер /минусы/ жағымсыз жақтары /әлсіз тұстары: әр сипаты бір абзацта түсіндіріледі.
4. Қорытынды: қысқаша баяндама және /немесе шешім/ ұсыныс/ болжам.

Ұсынылған түсініктемелерге мұқият назар аударғын жөн. 7-сыныпта оқушылар дискуссиялық эссе туралы білімін қалыптастырады. Сондықтан оқушыларға дискуссиялық эссе жазудың қадамдарын дұрыс меңгертіп, жазу машығын дағдыландырып, бағыт-бағдар беруі тікелей педагогтердің негізгі міндеті болып табылады. Себебі 8-сыныпта оқушылар эссе туралы білімдерін одан әрі жетілдіріп аргументативті эссе жазуды меңгерулері тиіс.

*Оқу мақсатына жету үшін төмендегідей тапсырмаларды үлгі ретінде ұсынып отырмыз:*

✓ оқу мақсаттарын үйлестіруде тыңдалым, айтылым мақсаты мен сәйкес келетін әдеби тіл нормалары және тілдік құзіреттілік мақсаттарын бір сабаққа жоспарлауға болады. Ең алдымен, оқу мақсаттарын түсініп алыңыз: бірінші сан-сыныпты, екінші сан дағдыны(үлгілік оқу бағдарламасында -бөлім атауы деп тұр) көрсетеді. 1-тыңдалым/айтылым, 2- оқылым, 3-жазылым, 4- әдеби тіл нормасы және тілдік құзіреттілік.

✓ Тілдік құзыріттілік оқу мақсаттары алдыңғы мақсаттармен бірге жоспарланып, білім алушының лексикалық тақырыптар бойынша алған дағдыларын тілдік құзіреттілікпен толықтырады.

✓ Әр дағдыны (олар төртеу: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастыратын оқу мақсаттарымен бірге тілдік құзіреттілікті дамытатын әдеби тіл нормасы мақсаттарын етістіктеріне қарай отырып қолданған жөн.

Тапсырма құрастыруда оқу мақсаттарындағы етістіктерді Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейіне сай өлшенетін етістіктермен қарастырсаңыз, нәтижені бағалауға, тапсырманы орындағанда алатын дағдыны өлшеуге болады.

✓ Бір бөлімде берілген 2 тыңдалым/айтылым, 2 оқылым, 2 жазылым, 2 әдеби тіл нормасы мен тілдік құзіреттілік мақсаттарын сол бөлім ішінде білім алушының дағдысы қалыптасқанша бірнеше рет қайталап қолданасыз.

✓ Оқу мақсаттары тек бір сабаққа емес, жыл ішінде сол сыныптағы барлық білімді меңгертуге, дағдыға айналдыруға құрылғанын естен шығармасаңыз, оқу мақсаттарындағы күрделі әрекеттерді сабақтың смарт мақсатына айналдыру да жеңіл болары сөзсіз.

*6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік ұсынымдар*

1. Лексикалық тақырыптар мақсаты. Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес орта мерзімді жоспардағы 10 бөлімде төмендегі лексикалық тақырыптар қамтылған: «Астана – мәдениет пен өнер ордасы», «Ұлттық және отбасылық құндылықтар», «Қазақтың ұлттық тағамдары», «Әлемдегі ірі кітапханалар», «Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері», «Қазақстандағы ұлттар достастығы», «Тәуелсіздік жылдарындағы ұлы тұлғалар», «Су тіршілік көзі», «Қазақстандағы көрікті жерлер». Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

2. Оқу мақсаттарымен жұмыс жүргізу жолдары.

Оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде 5-сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым). Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында коммуникативтік әрекеттің барлық түрін бір деңгейде қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді. Мұғалім орта мерзімді жоспарда ұсынылған лексикалық тақырыпқа бөлінген оқу мақсаттарының орын тәртібін сабақ түрі мен әдістерінің қажеттілігіне қарай өзгерте алады.

3. Пәнаралық байланыс, шынайы өмірмен байланыс.

5- сыныптың орта мерзімді жоспарындағы лексикалық тақырыптарды меңгерту «Ғылымға кіріспе», «Бейнелеу өнері», «Дене шынықтыру», «Технология», «Өзін-өзі тану», «Қазақстан тарихы» пәндерімен тығыз байланыста жүргізіледі. Пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде басқа пән мұғалімдерімен бірлесіп, командалық сабақ жоспарларын әзірлеуге болады. Сондай-ақ, осы пәндермен кіріктірілген сабақ жоспарын құрып жүргізуіне болады. Мұғалім қазақ тілін басқа пәндермен тығыз байланыста оқыту арқылы

оқушының академиялық сөйлеу және жазба тілін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болады. Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықтатылуы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынады.

4. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытудың әдіс-тәсілдері. Орта мерзімді жоспарда ұсынылған әдіс-тәсілдер оқушылардың оқу және ойлау белсенділігін арттыруға бағытталған. Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналаған сабақ құрылымы:

- Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру; тыңдалымдағы маңызды сөздерді үйрету; тақырыпқа қатысты сұрақтар құра отырып, сол тақырыптағы оқушы білімін қозғау.
- Тыңдалым тапсырмасы: әртүрлі тыңдалым дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар тобы; олар жалпы мазмұнын түсінуден бастап, детальді түсінуге бағытталады.
- Тыңдалымнан кейінгі тапсырма: тыңдалымдағы тақырып туралы сұрақтардан тұрады және ол сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, тәжірибелерімен байланыстыра отырып жауап берулері тиіс. Сонымен қатар сұрақтар жауап беру барысында тыңдалымдағы сөздерді пайдалана алатындай құрылуы қажет. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда тыңдалым/ айтылым дағдысы қатар жүреді. Мұғалім тыңдалымнан кейінгі айтылым тапсырмаларын дискуссия, дебат, сұхбат және т.б. белсенді жұмыс түрлері арқылы ұйымдастырады. Оқылымға арналаған сабақ құрылымы:
- Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздерді алдын-ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.
- Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.
- Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Жазылымға арналған сабақ құрылымы:

Жазылым - төрт дағдының бірі және ол өнімді дағдылар қатарына жатады. Яғни өнімді дағды дегеніміз – тіл құбылыстары туралы ережелерге, модельдерге сүйене отырып сөйлеу немесе жазу.

Жазылым түрлері: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Жазылым түрлерінің әрқайсысының өздеріне сай ерекшелігі болады. Ол жазылым түрлерінің құрылымына және мақсаты мен шешуі тиіс міндеттеріне байланысты болып келеді. Мысалы, жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері); жазуда мәтінді немесе ақпаратты жазудың өзіндік тәртіптері ақпараттарды орналастыру реті; мәтіннің ұйымдастырылуы. Жазылым дағдысын қалыптастырудың бірнеше жолдары бар.

Солардың ең бастылары - продуктивті жазылым және жазылым үдерісі. Егер жазылымды үлгі беру арқылы үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни мұғалімдер жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтінмен жұмыс жасатуы керек. Белгілі бір жазылым үлгісі оның мазмұнымен, лексикасымен, стилімен және құрылысымен таныс болуға көмектеседі. Сонымен қатар, үлгілер оқушыға қалай жазуы керек туралы идеяны да береді. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық қадамдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұлд жазылым үдерісі деп аталады. Толығырақ айтқанда, жазылымды жоспарлаудан бастап, алғашқы нұсқасын жаздырту, түзету, тексеруге дейінгі оқушылардың әрекетін ұйымдастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерімен әртүрлі уақытта жұмыс жасай білуге дағдыландырады. Мысалы, жоспарлау кезеңінде идеяларды ойлап табады және ұйымдастырады, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, түзету және тексеру кезеңінде жазылымның ұйымдастырылуы, сауаттылығы, ондағы идеяларды бағалауға, яғни өз жұмысының артықшылығы мен кемшіліктері туралы ойлануға мүмкіндік береді.

Белгілі бір жазылымды толық орындау үшін бірнеше қадамдар жасалады:

- Әуелі жазылуы көзделген нәрсені анықтап алу;
- ойынды дұрыс жеткізуді жоспарлау;
- шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру
- түзету және редакциялау ( қателерді түзету және мазмұнын толықтыру)
- тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу)
- дұрыс нұсқаны (екінші немес соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу.

5. Ресурстармен жұмыс. Қазақ тілі сабақтарында мұғалім оқулықтармен қатар, ғаламтор желісінен алынған есту және көру материалдарын, аудиохабарламаларды, телебағдарламаларды, газет-журналдардан алынған ақпараттарды, кесте, диаграмма, сызбаларда берілген мәліметтерді де таңдай алады. Оқу жоспарында ұсынылған ресурстар мұғалім үшін бағыт-бағдар ретінде беріліп отыр. Мұғалім оларды қажеттілігіне, сынып деңгейіне, жас ерекшелігіне қарай өзгерте алады.

**«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Әдеби білім мазмұнын беруде логикалық бірізділікті, жүйелілікті, сабақтастықты сақтай отырып, білім алушылардың бойына ұлттық-рухани, адамгершілік, мәдени-эстетикалық құндылықтарды дарыту, ой-танымын кеңейту, тілдік қорын байыту арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамыту көзделеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

Қазақ әдебиеті пәнін оқыту білім берудің аксеологиялық негіздеріне сай жүргізіледі. Қаламгерлердің озық туындысы алдымен әдеби және ұлттық құндылық саналады, Ал көркем шығарма ауқымында қамтылатын адами құндылықтар идеялық мазмұнды құрайды. Яғни қазақ әдебиетінің тарихи, қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсініп, құндылық бағдарын игеру, білімді даралық және мемлекеттік құндылық ретінде бағалап, ұдайы жетілуге құлшындыру, оқушылардың ақыл-ой, танымдық және эмоционалды-эстетикалық зиятын көтеру мақсаты көзделеді.

Сонымен бірге оқушының танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәнінің мүмкіндігі мол. Шығарманың терең астары, тағдырлар тартысы, идеялар тартысында оқырманның өзіндік пікірі мен сыни көзқарасы қалыптасады. Көркем шығарма әр қырынан қарастырылып, талданады.

Әдеби талдаулардағы басты міндет – әр оқушының өз қабылдауын ескере отырып, бірте-бірте ұғым, түсінігін кеңейту. Әдеби шығарма мазмұнындағы алуан түрлі ақпарат арқылы таным-белсенділігін арттыру. Поэтикалық сөз қуатымен оқушының эмоциясы мен эстетикалық таным-талғамына ықпал ету көзделеді. Әдеби шығарманы түсініп оқу, бейнеленген көркем шындықты пайымдап, көркем мәтінді тұтастықта қабылдауға дағдыландыру әдеби білім берудің негізін құрайды. Сондықтан көркем туындыны қабылдау мен игеруде шығарма тұтастығы мен бөлігі, репродуктивті білім мен өзіндік түсінік, анализ бен синтез, эмоциялық әсер мен теориялық байлам, субъективті көзқарас пен объективті таным кешенді қамтылады. Әдеби шығармалармен жүргізілетін практикалық жұмыстар дидактикалық тапсырмалармен бекітіліп, оқушының талдау мен шығармашылық машығын қалыптастырады.

Келесі кестеде оқу мақсаттарының өзгертілген, неғұрлым жеңілдетілген жүйесі берілді.

«Түсіну мен жауап беру»:

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығарманы түсіну | 5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдары | 6.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздерге сүйеніп шығармадағы кейіпкерлер мен оқиғалар | 7.1.1.1 әдеби шығармадағы сөз қолданыстарының мағынасын | 8.1.1.1 әдеби шығармадан дәйексөз қолдану арқылы образдар мен оқиға желісін | 9.1.1.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселеге қатысты үзінділер мен эпизодтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | на сүйеніп шығарма мазмұнын баяндау | туралы баяндау | түсіну арқылы мазмұнын қысқаша баяндау | мәтінге жуық баяндау | іріктей отырып баяндау |
| 2. Әдеби шығармадағы тақырып пен идея | 5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын образдар жүйесі арқылы анықтау | 6.1.2.1 әдеби шығармадағы негізгі және қосымша кейіпкерлер бейнесі арқылы тақырып пен идеяны анықтау | 7.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын тарихи-әлеуметтік жағдай тұрғысынан анықтау | 8.1.2.1әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын қоғамдық-әлеуметтік мәселенің себеп-салдарын талдай отырып анықтау | 9.1.2.1 әдеби шығарманың идеясын қоғам, тарих, мәдениет тұрғысынан анықтау |
| 3. Шығарма үзінділерімен жұмыс | 5.1.3.1 әдеби шығармадағы шағын үзінділер мен эпизодтарды мәнерлеп оқу | 6.1.3.1 әдеби шығармадағы маңызды үзінділер мен эпизодтардағы диалогтық қарым-қатынасты мәнерлеп оқу | 7.1.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкер бейнесін ашатын үзінділерді мәнерлеп оқу | 8.1.3.1 әдеби шығармадағы күрделі тартысты, шиеленісті суреттейтін, баяндайтын үзінділер мен эпизодтарды анықтау | 9.1.3.1әдеби шығармадағы бір эпизодтың/оқиғаның басқа көріністермен сюжеттік, бейнелік және идеялық байланысын анықтау |

2) талдау және интерпретация:

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығарманың жанры, сюжеті мен композициясы | 5.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетінің құрамдас бөліктерін ажырату | 6.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, композициясындағы белгілі бір эпизодтың маңызын түсіндіру | 7.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетіндегі құрамдас бөліктердің өзара байланысын түсіндіру | 8.2.1.1 әдеби шығармадағы композициялық элементтердің (уақыт пен кеңістік, өткенге шолу, шиеленіс, деталь, т.б.) маңыздылығын талдау | 9.2.1.1 әдеби шығармадағы композициялық бірліктердің (эпилог, пролог, автордың жанрды таңдауы) шығарма құрылымына, эстетикалық көркемдігіне әсерін талдау |
| 2. Әдеби шығармадағы образ | 5.2.2.1 әдеби шығармадағы образды портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу | 6.2.2.1 әдеби шығармадағы образды портрет пен тура, жанама мінездеулерді талдау | 7.2.2.1 әдеби шығарманың жанрына қарай кейіпкердің типтерін талдау | 8.2.2.1 әдеби шығармадағы типтік образ жасау тәсілдерін (лирикалық, реалистік, | 9.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер жүйесінің қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | трагедиялық. т.б.) талдау | қатысын талдау |
| 3. Әдеби шығарманың тілі, көркемдік тәсілдері | 5.2.3.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау), өлең құрылысын талдау | 6.2.3.1 әдеби шығармадағы ажарлау мен құбылту түрлерін талдау | 7.2.3.1 әдеби шығармадағы айшықтау, құбылту, ажарлаудың қолданысын талдау | 8.2.3.1 әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай отырып, автор стилін талдау | 9.2.3.1 әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдар мен көркемдік тәсілдердің қолданысын талдай отырып, автор стилін талдау |
| 4.Авторлық көзқарас | 5.2.4.1 автордың шығармадағы көңіл-күйді жеткізу ерекшелігін талдау | 6.2.4.1 автордың шығармадағы көңіл-күйді кейіпкер көзқарасы арқылы жеткізу ерекшелігін талдау | 7.2.4.1 автордың шығармадағы кейіпкерлерге деген қатынасын талдау | 8.2.4.1 шығармада көтерілген мәселеге автордың баяндаушы рөліндегі көзқарасын талдау | 9.2.4.1 шығармадағы тарихи-әлеуметтік жағдайға автордың баяндаушы рөліндегі көзқарасын талдау |
| 5. Шығармашылық жазылым | 5.2.5.1 әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазу (хат, өлең, ойтолғау және т.б.) | 6.2.5.1 шығармадағы бір эпизодты/оқиғаны/ оқиға орнын өз көзқарасы тұрғысынан өзгертіп, шығармашылық жұмыс (әңгіме, ертегі, өлең, т.б.) жазу | 7.2.5.1 әдеби шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу | 8.2.5.1 кейіпкерге аяушылық, жанашырлық сезімі мен эмоциясын білдіріп, шығармашылық жұмыс (әңгіме, хат, күнделік, ойтолғау, өлең, т.б.) жазу | 9.2.5.1 көркем шығарма мотиві негізінде көркемдегіш құрал түрлерін, экспрессивті-эмоционалды сөздерді қолданып, шығармашылық жұмыс (шытырман оқиғалы әңгіме, сценарий, өлең) жазу |

3) салыстыру және бағалау:

| | 5-сынып | 6-сынып | 7-сынып | 8-сынып | 9-сынып |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығармадағы өміршең | 5.3.1.1 әдеби шығармадағы | 6.3.1.1 әдеби шығармадағы образдарды | 7.3.1.1 әдеби шығармадағы образдар мен | 8.3.1.1 әдеби шығармадағы материалдық | 9.3.1.1 әдеби шығармадағы ұрпақтар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| идеялар мен образдар | образдарды өзара салыстыру арқылы ерекшеліктерін айқындау | шынайы өмірмен салыстыра отырып тұлғалық бейнесін ашу | идеяларды шынайы өмірмен салыстыру арқылы өміршеңдігін дәлелдеу | және рухани құндылықтарды бүгінгі күнмен салыстыру арқылы шығарма идеясының өміршеңдігін дәлелдеу | сабақтастығын бүгінгі күнмен салыстыру арқылы заман бейнесін ашу |
| 2. Әдеби шығарманың құндылығы | 5.3.2.1 әдеби шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау | 6.3.2.1 әдеби шығармадағы образдарды салыстырып, ұлттық құндылығын бағалау | 7.3.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінездеуді салыстырып, ұлттық құндылығына баға беру | 8.3.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселені мазмұндас басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және ұлттық құндылығын бағалау | 9.3.2.1әдеби шығарманы өнердің өзге түріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып тарихи және ұлттық құндылығын бағалау |
| 3.Әдебиеттегі ортақ идеялар | 5.3.3.1 шығарма тақырыбын мазмұндас туындылармен салыстыру мақсатында ЖИ көмегімен идеялар жинақтау | 6.3.3.1 шығармада көтерілген мәселенің мазмұндас туындылардағы көрінісін салыстыру мақсатында ЖИ көмегімен идеялар жинақтау | 7.3.3.1 шығармада сипатталған оқиғаның мазмұндас туындылардағы көрінісін салыстыру мақсатында ЖИ көмегімен идеялар жинақтау | 8.3.3.1 шығарманы мазмұндас қазақ және әлем әдебиеті туындыларымен салыстыру мақсатында ЖИ көмегімен идеялар жинақтау | 9.3.3.1 шығарманы мазмұндас әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерімен салыстыру мақсатында ЖИ көмегімен идеялар жинақтау |
| 4. Әдеби эссе | 5.3.4.1 әдеби шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап эссе жазу | 6.3.4.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | 7.3.4.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | 8.3.4.1 әдеби шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | 9.3.4.1 әдеби шығарманың идеясын адамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдап эссе жазу |
| 5. Сыни пікір | 5.3.5.1 әдеби шығармадан кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, | 6.3.5.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік мәселенің маңыздылығы | 7.3.5.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы жазылған | 8.3.5.1 әдеби шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге | 9.3.5.1 әдеби шығарманы мазмұндас туындылармен салыстыра талдап, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыни пікір жазу | туралы сыни көзқарасын білдіру | түрлі дереккөздерге сүйеніп, шағын сыни шолу жасау | сүйене отырып, көркемдік құндылығына сыни пікір білдіру | тарихи құндылығына қатысты сыни пікір білдіру |

.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің «Оқу мақсаттары жүйесінде» әр бөлімдегі бөлімшелерге күтілетін нәтиже түрінде оқу мақсаттары берілген.

Төмендегі кестеде «Түсіну және жауап беру» бөліміндегі оқу мақсаттарынан күтілетін нәтижелер және оқу мақсаттарына сәйкес тапсырма құрудың үлгілері ұсыным ретінде берілген. Әр педагог өзінің жеке тәжірибесіне сүйеніп, оқушыларының ерекшелігіне қарай тапсырмаларды жеңілдетіп не күрделендіріп, түрлендіріп беруіне болады.

*«Түсіну және жауап беру» бөлімі*

| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** | **Күтілетін нәтиже** | **Тапсырмадағы көрінісі (іс – әрекет)** |
|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығарманы түсіну | 5.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарына сүйеніп шығарма мазмұнын баяндау | - әдеби шығармадағы тірек сөздер мен сөз оралымдарының мәнін ұғады;<br>- сөйлеу барысында қолданады;<br>- шығарманың қысқаша мазмұнын баяндайды. | **Тапсырма.** Өлеңді оқы. Қай сөз ерекше әсер етті? Неліктен?<br><br>**Тапсырма.** Сөздердің мағынасын анықта. Осы сөздерді қатыстырып, шығарма мазмұнын баянда. |
| | 6.1.1.1 әдеби шығармадағы тірек сөздерге сүйеніп шығармадағы кейіпкерлер мен оқиғалар туралы баяндау | - әдеби шығармадағы тірек сөздерді анықтайды;<br>- шығармадағы тірек сөздер арқылы кейіпкерлердің іс – әрекетін баяндайды;<br>- оқиға желісін қысқаша мазмұндайды. | **Тапсырма.** Алғашқы шумақтағы ойды талда. «*Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар*» деген жолдардағы «талапты» мен «тасыр» сөздерінің мәнін анықтаңыз және автордың бұл сөздерді қолдану мақсатын түсіндіріңіз.<br>**Тапсырма.** Абай Құнанбайұлы өлеңнің 2-шумағын қара сөзге айналдырып жаз. Бұл жолдарда қандай адамды сынайды? Неліктен? |
| | 7.1.1.1 әдеби шығармадағы сөз қолданыстарының мағынасын түсіну арқылы мазмұнын қысқаша баяндау | - әдеби шығармадағы сөздердің (тура/ауыспалы)мағынасын анықтайды;<br>- белгілі бір сөздердің оқиғаны дамытудағы әсерін түсінеді;<br>- оқиға желісін қысқаша мазмұндайды. | **Тапсырма.** Берілген үзіндіден асты сызылған сөздердің мағынасын анықта. (тура/ауыспалы сөздер, сөздіктермен жұмыс)<br><br>**Тапсырма.** Шығармадан алынған сөздердің оқиғаны дамытудағы рөлін сипаттап, оқиға желісін мазмұнда. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 8.1.1.1 әдеби шығармадан дәйексөз қолдану арқылы образдар мен оқиға желісін мәтінге жуық баяндау | - әдеби шығармадағы фразалардың мағынасын анықтайды;<br>- белгілі бір фразалардың оқиғаны дамытудағы әсерін түсінеді;<br>- оқиға желісін мәтінге жуық баяндайды. | **Тапсырма.** Шығармадан алынған фразалар мен сөз оралымдарының мәнін анықта.<br>**Тапсырма.** Шығармадан алынған фразалар мен сөз оралымдарының кейіпкер бейнесін ашудағы және оқиғаны дамытудағы әсерін анықта.<br>**Тапсырма.** Шығармадан алынған фразалар мен сөз оралымдарының қолданып, оқиға желісін мәтінге жуық баянда. |
| | 9.1.1.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселеге қатысты үзінділер мен эпизодтарды іріктей отырып баяндау | - әдеби шығармадағы көтерілген мәселеге қатысты үзінділер мен эпизодтарды іріктейді;<br>- үзінділер мен эпизодтардың оқиға желісін дамытудағы әсерін анықтайды;<br>- әдеби шығармадағы көтерілген мәселені анықтап, оқиға желісін мәтінге жуық баяндайды. | **Тапсырма.** Шығармадан алынған диалогтағы сөз қолданыстарының мәнін анықтап, кейіпкерлердің әрекетін сипатта.<br>**Тапсырма.** Кейіпкерлердің әрекеті мен сөз қолданыстары арқылы көтерілген мәселені анықта.<br>**Тапсырма.** Оқиға желісін баяндай отырып, көтерілген мәселені түсіндір.<br>Көлеңке басын ұзартып,<br>Алысты көзден жасырса;<br>Күнді уақыт қызартып,<br>Көк жиектен асырса;<br><br>Күңгірт көңілім сырласар<br>Сұрғылт тартқан бейуаққа,<br>Төмен қарап мұңдасар,<br>Ой жіберіп әр жаққа...<br>*Адасқан күшік секілді*<br>*Ұлып жұртқа қайтқан ой*<br>Өкінді, жолың бекінді,<br>Әуре болма, оны қой.<br>МЫСАЛЫ мына өлеңге қатысты тапсырмалар сипаты.<br>Көңіл күйді білдіретін сөздерді белгілеңдер<br>(*күңгірт көңіл, төмен қарап мұңдасар, Өңкей уды жиып ап, Себеді сорлы жүрекке*).<br>Өлең мәтініндегі түсінбеген сөз оралымын белгілеңіздер.<br>«Көлеңке» (археотипі) образының Абай өлеңінің мәнін ашудағы қызметін анықтаңыз.<br>«Көлеңке басын ұзартып, Алысты көзден жасырса» тіркесінің мағынасын түсіндіріңіз. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Абайдың «Көлеңке басын ұзартып» өлеңіндегі қараңғы ұғымын тудыратын сөз қолданыстарын анықтаңыз.<br>Абай шығармасындағы «ой» образын айқындаңыз. |
| 2. Әдеби шығармадағы тақырып пен идея | 5.1.3.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын образдар жүйесі арқылы анықтау | - әдеби шығармадағы образдар жүйесін анықтайды;<br>- шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Үзіндідегі басты оқиғалар мен оларға қатысты кейіпкерлерді жаз.<br>**Тапсырма.** Үзіндіні оқып, тақырыбын мен көтерілген мәселені анықта. |
| | 6.1.3.1 әдеби шығармадағы негізгі және қосымша кейіпкерлер бейнесі арқылы тақырып пен идеяны анықтау | -әдеби шығармадағы негізгі және қосымша кейіпкерлер бейнесін анықтайды;<br>- әдеби шығармадағы негізгі және қосымша кейіпкерлер бейнесі арқылы идеясын анықтайды. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Үзіндідегі басты оқиғалар мен оларға қатысты кейіпкерлер іс-әрекетін жаз.<br>**Тапсырма.** Үзіндіні оқып, негізгі және қосымша кейіпкерлерді анықта, шығарма идеясын тұжырымда. |
| | 7.1.3.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын тарихи-әлеуметтік жағдай тұрғысынан анықтау | - әдеби шығармада көтерілген тарихи-әлеуметтік жағдайды түсінеді;<br>- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын тарихи-әлеуметтік жағдай арқылы анықтайды. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Оқиғаға қатысты деректер мен фактілерді тап.<br>**Тапсырма.** Үзіндіде қандай тарихи-әлеуметтік жағдай көтерілгенін түсіндір.<br>**Тапсырма.** Үзіндідегі тарихи-әлеуметтік жағдайдың шығарма идеясына қатысын анықта. |
| | 8.1.3.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын қоғамдық-әлеуметтік мәселенің себеп-салдарын талдай отырып анықтау | - әдеби шығармадағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселенің себеп-салдарын талдайды;<br>- әдеби шығармадағы көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе арқылы тақырыбы мен идеясын анықтайды. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Үзіндіде қандай әлеуметтік-қоғамдық мәселе көтерілген? Оның себеп-салдары қандай?<br><br>**Тапсырма.** Үзіндідегі көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге өз көзқарасыңды білдір. |
| | 9.1.3.1 әдеби шығарманың идеясын қоғам, тарих, мәдениет тұрғысынан анықтау | - әдеби шығармада көтерілген қоғам, тарих, мәдениет мәселесін анықтайды.<br>- қоғам, тарих, мәдениет мәселесі арқылы шығарма идеясын анықтайды. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Үзіндіде қандай мәселе көтерілген.<br>**Тапсырма.** Шығармада көтерілген мәселені түсіндір, шығарма идеясын анықта. |

*«Талдау және интерпретация» бөлімі*

| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** | **Күтілетін нәтиже** | **Тапсырмадағы көрінісі (іс – әрекет)** |
|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығарман | 5.2.1.1 әдеби шығарманың | - әдеби шығарманың жанрын анықтайды; | **Тапсырма.** Шығарма желісі бойынша өздеріне берілген |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ың сюжеті мен композициясы | жанрын, сюжетінің құрамдас бөліктерін ажырату | - шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін ажыратады. | сюжеттерді іріктеп жаз. Топ мүшелеріне әңгімеле. **Тапсырма.** Сюжеттің композициялық құрылымның қай бөлігіне жататындығын анықта. |
| | 6.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, композициясындағы белгілі бір эпизодтың маңызын түсіндіру | - әдеби шығарманың жанрын анықтайды;<br>- әдеби шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызын түсіндіреді. | **Тапсырма.** Шығарма үзіндісін оқып, маңызды бөліктерін белгіле.<br>**Тапсырма.** Үзіндінің шығарма композициясында алатын орнын түсіндір. |
| | 7.2.1.1 әдеби шығарманың жанрын, сюжетіндегі құрамдас бөліктердің өзара байланысын түсіндіру | - әдеби шығарманың жанрын анықтайды;<br>- әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерінің өзара байланысын түсіндіреді. | **Тапсырма.** Шығарма жанрын анықта.<br>**Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Қай кейіпкерге, қай оқиғаға қатысты екенін анықта.<br>**Тапсырма.** Шығарма сюжетіндегі бөліктердің өзара байланысын түсіндір. |
| | 8.2.1.1 әдеби шығармадағы композициялық элементтердің (уақыт пен кеңістік, өткенге шолу, шиеленіс, деталь, т.б.) маңыздылығын талдау | - әдеби шығарманың сюжеттік бөліктерін талдайды.<br>- композициялық элементтерді анықтайды;<br>- композициялық элементтердің маңыздылығын талдайды. | **Тапсырма.** Шығарманы оқып, сюжеттік бөліктеріне талдау жаса.<br>**Тапсырма.** Шығармадағы композициялық элементтерді (уақыт пен кеңістік, өткенге шолу, шиеленіс, деталь, т.б.) анықта.<br>**Тапсырма.** Шығармадағы маңыздылығын талда. |
| | 9.2.1.1 әдеби шығармадағы композициялық бірліктердің (эпилог, пролог, автордың жанрды таңдауы) шығарма құрылымына, эстетикалық көркемдігіне әсерін талдау | - әдеби шығармаға композициялық талдау жасайды;<br>- шығармадағы композициялық бірліктерді (эпилог, пролог, автордың жанрды таңдауы) анықтайды;<br>- композициялық бірліктердің шығарма құрылымына, эстетикалық көркемдігіне әсерін талдайды. | **Тапсырма.** Шығарма үзіндісін оқып, шығарманың лирикалық шегінісін анықта. Себебін түсіндір.<br>**Тапсырма.** Шығарма үзіндісінен автор қолданған композициялық амалдарды тап.<br>Автордың пролог пен эпилогты шығарма сюжетіне енгізуіне түсінік бер. |
| 2. Әдеби шығармадағы образ | 5.2.2.1 әдеби шығармадағы образды портреті мен іс-әрекеті арқылы ашу | - әдеби шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.<br>- образ түрлеріне түсінік береді | **Тапсырма.** Берілген үзінділерді әдеби ұғымдармен (портрет, пейзаж т.б.) сәйкестендір.<br>**Тапсырма.** Берілген үзінділерден портретті табыңыз.<br>**Тапсырма.** Шығармадағы кейіпкерлердің образын ашыңыз. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 6.2.2.1 әдеби шығармадағы образды, портрет пен тура, жанама мінездеулерді талдау | - әдеби шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктейді. | **Тапсырма.** Кейіпкерге тән мінездемелерді оқып, тура/жанама мінездеу екенін анықта.<br>**Тапсырма.** Кейіпкер бейнесіне берілген тура және жанама мінездеулерді танытатын мысалдарды теріп жазып, олардың мәнін ашып талда. |
| | 7.2.2.1 әдеби шығарманың жанрына қарай кейіпкердің типтерін талдау | - әдеби шығарманың жанрына (лирикалық, эпикалық, драмалық) қарай кейіпкердің типтерін талдайды. | **Тапсырма.** Кейіпкерлер портретін сәйкестендіріңіз.<br>**Тапсырма.** Төмендегі образ түрлеріне түсінік бер.<br>**Тапсырма.** Шығарма кейіпкерлерінің ішінен осы образдарға мысалдар келтір. |
| | 8.2.2.1 әдеби шығармадағы типтік образ жасау тәсілдерін (лирикалық, реалистік, трагедиялық. т.б.) талдау | - әдеби шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан талдайды. | **Тапсырма.** .......трагедиялық /лирикалық/реалистік кейіпкер екенін шығарма мазмұнына сүйене отырып дәлелде.<br>**Тапсырма.** Автордың кейіпкерді суреттеуде қолданған тәсілдеріне сүйене отырып, кейіпкер бейнесін ашатындай абстрактілі сурет сал. |
| | 9.2.2.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер жүйесінің қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге қатысын талдау | - әдеби шығармадағы кейіпкерлер жүйесін талдайды;<br>- әдеби шығармадағы қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге кейіпкерлердің қатысын талдайды. | **Тапсырма.** ........ оқығандығын, зеректігін баяндайтын және елдің қамын ойлайтын адал азамат екенін көрсететін үзіндіні тауып жаз.<br>**Тапсырма.** Шығармадан үзінділер келтіре отырып, кейіпкерлердің қоғамдық және әлеуметтік мәселелерге қатысын баянда. |
| 3. Әдеби шығарманың тілі, көркемдік тәсілдері | 5.2.3.1 әдеби шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет (айшықтау), ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау | - әдеби шығарманың тілдік ерекшеліктерін талдайды;<br>- ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын ажыратады;<br>- өлеңнің құрылысы мен көркемдік тәсілдерін талдайды. | **Тапсырма.** Туындыда қандай тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары кездеседі? Ойыңды дәлелде. Бірнешеуін жазып, оларды қолданудағы автордың мақсатын түсіндір.<br>**Тапсырма.** Ауыспалы мағынадағы сөздердің мағынасын түсіндір.<br>**Тапсырма.** Өлеңді құрылысына және көркемдік тәсілдеріне қарай талда. |
| | 6.2.3.1 әдеби шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора (ауыстыру, кейіптеу, | - әдеби шығармадағы көркем ауыстыруларды анықтайды.<br>- үзіндіден троптарды табады;<br>- троп түрлерін анықтайды; | **Тапсырма.** Берілген үзінділерден көркемдеуіш құрал түрін анықтаңыз, астарлы мағынасын аш.<br>**Тапсырма.** Үзінділерде асты сызылған тіркестердің астарлы мағынасы не? |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | метонимия (алмастыру), гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау | - троптың беретін мағынасын ашады. | |
| | 7.2.3.1 әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау | -әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды. | **Тапсырма.** Кейіпкер мінезін беріп тұрған тілдік тәсілді түсіндір.<br>**Тапсырма.** Үзіндіден .......... табыңыз. Оның осы үзіндідегі қолдану мәнін талдаңыз. |
| | 8.2.3.1 әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психологиялық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдау, автор стилін анықтау | -әдеби шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдайды;<br>-автор стилін анықтайды. | **Тапсырма.** Берілген үзіндінің көркемдік сипатын талда.<br><br>**Тапсырма.** Хикметтердің стиліне тән тілдік ерекшеліктерді анықта. |
| | 9.2.3.1 әдеби шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдау, автор стиліне баға беру | -әдеби шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың түрлерін талдайды;<br>-автор стиліне баға береді. | **Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Автор ойын түсіндір. Риторикалық сұрақтың қолдану себебін түсіндір.<br><br>**Тапсырма.** Үзіндіде қандай айшықтау түрі бар? Оны автор қандай мақсатта қолданғаны туралы жазыңыз. |
| 4. Шығарма шылық жұмыс | 5.2.4.1 әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазу (хат, өлең, ойтолғау және тағы басқа) | -әдеби шығармадан алған әсерін сипаттап жазады.<br>-шығармашылық жұмыс түрлерін (хат, өлең, ойтолғау және тағы басқа) жазуды меңгереді. | **Тапсырма.** Шығармадан алған әсеріңмен бөлісіп, авторға хат жаз.<br>**Тапсырма.** Шығармадан алған әсеріңді сипаттап жаз. |
| | 6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, | -әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазады. | **Тапсырма.** Кейіпкерлердің портетін жаз.<br>**Тапсырма.** Ұсынылған кейіпкерлер портретін өзің берген потретпен салыстыр. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кейіпкер бейнесін сипаттап жазу | | |
| | 7.2.4.1 әдеби шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу | -әдеби шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазады. | **Тапсырма.** Өлеңді әңгімеге айналдырып жаз.<br>**Тапсырма.** Берілген үзіндідегі оқиғаны дамытып жаз. |
| | 8.2.4.1 әдеби шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу | -әдеби шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазады. | **Тапсырма.** Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры әрі қарай қалай болуы мүмкін?<br>**Тапсырма.** ...... тағдыры қалай өзгеруі мүмкін? Оқиғаны жалғастырып жаз. |
| | 9.2.4.1 әдеби шығармадағы автор стиліне сүйеніп шығармашылық жұмыс жазу | -әдеби шығармадағы автор стиліне сүйеніп шығармашылық жұмыс жазады. | **Тапсырма.** Шығарма идеясын ашатын шағын әңгіме жаз. |

*«Салыстыру және бағалау» бөлімі*

| **Бөлімше** | **Оқыту мақсаттары** | **Күтілетін нәтиже** | **Тапсырмадағы көрінісі (іс – әрекет)** |
|---|---|---|---|
| 1. Әдеби шығармадағы өміршең идеялар мен образдар | 5.3.2.1 әдеби шығармадағы образдарды өзара салыстыру арқылы ерекшеліктерін айқындау | - әдеби шығармадағы образдарды жіктейді;<br>- әдеби шығармадағы образдарды өзара салыстырады. | **Тапсырма.** Кейіпкерлер портретін сәйкестендіріңіз.<br>**Тапсырма.** Кейіпкерлердің іс – әректіне мысалдар келтіріп, көзқарасыңды білдір. |
| | 6.3.2.1 әдеби шығармадағы образдарды шынайы өмірмен салыстыру | - әдеби шығармадағы образдарды шынайы өмірмен салыстырады. | **Тапсырма. ........**бейнесі арқылы ұлттық құндылықты дәріптейтін және оған қайшы келетін кереғар көріністерді анықта. |
| | 7.3.2.1 әдеби шығармадағы образдар мен идеяларды шынайы өмірмен салыстыра отырып тұлғалық бейнесін ашу | эпизодтардағы заман көрінісін бүгінгі өмірмен байланыстырады;<br>шығармадағы заман көрінісіне баға береді; | **Тапсырма.** Өз пікіріңізді білдіре отырып, кейіпкерлердің іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра сипатта. |
| | 8.3.2.1 әдеби шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды бүгінгі күнмен салыстыру арқылы шығарма идеясының | -авторлық идеяның астарын анықтайды;<br>-авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындайды. | **Тапсырма.** Шығармадан көтерілген адамгершілік, ар мәселелері бар жолдарды анықта.<br>**Тапсырма.** Шығармада көтерілген мәселені бүгінгі өмірмен байланыстырып, маңыздылығын дәлелде. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өміршеңдігін дәлелдеу | | |
| | 9.3.2.1 әдеби шығармадағы ұрпақтар сабақтастығын бүгінгі күнмен салыстыру арқылы заман бейнесін ашу | - әдеби шығармадағы көтерілген мәселені бүгінгі күнмен салыстырады. | **Тапсырма.** Автор сынға алған заман адамының құндылыққа қайшы мінез –құлықтарын анықта.<br>**Тапсырма.** Шығармадан ұрпақтар сабақтастығына мысалдар келтіріп, бүгінмен күнмен салыстыр. |
| 2. Әдеби шығарманың құндылығы | 5.3.1.1 әдеби шығармадағы эпизодтарды талқылау арқылы ұлттық құндылығын бағалау | - әдеби шығармадағы эпизодтар арқылы ұлттық құндылықты анықтайды. | **Тапсырма.** Автордың қандай сөздер мен тіркестерді қолданғанына шығармадан дәлелдер ізде.<br>**Тапсырма.** Үзіндіні оқы. Мағынасын талда. Қандай құндылық сөз етіледі? |
| | 6.3.1.1 әдеби шығармадағы образдарды салыстырып, ұлттық құндылығын бағалау | - әдеби шығармадағы образдарды салыстырып, ұлттық құндылығын бағалайды. | **Тапсырма.** Шығармада қандай ұлттық құндылықтар көрініс тапқан?<br>**Тапсырма.** Төменде берілген нақыл сөздің тәрбиелік және эстетикалық құндылығын түсіндір. |
| | 7.3.1.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінездеуді салыстырып, ұлттық құндылығына баға беру | - әдеби шығармадағы кейіпкерлер іс-әрекеті мен мінездеуді салыстырып, ұлттық құндылығына баға береді. | **Тапсырма.** Шығармалардағы кейіпкерлерінің мықты / әлсіз жақтарын анықта, шығармадан нақты мысалдар келтір, талда.<br>**Тапсырма.** Құндылықтардың маңыздылығына шығармадан аргумент келтір. |
| | 8.3.1.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселені мазмұндас басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және ұлттық құндылығын бағалау | - әдеби шығармадағы көтерілген мәселені мазмұндас басқа шығармалармен салыстырады;<br>- әдеби шығарманың тарихи және ұлттық құндылығына баға береді. | **Тапсырма.** Шығармадан тарихи деректерді жинақтап жаз. Тарихи кезеңді ашатын сұрақтар құрастыр.<br>**Тапсырма.** Автордың тарихи кезеңді суреттеудегі қолданған тәсіліне өзінің ой-пікіріңді жаз. |
| | 9.3.1.1 әдеби шығарманы өнердің өзге түріндегі мазмұндас туындылармен салыстырып тарихи және | - әдеби шығарманы өнердің өзге түріндегі мазмұндас туындылармен салыстырады;<br>- әдеби шығарманың тарихи және ұлттық құндылығын бағалау | **Тапсырма.** Тақырыбы мен идеясындағы ұқсастық пен айырмашылықты салыстыр.<br>**Тапсырма.** Көркем туындылардың өз заманындағы тарихи/ұлттық құндылығы мен бүгінгі таңдағы маңыздылығына баға бер. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | ұлттық құндылығын бағалау | | |
| 3. Әдеби эссе | 5.3.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлердің іс – әрекетін өзіндік құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | -тақырыпты ашады,<br>- кейіпкерлердің іс – әрекетін талдайды,<br>-ойын мысалдармен дәлелдейді,<br>-эссе құрылымын сақтап жазады. | **Тапсырма.** «.............» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Жазылымда шығарма кейіпкерлерінің іс –әрекетін, құндылығын нақты көрсетіп, талдап жаз. |
| | 6.3.3.1 әдеби шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | -тақырыпты ашады,<br>- кейіпкерлердің қарым – қатынасын, отбасылық құндылығын талдайды,<br>-ойын мысалдармен дәлелдейді,<br>-эссе құрылымын сақтап жазады. | **Тапсырма.** «.............» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Жазылымда шығарма кейіпкерлерінің қарым - қатынасын, отбасылық құндылығын нақты көрсетіп, талдап жаз. |
| | 7.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | -тақырыпты ашады,<br>- шығарманың идеясын, кейіпкерлердің адамгершілік құндылығын талдайды,<br>-ойын мысалдармен дәлелдейді,<br>-эссе құрылымын сақтап жазады. | **Тапсырма.** «.............» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Жазылымда шығарма кейіпкерлерінің адамгершілік құндылығын нақты көрсетіп, талдап жаз. |
| | 8.3.3.1 әдеби шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап эссе жазу | -тақырыпты ашады,<br>- шығармадағы ұлттық құндылықты талдайды,<br>-ойын мысалдармен дәлелдейді,<br>-эссе құрылымын сақтап жазады. | **Тапсырма.** «.............» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Жазылымда шығарманың ұлттық құндылығын нақты көрсетіп, талдап жаз. |
| | 9.3.3.1 әдеби шығарманың идеясын адамзаттық құндылықтар тұрғысынан талдап эссе жазу | -тақырыпты ашады,<br>- шығармадағы адамзаттық құндылықты талдайды,<br>-ойын мысалдармен дәлелдейді,<br>-эссе құрылымын сақтап жазады. | **Тапсырма.** «.............» тақырыбына әдеби эссе жазыңыз. Жазылымда шығармадағы адамзаттық құндылықты нақты көрсетіп, талдап жаз. |
| 4. Сыни пікір | 5.3.4.1 әдеби шығармадан алған әсерін білдіріп сыни хабарлама жазу | - әдеби шығармадан алған әсерін, эмоциясын білдіріп сыни хабарлама жазады. | **Тапсырма.** Шығармадан алған әсеріңді талдап, сыни хабарлама жаз. |
| | 6.3.4.1 әдеби шығармада көтерілген | - әдеби шығармадағы көтерілген әлеуметтік мәселенің | **Тапсырма.** Әдеби шығармадағы көтерілген әлеуметтік мәселенің |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әлеуметтік мәселенің маңыздылығы туралы сыни көзқарасын білдіру | маңыздылығына өзіндік көзқарасын, сыни пікірін білдіреді;<br>-сыни-пікірдің стилін сақтайды;<br>-өз ойы мен көзқарасын нақты жеткізеді;<br>-орынды пікір, дәлелдер келтіреді; | маңыздылығын талдап, өзіндік көзқарасыңды жаз. |
| | 7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы шағын сыни шолу жасау | - әдеби шығарманың эстетикалық құндылығына баға береді.<br>-өз ойы мен көзқарасын нақты жеткізеді;<br>-орынды пікір, дәлелдер келтіреді; | **Тапсырма. Тапсырма.** Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығын талдап, сыни шолу жаз. |
| | 8.3.4.1 әдеби шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып сыни пікір білдіру | - әдеби шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге шолу жасайды;<br>-сын-пікірлерге сүйене отырып сыни пікір жазады. | **Тапсырма.** Төмендегі пікірге сүйене отырып, өз пікіріңді жаз. |
| | 9.3.4.1 әдеби шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап сыни пікір білдіру | - әдеби шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдайды;<br>-сыни пікірін жазады. | **Тапсырма.** әдеби шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, өз пікіріңді жаз. |

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты: «Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылымы, бай сөздік құрамы туралы білім алушыда жүйелі тілдік білім қорын қалыптастыру, коммуникативті құзыретті дамытушы тілдік дағдылар мен сөйлеу әрекеті (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) іскерлік түрлерін меңгерту. Білім алушының танымында қазақ тілінің өзіне тән фонетикалық, грамматкиалық ерекшелігі туралы, ұлттық дүниетаным мәдениетін сақтаушы қызметі туралы ұғым түсінікті қалыптастыру, қазақ тіліне құрметпен қарау, бағалау көзқарасын дамыту.

Ұсынылып отырған бағадарлама Еуропалық тілдерді деңгейлік оқыту стандартына (CEFR, 2018) сай құрастырылды. Коммуникативті құзыреттілік пен оны құраушы компоненттердің толық мазмұны Еуропалық Кеңестің «Заманауи тілдер: үйрену, оқыту, бағалау» деп аталатын құжатында толық сипатталды (Страстбург, 2002).

Бағдарламаны құрастыруда аталған құжатта анықталған оқыту мазмұнын құрайтын қағидалары мен компоненттері, қазақ тілі лингвистикасының жаңа даму бағыттары басшылыққа алынды:

1. Тілді меңгеру деңгейлері 3 деңгейден тұрады: А -қарапайым деңгейде меңгеру; В- тілді еркін деңгейде меңгеру; С -тілді жетік меңгеру. Әр деңгей

іштей тағы да бірнеше деңгейшелерге бөлінеді. Қазақстан Республикасында тілідерді оқытудың төмендегідей деңгейлік бөлінісі қабылданған**:** **А-1-** 1-4 - сыныптар, **А-2**- 5-6-сыныптар, **В-1** -7-8-сыныптар, В2- 9-10 -сыныптар, **С-1**- 11-сынып.

2. Коммуникативті құзыреттілік лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, дискурсивтік, стратегиялық құзыреттіліктерден құралады. Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру сөйлеу әрекеті түрлеріне негізделеді.

3. Тілдерді оқыту коммуникативті-функционалды қағидаға негізделеді. Тілдік бірліктер қолданыс үстінде меңгертіледі. Грамматикалық категориялар парадигмасы функционалды - семантикалық өріс қағидасына сай анықталып ұсынылады.Сонымен қатар тілдік категориялар туралы жүйелі -құрылымдық білім қорын қалыптастыру басты назарда болады.

4. Лексикалық тақырыптардың іріктеу, әр сынып сайын тақырыпты күрделендіру және дамыту пәнаралық байланысқа, қарым-қатынас салаларына, таным үдерісімен байланысты фреймдік семантика теориясына негізделеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мақсаты:

✓ қазақ тілінің дыбыстық жүйесі, грамматикалық құрылымы, бай сөздік құрамы туралы тілдік білім қорын қалыптастыру;

✓ коммуникативті құзыретті дамытушы тілдік дағдылар мен сөйлеу әрекеті (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым) түрлерін меңгерту;

✓ білім алушының танымында қазақша тілдік білім қорын қалыптастыра отырып, оның өзіне тән ерекшелігі туралы, ұлттық дүниетаным мәдениетін сақтаушы қызметі туралы ұғым-түсінікті қалыптастыру;

✓ қазақ тіліне құрметпен қарау, бағалау көзқарасын дамыту.

Пәннің міндеттері:

➢ қазақ тілінің тілдік деңгейлері бойынша тілдік білім қорын қалыптастыру;

➢ ақпаратты талдау, жинақтау, бағалау сыни ойлау үдерістерінде тілдік дағдыларды қолдана білу іскерліктерін меңгерту;

➢ күнделікті қарым-қатынаста сөйлеу әрекеті түрлері бойынша меңгерген іскерлік түрлерін қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативті құзыретін қалыптастыру;

➢ қарым-қатынас жасауда ұлттық әдеп, ғұрып ережелерін сақтау, сөйлеу стратегияларын қолдана білу іскерліктерін дамыту;

➢ қазақ тілінің грамматикалық құрылымы, дыбыстық жүйесі туралы білім қоры негізінде тілдік болжам жасау дағдыларын жетілдіру;

➢ қазақ ұлтының дүниетанымындағы негізгі құндылықтар туралы білім қорын қалыптастыра отырып, жасампаз өмірлік ұстанымдар мен мемлекетшіл көзқарасқа ие, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

*Тіл үйренушінің коммуникативті құзыреттілігі.*

Қарым-қатынас міндеттерін орындау үшін тіл үйренуші жалпы құзыреттілікпен бірге тілдік құзыреттілікке сүйенеді. Тілдік құзыреттілікке

- лингвистикалық құзыреттілік
- әлеуметтік-лингвистикалық құзыреттілік
- прагматикалық құзыреттілік

кіреді.

*Лингвистикалық құзыреттілік ұғымы аясына мына мәселелер енеді:*

- лексикалық құзыреттілік
- грамматикалық құзыреттілік
- семантикалық құзыреттілік
- фонологиялық құзыреттілік

Тіл үйренушінің тілді меңгеру өлшемі.

| | |
|---|---|
| Орта деңгей | өз ойын нақты жеткізе алады, ең маңызды ойға назар аудара алады; өз ойын дәлелді жеткізе алады, құбылыстарға сипаттама бере алады, тіл бірліктерін қолдануда қиындық сезілмейді. |
| Аралық орта деңгей | Үйреншікті ситуацияларда өз ойын жеткізетіндей сөз, тілдік дайындығы бар. Абстрактілі тақырыптарға сөйлесе алады. Алайда сөз табуда, өз ойын жеткізуде қиындықтар сезіледі. |
| Негізгі деңгей | Күнделікті өмірде қарым-қатынас жасауға дайындығы бар (отбасы, жұмыс). Қысқа ақпараттар жеткізе алады. Жаттанды құрылымдар мен сөздерді пайдаланады. |
| Бастапқы деңгей | өзі туралы қысқаша ақпарат бере алады. Сөздік қоры шектеулі. |

Лексикалық құзыреттілікке тілдің сөздік құрамын білу, оны сөйлеу үстінде қолдану кіреді.

*Лексикалық бірліктер.*

а) фразеологиялық бірліктер.

• Фразеологиялық сөйлемшелер, құрылымдар. Оған сөйлеу клишелері, мақал-мәтелдер, сөйлеу тілінің дайын фразалары кіреді. (*иә, айтпақшы, жол қысқарсын, несі бар, Әй сөйтпегенде, қайтеді. Оның рас. Лайым солай болсын. Жарайды солай-ақ болсын)*.

• тұрақты сөз тіркестері. Идиомалар, лексикалық құрамы өзгеріп отыратын фразеологиялық құрылымдар (*Жұмыс қайда, үй қайда, Бар ма деп қанша айттым. Жаңбыр жауады дей ме? Неге кетті дерің бар ма?).*

ә) Жеке сөздер сөздер таптары (зат есім, сын есім, етістік, үстеу), көп мағыналы сөздер, синонимдер.

Жаңартылған білім беру мазмұнына құрылған бағдарламаның жетілдірілген түрінде білім алушының функционалды сауаттылығын деңгейлеп көтеру басты назарда. Бағдарламада көрсетілген грамматикалық және лексикалық тақырыптар әдістемелік нұсқаулықта коммуникативтік дағдыларды негіздей отырып, білім алушының жас ерекшелігіне байланысты берілді.

Әр сынып бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылып, сол жоспарлар негізінде бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарынан сабақ мақсаттары шығарылып, оған тапсырмалар құрастырылып, үлгі ретінде ұсынылды.

1. Кіріктірілген білім беру барлық пәндер ортақ тақырыптар негізінде белгіленген лексиканы меңгертеді. Қазақ тілі қарым-қатынас құралы ғана емес, таным құралы ретінде жүргізіледі.

2. Оқушылардың сөздік қорларын кеңейту Білім және ғылым министрлігі бекіткен лексикалық-грамматикалық минимумға негізделеді. Лексика – грамматикалық минимумды мұғалім әр оқушының осы сөздерді кем дегенде 5-7 рет қайталап айтуына мүмкіндік жасайды.

3. Бір педагог – бір тіл, яғни тілдік ортаға енгізу сыныбында жұмыс істейтін педагог, орыс тілін білсе де, балалармен тек қазақ тілінде сөйлеседі. Педагог балаларға материалды орыс тіліне аудармайды, өйткені балалар аудармаға арқа сүйеп кетуі мүмкін. Бала педагогтің тіл қолданысына еліктейтін болады.

4. Тілдік дағдылардан – грамматикаға тәсілін басшылыққа алу. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әлеуметтік ортада жиі қолданылатын сөздер, қалыптасқан үлгідегі сөйлеу түрлері мен этикет нормаларын жеткізетін сөйлеу бірліктерін қолдана білуге дағдыландыру. Грамматикалық терминдер қолданылмайды. Бала тілді алдымен тыңдап, құлақ қандырады, қайталап айтады, сөз мағынасын түсіне бастайды, уақыт өте келе қазақ тілі тілдік қорына еніп, үлгі бойынша сөйлей бастайды, оқиды және жазады (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым). Мәселен, лексикалық минимумды меңгеру кезінде грамматикалық минимум тілдік дағдылардың астарында өтіледі.

5. Тілді үйренуге балаларды мәжбүрлемей, үнемі үлгі көрсете отырып, ынталандыру керек. Мұғалім қазақша тілінде анық және баяу сөйлеп дағдыланғаны дұрыс. Қысқа, нақты жай сөйлемдер қолданылады.

6. Оқушылардың психологиялық қауіпсіздігі ескеріліп отырылуы керек. Балалар сөйлеу тілінде қателіктер жіберсе, сөйлем мағынасы түсінікті болса, жіберілген қатесін түзетпеуге болады. Ең бастысы, бала тілді түсінсе болды, одан кейін біртіндеп сөйлейтін болады. Оқушының айтқан әрбір сөйлемін қате деп, түзете берсе, оның бойында қателесу үрейі туындайды да, бала сөйлегісі келмей қалады. Ең бастысы – баланың қазақша сөйлей алатынына деген сенімін ояту.

Әрбір оқу мақсаты білім алушының белгілі бір дағдысын дамытуға бағытталатын жүйелі іс-әрекеттерді қамтуы тиіс, сондықтан да мұғалімдер мен болашақта осы сыныпқа оқу-әдістемелік кешен жазатын авторлар назарына төмендегі кестеде берілген ұсынымдар ұсынылады.

| **Оқу мақсаттары** | **Метапәндік дағдылар** | **Әдістемелік ұсынымдар** |
|---|---|---|
| 5.1.1.1 тыңдалым тақырыбын таныс сөздер арқылы болжау | болжау | 1)білім алушыға таныс сөздері бар тыңдалым материалын таңдау/ әзірлеу<br>2) білім алушыға таныс сөздерді тыңдалым материалынан бұрын ұсыну<br>3) тыңдайтын мәтіннің тақырыбын болжату үшін қарапайым сұрақтар қою<br>4) таныс сөздер тізбегімен тыңдайтын мәтіннің мазмұнын құрып көруді ұсыну |
| 5.1.2.1 тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау | назарын шоғырландырып тыңдау | 1) тыңдалатын мәтінде кездесетін бейтаныс сөздерді, ұғымдарды түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру<br>2) білім алушыға мәтін мазмұнын түсінуіне көмектесу үшін иллюстрацияларды, |

| | | |
|---|---|---|
| | | бейнематериалдар, жеңіл жаттығулар мен тапсырмалар ұсыну<br>3) тыңдаған мәтіннің мазмұнын түсінгенін, нақты ақпаратты анықтай алғанын көрсететін бағалау түрлерін ұсыну |
| 5.1.3.1<br>күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты таныс сөздер мен фразалардың көмегімен негізгі ақпаратты түсіну | тақырыпқа қатысты сөздік қорының болуы / қажетті сөздердің мағынасын білу/ түсіну | 1) тыңдалымалды тапсырмаларды түрлендіріп ұсыну<br>2) тыңдалым барысында орындалатын жаттығулар мен тапсырмаларды іріктеу<br>3) тыңдалымсоңы тапсырмаларын білім алушыларды жұпқа, топқа біріктіруге ыңғайлап құрастыру |
| 5.1.4.1<br>шағын әңгіме, өлеңдердің мазмұнын түсіну | көркем шығарма тыңдау | 1) Үлгілік оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармалардан білім алушылардың қызығушылығын оятатын үзінділерді таңдап алу<br>2) тыңдалатын мәтін көлемінің 1,5 минуттан аспауын қадағалау<br>3) білім алушының үзінді мазмұнын түсінуіне көмектесу үшін иллюстрациялардан, сызбалардан, кестелерден тұратын тапсырмалар ұсыну |
| 5.1.5.1<br>таныс сөздер мен фразалардың көмегімен адамдар арасындағы диалогте берілген негізгі ойды түсініп, тақырыбын анықтау | сөйлесу барысында айтылған ойды түсіну | 1) білім алушыға таныс сөздер мен фразалар бар диалог дайындау<br>2) диалогті белгілі бір тақырыпқа құру<br>3) 2-3 адамның репликасынан тұратын диалог құру<br>4) төртінші адам ретінде білім алушыны диалогке қатыстыру<br>5) рөлдік ойындар, т.с.с. білім алушыға ыңғайлы әдіс-тәсілдерді қолдану |
| 5.1.6.1<br>тыңдалым материалдарының (репортаж,ән) тақырыбын таныс сөздер мен фразалар көмегімен анықтау | медиасауаттылық | 1) білім алушыға таныс сөздері бар репортаж, ән таңдау<br>2) тыңдалымалды тапсырмаларды түрлендіріп ұсыну арқылы белсенді жаңа сөздерді меңгерту<br>3) тыңдаған материалдың тақырыбын анықтауға бағытталған деңгейлік тапсырмалар мен жаттығулар ұйымдастыру |
| 5.2.1.1<br>Күнделікті тұрмыстық қажеттіліктеріне сай дайын фразаларды (амандасу, қоштасу, кешірім сұрау) жаттап, жағдаятқа сай қолдану | сөздерді, фразаларды білу | 1) жағдаяттарға қатысты фразаларды иллюстрациялар арқылы ұсыну<br>2) амандасу, қоштасу, кешірім сұрау кезінде қолданыылатын фразалардың глоссарийін құрғызу немесе ұсыну<br>3) білім алушының фразаларды орынды қолдануын қамтамасыз ету үшін рөлдік ойындар, жағдаяттар, иллюстрациялар ұсыну |
| 5.2.2.1<br>дайын фразаларды жалғаулықтармен (*және, бірақ, өйткені)* байланыстырып, оқиғаны | әңгімелеу (естігенді, көргенді, оқығанды, білгенді айту) | білім алушының әңгімелеуге қажетті білімін жетілдіру:<br>қажетті сөздік қорының болуын қамтамасыз ету;<br>сөздерден сөз тіркестерін, сөйлемдер құрай |

| | | |
|---|---|---|
| баяндау, қысқаша сипаттама беру | | алуға дағдыландыру;<br>сөздердің сөйлем ішіндегі орын тәртібін ескерту<br>сөздерге қосымшалар жалғауда үндестік заңын ескеруі керектігіне дағдыландыру;<br>берілген шылауларды дұрыс қолдана алуы үшін ыңғайластық, қарсылықты, себеп-салдарлық қатынасты құрмалас сөйлемдердің жасалуы мен қолданысын меңгерту |
| 5.2.3.1<br>қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану | мәдениетті (мәнерлі) сөйлеу | 1) қазақша амандасу үлгілерін беру<br>2) ұлттық сөйлеу этикеті формаларын көрсету<br>3) амандасу үлгілері мен ұлттық сөйлеу этикеті формаларын қолдануға, дұрыс жазуға, сөйлем/ мәтін ішінде байланыстыыра қолдана алуға үйретуге бағытталған жаттығулар беру |
| 5.2.4.1<br>ауызша мәтіндер құрауда қазақ тіліндегі төл дыбыстардың дыбысталуын, үндестік заңын ескеріп айту | сөздерді дұрыс айту | 1) қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс айтуға жаттықтыратын ресурстар ұсыну<br>2) айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді көрсету<br>3) үндестік заңы туралы электронды, визуалды ресурстар дайындау |
| 5.2.5.1<br>дайын фразаларды *(бір күні, сонан соң)* қолданып, шағын әңгіме мазмұнын оқиғаның дамуына қарай баяндау | оқиғаны ретімен баяндау | 1) қызықты сюжетке құрылған шығарманы / үзіндіні таңдау<br>2) сюжеттік иллюстрациялар ұсыну<br>3) шығарманың композициялық құрылымын ретсіз беріп, реттеуді тапсыратын тапсырмалар ұсыну<br>4) оқиға мазмұнына сәйкес пазлдар / мозаикалар, т.с.с. ресурстар әзірлеу |
| 5.2.6.1<br>дайын жаттанды фразаларды қолданып, сұраққа қысқа, асықпай жауап беру, диалогке қатысу | сөйлесу | 1) тақырыпқа сәйкес сөздік ұсыну<br>2) тақырыпқа сәйкес фразалар мен тірек сөздерді қатыстырып ашық/жабық сұрақтар қою<br>3) ашық/жабық сұрақтар құрастыруды тапсыратын тапсырмалар ұсыну<br>4) шынайы диалогке қатысуға ынталандыратын жағдаяттар ұсыну |
| 5.2.7.1<br>сөздік қорды дұрыс қолданып, күнделікті тұрмыстық тақырыптағы иллюстрацияларды сипаттау | сипаттау | 1) күнделікті тұрмыстық тақырыптарға сәйкес иллюстрациялар беру<br>2) тақырыпқа сәйкес сөздерді беру<br>3) сипаттауға берілген нысанның суретін анық әрі тартымды етіп ұсыну<br>4) сипаттау мәтінінің құрылымын үйрету |
| 5.3.1.1<br>мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтау | оқығанды түсіну | 1) негізгі және қосымша ақпарат туралы түсінік қалыптастыратын ереже / анықтама / үлгі / мысал беру<br>2) негізгі ақпараттарды анықтау жолдарын көрсету<br>3) негізгі ақпараттарды айту арқылы мәтінді компрессиялайтынын түсінетін тапсырмалар ойластыру |

| | | |
|---|---|---|
| 5.3.2.1<br>күнделікті тұрмыстық жағдаяттағы хат, хабарлама, жарнама мәтіндерінің негізгі мазмұнын түсіну | әртүрлі жанрдағы мәтіндерді оқу | 1) хат, хабарлама, жарнама мәтіндерінің құрылымын көрсету<br>2) хат, хабарлама, жарнама мәтіндерінде қолданылатын тілдік оралымдарды көрсету<br>3) хат, хабарлама, жарнама мәтіндерін дайындауға бағыттайтын тапсырмалар мен жаттығулар беру |
| 5.3.3.1<br>фольклорлық және шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау | көркем шығарма оқу | 1) шығарма / үзінді таңдауда білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығын ескеру<br>2) оқу мақсатына сай жаттығулар мен тапсырмалар дайындап ұсыну<br>3) шығарманы / үзіндіні түсінгенін, тақырыбын дұрыс анықтағанын анықтайтын бағалау түрлерін беру |
| 5.3.4.1<br>мәтіндердің тақырыбын, мазмұнын салыстыру | салыстыру | 1) салыстыру барысында қолданылатын грамматикалық бірліктерді («ал» байланыстырушы шылауы, салыстырмалы шырай, т.с.с.) үйрететін жаттығулар беру |
| 5.3.5.1<br>қосымша ақпарат көздерінен (газет-журнал, ғаламтор, сөздік) тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу | қажетті ақпараттарды таба алу / қолдану | 1) тақырыпқа қажетті ақпараттарды іздеудің жолдарын көрсететін жаттығулар беру<br>2) дереккөздерге сілтеме жасаудың үлгісін ұсыну<br>3) дереккөздерге сілтеме жасауда қолданылатын құрылымдар мен тыныс белгілерді, теориялық білімді үйрететін жаттығулар, ереже, анықтама беру |
| 5.3.6.1<br>тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру | өз ойын жеткізу | 1) тақырыпқа сәйкес сөздердің глоссарийін құрып ұсыну<br>2) сөздермен дұрыс сөйлемдер құрауға үйрететін жаттығулар беру<br>3) оқыған мәтінде көтерілген мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, дәлелдеу үшін көмек болатын скаффолдингтер ұсыну |
| 5.4.1.1<br>синтаксистік стандартты құрылымдарды қолданып, хабарлама, хабарландыру, хат жазу | әртүрлі стильде мәтін құрастыру | 1) хат, хабарлама, хабарландыруларда қолданылатын стандартты құрылымдарды көрсету<br>2) хат, хабарлама, хабарландыру, жарнама мәтіндерін құруға үйрететін жаттығулар ұсыну |
| 5.4.2.1<br>эссе құрылымын сақтай отырып, орынды, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу | эссе жазу | 1) сипаттау мәтінінің құрылымын (үлгі) көрсету<br>2) әр бөлімде қамтылатын ақпараттарды (жалпы ақпарат, детальді ақпарат, мысал, факті, дәлел) ажырата алуға үйрететін жаттығулар беру |
| 5.4.3.1<br>дайын фразалар (бір күні, сонан соң) мен жаңа сөздерді қолданып, оқиға дамуын сақтап, шағын әңгіме жазу | креативті жазу (өз мәтінін құру) | 1) әңгімелеу мәтіні туралы түсінік беру (үлгі, ереже, анықтама, мысал)<br>2) әңгімелеу мәтінінің құрылымын үйрететін тапсырмалар беру |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3) шағын әңгіме жазу жолдарын көрсетіп, әңгіме жазуға машықтандыратын тапсырмалар беру |
| 5.4.4.1<br>дайын фразалар мен жаңа сөздерді<br>қолданып, тақырып бойынша постер жасау | ақпараттарды жинақтау | 1) оқыған / тыңдаған / жинаған мәліметтерден тірек сөздерді қалай анықтауға болатынын үйрететін жаттығулар беру<br>2) оқыған / тыңдаған / жинаған мәліметтерді постер, сызба, кестеге қысқаша жазып көрсету үлгілерін беру |
| 5.4.5.1<br>жазба жұмыстарында (диктант) сөздерді орфографиялық ережелерге сай дұрыс жазу;<br>сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану | сауатты жазу | 1) жай сөйлемнің түрлері мен тыныс белгілерін түсіндіретін ереже, анықтама, үлгі, жаттығулар беру<br>2) бірыңғай мүше, жалқы есім, төл сөз бен автор сөзі, диалог, т.с.с. жазылуы мен тыныс белгілерін үйрететін жаттығулар ұсыну<br>3) диктант түрлерін ұсыну<br>4) жазба жұмыстарын өзара бағалауға, кері байланыс беруге бағытталған ресурстар беру |

Жоғарыдағы кестеде берілген ақпараттарды ескере отырып, авторлар оқу-әдістемелік кешендер дайындау барысында тілді меңгертудің өзіндік ұстанымдарын ескеріп, мақсаттарға сәйкес жаттығулар мен тапсырмалар дайындай алады:

- ***сөйлеу әрекетінің басым болуы*** (игерілетін сөздердің жағдаятқа сәйкес болуы; ауызекі сөйлеуде жиі қолданылатын болуы; сөздердің тіркесімдік қабілеті; бастапқы кезден бастап дайын тілдік құрылымдарды пайдалану)
- ***жағдаяттық*** (сөйлеуге ынталандыратын, тілдік құралдарды таңдауға үйрететін; сұрау, келісу, теріске шығару, сендіру, т.с.с. жағдаяттарға еркін қатыса алатын; сөйлеуге, сөйлесуге ынталандыру (мәжбүрлеу)
- ***функционалдық*** (сөз алдымен сөйлеу бірлігі ретінде танылады. Оның формалдық жағы емес, мағыналық жағы басым болады. Тілдік құралдар: лексика мен грамматикалық формалар сөйлеу ниетіне қарай таңдап алынады да, тек қолдануында ғана оның тілдік заңдылықтары ашылады)
- ***мәнмәтіндік*** (контекстік) ұстаным (шынайы қарым-қатынасқа мейілінше ұқсас тақырыпты таңдау; сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын мәнмәтінде түсінетіндей контексті таңдау)
- ***әлеуметтену*** ұстанымы (бәрі қатыса алатын интерактивті оқу ортасын қалыптастыру; бір-бірін қолдайтын, жайлы, достық қарым-қатынас жағдайын жасау; топтық, жұптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру; әрбір білім алушының ерекшелігін жатсынбай қабылдайтын әлеуметтік жағдай туғызу)

Сондай-ақ авторлар мен мұғалімдер сөйлесім әрекетін қалыптастыруға бағытталған:

1) сөйлеу әрекетін қалыптастыратын жаттығулар
2) сөйлеу әрекетін жетілдіретін жаттығулар
3) сөйлеу біліктілігін дамытатын жаттығулар

түрлерін оқу мақсаттарымен сабақтастықта бергені абзал.

Кез келген тілді меңгеру барысында білім алушының ең алғашқы көңіл аударатыны – тіл дыбыстарының артикуляциясы. Қазақ тілінің 10 төл дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыратын әдіс-тәсілдер көп.

**«Математика» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Оқушылардың білімін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалаулардан тұратын критериалды бағалау жүйесі арқылы жүргізілетіні белгілі. Тақырыптық жоспарлау барысында жиынтық бағалауды, оның ішінде бөлім бойынша жиынтық бағалаудың орны мен санын анықтау өте маңызды. Сондықтан, Үлгілік оқу бағдарламасының жетілдірілген нұсқасы бойынша тақырыптық жоспарлау барысында бөлім бойынша жиынтық бағалауға назар аударылған.

5-6-сыныптар бойынша «Математика» пәнінен өткізілетін жиынтық бағалауға тоқталайық. Жиынтық бағалау бөлім (БЖБ) немесе тоқсан аяқталғаннан (ТЖБ) кейін балмен есептелетін бағалау түрі.

Бағалауды жүргізу бойынша нормативі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген.

5-6-сыныптарда «Математика» пәні бойынша апталық жүктеме 5 сағат болғандықтан, тақырыптық жоспарлауда БЖБ санын анықтау барысында аталған бұйрықтың келесі пункті басшылыққа алынды:

12-пункт: *БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады*.

Сонымен қатар, 5-6-сыныптарда «Математика» пәні бойынша әр тоқсанның соңында ТБЖ жүргізіледі.

Базалық мазмұнға сәйкес 5-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер келесі кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 5-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Натурал сандар және нөл саны |
| | 2 | Натурал сандардың бөлінгіштігі |
| 2-тоқсан | 1 | Жай бөлшектерге амалдар қолдану |
| 3-тоқсан | 1 | Мәтінді есептер |
| | 2 | Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану |
| | 3 | Процент |
| 4-тоқсан | 1 | Жиын |
| | 2 | Бұрыштар |
| | 3 | Статистика |

Кестеге сәйкес 1, 2, 3-тоқсандарда сәйкесінше 2, 3, 3 бөлімдер қарастырылады. Ал 2-тоқсанда бір бөлім ғана жоспарланған. Егер апталық

жүктеме 5 сағат болғандықтан 2-тоқсанда кем деген 40 сабақ. Ал осы уақытта бір БЖБ өткізу жеткіліксіз.

Сондықтан, осы тоқсанда «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының 12-пунктіне сәйкес «Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану» бөлімін екі кезеңге бөліп өткізу ұсынылады. Бірінші кезеңде «Жай бөлшектер және оларға амалдар қолдану» бөлімінің оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

1-кезең – «Жай бөлшектер»:

5.1.1.9 натурал сандардың бөліндісін жай бөлшек және керісінше жай бөлшекті сандардың бөліндісі түрінде жазу;

5.5.1.1 жай бөлшектерді оқу және жазу

5.1.2.14 жай бөлшектерді қысқартуда бөлшектің негізгі қасиетін тұжырымдау, мысалдар келтіру;

5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа бөлімге келтіру

5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді ажырату, мысалдар келтіру

5.1.1.11 аралас санды бұрыс бөлшек және керісінше бұрыс бөлшекті аралас сан түрінде жазу;

5.1.2.13 бұрыс бөлшекті аралас санға және аралас санға бұрыс бөлшекке көшіру;

5.5.1.3 жай бөлшектерді, аралас сандарды координаталық сәуледе кескіндеу;

2-кезең – «Жай бөлшектерге амалдар қолдану»:

5.1.2.16 жай бөлшектерді ортақ бөлімге келтіру; жай бөлшектер мен аралас сандарды салыстыру;

5.1.2.17 бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу және азайтуды орындау;

5.1.2.18 бөлімдері әртүрлі бөлшектерді қосу және азайтуды орындау

5.1.2.19 натурал саннан бөлшекті азайтуды орындау;

5.1.2.20 аралас сандарды қосу және азайтуды орындау

5.1.2.21 жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейтуді орындау;

5.1.1.12 өзара кері сандар анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

5.1.2.22 берілген санға кері санды табу, мысалдар келтіру

5.1.2.23 жай бөлшектер мен аралас сандарды бөлуді орындау.

Сонымен, 5-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны келесі кестеде көрсетілген.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 5-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** | **БЖБ саны** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Натурал сандар және нөл саны | 2 |
| | 2 | Натурал сандардың бөлінгіштігі | |
| 2-тоқсан | 1 | Жай бөлшектер | 2 |
| | 2 | Жай бөлшектерге амалдар қолдану | |
| 3-тоқсан | 1 | Мәтінді есептер | 3 |
| | 2 | Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану | |
| | 3 | Процент | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4-тоқсан | 1 | Жиын | 3 |
| | 2 | Бұрыштар | |
| | 3 | Статистика | |

Базалық мазмұнға сәйкес 6-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер төмендегі кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 6-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Қатынастар және пропорциялар |
| | 2 | Метрикалық қатынастар |
| | 3 | Рационал сандар және оларға амалдар қолдану |
| 2-тоқсан | 1 | Рационал сандарға амалдар қолдану |
| | 2 | Алгебралық өрнектер |
| 3-тоқсан | 1 | Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу |
| | 2 | Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер |
| 4-тоқсан | 1 | Координаталық жазықтық |
| | 2 | Статистика. Комбинаторика |

Кестеден «Рационал сандар және оларға амалдар қолдану» тарауы 1-2-тоқсандарда қарастырылатынын байқаймыз. Сондықтан, осы бөлімнің оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

1-тоқсан – «Рационал сандар және оларға амалдар қолдану»:

6.1.1.4 координаталық түзу ұғымын түсіндіру, координаталық түзуді салу, берілген нүктелерді белгілеу;

6.1.1.7 қарама-қарсы сандар ұғымын тұжырымдау, оларды координаталық түзуде белгілеу

6.1.1.6 бүтін сан ұғымын түсіндіру, мысалдар келтіру;

6.5.1.3 шамаларды сипаттау үшін бүтін сандарды қолдану;

6.1.1.8 рационал сан ұғымын түсіндіру, мысалдар келтіру;

6.1.2.9 координаталық түзуде рационал сандарды кескіндеу;

6.1.2.11 рационал сандардың ішкі жиындарын Эйлер-Венн дөңгелектері арқылы кескіндеу

6.1.1.9 санның модулі анықтамасын тұжырымдау, санның модулінің мәнін табу;

6.2.1.11 санның модулінің геометриялық мағынасын түсіндіру, мысалдар келтіру;

6.3.3.1 координаталық түзудегі нүктелердің арақашықтығын табу

6.1.2.8 бүтін сандарды салыстыру;

6.1.2.12 рационал сандарды салыстыру

6.1.2.10 бүтін сандарды координаталық түзу көмегімен қосу және азайтуды орындау

6.1.2.13 таңбалары бірдей, таңбалары әртүрлі рационал сандарды қосуды орындау

6.1.2.14 рационал сандарды азайтуды орындау;

6.1.2.23 координаталық түзудегі нүктелердің арақашықтығын табу

2-тоқсан – «Рационал сандарға амалдар қолдану»:

6.1.2.15 рационал сандарды көбейтуді орындау

6.1.2.17 рационал сандарды қосу мен көбейтудің қасиеттерін қолдану

6.1.2.16 рационал сандарды бөлуді орындау

6.1.2.18 шектеулі ондық бөлшектер түрінде жазуға болатын жай бөлшектерді ажырату;

6.1.2.19 рационал санды шексіз периодты ондық бөлшек түріне келтіру;

6.1.2.20 шексіз периодты ондық бөлшектің периодын табу;

6.1.2.21 шектеусіз периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру, мысалдар келтіру;

6.1.2.22 құрамында рационал сандар бар болатын сандық өрнектердің мәнін табу

6.5.2.4 рационал сандарды қолданып мәтінді есептерді шығару.

Сонымен, 6-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен бірдей.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 6-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы | БЖБ саны |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Қатынастар және пропорциялар | 3 |
| | 2 | Метрикалық қатынастар | |
| | 3 | Рационал сандар және оларға амалдар қолдану | |
| 2-тоқсан | 1 | Рационал сандарға амалдар қолдану | 2 |
| | 2 | Алгебралық өрнектер | |
| 3-тоқсан | 1 | Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу | 2 |
| | 2 | Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер | |
| 4-тоқсан | 1 | Координаталық жазықтық | 2 |
| | 2 | Статистика. Комбинаторика | |

**«Алгебра» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

7-9 сыныптарда «Алгебра» пәні бойынша апталық жүктеме 3 сағат болғандықтан, тақырыптық жоспарлауда БЖБ санын анықтау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының келесі пункті басшылыққа алынды:

12-пункт: *БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.*

Сонымен қатар, әр тоқсанның соңында тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

Базалық мазмұнға сәйкес 7-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер 22-кестеде көрсетліген.

22-кесте. Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 7-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Бүтін көрсеткішті дәреже |
| | 2 | Көпмүшелер |
| 2-тоқсан | 1 | Көпмүшелер |
| | 2 | Функция. Функцияның графигі |
| | 3 | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері |
| 3-тоқсан | 1 | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері |
| | 2 | Қысқаша көбейту формулалары |
| 4-тоқсан | 1 | Алгебралық бөлшектер |
| | 2 | Статистика элементтері |

22-кесте бойынша 1-2-тоқсандарда «Көпмүшелер Көпмүшелер» бөлімі оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

1-тоқсан – «Көпмүшелер»:

– 7.2.1.2 бірмүше анықтамасын тұжырымдау, оның коэффициенті мен дәрежесін табу, мысалдар келтіру;

– 7.2.1.3 бірмүшені стандарт түрінде жазу;

– 7.2.1.4 бірмүшелерді көбейтуді орындау және бірмүшені көбейткіштердің көбейтіндісі түрінде көрсету;

– 7.2.1.5 көпмүше анықтамасын тұжырымдау, оның дәрежесін табу, мысалдар келтіру;

– 7.2.1.6 көпмүшені стандарт түріне келтіру;

– 7.2.1.7 көпмүшелерді қосу және азайтуды орындау, мысалдар келтіру;

– 7.2.1.8 көпмүшені бірмүшеге көбейтуді орындау, мысалдар келтіру;

– 7.2.1.9 көпмүшені көпмүшеге көбейтуді орындау, мысалдар келтіру;

– 7.2.1.10 алгебралық өрнектерді ортақ көбейткішті жақша сыртына шығару, топтау тәсілдері арқылы көбейткіштерге жіктеу;

2-тоқсан – «Көпмүшелер»:

– 7.2.1.11 көпмүшелерге амалдар қолдану арқылы, алгебралық өрнектерді тепе-тең түрлендірулерді орындау.

Сонымен, 7-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 7-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы | БЖБ саны |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Бүтін көрсеткішті дәреже | 2 |
| | 2 | Көпмүшелер | |
| 2-тоқсан | 1 | Көпмүшелер | 3 |
| | 2 | Функция. Функцияның графигі | |
| | 3 | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері | |
| 3-тоқсан | 1 | Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер және олардың жүйелері | 2 |
| | 2 | Қысқаша көбейту формулалары | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4-тоқсан | 1 | Алгебралық бөлшектер | 2 |
| | 2 | Статистика элементтері | |

Базалық мазмұнға сәйкес 8-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер төмендегі кестеде көрсетлігена.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 8-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Квадрат түбір және иррационал өрнектер |
| 2-тоқсан | 1 | Квадрат  теңдеулер |
| 3-тоқсан | 1 | Квадрат  теңдеулер |
| | 2 | Квадраттық функция |
| | 3 | Статистика элементтері |
| 4-тоқсан | 1 | Теңсіздіктер |

Кесте бойынша 1-тоқсанда бір ғана «Квадрат түбір және иррационал өрнектер» бөлімі қарастырылады, Бұл бөлім бойынша бір БЖБ өткізген жеткілікті. Ал 2-тоқсанда игерілетін «Квадрат теңдеулер» бөлімінің бөлігін екі кезеңге бөліп өткізу, сонымен қатар, 2-3-тоқсандарда «Квадрат теңдеулер» бөлімі оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

2-тоқсан – «Квадрат теңдеулер»:

8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату, мысалдар келтіру;

8.2.2.3 толық емес квадрат теңдеулерді шешу;

8.2.2.4 квадрат теңдеулерді шешу;

8.2.2.5 Виет теоремасын, оған кері теореманы қолдану;

8.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын түсіндіру;

8.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын айыру;

8.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;

8.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу;

8.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді (биквадрат теңдеулер, бүтін рационал теңдеулер, $|ax^2 + bx| + c = 0;$ $ax^2 + b|x| + c = 0$ түріндегі теңдеулер) шешу;

3-тоқсан – «Квадрат теңдеулер», оның ішінде мәтінді есептерді шығаруды қарастыру:

8.4.2.1 квадрат теңдеулер құру арқылы мәтінді  есептерді шығару;

8.4.2.2 бөлшек-рационал теңдеулер құру арқылы мәтінді  есептерді шығару.

2-тоқсанда қарастырылатын «Квадрат теңдеулер» бөлімінің оқыту мақсаттарын екі БЖБ-ға келесідей бөлу ұсынылады:

№2-БЖБ:

8.2.2.1 квадрат теңдеудің анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

8.2.2.2 квадрат теңдеулердің түрлерін ажырату, мысалдар келтіру;

8.2.2.3 толық емес квадрат теңдеулерді шешу;

8.2.2.4 квадрат теңдеулерді шешу;

8.2.2.5 Виет теоремасын, оған кері теореманы қолдану;

№3 БЖБ:

8.2.1.1 квадрат үшмүшенің түбірі ұғымын түсіндіру;

8.2.1.2 үшмүшеден екімүшенің толық квадратын айыру;

8.2.1.3 квадрат үшмүшені көбейткіштерге жіктеу;

8.2.2.6 бөлшек-рационал теңдеулерді шешу;

8.2.2.7 квадрат теңдеулерге келтірілетін теңдеулерді (биквадрат теңдеулер, бүтін рационал теңдеулер, $|ax^2 + bx| + c = 0$; $ax^2 + b|x| + c = 0$ түріндегі теңдеулер) шешу.

Сонымен, 8-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 8-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** | **БЖБ саны** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Квадрат түбір және иррационал өрнектер | 1 |
| 2-тоқсан | 1 | Квадрат  теңдеулер | 2 |
| 3-тоқсан | 1 | Квадрат  теңдеулер | 3 |
| | 2 | Квадраттық функция | |
| | 3 | Статистика элементтері | |
| 4-тоқсан | 1 | Теңсіздіктер | 1 |

Базалық мазмұнға сәйкес 9-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер төмендегі кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 9-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер, және олардың жүйелері |
| 2-тоқсан | 1 | Тізбектер |
| 3-тоқсан | 1 | Тригонометрия |
| 4-тоқсан | 1 | Комбинаторика элементтері |
| | 2 | Ықтималдық теориясының элементтері |

Кестеден 1-3 тоқсандарда бір ғана бөлімінен қарастырылатынын байқаймыз. Оның ішінде «Тізбектер» және «Тригонометрия» бөлімдері көлемі жағынан үлкен болғандықтан осы тарауларды екі кезеңге бөліп өткізген жөн. Осыған орай бөлмдердің оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

2-тоқсан – «Тізбектер»:

1-кезең:

9.2.3.1 сандар тізбегі ұғымын түсіндіру, мысалдар келтіру;

9.2.3.2 алғашқы бірнеше мүшесі белгілі  тізбекті талдау, тізбектің $n$--ші мүшесін табу;

9.2.3.3 арифметикалық прогрессияның, арифметикалық прогрессияның айырымының анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

9.2.3.4 арифметикалық  прогрессияның $n$-ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін тұжырымдау және қолдану;

9.2.3.5 геометриялық прогрессияның және оның еселігінің анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

9.2.3.6 геометриялық прогрессияның $n$-ші мүшесін, алғашқы $n$ мүшелерінің қосындысын есептеу формулаларын, сипаттамалық қасиетін тұжырымдау және қолдану;

9.2.3.7 арифметикалық және геометриялық прогрессияларға байланысты аралас есептерді талдау, шығару;;

2-кезең:

9.2.3.8 шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның анықтамасын тұжырымдау, мысалдар келтіру;

9.2.3.9 шексіз кемімелі геометриялық прогрессияның мүшелерінің қосындысын есептеу формуласын тұжырымдау және қолдану;

9.2.3.10 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру үшін қолдану, мысалдар келтіру;

9.4.2.2 шексіз кемімелі геометриялық прогрессия қосындысының формуласын есептер шығаруда қолдану;

9.4.2.3 арифметикалық және/немесе геометриялық прогрессияларды пайдаланып мәтінді есептерді шығару;

3-тоқсан – «Тригонометрия», оның ішінде мәтінді есептерді шығаруды қарастыру:

1-кезең:

9.1.1.1 бұрыштың радиандық өлшемі ұғымын түсіндіру, мысалдар келтіру;

9.1.2.1 градусты радианға және радианды градусқа айналдыру;

9.1.1.2 бірлік шеңбердің бойында $0; \frac{\pi}{2}; \pi; \frac{3\pi}{2}; 2\pi$ сандарын белгілеу және түсіндіру;

9.2.4.1 тригонометриялық функциялардың анықтамаларын тұжырымдау;

9.2.4.2 бірлік шеңбердегі нүктелердің координаталары $(cos\alpha; sin\alpha)$ мен тригонометриялық функциялардың өзара байланысын түсіндіру, мысалдар келтіру;

9.2.4.3 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың анықталу облысы мен мәндер жиынын талдау және табу;

9.2.4.4 бірлік шеңбердің көмегімен тригонометриялық функциялардың жұптылығын (тақтылығын), периодтылығын, бірсарындылығын және таңбатұрақтылық аралықтарын түсіндіру, мысалдар келтіру;:

2-кезең:

9.2.4.5 тригонометриялық өрнектердің келтіру формулаларын қолдану;

9.2.4.6 бұрыштардың қосындысы мен айырымының, жарты және қос бұрыштың тригонометриялық формулаларын қолдану;

9.2.4.7 тригонометриялық функциялардың қосындысы мен айырымын көбейтіндіге және көбейтіндісін қосындыға немесе айырымға түрлендіру формулаларын қолдану.

4-тоқсанда «Комбинаторика элементтері» және «Ықтималдық теориясының элементтері» екі бөлімі берілгенмен, БЖБ кезінде осы бөлімдерді біріктіріп бір БЖБ етіп өткізу ұсынылады.

Сонымен, 9-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 9-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы | БЖБ саны |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Екі айнымалысы бар теңдеулер, теңсіздіктер, және олардың жүйелері | 1 |
| 2-тоқсан | 1 | Тізбектер | 2 |
| 3-тоқсан | 1 | Тригонометрия | 2 |
| 4-тоқсан | 1 | Комбинаторика элементтері | 1 |
| | 2 | Ықтималдық теориясының элементтері | |

Оқушылардың білімін бағалау барысында оқыту мақсаттарын бағалаудың түрлеріне қарай бөлу басты назар аудару ұсынылады. Себебі, қалыптастырушы бағалаудың, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың әрқайсысының нақты мақсаты бар.

**«Геометрия» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

7-9 сыныптарда «Геометрия» пәні бойынша апталық жүктеме 2 сағат болғандықтан, тақырыптық жоспарлауда БЖБ санын анықтау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының келесі пункті басшылыққа алынды:

12-пункт: *БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.*

Сонымен қатар, әр тоқсанның соңында тоқсан бойынша жиынтық бағалау жүргізіледі.

Базалық мазмұнға сәйкес 7-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 7-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Геометрияның алғашқы ұғымдары |
| 2-тоқсан | 1 | Үшбұрыштар |
| 3-тоқсан | 1 | Түзулердің өзара орналасуы |
| | 2 | Үшбұрыштар |
| 4-тоқсан | 1 | Шеңбер. Геометриялық салулар |

Кесте бойынша 1-2-тоқсандарда «Үшбұрыштар» бөлімі оқыту мақсаттарын келесідей бөлу ұсынылады:

1-тоқсан – «Үшбұрыштар»:

– 7.1.1.32- үшбұрыштың анықтамасын тұжырымдау және оның элементтерін (төбесі, қабырғалары, ішкі және сыртқы бұрыштары) белгілеу;

– 7.1.1.13 - сүйір бұрышты, тік бұрышты, доғал бұрышты, теңбүйірлі, тең қабырғалы, әртүрлі қабырғалы үшбұрыштардың анықтамасын тұжырымдау және түрлерін ажырату, оларды кескіндеу;

– 7.1.1.14 – теңбүйірлі, тікбұрышты үшбұрыштардың элементтерін атау және оларды сызбада көрсету;

– 7.1.1.12 - үшбұрыштың медианасы, биссектрисасы, биіктігі, қабырғаға жүргізілген орта перпендикуляр анықтамаларын тұжырымдау және оларды кескіндеу;

– 7.1.1.15 - сүйір бұрышты, тікбұрышты және доғал бұрышты үшбұрыштардың биіктіктерінің орналасу ерекшеліктерін түсіндіру;

– 7.1.1.33- тең үшбұрыштардың анықтамаларын тұжырымдау, тең үшбұрыштардың сәйкес элементтерін атау және белгілеу, оларды сызбада ажырату;

– 7.1.1.21 - үшбұрыштар теңдігінің белгілерін тұжырымдау және дәлелдеу;

– 7.1.1.22 - теңбүйірлі және теңқабырғалы үшбұрыштың қасиеттері мен белгілерін тұжырымдау және қолдану;

– 7.1.1.23 - үшбұрыштар теңдігінің белгілерін есептер шығаруда және практикаға бағытталған тапсырмаларды орындауда қолдану;;

2-тоқсан – «Үшбұрыштар»:

– 7.1.1.20 - үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар туралы теореманы тұжырымдау, оны есептер шығаруда қолдану;

– 7.1.3.1 - үшбұрыш теңсіздігін тұжырымдау және қолдану.

Сонымен, 7-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 7-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы | БЖБ саны |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Геометрияның алғашқы ұғымдары | 1 |
| 2-тоқсан | 1 | Үшбұрыштар | 1 |
| 3-тоқсан | 1 | Түзулердің өзара орналасуы | 2 |
| | 2 | Үшбұрыштар | |
| 4-тоқсан | 1 | Шеңбер. Геометриялық салулар | 1 |

Базалық мазмұнға сәйкес 8-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер келесі кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 8-сынып

| Тоқсан | № | Бөлімнің атауы |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Көпбұрыштар. Төртбұрыштар |
| 2-тоқсан | 1 | Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар |
| 3-тоқсан | 1 | Аудандар |
| 4-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

8-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 8-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** | **БЖБ саны** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Көпбұрыштар. Төртбұрыштар | 1 |
| 2-тоқсан | 1 | Тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштары арасындағы қатыстар | 1 |
| 3-тоқсан | 1 | Аудандар | 1 |
| 4-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы тікбұрышты координаталар жүйесі | 1 |

Базалық мазмұнға сәйкес 9-сыныптағы тоқсандар бойынша бөлімдер төмендегі кестеде көрсетілген.

Әр тоқсандағы бөлімдер атауы мен саны, 9-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** |
|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы векторлар |
| 2-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы қозғалыстар мен ұқсастықтар |
| 3-тоқсан | 1 | Үшбұрыштарды шешу |
| 4-тоқсан | 1 | Дұрыс көпбұрыштар.  Шеңбер. Дөңгелек |

9-сыныпта әр тоқсанда өткізілетін БЖБ-ның ұсынылатын саны сәйкес тоқсанда қарастырылатын бөлім санымен айырмашылық бар.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау саны, 9-сынып

| **Тоқсан** | **№** | **Бөлімнің атауы** | **БЖБ саны** |
|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы векторлар | 1 |
| 2-тоқсан | 1 | Жазықтықтағы қозғалыстар мен ұқсастықтар | 1 |
| 3-тоқсан | 1 | Үшбұрыштарды шешу | 1 |
| 4-тоқсан | 1 | Дұрыс көпбұрыштар.  Шеңбер. Дөңгелек | 1 |

Оқушылардың білімін бағалау барысында оқыту мақсаттарын бағалаудың түрлеріне қарай бөлу басты назар аудару ұсынылады. Себебі, қалыптастырушы бағалаудың, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың әрқайсысының нақты мақсаты бар. Сондықтан, әрі қарай сынып бойынша оқыту мақсаттарын бағалау түрлері қарай үйлестіру матрицасын жасау ұсынылады.

**«Информатика» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Заманауи информатика бағдарламасы бойынша білім беру мұғалімнен оқу процесін ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бұған білім беру процесінің қозғаушы күші болып табылатын білім алушыларды белсенді ойлау мен тәжірибеге баулитын озық педагогикалық технологияларды, тиімді формалар мен белсенді оқыту әдістерін қолдану жатады.

Заманауи информатика сабағы басқа сабақтар сияқты дәстүрлер мен жаңалықтардың синтезі болып табылады. Мұғалімдер оқытудың дәстүрлі әдістерімен қатар инновациялық әдістерін де қолдануы қажет. Сабақ өзекті, тәжірибеге бағытталған, оқушылардың заманауи сұранысын көрсететін және қазіргі заман талабына сай болуы керек.

Қазіргі уақытта оқушы жай ғана білім алушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады. Информатика сабағында әр түрлі білім көздері пайдаланылады, жеке және ұжымдық жұмыстар басым болып, жаңа міндеттерді шешуде жалпыға бірдей оқу әрекетін қалыптастыруда оқушының белсенділігіне басымдық беріледі. Маңызды аспект – білімді бағалаудың жаңа критерийлерін қолдану.

«Информатика» пәні мектептің басқа пәндерінен арнайы техникалық құралдардың: әрбір оқушы үшін дербес компьютердің, оқу процесінде пайдаланылатын ұйымдастыру техникасы мен мультимедиялық құрылғылардың болуымен ерекшеленеді.

Оқытудың күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуде типтік оқу жоспарын жүзеге асыруда қолданылатын оқытудың формалары мен әдістері шешуші рөл атқарады. Бұл әдістер мен формалардың ортасында білім беру процесіне белсенді қатысатын білім алушы тұруы керек екенін атап өткен жөн. Бұл алған білімдері мен дағдылары туралы рефлексия, өз дағдыларын дамыту, оқу процесін талдау, диалогқа қатысу және бірлескен оқуды қамтиды.

Бүгінгі таңда білім беруде «оқуды үйрену» принципі басымдықта болып табылады, бұл принцип білім алушылардың дербестігін, уәжденуін, қызығушылығын, сенімділігін, жауапкершілігін қалыптастыру мен оларды дамытудан тұрады. Сондықтан, оқытудың нақты мақсаттары шеңберінде күтілетін нәтижеге жету үшін мұғалім оқыту формалары мен әдістерін дұрыс таңдауы маңызды болып табылады. Мұғалім сабақта қолданатын оқыту формалары мен әдістері мыналарды қамтуы керек:

- Оқушының пікірін тыңдау және білімді, іскерлікті, дағдыларды одан әрі дамыту үшін осы уақытқа дейін меңгерілген білімді пайдаланудың маңыздылығын мойындау; іс-әрекеттер көмегімен оқушыларды ынталандырып дамыта
- Мұқият таңдалған тапсырмалар мен әртүрлі оқыту;
- Мәселелерді шешу стратегияларын оқушыларға түсінікті тәсілмен ұсыну;
- «Оқыту үшін бағалау» арқылы оқушылардың оқуын қолдау;
- Оқушылардың мәселені шешу мен талдауға негізделген зерттеу әрекеттері мен белсенді оқуларын ынталандыру;
- Оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Оқушылардың жеке, жұптық, топтық іс-әрекеттерін және барлық сынып жұмысын ұйымдастыру.

Оқытуды ұйымдастыру формасы – оқу процесінің жеке бөлігі болып табылатын уақыт шеңберімен шектелген құрылым. Сабақ барлық пәндер бойынша, соның ішінде информатика бойынша оқушылармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі формасы болып табылады.

Оқыту формасы – мақсатқа бағытталған, нақты ұйымдастырылған, мазмұнға бай және әдістемелік жағынан жабдықталған мұғалім мен білім алушылардың танымдық, тәрбиелік қарым-қатынастарының жүйесі. Оқыту формасы білім мазмұнының, оқыту құралдары мен әдістерінің мақсатқа бағытталған біртұтас ұйымдасуы ретінде іске асырылады.

Оқытудың жалпы түрлері фронтальды, жеке, жұптық, топтық, ұжымдық, сондай-ақ оқушылардың топтағы құрамының ауыспалы түрлеріне бөлінеді.

Оқытудың *фронтальды* түрі барлық оқушылардың бір ғана мазмұнмен жұмыс істеу кезінде немесе бір іс-әрекет түрін меңгеру кезінде қолданылады және мұғалімнің барлық сынып оқушыларымен бірыңғай қарқынмен, ортақ міндеттермен жұмыс істеуін көздейді.

Оқытудың жеке түрі мұғалімнің бір оқушымен өзара әрекетін білдіреді. Информатика контекстінде бұған оқушының компьютермен жұмысы кіруі мүмкін. Даралау әр түрлі күрделілік деңгейіндегі жеке тапсырмаларды орындау арқылы, оқыту бағдарламасын икемді түрде түзету арқылы, сонымен қатар педагогикалық жұмыстың күнделікті бөлігін автоматтандыру кезінде мұғалімнің жеке жұмысқа уақытын босату арқылы жүзеге асуы мүмкін.

*Жұптық* оқытуда негізгі іс-қимыл екі оқушы арасында жүргізіледі, олар мәселені бірлесіп талқылай алады, өзара оқу немесе өзара бақылау жасай алады. Бір компьютерде екі оқушы бірлесіп жұмыс істегенде, бұл оқыту түрі пайдалы болуы мүмкін. «Орындаушы – тапсырыс беруші» түріндегі рөлдік қарым-қатынас арқылы оқушының сыни ойлауын қалыптастыруға болады, ескеретін нәрсе, оқушылардың орындары мен және рөлдерін ауыстырып отыру керек.

*Электронды құрылғыларсыз информатиканы оқыту* – бұл компьютерді пайдаланбай практикалық интерактивті әрекеттерді қолдана отырып, информатиканы оқыту әдістемесі. Бұл әрекеттер бастауыш, орта немесе жоғары мектептің оқушыларына информатика ұғымдарын түсіндіру үшін жиі қолданылады

Мысалы, мұғалім программалаудың немесе деректермен жұмыс істеудің негізгі принциптерін түсіндіру үшін физикалық нысандарды немесе ойындарды пайдалана алады. Бұл алгоритмдерді визуализациялау үшін флэш-карталарды пайдалануды, стратегиялық ойлауды үйрету үшін шахматты ойнауды немесе желілер мен интернеттің қалай жұмыс істейтінін түсіндіру үшін рөлдік ойындарды қамтуы мүмкін.

Бұл әдіс, әсіресе, таныс және қолжетімді түрде ұсынылғанда күрделі ұғымдарды жақсы түсінетін және есте сақтай алатын оқушылар үшін пайдалы болуы мүмкін. Сонымен қатар, ол оқушыларға информатиканы меңгеру үшін маңызды проблемаларды шешу және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту үшін олардың салыстыру, синтездеу, жеке талдау жүргізулеріне жағдай жасау қажет. Бұл шарттарды эвристикалық әңгіме формасын қолдана отырып жасауға болады.

Эвристикалық әңгімелесу – мұғалім оқушыларға дайын білімді берудің орнына жауаптарды зерттеу арқылы жаңа ұғымдар мен тұжырымдарға әкелетін сұрақ-жауап арқылы оқыту. Бұл оқыту мұғалімнің дұрыс сұрақтар қоюы мен

оқушылардың өзінде бар білімін, тәжірибесін, бақылауларын пайдалануы арқылы жүзеге асырылады. Сабақты эвристикалық әңгіме әдісімен өткізу мұғалімнің мұқият дайындығын қажет етеді. Мұндай сұхбаттың ерекшелігі – ұсынылатын мәселе шешімді талап етеді. Ол үшін мұғалім оқушыларға бір-бірімен байланысты сұрақтар қояды. Әрбір сұрақ-жауап кішігірім мәселе болып табылады, бірақ жиынтығында олар мұғалім қойған негізгі мәселені шешуге әкеледі

Информатика пәнін оқытудың негізгі ерекшелігі – сабақтың басым бөлігінде компьютердің қолданылуы. Осыған байланысты, оқу процесінде сабақтың демонстрация, зертханалық жұмыс, практикалық сабақ сияқты түрлері кеңінен қолданылады Сонымен бірге, ақпараттық технологиялар орталықтарына, есептеу орталықтарына экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

*Демонстрация.* Демонстрациялық экранда немесе интерактивті тақтада мұғалім сабақ тақырыбына байланысты оқу материалының әртүрлі элементтерін көрсетеді (интерфейс элементтері, бағдарламалардан үзінділер, схемалар, мәтіндер және т.б.). Мұғалім өзі компьютерде жұмыс істейді, ал оқушылар оның іс-әрекетін бақылап отырады. Кейбір жағдайларда мұғалім жергілікті желі арқылы арнайы демонстрациялық бағдарламаларды оқушы компьютерлеріне жібереді, ал оқушылар олармен дербес жұмыс істейді. Компьютер көмегімен көрсетілім рөлі мен дидактикалық мүмкіндіктерінің артуы заманауи компьютерлердің жалпы графикалық мүмкіндіктерінің артуымен түсіндіріледі. Демонстрациялық әдістің негізгі мақсаты – оқушыларды жаңа ақпаратпен көрнекі түрде таныстыру.

Кабинетте демонстрациялық экран болмаған жағдайда арнаулы желілік бағдарламалар арқылы, мысалы, JoyClass, мұғалімнің экранындағы ақпаратты әр оқушының экранында немесе бір оқушының экранындағы ақпаратты басқа оқушылардың экранында бір уақытта көрсетуге болады.

«Информатика» сабақтарында «Графикалық редакторлар»,

«Презентациялар», «Программалау», «Мәтіндік редакторлар» тақырыптары бойынша практикалық сабақтарда оқушылардың орындаған шығармашылық жұмыстарын немесе жобаларын барлық оқушының экранында демонстрациялап, оқушылардың бірлесіп талқылауын, ой бөлісуін ұйымдастыруға болады. Қиындық тудыратын қандай да бір тапсырмаларды орындаған оқушылар өз тәжірибесімен бөлісе алады.

5-сыныптағы «Компьютер және қауіпсіздік» бөлімі бойынша «Шағын жоба» тақырыбындағы, 6-сыныптағы «3D - баспа», «Мәтіндік құжатпен жұмыс жасау», 7-8-сыныптардағы «Python (пайтон) тілінде алгоритмдерді программалау», 9-сыныптағы «Python (пайтон) программалау тілінде 2D ойынын құру» бөлімшелері бойынша әр оқушының өзі дайындаған жұмысын демонстрациялап, басқа оқушылардың назарына ұсыну арқылы, өзіне деген сенімділігін, жобалау әрекетіне қызығушылығын арттыруға болады.

Зертханалық жұмыс кезінде барлық білім алушылар бір уақытта өз жұмыс орындарында бағдарламалық құралдармен жұмыс істейді, оқыту міндеттеріне байланысты жеке тапсырмаларды орындайды. Бұл тапсырмалардың дидактикалық мақсаты әртүрлі болуы мүмкін: оқыту бағдарламасының

көмегімен жаңа материалды меңгеру, жаттықтырушы бағдарламаның көмегімен мұғалім түсіндірген жаңа материалды бекіту, бақылаушы бағдарламаның көмегімен алған білімді немесе дағдыны тексеру.

Зертханалық жұмыста бірдей бағдарламалық құралдармен жұмыс істеу кезінде оқушылардың іс-әрекеттері бірдей болуы немесе әртүрлі қарқынмен, әртүрлі бағдарламалық құралдармен жұмыс істеуі мүмкін. Зертханалық жұмысты орындау кезінде бағдарламалық құралдармен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін мұғалім оқушыларды мұқият дайындалған нұсқаулықпен қамтамасыз етуі, тапсырмалардың жеке орындалуын реттеуі, қажет болған жағдайда оқушылардың оқуын бағыттауы қажет. Сондай-ақ мұғалім дифференциалды оқытуды қамтамасыз ету үшін тапсырманы тез орындайтын оқушыларға күрделі тапсырмалар дайындауы керек.

*Практикум-сабақ* алған білімдерін тәжірибеде қолдану және бекіту дағдыларын қамтамасыз етеді. Оқушылар мұғалімнен өзіндік жұмысы үшін әр түрлі деңгейдегі жеке тапсырмалар алады. Орындалу мерзімін мұғалім анықтайды, бір-екі немесе одан да көп сабақ, тапсырмалардың бір бөлігін сабақтан тыс, үйде орындауға беруге болады. Әдетте, мұндай тапсырма тұтас бөлім немесе тақырып бойынша білім мен іскерлікті пысықтау үшін беріледі. Оқушылар компьютерді, Интернет жүйесін қай уақытта, қалай пайдаланатынын, желіде ақпарат іздеуді, кітаппен жұмыс істеуді, дәптерге жазба жасауды өздері шешеді.

Оқушылардың компьютермен жұмысын ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптарды ескере отырып, мұғалім оқушылардың компьютермен үздіксіз жұмыс уақыты ұсынылған нормалардан аспауын қадағалауы тиіс. Практикалық сабақтар тек компьютердің көмегімен өтуі тиіс деген ұғым қалыптаспау керек. Оқушылар тапсырмаға сәйкес блок-сызбалар , алгоритмдер, бағдарламалар құрастырады. Алгоритмді қолмен орындап, трассировка арқылы қателерді табады, нәтижені анықтайды. Сабақты жоспарлау кезінде тапсырмалар оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдалады. Тәжірибе барысында мұғалім оқушылардың жетістіктерін бақылап, оларға көмек көрсетеді. Қажет болған жағдайда барлық оқушылардың назарын жиі кездесетін қателіктерге аудара отырып, жалпы мәселелерді талқылайды. Практикум-сабақтарда оқушылар компьютердің көмегімен әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды.

Оқушылар оқытудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін белсенді оқытуды қолдау және тиімді әдістерді қолдану қажет.

*Экскурсия-сабағы* пән бойынша білімнің қолданылу салалары мен практикада пайдаланылуын көрсету арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге және кеңейтуге ықпал етеді. Экскурсия – оқу үдерісін сыныптан тыс уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысты мекемелерде, өндірістердегі есептеу орталықтарында ұйымдастыру арқылы өткізілетін оқыту әдісі. Мұндай сабақтар теориялық білімді практикалық әрекетпен байланыстыратын тәжірибелі мамандардың жұмысымен жақынырақ танысуға және өндірісті басқаруда ақпараттық технологиялар қалай қолданылатынын көруге мүмкіндік береді. Экскурсиядан кейін оқушыларға экскурсия

жетекшілерінен естігені, өз көзімен көргені бойынша презентация дайындауға тапсырмалар беруге, сыныпта пікір алмасуды өткізуге болады.

Экскурсия оқушыны мұқият тыңдауға, естуге, қарауға, өзіне қажет ақпаратты басқа ақпараттан ажырата білуіне, ақпаратты бағалауға, өзін дұрыс ұстауға тәрбиелейді.

"Компьютерлік құрылғылар", "Компьютерлік желілер" және т.б. тақырыптарды тиімді игеру мақсатында «Қазақтелеком» мекемесіне, жаңа ақпараттық технологиялар орталықтарына немесе мамандандырылған компьютерлік көрмелерге экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

*Кіріктірілген* сабақ - педагогтен да, білім алушылардан да ұзақ, мұқият дайындықты талап ететін оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың күрделі формасы. Осындай ұйымдастырушылық форманың арқасында оқушылардың оқу-танымдық қызметі белсендіріледі, оқушыға өз бетімен оқуға мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде білім алушыларда пәндерге деген қызығушылықтар қалыптасады, әрі дами бастайды, әртүрлі пәндер бойынша білімді синтездеу мүмкіндіктері кеңейтіледі, білімді бір пәннен екінші пәнге ауыстыру біліктері қалыптасады. Мұғалімдерде пәндер бойынша оқушылардың іс-әрекеттерін үйлестіруде жаңа дидактикалық мүмкіндіктер пайда болады. Мұндай жағдайларда оқушылардың аналитикалық қызметі ынталандырылады, таным объектісіне жүйелі көзқарас қажеттілігі дамиды, объективті қызметтің күрделі процестері мен құбылыстарын салыстыра білу қалыптасады. Яғни, мұндай сабақтарда оқушылардың жұмысын ұйымдастыруда іс-әрекеттік тәсіл жүзеге асырылады.

6-сыныптағы «Компьютерлік графика» бөлімін көркем еңбекпен кіріктіріп, суретті қолмен және компьютермен салудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, қай түрі тиімді екеніне пікір алмасу ұйымдастыруға болады.

6-сыныптағы «3D – баспа» бөліміндегі «Конус, цилиндр және сфера құру» тақырыбын – геометрия пәнімен кіріктіріп, аталған геометриялық фигуралардың табаны, қыры, беті, төбесі, биіктігі ұғымдарын 3D моделі арқылы кеңістікте айналдыра отырып таныстыруға болады.

9-сыныптағы «Электрондық кестелердегі ақпаратты өңдеу» бөлімінде MS Excel-дің кіріктірілген функцияларын пайдалану арқылы физика, алгебра, геометрия пәндерінің есептерін шығаруға болады.

9-сыныптағы «Деректер базасы» бөлімінде физикалық, биологиялық, химиялық процестерді модельдеу арқылы физика, биология, химия пәндерімен кіріктіруге болады. Ал «Python (пайтон) программалау тілінде алгоритмдерді программалау» бөлімінің кіріктірілуін барлық пәндерден табуға болады.

*Білім беру жобасы* – бұл белгілі бір уақыт аралығында, бір сабақтан бірнеше айға дейін білім беру өнімдерін алу бойынша барлық қатысушылардың іс-әрекетінің кешенді сипатын қарастыратын сабақтарды ұйымдастыру нысаны. Оқытуды ұйымдастырудың формалары серпінді келеді, яғни олар пайда болады, дамиды, қоғамның, өндірістің, ғылымның даму деңгейіне байланысты бірі екіншісін алмастырып отырады. Информатика – бұл бізді қоршаған әлемді талдауға жүйелік-ақпараттық көзқарасты қалыптастыратын ғылыми білімнің

іргелі салаларының бірі, сонымен қатар әртүрлі ақпараттық процестерді, ақпаратты алудың, берудің, түрлендірудің, пайдаланудың және сақтаудың барлық ықтимал әдістері мен құралдарын зерттейді. Информатика адамның практикалық қызметінің қарқынды дамып және үнемі кеңейіп келе жатқан

саласы – АКТ технологияларын пайдаланумен байланысты. Әлемдік білім беру практикасының тарихында қандай да бір формаларға басымдық берілген оқытудың түрлі жүйелері белгілі.

Қашықтықтан оқытуды таңдау кезінде электронды поштамен қатар, білім беру порталдары мен сайттарын қолдануға болады, олар ең сапалы және тиімді мультимедиа-ресурстарынан тұрады:

«Coursera» (https://www.coursera.org/) - жаппай онлайн-білім беру саласындағы жоба; Хан Академиясы (https://ru.khanacademy.org ) - коммерциялық емес білім беру ұйымы; "BilimmediaGroup" (https://bilimland.kz ) - 40 мыңнан астам материалдары бар білім беру контенті бар үлкен база; "DarynOnline" https://daryn.online - порталдың барлық мазмұны қазақ тіліндегі МЖМБС-ға сәйкес келеді; Opiq платформасы (www.opiq.kz ) - интерактивті ресурста мектеп оқулықтары бар. «Алматыкітап» баспасының оқулықтарының көп бөлігі; iTest www.itest.kz – ҰБТ-ға дайындалуға арналған виртуалды жаттықтырушы; https://100ballov.kz/ - оқушылар мен білім алушыларға арналған білім беру порталы, NISPlay (http://play.nis.edu.kz/application/registration) – Назарбаев интеллектулды мектептерінің порталы; STEM академиясы - (https://stem-academia.com/en/main-page/); iMektep (www.imektep.kz) - бастауыш мектеп бағдарламасы, STEAM–(http://makeathon.kazneuro.kz/, www.steam.kz ) және басқа да көптеген платформалар бар.

**«Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Әзірлеуші топ пән бойынша жалпы құрылымды сақтай отырып бөлім мақсаттарын оңтайландырды. Кейбір оқушы жас ерекшелігіне қарай ауыр мақсаттарды 7 сынып жаратылыстану бағыты пәндеріне ауыстыруды биология, химия, физика, география мамандарымен келісе отырып қарастырды.

5-6 сынып оқушыларына жаратылыстану-ғылыми білім беру олардың қызығушылығын дамытуға, ғылыми түсінігі мен қоршаған әлемге деген тұтас көзқарасын дамытуға, қоршаған әлемді бағалау және қорғау қабілетіне ықпал етеді. Негізгі Мектептегі "жаратылыстану" пәні білім берушілердің қоршаған әлемнің алуан түрлілігін, тірі және жансыз табиғатта болып жатқан табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысы мен себептерін түсінуін қамтамасыз етеді; Негізгі Мектептегі "жаратылыстану" зерттеу, ойлау, коммуникативті дағдылар мен дағдылардың негіздерін қалыптастыруға бағытталған. "Жаратылыстану" пәні "Биология", "География", "Физика" және "Химия"пәндерін одан әрі зерделеу үшін негіз болып табылатын интеграцияланған курс болып табылады. Осыған орай жаратылыстану ғылыми сауаттылықты қалыптастырушы мақсаттар толығымен өнделді. Жаратылыстану пәні бөліміне Тұрақты даму экология түсінгі енгізілді.

1. «Жаратылыстану» пәнінен оқу бағдарламасы негізгі мектепте зерттеу, ойлау, коммуникативтік дағдылар мен біліктіліктер негіздерінің қалыптасуына бағытталған және география биология физика химия пәндері бойынша жаратылыстану ғылыми сауаттылықты қалыптастырушы болып табылады.

Гипотеза құру және оларды тексерудің жолдарын ұсыну, эксперименттер арқылы алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасау осы кезеңнен бастау алады.

Осыларды талдай келе әлеуметтік-педагогикалық қызметтің маңызды екендігін мойындаймыз. Бұл қызметте балалардың әлеуметтенуі арнайы тапсырыстар арқылы іске асырылады. Тапсырыс берілген соң оның мақсаты, міндеттері, мазмұны айқындалады. Арнайы бағдарламалар құрастырылып, оның түрлері, әдістері мен құралдары таңдалып алынып, белгілі кезеңдер арқылы жүргізіледі .Сауалнама барысында осы мақсаттарға мұғалімдердің сай келетіндігін анықтау тұрды.

Бағдарламаның мақсаты оқушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

Пән бағдарламасы келесі міндеттерді шешуге бағытталған:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру; жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеяларымен, жетістіктерімен таныстыру;

2) білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін қолдану және бұқаралық ақпараттық құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қабылдау біліктіліктеріне ие болу;

3) зияткерлік, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамыту;

4) күнделікті өмірде тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдану.

Мектеп оқушыларының іс-әрекеттерін жүргізуде олардың мінез-құлқындағы психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін білу қажет. Сол себепті жас ұрпақты қоғамға әлеуметтендіру барысында олардың бойына ізгі қасиеттерді ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, олардың ар-намысына тимеуге, абыройларын, ар-ождандарын құрметеуге, рухани-адамгершілік пен әдептілікке баулу, адамды сүйе, сыйлай, құрметтей, қадірлей білуге үйрету, қоғамның шынайы иесі болуға талаптандыру жолдарын қарастыру қажет. Оларды әлеуметтендіру және тәрбиелеуде ұстаздар мен тәрбиешілердің және ата-аналардың әрбір жас жеткіншек ұрпақтың жас ерекшелігін, мінез-құлқын,

тұлғалық қалыптасатын кезеңдерінің психологиялық ерекшеліктерін үнемі ескеріп, зерттеп отыруы әрбір ұстаз бен тәрбиешінің кәсіби міндеті.

Бүгінгі таңда қоғам алдында тұрған ең өзекті және әлеуметтік маңызды міндеттердің бірі – соңғы жылдары отандық білім беру тәжірибесінде болған өзгерістер оңтайландырған бағдарламаның оң, теріс жақтарын көрсетіп отыр.

Тақырыпты зерделеу үшін мұғалімдердің интернет-чаттарына талдау, жаңартылған білім беру жүйесі бойынша пәндерді оқытатын мұғалімдермен ауызша әңгімелер жүргізілді. Жаңартылған білім беру мазмұнының кейбір аспектілерінің оң және теріс жақтары талданды,жүйеленді.

5-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады.

*Ғылым әлемі.* Ғылымның рөлі. Зерттеу сұрағы. Зерттеуді жоспарлау. Деректерді жинау және жазу. Деректерді талдау. Қорытынды және талқылау.

*Ғалам. Жер. Адам.* Макро- және микроәлем. Жер ғаламшарының пайда болуы, жердің құрылысы мен құрамы. Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері. Жер бетін бейнелеу тәсілдері. Материктер мен мұхиттар. Жер бетіндегі тіршілік. Халық географиясы.

*Заттар және материалдар.* Заттардың құрылысы мен қасиеттері. Заттардың жіктелуі. Заттардың түзілуі және алынуы.

*Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер.* Өлі табиғаттағы үдерістер. Тірі табиғаттағы үдерістер.

*Табиғат физикасы.* Энергия түрлері мен көздері. Қозғалыс.

*Экология және тұрақты даму.* Экологияға кіріспе. Экожүйе. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі. Тұрақты даму. Табиғатты қорғау.

*Әлемді өзгертетін жаңалықтар.* Әлемді өзгертетін жаңалықтар. Болашақ жаңалықтары.

7. 6-сыныпқа арналған «Жаратылыстану» оқу пәнінің базалық мазмұны келесі тараулардан тұрады.

*Ғылым әлемі.* Ғылымның рөлі. Зерттеу сұрағы. Зерттеуді жоспарлау. Деректерді жинау және тіркеу. Деректерді талдау. Қорытынды және талқылау.

*Ғалам. Жер. Адам.* Макро- және микроәлем. Жер туралы жалпы мағлұматтар. Жер қабықтары және олардың құрамдас бөліктері. Жер бетін бейнелеу тәсілдері. Материктер мен мұхиттар. Жердегі тіршілік. Халық географиясы.

*Заттар және материалдар.* Заттардың құрылысы мен қасиеттері. Заттарды жіктеу. Заттардың түзілуі және оларға қол жеткізу.

*Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер.* Өлі табиғаттағы үдерістер. Тірі табиғаттағы үдерістер.

*Табиғат физикасы*. Энергия түрлері мен көздері. Қозғалыс. Қысым.

*Экология және тұрақты даму.* Экологияға кіріспе. Экожүйе. Тірі ағзалардың алуантүрлілігі. Тұрақты даму. Табиғатты қорғау.

*Әлемді өзгертетін жаңалықтар.* Әлемді өзгертетін жаңалықтар. Болашақ жаңалықтары.

«Жаратылыстану» сөзі табиғат құбылыстары, бізді қоршаған әлем туралы білімдер жиынтығы дегенді білдіреді. Адамның қоршаған әлемді тануға деген

ұмтылысы зерттеу қызметінің әртүрлі бағыттарында көрінеді. Объективті әлемнің негізгі бөліктерінің әрқайсысы - табиғат, қоғам және адам – әрқайсысы жеке ғылымдарымен зерттеледі. Табиғат туралы ғылыми білімнің жиынтығы жаратылыстану ғылымымен қалыптасады. Жер ғаламшарымен танысу, оның ғаламдық жұлдызды аспанда орналасқан орнын білу. Жер ғаламшарының барлық – қатты, сұйық, газтәріздес қабаттарының құрылысымен танысу және бұлардың бір-бірімен өзара тығыз байланысты екеніне көз жеткізе аламыз. Сондай-ақ адам мен табиғаттың арасында ажырамас байлаыныс барын 5-6 сыныптардың бағдарламаларында көрсетілген мақсаттарға байланысты. Жаратылыстануды оқыту барысында табиғаттың бір компоненті өзгерсе, басқа бөліктері де міндетті түрде өзгеріске ұшырайтынын ұға аламыз. Табиғат туралы ғылыми білім ұзақ уақыт бойы жинақталды, сараланды, жүйеленді. Ғасырлар бойы бұл білім ұрпақтан ұрпаққа беріліп, толықтырылып, жаңарып отырды. Жаратылыстанудан алған білімін жоғары сыныптарда физика, химия, биология және география пәндерін табысты меңгеруге және осылардан алған біліміңді күнделікті өмірде қолдануға көмектеседі. Жаратылыстану ғылымдары (ағылш. *Natural science*) — табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат феномендері мен олар дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі. Сондықтан да 5-6 сыныптарда берілген бөлімдер арқылы жаратылыстану ғылыми сауаттылық қалыптаса отырып әдістемелік құрылымда бағдарламадағы өзгерістерге мән берілді. Кіші бөлімде қысқа мерзімді жоспарларды бере отырып үлгі ретінде қолдануды ұсынамыз

**«Физика» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Мектепте оқытылатын физика ғылымының мазмұнын беруге қоғамның қоятын талаптары мен оқытудың қалыптасқан жүйесінің (оқу-тәрбие процессінің мақсатын, мазмұнын, әдістерін, құралдары мен ұйымдастыру формаларын қамтитын) арасындағы, яғни

- қоғамның мектеп бітірушілерге қоятын талаптары мен олардың әрқайсысының нақты физика ғылымындағы білім, дүниетаным, мәдениет, әлеуметтік белсенділігі;
- жалпыға бірдей орта білім берудің міндеті мен оқыту нәтижесінің сапасы жоғары болуын талап ету;
- мазмұнды ғылымиландыру талабы мен оның түсініктілігін қамтамасыз ету;
- әлемнің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастырудың қажеттігі мен оқу пәндерінің алшақтығы;
- әр жастағы білім алушының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен берілетін білім мазмұнының көлемі, оқыту мерзімі, реті, күрделілік деңгейі арасындағы қарама-қайшылықтардың арта түскендігі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған «Физика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістерін қажет етеді.

Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Физика» пәнінен жетілдірілген мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ғана емес оны

оқытудың әдістемелік жүйесін жаңарту мен жетілдіру, яғни мазмұнды, оқу процессін ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, білім алушылардың таным қызметінің сипатын, оларды оқу пәнін меңгерту процессінде тәрбиелеу мен дамытуды жүйелеп, қалыпқа келтіретін жүйесін жасауға елеулі маңыз берілді.

Физика пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу білім сапасын арттыруда және білім беру үдерісінің біркелкілігін қамтамасыз етуде маңызды қадам болып табылады. Алайда, мұндай бағдарламаларды сәтті іске асыру үшін мұғалімнің мұқият дайындығы және бірқатар әдістемелік ұсыныстарды сақтау қажет.

***Мұғалімдерге ұсынатын әдістемелік ұсынымдар:***

*1. Типтік оқу бағдарламасын зерттеу және талдау:*

- Бағдарламаның мазмұнын, мақсаттарын, міндеттерін және құрылымын мұқият оқып үйрену.
- Типтік бағдарламаны мектептің бар болатын оқу жоспарлары мен бағдарламаларымен салыстыру.
- Мүмкін болатын айырмашылықтарды анықтап, оларды жою жоспарын жасау.

*2. Оқу үрдісін ұйымдастыру:*

- Дәрістер, практикалық жұмыстар, зертханалық жұмыстар, жобалық іс-әрекет сияқты оқытудың әртүрлі түрлері мен әдістерін қолдану.
- Интерактивті тақталар, компьютерлік презентациялар, онлайн-ресурстар сияқты заманауи білім беру технологияларын қолдану.
- Оқушылардың өз бетінше жұмыс істеуіне және олардың зерттеу дағдыларын дамытуға жағдай жасау.

*3. Оқушылардың жетістіктерін бақылау және бағалау:*

- Ағымдағы бақылау, аралық бақылау, қорытынды бақылау сияқты бақылаудың әртүрлі түрлерін қолдану.
- Оқушылардың білімдері мен дағдыларын объективті бағалау үшін критериалды бағалауды қолдану.
- Бақылау нәтижелерін талдау арқылы проблемаларды анықтап, оқу үрдісіне қажетті түзетулер енгізу.

*4. Ата-аналармен өзара әрекеттесу:*

- Ата-аналарға физика пәнін оқытудың мақсаттары мен міндеттері, оқу бағдарламасының мазмұны туралы ақпарат беру.
- Ата-аналарды оқу үрдісіне қатысуға тарту.

*«Физика» пәні бойынша типтік оқу бағдарламаларын сәтті енгізу мыналарға мүмкіндік береді:*

- Физиканы оқыту сапасын арттыру;
- Оқудың әртүрлі кезеңдерінде физиканы үздіксіз оқытуды қамтамасыз ету;
- Қазіргі қоғамда сәтті өмір сүру үшін қажетті негізгі құзыреттерді оқушыларда дамытуға жағдай жасау.

Маңыздысы, үлгілік оқу бағдарламасы – бұл тек қана негіз, қатаң шеңбер емес. Мұғалім өз сыныбы мен мектебінің ерекшеліктерін ескере отырып, оны

шығармашылықпен іске асыруы тиіс.

«Физика» пәні бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін арттыру және жаратылыстану ғылымдары бойынша сауаттылығын жақсарту мақсатында сабақта практикалық бағытталған тапсырмаларды қолдану ұсынылады. Бұл тапсырмалар оқушыларға алған білімдерін күнделікті өмірде және практикалық қызметте қолдана білу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. PISA және TIMSS сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулерде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне сүйену маңызды.

«Физика» пәні шеңберінде мұғалімдер оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігін дамытуға белсенді түрде ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану құзыреттілігі – бұл өмір бойы білім алу үшін, соның ішінде жұмыс, демалыс және коммуникация үшін ақпараттық қоғам технологияларын сенімді және сын көзбен пайдалану қабілеті.

*«Физика» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыруда мыналар ұсынылады:*

- Интернет ресурстарын пайдалану: Мысалы, веб-сайттан ақпарат оқу, қажетті материалды бөлек құжатқа немесе файлға көшіріп алып, ақпарат көзіне сілтеме беру.
- MS Office бағдарламалық жасақтамасын (Word, Excel, PowerPoint) пайдаланып мәтінмен, кестелермен, диаграммалармен және слайдтармен жұмыс жасау: Мысалы, адамның пульсінің отырып тұру санына тәуелділігін көрсететін кесте немесе диаграмма құру.
- Принтер, сканер немесе сандық камера сияқты құрылғыларды пайдаланып ақпаратты басып шығару және электронды түрде сақтау: Мысалы, өсімдік өсу процесінің суреттерін түсіріп, оларды принтерге басып шығару немесе презентация слайдтарына қосу.
- Ақпарат жинау, өңдеу және ұсыну үшін АКТ-ны (ноутбуктер, веб-сайттар, коммерциялық модельдеу бағдарламалары, бағдарламаланатын калькуляторлар) пайдалану.

Физика – бұл тек формулалар мен заңдар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар бізді қоршаған әлемді сипаттайтын ғылым екенін жиі ұмытып кетеміз.

Физиканың практикалық маңыздылығы мен өмір қауіпсіздігінің маңыздылығын баса көрсету үшін мынадай 2-кестедегі мысалдарды келтіруге болады.

Берілген тапсырмадағы кестеде физика сабақтарында қауіпсіздік ережелерін оқытуға қатысты нақты мысалдар келтірілген. Бұл мысалдар физикалық құбылыстардың адам өмірімен тікелей байланысын көрсете отырып, оқушыларға қауіпсіздік мәселелерінің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған.

Кесте. 7-9-сыныптардағы физика сабақтарында өмір қауіпсіздігі ережелерін жүзеге асыру

| Сынып | тарау | Бөлімше | Тақырып | Мақсаттар сабақ | Мысал | Негіздеме |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | Механика | Сақталу заңдары | Импульс. Импульстің өзгеру теоремасы | 9.2.3.1 - «дене импульсі» және «күш импульсі» ұғымдарын ажырату | Неліктен баспалдақ қоршаулары қауіпті? Ғимараттың ішінде баспалдақтан төменгі қабаттарға құлау мүмкіндігі бар: мектептердің, оқу орындарының, театрлардың, супермаркеттердің және т.б. баспалдақтардағы адамдардың көптігінен немесе тәртіпсіздіктерден (әртүрлі жағдайлардан туындаған: қауіп, дүрбелең). Мектептерде балалардың соқтығыс кезінде төменгі қабаттарға түсетін баспалдақтарда құлау жағдайлары болды. Сондай-ақ, тұрғын үйлердегі кіру лоджияларының (өту жолдарының) қоршауларына жақындауға болмайды. Баспалдақтың қоршаулары да, қоршаулары да төмен немесе балалардың құлап кетуі мүмкін тесіктері бар, сонымен қатар қатты желде және басқа жағдайларда биіктіктен құлау мүмкіндігі бар.<br>Неліктен жүгіру қауіпті? балалар сыныптарда және дәліздерде мектептің айналасында. Бұл әдеттің қауіптілігі қандай? Үзіліс кезінде мектеп дәліздері мен сынып бөлмелері арқылы жүгіріп өткен баланың ауыр жарақат алу қаупі бар. Тәжірибе көрсеткендей, балалар жүгіру кезінде жиі соқтығысады, соғылады, жарақат алады, тайып кетеді және құлап кетеді. Балалардың басын үшкір заттарға соғып қайтыс болған жағдайлар болды. | Денелердің өзара әрекеттесуін, бұл жағдайда адам мен адам түсетін бетті қарастыра отырып, мұғалім жоғары жылдамдықта және әрекеттің өте қысқа уақытында адамға өте үлкен күш әсер ететінін түсіндіреді, бұл оның жыртылуына әкелуі мүмкін. ішкі органдар. Қазіргі уақытта мұғалімдер ұқсас жағдайларға есептер құрастыру үшін шынайы материалдарды пайдаланады. Осылайша, көліктердің қозғалмайтын кедергілермен соқтығысуы жағдайлары қарастырылады және бұл адамға қалай әсер етеді, қандай қауіпсіздік шараларын қолдануға болады. Бұл тақырып мұғалімге сіз көтерген мәселелерді қарастыруға мүмкіндік береді. |
| 9 | Механика | Кинематика | Бірдей ауыспалы қозғалы | 9.2.1.6 - бірқелкі айнымалы түзу | Бағдаршамның жасыл түсі жанған кезде жолдар мен қиылыстардағы жаяу жүргіншілер өткелінен өтуі қандай қауіп төндіреді? Жаяу жүргіншілер өткелі қауіп төндіреді, өйткені жаяу | Кинематиканы оқу арқылы студенттер тежеу қашықтығын есептеуді үйренеді. Тақырып бойынша есептерді шығару кезінде мұғалім тежеу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | с | сызықты қозғалысы бар координаталар мен орын ауыстырулар теңдеулерін есептер шығаруда қолдану | жүргінші күтпеген жерден жылдам жүретін көліктердің алдынан жаяу жүргіншілер өткелімен қозғала бастауы мүмкін. Салдарынан жүргізуші жаяу жүргіншіні қағып кетуі мүмкін. Немесе екінші жолақта көліктің немесе автобустың артында келе жатқан жүргізуші оны көрмей қалады. Бағдаршамның қызыл түсіне дейін тоқтап үлгермеген көлік те қауіпті. Бағдаршамның жасыл түсі жанған кезде жолды кесіп өту кезінде барлық көліктердің толық тоқтағанына көз жеткізу керек. | және үдеу басында жылдамдық тежеу қашықтығына қалай әсер ететінін түсіндіреді және жолды кесіп өту кезіндегі қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді.<br>Ол сондай-ақ жүргізушінің реакция уақыты қандай екенін және тежеу қашықтығына қалай әсер ететінін түсіндіреді. |
| 9 | Электр және магнетизм | Тербелістер мен толқындар | Дыбыс, дыбыс сипаттамалары, акустикалық резонанс, жаңғырық | 9.2.5.16 дыбыс сипаттамаларын дыбыс толқынының жиілігімен және амплитудасымен салыстыру; | Неліктен құлаққаптар жүргізушілер мен жаяу жүргіншілер үшін қауіпті? Жүргізуші дыбысты естімеуі мүмкін басқасынан сигнал қатысушы жетекші болатын қозғалыстар апатқа. Жаяу жүргіншілер үшін сөйлесу қауіпті телефонда, жолда құлаққапты қолданыңыз, ол естімеуі мүмкін көліктер оған жақындап, соғылады. жағдайлар болды Қашан ересектер қырағылығын жоғалтып, балаларды жолдың ортасында қалдырып, нәтижесінде балалармен соқтығысқан | Өйткені, құлаққаптар дыбыс көзін есту мүшесіне, яғни есту нервінің сезімтал ұштары орналасқан ішкі құлаққа өте жақындатады. Осылайша дыбыстың ішкі құлаққа әсері шамадан тыс болады. Сонымен қатар, бөтен дене үнемі сыртқы есту жолында орналасады. Балауыз жиналып, құлақ арнасының терісі қабынады, бұл да есту қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін. Құлаққап динамиктеріндегі тым жоғары дыбыс мидағы жүйке жасушаларының мембраналарын зақымдайды, бұл кереңдікке қауіп төндіреді. |
| 9 | Механика | Динамика негіздері | Дене салмағы, | 9.2.2.10 тәжірибе | Лифттің бар екеніне көз жеткізбестен және толық тоқтамайынша кіре алмайсыз. Сондай-ақ артық жүктелген | Үдеумен қозғалатын дененің салмағын зерттеу кезінде үдеумен арқанмен көтерілген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 8 | | | салмақсыздық | негізінде үдеумен қозғалатын дененің салмағын анықтау. | лифттерді пайдаланбау керек. Лифті болмаған кезде лифт бөлігіне кірген кезде шахтаға құлау, сондай-ақ құрылыс материалдарымен шамадан тыс жүктелген лифтке кіру кезінде ол құлап, оған кірген адамды сөзбен басып тастаған жағдайлар болды. | дененің рұқсат етілген жүктемеден асып кетуінен оның үзілуіне әкелетін жағдайлар қарастырылады.<br><br>Бұған мысал ретінде ол шамадан тыс жүктелген кезде лифт кабинасын келтіруге болады. Сонда тіпті шағын жеделдету кабельдің үзілуіне әкелуі мүмкін. |
| 9 | Механика | Сақталу заңдары | Импульс. Импульстің өзгеру теоремасы. | 9.2.3.1 - «дене импульсі» және «күш импульсі» ұғымдарын ажырату | Дене шынықтыру сабағында өзін қалай ұстау керек. Көптеген мектептерде, спорт залында және спорт алаңында футбол голдары (үлкен және кіші) еденге, жерге бекітілмеген. Қақпаға ілу және тербелуге қатаң тыйым салынады. Балалардың қақпаға асылып, тербеліп жатқан жағдайлары болды. Салдарынан балалар құлаған қақпамен бірге құлаған. Құлау кезінде басына арқан соққан. Бала алған жарақаттарынан көз жұмды. | Жоғарыда аталған тақырып аясында көтерілген мәселе де талқыланады. Естеріңізге сала кетейік, дене шынықтыру сабақтарында қауіпсіздік ережелері үнемі қайталанып отырады. Ал ата-аналардың, сондай-ақ мұғалімдердің міндеті - қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығын балаларға еске салу. |
| 8 | Электр және магнетизм; | Тұрақты электр тогы | Электр тогының химиялық әрекеті | 8.4.2.18 сұйықтардағы электр тогының табиғатын түсіндіру | Суға түсуге тыйым салынады немесе кір жуғыш машинада душ қабылдаңыз машина. Жуу кезінде шынымен жеңілу мүмкіндігі бар электр сондықтан электр тогының соғуы Жүзуді кейінге қалдырған дұрыс. Дәл сол себепті кір жуғыш машинаға сенбеу керек. ваннадан шығып бара жатқанда көлік. Бөлмеде қозғалатын бу да электр тогының өткізгішіне айналуы мүмкін. | Кір жуғыш машина жұмыс істеп тұрған кезде ваннаға немесе душ қабылдауға тікелей тыйым салынбайды. Бірақ қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, егер орталық сумен жабдықтауға қосылған электр құрылғысы жұмыс істеп тұрса, мұны істеу ұсынылмайды. Егер электр тогы денеге енсе, ол су арқылы бүкіл көтергіш арқылы өтеді. Бұл электр тогының соғуына әкелуі мүмкін. |
| 8 | Электр | Тұрақты электр | Қысқа тұй | 8.4.2.17 қысқа | Телефонмен ұйықтауға тыйым салынады зарядтағыш қосылған құрылғы. Мүмкіндік | Ұйқы кезінде қысқа тұйықталу мен жарылыстың алдын алу |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жә не ма гне тиз м; | р тогы | ықта лу, | тұйық талуд ың себеп тері мен алды н алу жолда рын түсін діру | бар электр тогының соғуы немесе өрт. | үшін телефонды зарядтау режимін сақтау маңызды, өйткені қазіргі заманғы көптеген материалдар оңай тұтанғыш және жоғары температурада жанып кетеді. |
| 8 | Эл ект р жә не ма гне тиз м; | Тұрақ ты элект р тогы | Қыс қа тұй ықта лу, | 8.4.2. 17 қысқа тұйық талуд ың себеп тері мен алды н алу жолда рын түсін діру | 1. Жуынатын бөлмеде телефон мен зарядтағышпен шомылуға тыйым салынады.<br>Су тамаша өткізгіш болып табылады және зарядтағыш желіге кіруді қамтамасыз етеді кернеу 220 вольт немесе одан жоғары. Мұндай күшті токтың соққысы мүмкін тіндер мен мүшелердің зақымдалуына әкеледі, фибрилляцияны қоздырады<br>Қарыншаның тоқтауы немесе жүректің тоқтауы | Қабырғадағы розеткадан жұмыс істеп тұрған телефон суға түсіп кетсе, электр тогының соғуына әкелуі мүмкін қысқа тұйықталу мүмкіндігі бар. |
| 7 | Ме ха ни ка | Денел ердің өзара әреке ттесуі | Ине рция құб ылы сы | 7.2.2. 1 инерц ия құбы лысы н түсін діру және мыса лдар келтір у | 9. Адамдардың көп жиналуы неліктен қауіпті? Концерттер, футбол матчтары және түрлі фестивальдер, тіпті мерекелік отшашулар сияқты адамдар көп жиналатын орындар қауіпті, өйткені кез келген уақытта төбелес болуы мүмкін. Сондықтан мұндай жерлерде тұру ұсынылмайды. | Мұғалім қатты денелердің инерциясы мен қысымы құбылысын қарастыра отырып, егер адамдардың үлкен массасы қозғала бастаса, онда оған қарсы тұру қиынға соғатынын және түсірілген қысым адам денсаулығына зиянды әсер ететінін міндетті түрде атап көрсетеді. |
| 7 | Ме ха ни ка | Денел ердің өзара әреке ттесуі | Ине рция құб ылы сы | 7.2.2. 1 инерц ия құбы лысы н түсін діру және мыса | Автобус күтіп тұрған кезде жолаушылар мен аялдамада жолдың жүру бөлігіне шығуға рұқсат етілмейді. Қауіпті жаяу жүргіншінің қандай да бір кедергіден көлікті көрмеуінде, ал жүргізушінің жаяу жүргіншіні көрмеуінде. Нәтижесінде көлік күтпеген жерден жол жиегіне шығып кеткен жаяу жүргіншіні қағып | Жоғарыда мұғалімнің қауіпсіздік дағдыларын қашан және қалай орындайтыны түсіндіріледі. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | лдар келтір у | кетуі мүмкін. | |
| 7 | Механика | Денелердің өзара әрекеттесуі | Инерция құбылысы | 7.2.2.1 - инерция құбылысын түсіндіру және мысалдар келтір у | Қалай жұмыс істеп тұрған жүк көліктері мен автобустардың айналасында жолаушыларды өткізу. IN жүк көліктері мен тиеу тракторларының төмен болуына байланысты жақын маңдағы жаяу жүргіншілердің көрінуіне шолу, оларға жақындау немесе жақын жерден өту қауіпті, себебі жүргізуші жаяу жүргіншіні көрмеуі мүмкін және хит жасаңыз. Қауіпсіздік үшін жаяу жүргіншілер оларға жақындамауы керек 15-20 метрден жақын | Инерция құбылысы мен денелердің инерциясын қарастырғанда мұғалім үлкен машиналар жылдамдығын өзгерту үшін уақытты қажет ететініне назар аударуы керек. Мысалдар мен сызбаларды пайдалана отырып, ол тежеу жолының көлік салмағына тәуелділігін көрсетеді. Және ол жолды қауіпсіз кесіп өту және көліктердің жанында жүру мәселелерін үнемі талқылайды. |
| 7 | Механика | Қысым | Қысымның қатты, сұйық және газдар арқылы берілуі. | 7.3.1.4 - молекулалық құрылымы бойынша газ қысымын түсіндіру; | Отшашуларды немесе әртүрлі пиротехникалық бұйымдарды қолданбаңыз. Бұл өнімдердің жарылуы өлімге, жарақатқа немесе өртке әкеп соқтырған көптеген жағдайлар болды. | Пиротехникалық заттар жарылған кезде ыстық газ пайда болады, ол тез кеңейіп, қысым жасайды және ауыр жарақаттарға, күйіктерге және өртке әкеледі. Сондықтан қысымның қатты денелермен, сұйықтармен және газдармен тасымалдануын, Паскаль заңын зерттеудің бір бөлігі ретінде мұғалімдер қысымның сұйықтар мен газдар арқылы берілуі мен қолданылуының оң көріністерін де, теріс көріністерін де қарастыруы керек. Сонымен, Титан ваннасындағы су асты экскурсиясына қатысушылардың өліміне әкелген қайғылы оқиғалардан кейін оның апатқа |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | ұшырау себептері және адам денсаулығы мен өмірінің қауіпсіздігін бағалағаннан кейін ғана мұндай экспедицияларға қатысу туралы шешім қабылдаудың маңыздылығы. талқыланды. |
| 7 | Механика | Денелердің өзара әрекеттесуі | Инерция құбылысы | 7.2.2.1 инерция құбылысын түсін діру және мысалдар келтіру | Сіз супермаркетте болғаныңызда және эскалаторларды пайдаланған кезде, басыңызды баспалдақтың бүйіріне жабыстырмауыңыз керек. Эскалаторды жылжытқанда қолмен ұстайтын қозғалатын белбеу мен үстіндегі темір белгі (пластинка) арасында басы ілініп қалған жағдайлар болды. Салдарынан эскалатордың кеш тоқтауынан басын босату мүмкін болмады. Мойын көптеген кесілген.<br><br>Жолдарда және көшелерде жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтаңыз<br>Темір жолдар. Өйткені автомобиль және темір жол<br>Қауіпті аймақтарда оларды ерекше тәртіппен кесіп өту керек.<br>Осы мақсат үшін белгіленген орындар.<br><br>Қалада велосипед пен мотороллермен жүру ережелерін қатаң сақтаңыз.<br>Рұқсат етілген жылдамдықты сақтай отырып, велосипед немесе скутер жолдарымен қатаң қозғалыңыз | 7 және 9-сыныптарда инерция құбылысын зерттеудің бір бөлігі ретінде мұғалім қозғалыстағы машинаны тоқтату үшін әрқашан біраз уақыт қажет екенін, оның ішінде оператордың тоқтату түймесін басқанда кешіктіру уақытын қосады.<br>Әрине, мысал ретінде төмендегі жағдайларды да қарастыруға болады. |

**«Химия» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

| **Ұзақ мерзімді жоспардың** | **Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны** | **Оқу мақсаты** | **Сабақ өткізуге ұсынылатын әдіс-тәсілдер** | **Жүзеге асырлатын құндыл-ықтыр** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|

| **бөлімдері** | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Химия пәніне кіріспе. Таза заттар және қоспалар | Таза зат және қоспа. Заттардың физикалық қасиеттер №1 зертханалық тәжірибе «Таза зат пен қоспаны салыстыру» | 7.4.1.4 элементтердің физикалық қасиеттері арқылы қоспа құрамындағы заттарды ажырату; 7.4.1.3 таза заттармен қоспаларды ажырата білу. | Талдай алатын білік пен дағдыларды қалыптастыру мақсатында, таза заттар мен қоспаларды салыстырып, мысалдарды келтіру. Қоспа құрамындағы заттарды ажырату үшін, жаттығуларды орындатуға тырысыңыз. Ол үшін заттардың физикалық қасиеттері туралы мәліметтерді салыстырып, оқушылар бір-бірін толықтырып, мысалдар келтіруге тырыссын.<br>Мысалы: берілген заттардың ішінен таза заттарды, қоспаларды атаңыз: *ауа, сутегі, мыс, сүт, алтын, металл балқымалары, хлор, ерітінділер, азот, тұман, түтін.*<br><br>Дескриптор арқылы оқушылар өзін-өзі, өзара бірін –бірі бағалайды және мұғалімге кері байланыс арқылы бағаланады. | ынтымақтастық және өзара көмек; | Білімленд ресурсы, дидактикалық материалдар |
| | Жай және күрделі заттар. Химиялық қосылыстар.<br>№ 3 зертханалық тәжірибе «Жай | 7.4.1.3 жай және күрделі заттарды ажырату; | Пәннің біріздiлігімен байланыстырып, жай және күрделі заттардың айырмашылықтарын анықтап алып, заттарды жіктеу. Көрнекі құрал-жабдықтар ретінде | ынтымақтастық және өзара көмек | Дидактикалық материалдар жиынтығы. Білімленд ресурсы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: темір, мыс, алюминий, күкірт, графит».<br>№ 4 зертханалық тәжірибе «Күрделі заттардың физикалық қасиеттерін салыстыру: ас тұзы, қант, су, мыс оксиді, алюминий оксиді, көмірқышқыл газы» | | оқушыларға көрсетуге мыны заттар темір, мыс, алюминий, күкірт, графит ұсынылып отыр. Бұл заттардың да айырмашылықтарын оқушылар жақсы игеру керек. Зертханалық тәжірибені жасаған соң, оқушы дәптеріне осы білімді қортындылап жазуы ұсынылады.<br>Мына заттарды жай және күрделі заттарға ойыңызды негіздей отырып бөліңіз: сутегі, мыс, магний оксиді, су, алтын, шойын, болат т.б.<br><br>Екнші сабақта осындай жаттығуларды ұсынып, жай зат пен күрделі заттардың физикалық қасиеттерін ажырата алатын жағдай жасаңыз. | | |
| | №2 практикалық жұмыс «Ас тұзын құмнан /темірден тазарту» | 7.4.1.4 қоспаны бөлуге негізделген тәжірибені жоспарлау және өткізу; | Практикалық жұмыстың алгоритмін оқушыларға ұсыныңыз. Жұмысты орындауға қажетті қауіпсіздік техникасының ережелерін еске түсіріп, қайталаңыз. Бұл жұмыс сыныпта әр бала немесе топпен жасалатын жұмыстардың бірі. Жұмыста оқушылар біртекті және | еңбек және өзін-өзі тану; | Оқулықты қолдану. Білімленд ресурсы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | әртекті қоспаларды айыра алып, қоспадан таза затты ала алу керек. Оқушы қоспа ерітіндісінен сүзінді ала білу керек. Жұмыс істегенде білік дағдыға айналып, білімді қалыптастыруға бағытталады. Алынған тазаа зат – оқушы жұмысының нәтижесі, қорытынды ретінде дәптерге толтыруы ұсынылады. | | |

## 8-сынып «Химия» пәнінің оқу бағдарламасына қосымша ұсыныстар

| Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері | Тақырыптар/ Ұзақ мерзімді жоспардың мазмұны | Оқу мақсаты | Сабақ өткізуге ұсынылатын әдіс – тәсілдер | Жүзеге асырылатын құндылықтар | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| **Атомдағы электрондардың қозғалысы мен таралуы, атомдардан иондардың түзілуі** | Атомда электрондардың таралуы. Энергетикалық деңгейлер. № 1зертханалық тәжірибе «Натрий, хлор атомдарының модельдерін жасау» Атомдағы электрондар қозғалысы Иондардың түзілуі | 8.1.3.1 атомда электрондар энергетикалық деңгейлер бойынша таралатынын түсіндіру;<br><br>8.1.3.2 алғашқы 20 химиялық элементтің электрондық конфигурациясын және электронды – графикалық формулаларын құрастыру;<br>8.1.3.3 атомдар электрондарды қабылдай немесе жоғалта алатынын және | Атом құрылысы жайында бейнебаян көрсетуіңізге болады. Содан кейін оқушылардың атомда электрондардың таралуы жайында қабылдауларын тексеріп, түсіндіру жұмысын жасау ұсынылады.<br><br>Атомдағы барлық электрондар бірдей емес – олар түрлі энергияға ие және нақты қабаттарға энергияларына сәйкес таралатындықтарын түсіндіріңіз. | білім және зияткерлік;<br><br>ынтымақтастық және өзара көмек;<br><br>өзін-өзі жетілдіру,<br><br>табандылық пен сенімділік | https://yandex.kz/video/preview/643659383002985600 8<br><br>Презентация, таратпа дидактикалық материалдар<br>*s* және *p* орбиталдарының пішінін үлгілік модельдері<br>Build an Atom (colorado.edu) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қосылыстар формуласын құрастыру | осының нәтижесінде иондар түзілетінін түсіндіру;<br><br>8.1.3.4 «нольдік қосынды» әдісімен қосылыстардың | Әр энергетикалық қабатқа (электрондар) сыйымдылығын түсіндіріңіз.<br><br>*s* және *p* орбиталдарының пішінін үлгілік модельдер арқылы көрсету<br><br>Оқушылар атомның танымал модельдерімен танысады және сыныпқа өздерінің «өзіндік модельдерін» ұсынады. Жасалған модельдің дұрыс - бұрыстығын тексеріп, оқушыларға бағыт-бағдар беру ұсынылады. | | |
| | | | Әр энергетикалық қабатқа (электрондар) сыйымдылығын түсіндіріңіз.<br>s, p, d электрон бұлттары жайында мәлімет беріңіз.<br>Оқушылар алғашқы 20 элемент үшін электрондар таралуын көрсететін кестені құрайды және электрондар таралуының стандартты реттілігін пайдаланады.<br>Элементтің электрондық формуласын, конфигурациясын жазу алгоритмін ұсынып, түсіндіріңіз.<br>Оқушылар атомдарды | білім және зияткерлік;<br><br>ынтымақтастық және өзара көмек;<br><br>өзін-өзі жетілдіру,<br><br>табандылық пен сенімділік; | https://yandex.kz/video/preview/6436593830029856008<br><br>Презентация, таратпа дидактикалық материалдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | электрондық қабаттар диаграммалары түрінде таныстырады.<br>2 период элементтердің конфигурацияларының жазылу үлгісіне қарай отырып, оқушылардың 3 период элементтернің электрондық конфигурациясын дұрыс жазуына бағыт беріңіз. | | |
| | | | Аяқталған сыртқы қабат атомды белсенді етпейтінін түсіндіріңіз. Сондықтан атомдар электрондарды қосып немесе беріп өзінің сыртқы қабатын толтырады, нәтижесінде қосылыстар түзіледі. Асыл (инертті) газдар – 18 топ элементтері туралы тиісті бейнематериалды пайдаланып қысқаша айтыңыз. Олардың төменгі белсенділігіне баса назар аударыңыз. Оқушылардан олардың ортақ ұқсастықтарын сұраңыз (толық сыртқы электрондық қабат). Элементтерден иондар пайда болу барысында «Дуплет» және «октет» түзу ерекшеліктерін түсіндіріп өтіңіз; | білім және зияткерлік;<br><br>ынтымақтастық және өзара көмек;<br><br>өзін-өзі жетілдіру,<br><br>табандылық пен сенімділік; | https://yandex.kz/video/preview/1844407768655283530<br><br>Презентация, таратпа дидактикалық материалдар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Осыған қалай қол жеткізуге болатынын сұраңыз.<br>Төрт электронмен алмасу – максималды болып табылатынын түсіндіріңіз.<br>Оқушылардан атомға электрондардың қосылуы не беріп жіберілуі қалай әсер ететінін сұраңыз.<br>Қарапайым бинарлық иондық қосылыс мысалында «бір электронның беріліп жіберуі немесе қосылуы» нәтижесінде қосылыс түзілуін көрсетіңіз.<br>Катиондарды электрондарын беріп оң зарядталатынын, аниондарды электронды қабылдап теріс зарядталатынын түсіндіріп өтіңіз;<br>Оқушыларды шартты түрде атомдар деп атаңыз. Олар сыныпта басқа оқушылармен (атомдармен) қосылыстар түзеді деп ұсынып көріңіз. | | |

**«Биология» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Оқу бағдарламасын жүзеге асыру, ең алдымен, мұғалімнің қажырлы еңбегі мен терең білімін талап етеді. Алдында отырған әрбір оқушыға сапалы білім беру үшін әр мұғалім заманауи ақпараттық-коммуникациялық дағдыларды меңгерген үнемі дамып келе жатқан биологияның жаңалықтары туралы білуі керек.

Білім беру мұғалімдерінің алдына қойылған міндеттердің бірі – оқыту әдістері мен әдістерін үнемі жетілдіру және педагогикалық технологияларды игеру. Бұл білімнің есте қаларлық болуы үшін сабақты үнемі түрлендіру, әр сабақта қызықты әдістер мен әдістерді қолдану қажет.

Оқу бағдарламасын жүзеге асыруда педагог білім алушылардың бойында негізгі құндылықтарды сіңіруге атсалысуы қажет. Әрі қарай мұғалімдерге ұсыным ретінде бөлімдер бойынша құндылықтарды ескере отырып, тақырыптық жоспарлауға ұсынымдар 7-сыныптың үлгісінде кесте түрінде берілді.

| Бөлім (бөлімше) | Тақырыптар, мазмұны | Оқу мақсаттары | Сабақты өткізуге ұсынылған әдістер мен оқыту түрлері | Құндылықтар | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1-тоқсан | | | | | |
| 1. Тірі ағзалардың көптүрлігі. Тірі ағзалардың құрылымы мен қызметтері 1-бөлімше.Жасушалық биология. Тірі ағзаларды ұйымдастыру деңгейлері. | Жасуша- тірі ағзаның негізгі құрылымдық бірлік. Жарық микроскобы арқылы көрінетін органоидтар: пластидтер, вакуоль, ядро, жасуша мембранасы, жасушалық қабырға. | 7.1.1.3 эукариот жасушаның құрылысын зерттеу | Оқыту түрлері: фронтальды, топтық, жеке, жұптық. Әдіс-тәсілдер: ауызша, көрнекілік, практикалық, түсіндірмелі - иллюстрациялық, ақпараттық, ізденушілік, проблемалық, зерттеушілік, рөлдік ойын, іскерлік ойын, АКТ, кластер, пікірталас, эвристикалық әңгіме. Әдістемелік әдістер: логикалық – белгілерді анықтау, нысандарды салыстыру, қорытындылау, жалпылау | 6) білім және зияткерлік | Оқулық 7-сынып Кестелер Эукариот жасуша құрылысы Микропрепараттар https://ppt-online.org/24640 |
| | Прокариоттық және эукариоттық жасушалардың құрылысы: ядро, жасуша қабырғасы, пластидтер, | 7.1.1.4 эукариотты және прокариотты жасушалардың құрылысын салыстыру | Оқыту формалары: фронтальды, топтық, жеке, жұптық Әдіс-тәсілдер: ауызша, көрнекілік, практикалық, түсіндірмелі - иллюстрациялық, | 6) білім және зияткерлік | Оқулық 7-сынып Кестелер Эукариот жасуша құрылысы Микропрепараттар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | митохондриялар, рибосомалар, Гольджи аппараты, эндоплазмалық тор, лизосомалар мен вакуольдің болуы және орналасуы. Өсімдіктер мен жануарлар жасушаларын салыстыру | | ақпараттық, ізденушілік, проблемалық, зерттеушілік, рөлдік ойын, іскерлік ойын, АКТ, кластер, пікірталас, эвристикалық әңгіме. Әдістемелік әдістер: логикалық – белгілерді анықтау, нысандарды салыстыру, қорытындылау, жалпылау | | https://ppt-online.org/24640<br><br>Прокариотты жасушаның құрылысы https://ppt-online.org/147918 |
| 1. Тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылысы және қызметі. 2-бөлімше. Тірі ағзалардың әртүрлілігі. | Төменгі сатылы өсімдіктер. Споралы өсімдіктер. | 7.1.2.5 Төменгі сатылы және споралы өсімдіктердің ерекше белгілерін тану | Оқыту формалары: фронтальды, топтық, жеке, жұптық Әдіс-тәсілдер: ауызша, көрнекілік, сарамандық, түсіндірме-иллюстрациялық, ақпараттық, ізденушілік, проблемалық, зерттеушілік, рөлдік ойын, іскерлік ойын, АКТ, кластер, пікірталас, эвристикалық әңгіме. Әдістемелік әдістер: логикалық – белгілерді анықтау, нысандарды салыстыру, қорытындылау, жалпылау; техникалық – жабдықтарды пайдалану. | 6) білім және зияткерлік | Оқулық 7-сынып Кеппешөптер Кесте Төменгі сатылы өсімдіктер https://ppt-online.org/191671 Кесте споралы өсімдіктер https://ppt-online.org/21826 |
| | Дихотомиялық әдіс. Дихотомиялық кілттерді пайдалану. | 7.1.2.9 Нақты ағзаларға қарапайым дихотомиялық кілттерді қолдану. | Оқыту формалары: фронтальды, топтық, жеке, жұптық Әдіс-тәсілдер: ауызша, көрнекілік, сарамандық, түсіндірме-иллюстрациялық, ақпараттық, | 3) денсаулық және әл-ауқат 6) білім және зияткерлік | Оқулық 7-сынып Сәйкестендіру карталары. Өсімдіктер, жануарлар атласы. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | ізденушілік, проблемалық, зерттеушілік, рөлдік ойын, іскерлік ойын, АКТ, кластер, пікірталас, эвристикалық әңгіме.<br>Әдістемелік әдістер: логикалық – белгілерді анықтау, нысандарды салыстыру, қорытындылау, жалпылау; техникалық – жабдықтарды пайдалану. | | |

**«География» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Географиялық білім мазмұны 7, 8, 9-сыныптарда мақсаттар жүйесінің қажеттілігіне орай 68 сағаттық көлемде қарастырылып, сарамандық жұмыстар есебінен білім алушылардың картографиялық, геоинформатикалық біліктіліктерін қолдана алуына, Stem, ГАЖ технологияларын пайдалану мүмкіндіктері қалыптасады. 10-11-сыныптарда география ғылым ретінде адамзат тіршілігіндегі орны анықталып, бейіндік бағытта дамытылады.

Географиялық объектілер, процестер, құбылыстар және заңдылықтар, олардың уақыт пен кеңістіктегі өзара байланысы мен дамуы туралы арнайы мазмұнды меңгеру кезіндегі оқушылардың жас ерекшеліктерін, логикалық ойлауы мен ғылым негіздерінің тіркесін бағамдайтын оқу пәнінің логикасы болу керек. Қазіргі кезеңдегі оқу материалдарының құрылымы мен мазмұнын анықтауда оқушылардың іргелі білім-дағдыларын ізгілендіру, әлеуметтендіру, экономикаландыру, гуманизацияландыру бағыттары қажет. Қолданбалы сипаттағы басты мақсат – оқушылардың практикалық іс-дағдыларын қалыптастыру. Оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны жеке тұлғаны оқытудың дидактикалық принципіне емес, оқытудың мазмұндық және процессуалдық жағына негізделеді.

«География» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Географиялық білім мазмұны 7, 8, 9-сыныптарда мақсаттар жүйесінің қажеттілігіне орай 68 сағаттық көлемде қарастырылып, сарамандық жұмыстар есебінен білім алушылардың картографиялық, геоинформатикалық біліктіліктерін қолдана алуына, Stem, ГАЖ технологияларын пайдалану мүмкіндіктері қалыптасады. 10-11-сыныптарда география ғылым ретінде адамзат тіршілігіндегі орны анықталып, бейіндік бағытта дамытылады.

Географиялық объектілер, процестер, құбылыстар және заңдылықтар, олардың уақыт пен кеңістіктегі өзара байланысы мен дамуы туралы арнайы мазмұнды меңгеру кезіндегі оқушылардың жас ерекшеліктерін, логикалық ойлауы мен ғылым негіздерінің тіркесін бағамдайтын оқу пәнінің логикасы болу керек. Қазіргі кезеңдегі оқу материалдарының құрылымы мен мазмұнын анықтауда оқушылардың іргелі білім-дағдыларын ізгілендіру, әлеуметтендіру, экономикаландыру, гуманизацияландыру бағыттары қажет. Қолданбалы сипаттағы басты мақсат – оқушылардың практикалық іс-дағдыларын қалыптастыру. Оқу пәнінің құрлымы мен мазмұны жеке тұлғаны оқытудың дидактикалық принципіне емес, оқытудың мазмұндық және процессуалдық жағына негізделеді.

7-9-сыныптың «География» пәнінің оқу бағдарламасы табиғи құбылыстарды зерттеуге байланысты зерттеу аумақтарының, географиялық ерекшеліктерін, теориялық зерттеулер мен ғылыми түсініктер жүйесін қамтуды және дидактикалық өңдеу міндеттерін қойып отыр. Бұл мәселелер оқу материалының бүкіл мазмұны арқылы өтетін болуы тиіс.

Бүгінгі таңда географияның 7-9-сыныптардағы курстарында болашақ білім алушылардың картографиялық, геоэкологиялық, жаратылыстану, сауаттылығын қалыптастыруға ықпал етуге арналған тұрақты даму үшін білім беру тұжырымдамасы қажет. Географиялық білімнің жоғары сапасын ғана емес, сонымен қатар кәсіби қызметке дайындықты қалыптастыруда үлкен рөл атқаруы керек. Білім алушының сапалы географиялық дайындығы оның болашақ кәсіби икемділігі, кәсіби өмір бойы ұтқырлығы үшін негіз болып табылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «География» пәні бойынша оқу бағдарламасының мақсаттары қысқартылып оңтайландыру нәтижесінде күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге басты назар аударылады.

Сондай-ақ оқытудың әдістемелері мен педагогикалық технологиялары негізінде қазіргі оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келтіру, оның ішінде оқу пәнін тереңдетіп оқытуды (бейіндік оқытуды) ұйымдастыру үшін қажет.

«География» оқу пәні бағдарламасының ерекшелігі – географиялық білімді қалыптастыруда әртүрлі дағдыларды, соның ішінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық білім қорын дамытуға назар аударылады. Оқыту мақсаттарының жүйесі оқушыларға мемлекеттік стандартта көрсетілген құндылықтарды дарытуға негізделген.

География сабақтарында қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек және шығармашылық, ашықтық, ынтымақтастық, өмір бойы білім алу құндылықтарын іске асыруға назар аударылады. Мұның бәрі оқушылардың функционалдық сауаттылығы өмірлік мәселелерді шешуге, өзгеріп жатқан сыртқы әлем жағдайында сәтті бейімделуге және өзін әртүрлі іс-әрекетте жүзеге асыруға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттер мен ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерін игерудің қажетті, жеткілікті деңгейімен сипатталады және бұл оқушылардың білім алуының негізгі деңгейі ретінде қарастырылады.

«География» пәні аралық ғылым ретінде танымның жаңа салаларын қамтитындықтан заман талабына сәйкес мұғалімінің жұмысы да жаңаша ақпараттық технологиялар мен геоақпараттық жүйелермен тікелей байланысты. Оны біз пән бағдарламасы мазимүныңдағы бөлім атауларынан көре аламыз.

Жоғары мектептегі «География» пәнінің міндеттері:

- білім алушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамыту;

- геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамыту;

- білім алушыларға картографияны, геоэкологияны, геоэкономиканы, геосаясатты, елтану мен адамзаттың ғаламдық проблемаларын зерттеу барысында геокеңістіктік деректерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдану үшін жағдай жасау;

 білім алушының бойында қазіргі дүниенің географиялық көрінісін іс әрекеттер арқылы зерттеп-тану барысында құндылықтар жүйесін қалыптастыру;

 геокеңістіктік әдістер және деректермен жұмыс істейтін мамандық пен кәсіп иелері атқаратын әрекеттерді орындату арқылы оқушыларға кәсіби бағдар беру.

«География» пәні бойынша оқу бағдарламасының аясында білім алушылардың зерттеу ісәрекетінің ұйымдастырылуына назар аудару қажет.

Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұндық негізіне құрылған, оқу материалын зерделеуге арналған шиыршық түрдегі қағидасын, сондай-ақ сыныптар мен тоқсандар бойынша алдыңғы сыныптарда өткен тақырыптарды қайталау арқылы материал мазмұнын құрылымдауды есепке алған жөн. Олар:

– жұмыстың тізбектік кезеңдерін ұйымдастыру;

– әр сабақты өту мен оқытудың мақсаттарын айқындау;

– сабақ беру мен оқытудың нәтижелерін өлшеу әдістемесін бекіту;

– күтілетін нәтижелерге қол жеткізу мақсатында оқыту мен сабақ берудің міндеттерін айқындау;

– оқытудың барлық кезеңінде мақсатқа бағытталған оң динамиканы қамтамасыз ету;

– барлық білім алушыларды оқыту процесіне тарту мақсатында стратегиялық жоспарлау.

Осыған байланысты сабақтың өту және оқыту мақсаттарын реттеуді айқындайтын келесі сұрақтар туындауы тиіс: Сіздің ойыңызша білім алушылар қандай білімді меңгеруі тиіс? Білім алушылар қандай кілттік идеяларды ұғынуы тиіс? Білім алушылар қандай мәселелерді зерттеуі және талдауы тиіс? Мәселен, оқыту мақсаттары (Блум бойынша). Білім алушылар: … біледі. … түсінеді. ... ойланады. Орта мерзімді жоспарлауды әзірлеу барысында пайдаланылатын сабақ берудің белсенді стратегиясын, сабақтардың мақсатын жазу, оқытудың нәтижелерін айқындау үшін, бағалаудың әдістері мен әр сабаққа қажетті ресурстардың тізімін жасау үшін арнайы кестенің формасын пайдалануға болады

Қазақстан географиясын оқытудың өзіндік ерекшеліктері бар:

Біріншіден табиғи әртүрлілік: Қазақстанның табиғи географиясы таулар, plains, шөлдер, өзендер мен көлдермен түрліленген. Бұл әртүрлілік оқушыларға табиғаттың әртүрлі элементтерін зерттеуге мүмкіндік береді.

Климаттық ерекшеліктер: Қазақстанның климаты өте әртүрлі, қысы суық, жазы ыстық. Оқушыларға климаттың адам өміріне және шаруашылығы мен табиғатқа әсерін түсіндіру маңызды.

Тарихи және мәдени аспектілер: Қазақстан географиясын оқытуда еліміздің тарихы мен мәдениеті туралы ақпаратты интеграциялау маңызды. Көшпелі халықтардың дәстүрлері мен өмір сүру тәсілдері географиямен тығыз байланысты.

Экономикалық география: Қазақстанның бай табиғи ресурстары, мысалы, мұнай, газ, уран, минералдар, оқушыларға экономикалық географияны тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Экологиялық мәселелер: Қазақстандағы экологиялық мәселелер, мысалы, Арал теңізінің қысылуы, экологиялық таза технологиялар туралы талқылау. Оқушыларды экологияға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу.

Интерактивті оқыту: Географияны интерактивті құралдар, карталар, модельдер және мультимедиа қолдана отырып оқыту білім процесін қызықты етеді.

Геосаяси жағдай: Қазақстанның геосаяси орналасуы, көршілес елдермен қарым-қатынасы, халықаралық интеграция мәселелері де маңызды.

Осындай ерекшеліктер Қазақстан географиясын оқытуды ерекше және қызықты етеді, сонымен қатар оқушылардың кең ауқымды білім алуына мүмкіндік береді.

Осыған орай оқу бағдарламасында Қазақстан географиясы тек 9 сыныппен шектеліп қалмайды. Шиыршық тәсіліне сай 7-сыныптан бастап Қазақстан контентінде 7,8-сынып мақсаттарына сай айтылады. Ал 10-11 сыныптарда Қазақстанның әлемдік экономикаға,геосаясатқа қатысты тақырыптары жалғасын табады. Нәтижесінде Қазақстан географиясын оқыту 7-11 сыныптар аралығындағы мақсаттарда бар болғандықтан мазмұнды толықтай игеруге болады.

Сондай-ақ оқытудың әдістемелері мен педагогикалық технологиялары негізінде қазіргі оқушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес келтіру, оның ішінде оқу пәнін тереңдетіп оқытуды (бейіндік оқытуды) ұйымдастыру үшін қажет.

«География» оқу пәні бағдарламасының ерекшелігі – географиялық білімді қалыптастыруда әртүрлі дағдыларды, соның ішінде жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық білім қорын дамытуға назар аударылады. Оқыту мақсаттарының жүйесі оқушыларға мемлекеттік стандартта көрсетілген құндылықтарды дарытуға негізделген.

**«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

«Қазақстан тарихы» пәні мазмұны қазақ халқының, қазақ жерінің қазақ мемлекеттілігінің, қазақ мәдениеті мен өнерінің тарихы, қазақ мифологиясы,

этногенезі мен шығу тегі және тектілігі, қазақтың әскери тарихы, қазақ батырлары мен елшіліктерінің тарихы, қазақ даналарының, ел билеген би-шешендерінің, қазақ хандарының, сұлтандарының тарихын қамтиды.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің оқу мақсаттары білім алушылардың бойында тарихи дереккөздерді интерпретациялау, уақыт пен кеңістікте бағдарлану, тарихи талдау және түсіндіру дағдыларын дамытуға яғни тарихи ойлаудың базалық дағдыларын қалыптастыруға негізделген.

Жаңа мазмұнда тарихты оқытуда білім алушыларда қоғам дамуының тұтас бейнесін, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және тарихи ойлау дағдыларын дамыту кешенді түрде жүзеге асырылуы қажет.

Пән бойынша тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру және оқу мақсаттарын тиімді жүзеге асыру төмендегі тарихи концептілерге негізделеді:

– өзгеріс және сабақтастық (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады немесе не өзгеріссіз қалды );

– себеп және салдар (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті, оның салдарлары қандай);

– дәлел (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

– ұқсастық пен айырмашылық (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

– маңыздылық (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

– интерпретация (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи концептілер негізінде оқыту тарихи оқиғалардың мәні мен маңыздылығын, процестер мен оқиғаларды «тез түсінуге» бағытталған, бұл пәннің мағынасын терең түсінуге көмектеседі.

Бағдарламада 5-сынып білім алушыларына арналған тарихтың базалық мазмұны білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай (алдын ала оқыту) – бұл өзіндік кіріспе, курс, басқалардан мазмұнын іріктеумен ерекшеленетін қолдануға бейімделген баяндау болып табылады. Оның негізгі міндеттері мыналар: интегративті бастапқы сатыдағы білім беру, қарапайым білім беру негізгімен байланысты ұсынымдар сипаттамаларымен (уақыт, адамдардың кеңістігі, өмір салты, іс-әрекеттер жеке тұлғалардың мәдениеті, тарихи дереккөздер және т.б.), қызығушылықтарын оятатын және пәнге қызығушылықты дамытады.

Пән мазмұнын зерделеуде білім алушылардың алған білім, біліктері мен дағдылары болашақта оқуды жеңілдету ғана емес орта білім берудегі тарихты басқа сыныптарда, жүйелі игеруге негіз болуы тиіс. Сондықтан оқу процесінде білім алушылардың ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымын қалыптастыруға бағытталатын, білім алушылардың зерттеліп жатқан дәуірді тереңірек түсіне алуына жәрдемдесетін өткен уақыттағы оқиғаларды қайта құруға арналған дидактикалық рөлдік ойындарды қолдану ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәнінің 5-9-сыныптарға арналған үлгілік оқу

бағдарламасы мазмұнына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес оқу процесінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып оқытудың әдіс-тәсілдерән тиімді қолдану ұсынылады.

5- сыныпта бастауыш білім беру деңгейінде қалыптасқан білім, білік, дағдыларын одан әрі жетілдіре отырып, тарихтағы жыл санауды дұрыс қолдана білуге, оқиғаларды талдауға, олардың негізгі себептерін табуға, контур картаны қолдану арқылы картографиялық дағдыларын қалыптастыруға, тарихи ұғымдардың белгілерін ажыратып көрсетуге, тарихи картадан елдердің тарихи-географиялық орнын анықтай білуге, тарихи фактілерді талдап, салыстыра отырып, қарапайым қорытындылар жасауға, сұрақтар бойынша түрлі тапсырмаларды орындауға, негізгі тарихи даталарды есте сақтай білуге және т.б. байланысты түрлі тапсырмалар арқылы жаттықтыру ұсынылады.

Бағдарламаның ең басты ерекшелігі – ортағасырлар тарихын екі үлкен кезеңге бөліп оқыту. Білім алушылар 6-7-сыныптарда берілген білім мазмұны бойынша меңгерген білімдерін одан әрі бекіту мақсатында:

– синхрондық кестелер сызу,

– тарихи мәтіннің кеңейтілген жоспарын жасау,

– тарихи қайраткерлердің, тарихи құбылыстардың, үрдістердің қысқаша салыстырмалы сипаттамасын беру;

– бірыңғай тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу;

– тарихи карталар мен сызбалардың мазмұнын өз әңгімелеуде пайдалану;

– мәтіндегі кейбір мәселелерді өздігінше оқып, меңгеру;

– басқалардың жауабына ауызша пікір айтуға дағдыландыратын тапсырмаларды және оқытудың әдіс тәсілдерін тиімді қолдану ұсынылады.

Ал 8 сыныпта білім алушылар бағдарламаға сай берілген білім мазмұны бойынша:

– конспект, баяндама, карта-сызба, салыстырмалы кесте, диаграмма жасауға жаттығады;

– көрсетілген әдебиеттерді, сөздіктерді, түрлі деректерді, каталогтарды пайдалана алады;

– пікір айту, тарихи фактілерді талдау, қорытынды жасау, күрделі емес тарихи ұғымдарға өздігінше анықтама беру, алған тарихи білімдерін, жаңа тарихи білімдерді талдағанда, оларды бір-бірімен салыстырғанда және қорытынды жасағанда қолданады;

– қоғамдық-саяси, мемлекеттік құжаттар үзінділерімен жұмыс жасауды үйренеді, тарихи оқиғалар мен құбылыстардың себептерін, салдарын, маңызын және таптық мәнін талдап, салыстыра алады.

Бағдарламаға сай 9-сынып білім алушылары үшін берілген білім мазмұны бойынша қалыптасатын білім, білік дағдылар қарапайымнан күрделене түседі. Сәйкесінше оқыту мақсаттары да шиыршық принципімен берілген.

Оқыту мақсаттарын оқу процесінде жүйелі жүзеге асыруда білім алушыларды тарихи құжаттарды, басқа әдебиеттер мен бірнеше деректерді

пайдалана отырып, өздігінше конспект, реферат, тезис, зерттеу жұмысы, зерттеу жобасы, баяндама, презентация және т.б. әзірлеуге дағдыландыру ұсынылады. Алған теориялық білімдерін пайдалана отырып, оқытылып отырған тарихи оқиғалар мен фактілерге баға беруге, тарихи картаның мазмұнын толық ашып көрсетуге бағыттау қажет.

Білім мазмұнын оқу процесінде тиімді жүзеге асыруда тарихи материалдарды ауызша хабарлау әдістері, тарихи көрнекі құралдар көмегімен оқыту, түрлі мәтіндермен жұмыс істеуге негізделген әдістерді қолдану ұсынылады. Сонымен қатар, сабақ барысында педагог пен білім алушының атқарған жұмысы және сол жұмысты ұйымдастыруда пайдаланылған құрал да шешуші рөл атқарады.

Педагогтің ауызша баяндауы және тарихты әңгімелеуі- иллюстрациялап түсіндіру әдісі барысында педагог пен білім алушылар да қатар қызмет етеді.

Білім алушыларға қажетті біліктерді қалыптастыруды көздейтін әдіс-репродуктивті болып табылады. Өтілген тарихи оқиғаны бұрын оқытылып кеткен ұқсас оқиғалармен салыстырып, ұқсас белгілері мен ерекшеліктерін табады, өтілген материал бойынша жоспар жасайды, тарихи фактілерге өздігінше баға береді, теориялық қорытындыларға, тұжырымдарға тарихтан, өмірден өздігінше нақты мысалдар келтіреді, түрлі сызбалар, кестелер сызады.

Проблемалық оқыту әдісі – педагог белгілі бір маңызды мәселесін түсіндіруде проблеманы дұрыс қоя білу, оның шешілуі туралы ғылыми болжам жасауға бағыттау, соған жетудің әртүрлі жолдарын, нұсқаларын ұсынумен сипатталады. Білім алушылар проблеманы зер сала тыңдап, проблеманы шешу логикасын қадағалайды, алдын ала жасалған ғылыми болжамдарды, шығарылған қорытындылардың қайсысының қаншалықты дұрыстығын, дәлелдігін аңғарады. Бұл білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын дамытуға, тарихи деректерді дұрыс қолдана білуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдісі – шығармашылықпен жұмыс істеу тәсілін және білім мен біліктерді толық үйретіп, меңгеруді мақсат етеді. Ғылыми тұрғыда танып білудің тәсілдерін меңгеруге көмектеседі, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыландырады. Соның нәтижесінде білім алушылар білімді толық әрі саналы түрде меңгереді және оны ұтымды орынды қолдана алуға үйренеді. Білім алушылардың іс-әрекетін, ойлау, таным қызметін дамытуға бағытталған бұл әдістерді жоспармен, жүйемен жүргізу ұсынылады

Пән мазмұнына оқыту мақсаттарына сәйкес әңгіме, дәріс, экскурсия, мұражай жәдігерлері, басқа да тарихи құжаттың, тарихи объектінің көшірмесі не суретінің көмегімен жүзеге асырылатын ақпаратты-рецептивті әдісті қолдану ұсынылады. Аталған әдіске сәйкес құжат, сурет, әңгіме, дәріс, экскурсия оқу процесінде ұштастырыла пайдаланылады.

Қайта еске түсіру немесе репродуктивті әдіс тарихты оқыту барысында белгілі бір мәтінмен ауызша, жазбаша жаттығуларды, басқа да оқу қызметтерін өздігінше орындауы арқылы жүзеге асады. Ол қайта еске түсіру арқылы жүргізіледі. Проблемалық баяндауда -ақпаратты-рецептивті әдісте қолданылған жұмыс түрлері мен құралдар пайдаланылады. Кейде айтылған хабардың мазмұны басқаша да болуы мүмкін. Тапқырлық немесе эвристикалық әдіс-

әңгімелесуді, ізденуді талап ететін тапсырмаларды педагогтің көмегімен орындауды (қиындық келтірген жағдайды), білім алушылардың іс-әрекетіне дұрыс бағыт беру үшін педагогтің толықтырушы жағдайлар туғызуын көздейді.

Зерттеу әдісі- зерттеу сипаты бар тапсырмаларды беру арқылы орындалады. Берілген проблеманы шешуге білім алушылар белсене қатысуы үшін немесе шешілу жолдарын толық аңғаруы үшін білім негіздері қажет: проблеманы шешуге қажетті фактілер мен білімдер, проблеманы шешуге қатысты жалпы қағидалар, проблеманы шешетін тәсілдерді меңгерту немесе білім алушылардың сол тәсілдерді өздігінше табуына жағдай жасау, проблеманың шешілуін тексеруге, оның негізділігін, логикалық дұрыстығын анықтауға немесе оның дұрыс шешілгендігін талдап дәлелдеуге, қажет болған жағдайда өзгертулер енгізуге білім алушыларды белсенді қатыстыру ұсынылады.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығы олардың базалық білім деңгейі игеруге қажетті және жеткілікті құзыреттерімен және ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдерімен өмірлік проблемаларды шешу, жағдайларға ойдағыдай бейімделу өзгеріп жатқан сыртқы әлемді қалыптастыру және өзін әртүрлі қызмет бағытында тану болып табылады.

Қазіргі уақытта қоғамды ақпараттандыру деңгейі артты, атап айтқанда: ақпарат пен ақпараттық технологиялар қолжетімді болды, бұл коммуникация деңгейін арттырады және жаһандық ақпараттық, оның ішінде білім беру ортасын құруға алып келді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы толқынында «digital-ұрпақ» деп аталатындар өсті, ол үшін «озық» технологияларды пайдаланатын smart-құрылғылар мен гаджеттер өмірлік кеңістіктің міндетті элементтері болып табылады.

Бүгін көптеген мемлекеттер SMART-білім беруді дамытуға бағыт алды («SMART Education» стратегиясы: «Білім берудегі революция арқылы мықты SMART-елге жету жолында»). Smart-оқыту «әрқашан, барлық жерде және кез келген уақытта» білімнің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Оның мақсаты: электрондық ортаны дамыту нәтижелерін білім беру мақсатында пайдалану. Білім беру саласына қатысты SMART-технологиялар: білім алушыларға білімді жеткізу үшін әртүрлі гаджеттерді (смартфондарды, планшеттерді және басқа да ұқсас құрылғыларды) пайдалану; интеграцияланған зияткерлік виртуалды оқыту ортасын қалыптастыру құралы ретінде қолдануды қамтиды.

Smart Education (ақылды білім беру) − барлық білім беру процестерін, сондай-ақ осы процестерде пайдаланылатын әдістер мен технологияларды кешенді жаңғыртуды көздейтін тұжырымдама, бұл контентті әзірлеу, оны жеткізу және өзектендіру процесін жаңаша құруға мүмкіндік береді.

Тарихты оқытуда SMART-білім берудің негізгі қағидаттарына:

1. Оқу бағдарламасында оқу міндеттерін шешу үшін өзекті мәліметтерді пайдалану: білім берудегі және кез келген кәсіби қызметтегі ақпарат ағынының жылдамдығы мен көлемі қарқынды өседі, білім алушыларды практикалық міндеттерді шешуге дайындау үшін қолданыстағы оқу материалдарын нақты

уақыт режимінде келіп түсетін мәліметтермен толықтыру қажет.

2. Білім алушылардың өзіндік танымдық, зерттеу, жобалық қызметін ұйымдастыру. Бұл қағидат білім алушылардың қойылған міндеттерді шешуді, дербес ақпараттық және зерттеу қызметін шығармашылық іздеуге дайындау кезінде басым болып табылады.

3. Бөлінген оқыту ортасында оқу процесін іске асыру. Білім беру ортасы оқу орнының аумағымен немесе қашықтықтан оқыту жүйесінің шектерімен шектелмеуі тиіс. Оқыту үдерісі үздіксіз болуы тиіс.

4. Икемді білім беру траекториялары, оқытуды дараландыру. Білім беру қызметінің алуан түрлілігі білім алушыларға оқу бағдарламалары мен курстарын зерделеу, олардың денсаулық мүмкіндіктеріне, материалдық және әлеуметтік жағдайларына сәйкес оқу процесінде құралдарды пайдалану бойынша кең мүмкіндіктер беруді талап етеді.

Тарихты оқытуға смартфондар, ұялы телефондар, планшеттер және басқа да ақылды құрылғылар қалай көмектеседі? Білім алушылардың білім беру практикасында ұтқыр технологиялар: интернет-энциклопедиялардан ақпарат алу; қажетті ақпаратты іздестіру; сөздерді немесе сөз тіркестерін аудармашы-бағдарлама арқылы аудару; ақпаратты визуалдандыру; бейне лекцияларды қарау онлайн режимінде тестілеу немесе сауалнама жүргізу; әртүрлі зертханалық эксперименттер жүргізу.

Сонымен бірге, тарихты оқытуда дағдылар қажет. Soft Skills - бұл табысты қарым-қатынас жасайтынын көрсететін дағдылардың жиынтығы. Олар өз ойларын анық білдіру, басқаларға көзқарас, өз уақытын тиімді басқару, креативті болу және т.б. қабілеттеріне жауап береді.

Soft skills мысалдары: тез оқу білігі; келіссөздер жүргізуге; шығармашылық ойлау; сыни ойлау; қисынды ойлау. Сыни ойлау - бұл заттар мен ақпаратты талдау, құбылыстарды түсіндіру, оқиғаларды бағалау, сондай-ақ кейіннен объективті қорытындылар жасау үшін қолданылатын пайымдау жүйесі. Сыни ойлау - маңызды soft skills. Сыни ойлау қабілеті дамыған білім алушылардың дағдыларының тұтас жиынтығына ие - бұл байқаушылық және өз көзқарасын негіздей білу, ақпаратты зерделеуге шоғырлану және әртүрлі жағдайларда аналитикалық дағдыларды қолдану қабілеті.

Конструктивті оқыту - оқыту мен түсіну үшін білімді конструктивті өзгертуден тұратын шығармашылық оқыту. Оқытудың конструктивті жүйесі екі кіші жүйеден тұрады: өзін-өзі оқытудың конструктивті жүйесі және оқытудың дәстүрлі және инновациялық нысандары шеңберінде оқытудың интерактивті жүйесі. Екеуі де тарихты оқыту үшін қажет.

Сындарлы оқыту ойлау арқылы білімнің тұтастығын білдіреді. Конструктивті оқыту танымдық қызметке негізделген және білім алушылардың жеке, сондай-ақ топтардағы логикалық операцияларымен сипатталатын шығармашылық тәсілмен жаңа білімді дамыту. Білім алушыларда конструктивті ойлауды қалыптастыру оларға өздерін стандартты емес жағдайларда дұрыс ұстауға, заманауи қоғамға бейімделуге, белсенді дамуға мүмкіндік береді. Демек, бұрыннан бері дұрыс білім беру мен оқытудың қаншалықты маңызды екені анық. Осылайша, екі нысанның дамуы сындарлы ойлау мен

шығармашылық үшін әлеуетті үйлесімді қалыптастырады.

Жетілдірілген білім беру мазмұны аясында тарихты оқыту.

«Қазақстан тарихы» оқу пәнінің оқу мақсаттары шиыршық принципі негізінде дағдыларды дамытуға негізделген. Осыған сәйкес оқыту мақсаты мен тақырыптар оқытудың белгілі бір академиялық кезеңдері өткеннен кейін білім мен дағдылар көлемін біртіндеп тереңдете, күрделене отырып қарастырады. Әр бөлімшенің ішінде жүйелі ұйымдастырылған оқыту мақсаты мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларға оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

Оқу мақсаттарының құрастырылған жүйесі**.** Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы сақталынып, бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың » берілуі көрініс табады.

Құндылықтарды білім беру мазмұны арқылы жүзеге асыру. Құндылыққа-бағдарланған тәсіл – білім алушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік үдерістің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: Қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тиімді оқыту. Білімін функционалдық және шығармашылықта қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін қолдану, топпен және жеке дара жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларды дамытуға негіз болады. Аталған дағдыларды қалыптастыру және дамыту оқытудың әдістері мен тәсілдері арқылы жүзеге асады. Сондықтан тарихты оқытудың әдістері мен тәсілдері мұғалім ұсынған әр түрлі оқыту әрекеттері арқылы білім алушылардың ақпаратты өздігінен табу, әр түрлі кезеңдегі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді талдау, түсіндіру және дәйекті баға беруге негізделген.

Критериалды бағалау – білім алушылардың оқу жетістіктерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес, ұжым ішінде жасақталған, білім алушыға, ата-анаға және мұғалімге түсінікті нақты белгіленген критерийлерге негізделген үдеріс. Білім алушылардың жетістіктерін бір-бірімен салыстырмайды және бір-біріне тәуелді етпейді. Сонымен қатар әр білім алушының құзыреттілік деңгейі туралы ақпарат беруге бағытталады.

**«Әлем тарихы» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Бұл бағдарлама білім алушылардың тарихи санасын, сыни ойлауы мен талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Тарихқа саналы көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығы-бұл білім алушыларға өткенді ғана емес, қазіргі заманды да жақсы түсінуге мүмкіндік береді. «Әлем тарихы» оқу пәні адамзаттың әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі кезеңдерін зерделеуді қамтиды. Оқыту барысында білім алушылар тарихи даму

нәтижесінде қалыптасқан жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесімен танысады. Бағдарлама тарихи оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау және өз зерттеулерін жүргізу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, бұл өз кезегінде коммуникативтік дағдылар мен командада жұмыс істеу қабілетін дамытуға көмектеседі.

Жетілдірілген оқу бағдарламасы білім алушылардың тарихи материалдармен белсенді өзара іс-қимылын көздейді, бұл педагогтан түрлі әдістемелер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бағдарламаны табысты іске асыру білім алушыларда қазіргі қоғамның жаһандануы мен мәдени әртүрлілігі жағдайында ерекше маңызы бар әлем туралы тұтас және көп қырлы идеяны қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Оқу бағдарламасы білім алушылардың тарихи материалдармен белсенді өзара іс-қимылын көздейді, бұл педагогтан түрлі әдістемелер мен тәсілдерді қолдануды талап етеді. Бағдарламаны табысты іске асыру білім алушыларда қазіргі қоғамның жаһандануы мен мәдени әртүрлілігі жағдайында ерекше маңызы бар әлем туралы тұтас және көп қырлы идеяны қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру, «Әлем тарихы» оқу пәні бойынша оқыту мақсаттарын тиімді іске асыру тарихи концептілер негізінде жүзеге асырылады. «Қазақстан тарихы» оқу пәнімен өзара пәндік интеграцияға ерекше назар аударылуы қажет.

«Әлем тарихы» пәнінің оқу бағдарламасы 5-9-сыныптар үшін «Қазақстан тарихы» пәнінің кезеңділігіне сәйкес базалық мазмұн жүйеленді, бұл материалды зерттеудің логикалық дәйектілігін жасауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға тарихи материалдарды дәйекті және логикалық түрде түсінуге көмектеседі. Осы тәсіл арқылы білім алушылар әр түрлі тарихи кезеңдерді біртұтас жүйе ретінде қабылдап, сол кезеңдердің Қазақстанның және әлемнің тарихындағы орнын түсіне алады. Мұндай бағдарлама тарихи оқиғаларды тек ұлттық, аймақтық деңгейде емес, сонымен қатар жаһандық перспективада зерделеу мүмкіндік береді. Осылайша білім алушылардың ел тарихын қалыптастырған негізгі оқиғалар мен процестер туралы тұтас түсінік алуы маңызды.

*Әр сынып бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы жобасы бойынша әдістемелік ұсынымдар*

5-сыныпта:

Тарихқа кіріспе бөлімін білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып енгізу олардың пәнді қабылдауын жеңілдетеді. Пропедевтикалық материал білім алушыларға тарихтың негізгі түсініктерін қалыптастырып, тарихи картамен және уақыт лентасымен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл тәсіл білім алушылардың тарихи оқиғаларды кеңістіктік және уақыттық өлшемде жақсы түсінуіне көмектеседі, сондай-ақ оларға болашақта күрделі тарихи тақырыптарды меңгеруде жүйелі ойлауға мүмкіндік береді.

*Әдістемелік ұсынымдар:*

Тарих нені зерттейді? тақырыбын 5-сынып білім алушыларына оқыту ерекшеліктері олардың жас ерекшеліктеріне, когнитивті және эмоционалды

қабылдау деңгейіне сәйкес болуы керек. Бұл жас тобындағы білім алушылар абстрактілі ұғымдарды толық түсінбейтіндіктен, тарихты қарапайым әрі көрнекі түрде түсіндіру маңызды. Сабақ барысында эмоциялық және когнитивті қызығушылықты ояту арқылы оқыту процесін жеңілдетуге болады.

5-сынып білім алушылары көбіне визуалды ақпаратты жақсы қабылдайды, сондықтан сабақта суреттер, инфографикалар, тарихи карталар және уақыт лентасын кеңінен қолдану қажет. Клио туралы мифологиялық әңгіме арқылы тарихты қызықты түрде таныстыру, білім алушылардың назарына Клионың тарихи жазбалары мен атрибуттарын көрсету арқылы оқушылардың қиялын дамытуға болады. Бұл әдіс абстрактілі ұғымдарды нақты және көрнекі етуге көмектеседі. Сонымен қатар 10-11 жастағы білім алушылар ұзақ және күрделі ақпаратты есте сақтауда қиындықтар туындауы мүмкін. Сондықтан мұғалім тарихи материалдарды шағын, құрылымдалған әңгімелер арқылы беруі керек. Мысалы, Клио туралы қысқа әрі қызықты мифологиялық оқиғаны пайдалануға болады. Әңгімелер білім алушылардың эмоциялық қатысуын күшейтіп, олардың зейінін ұзақ уақыт бойы сақтауға көмектеседі.

Білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін ойын элементтерін енгізу ұсынылады. Мысалы, «Клионың құпиялары» ойыны тарихқа деген қызығушылықты арттырып қана қоймай, білім алушыларды белсенді әрекетке тартудың тиімді әдісі болады. Бұл жерде тарихи терминдерді жасырып, олардың мәнін табу ойын түрінде ұсынылады. Мұндай тәсіл білім алушыларға сабақ материалын меңгеруге ойын арқылы мүмкіндік береді.

Mind-map (Ой картасы)әдісі білім алушыларға тарих ұғымын жүйелі түрде түсіндіру үшін ой картасын қолдану. Мысалы, “Тарих нені зерттейді?" деген сұраққа жауап ретінде негізгі тармақтарды ойша бөліп, оны визуалды түрде көрсетуге болады. Білім алушылардың өздері де осындай ой карталарын жасап, ұғымдар арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік алады.

«Клионың тапсырмасы» квест ойыны арқылы тарихи ұғымдарды, оқиғаларды, тарихи тұлғаларды табу үшін сынып ішінде шағын квест ұйымдастыру. Бұл білім алушылардың ойлау, топтық жұмыс жасау және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Storytelling (Тарихи әңгіме) әдісі арқылы сабақ барысында мұғалім Клионың тарихи оқиғаларды сақтағаны туралы мифті шағын сахналандыру немесе қысқа бейнеролик ретінде көрсету арқылы білім алушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз ете алады. Әңгімелеу арқылы білім алушылар тарихты оқиғаның бір бөлігі ретінде қабылдайды, бұл олардың есте сақтау қабілетін жақсартады.

Осы тәсілдер арқылы білім алушылардың тарихи түсініктерді жеңіл және қызықты түрде қабылдауы қамтамасыз етіледі, сонымен қатар олардың тарихи ойлау қабілеті дамиды.

Хронология – уақытты өлшеу туралы ғылым немесе тарихтағы оқиғалардың бірізділігі. Тарих пәнінде хронологияны білу маңызды, себебі тарихи оқиғаларды дұрыс түсініп, салыстыру үшін олардың орын алу реттілігі мен уақытын білу қажет. Бұл білім алушыларға оқиғалар арасындағы себеп-салдар байланысын түсінуге және тарихи процестердің даму динамикасын

көрнекі түрде елестетуге көмектеседі. Білім алушылар хронологияны меңгеру арқылы оқиғаларды уақыт аралығында салыстырып, олардың хронологиялық ретімен танысады. Мұғалім хронологияны үйретуде визуализация мен практикалық жаттығуларды қолдануы қажет. Уақыт лентасы, тарихи карталар, және хронологиялық диаграммалар білім алушыларға тарихи даталар мен оқиғалар арасындағы байланысты жеңіл әрі көрнекі түрде түсінуге көмектеседі.

Тарихи даталарды білу және салыстыру өте маңызды. – уақыттың «біздің заманымызға дейінгі», «біздің заман», «ғасыр», «жыл» сияқты кезеңдерін қолдана отырып, оқиғалардың хронологиялық бірізділігін анықтайды.

«Дүниежүзі тарихы» оқу бағдарламасы мазмұнында Ұлы дала түркі өркениетінің әлемдік тарихтағы маңызы жайындағы ұстанымдар негізінде Көшпелілер өркениеті тарауы ежелгі әлемдегі көшпелілердің рөлін ашу мақсатында енгізілді. Бұл бөлім Қазақстан тарихы пәнімен синхронды оқытылады. Бағдарламаның ерекшелігі – Қазақстан тарихы пәнімен синхронды түрде оқытылуы, бұл білім алушыларға көшпелі өркениеттердің Қазақстан аумағындағы дамуы мен әлемдік тарихи процестердегі рөлін жүйелі түрде түсінуге мүмкіндік береді. Көшпелілер өркениетінің әлемдік тарихтағы маңызы терең және көпқырлы. Түркі халықтары көптеген жаһандық оқиғалардың қозғаушы күші болып, Ұлы Жібек жолы мен сауда желілерінің дамуына, мәдениеттердің өзара ықпалына айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар, көшпелілер әскери өнердің дамуына, мемлекеттер мен империялардың құрылуына ықпал етіп, түрлі халықтардың тарихында елеулі із қалдырды.

*Әдістемелік ұсынымдар:*

Сабақта оқытудың мақсаты - көшпелі өркениет және оның әлемдік тарихтағы маңызы туралы білімді қалыптастыру, сыни ойлау дағдыларын дамыту және интерактивті оқыту әдістері арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру. Сабақ алдында көшпелі өркениеттің негізгі аспектілері: оның мәдениеті, экономикасы және тарихқа әсері туралы сенімді пікірталас жүргізу үшін материалды зерттеу маңызды. Сондай-ақ, сынып үшін қандай интерактивті әдістер тиімді болатынын анықтау керек (мысалы, топтық жұмыс, миға шабуыл, рөлдік ойындар) және цифрлық-мультимедиялық ресурстар, жұмыс карталары сияқты қажетті оқу материалдарын дайындау ұсынылады.

5-сынып білім алушылары үшін интерактивті әдістердің қолайлы болуы олардың жас ерекшеліктерін ескергенде өте маңызды. Сабақта мынандай әдістерді қолдануға болады:

Топтық жұмыс арқылы білім алушыларды шағын топтарға бөліп, әрбір топқа көшпелі өркениетке қатысты белгілі бір тақырыпты (мәдениет, экономика, тарих) зерттеуді тапсыру. Бұл әдіс олардың бір-бірімен ой бөлісіп, ақпаратты терең түсінуіне көмектеседі.

Рөлдік ойындар арқылы білім алушылар көшпелі халықтардың көшбасшылары, саудагерлері немесе әскери қолбасшылары рөлін ойнай алады. Оларға белгілі бір тарихи оқиғадағы әрекеттерін сипаттап, талқылауға тапсырма беруге болады. Бұл әдіс сабақтың танымдық жағын күшейтеді.

“Көшпелі өркениет өркениеттің дамуына қалай әсер етті?" деген тақырыпта екі жақты пікірталас/дебат ұйымдастыру. Білім алушылар бір-бірінің пікірін тыңдап, өз ойларын дәлелдеуге үйренеді.

Сондай-ақ, цифрлық-мультимедиялық ресурстарды қолдану маңызды, мұғалім сабақта көшпелілердің өмірін суреттейтін бейнематериалдар, инфографикалар немесе виртуалды турлар қолдана алады. Бұл тәсіл білім алушылардың қызығушылығын арттырып, сабақ материалын жақсы қабылдауға ықпал етеді.

Жұмыс карталарын қолдану - көшпелі халықтардың қоныс аудару жолдарын көрсететін жұмыс карталарын дайындап, білім алушыларға географиялық орналасу мен тарихи оқиғалар арасындағы байланысты түсіндіруге болады.

Көшпелі өркениет тақырыбын оқыту кезінде мұғалім білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес инновациялық әдістерді қолдана отырып, тарихты қызықты және түсінікті түрде жеткізуге көңіл бөлуі керек. Цифрлық және мультимедиялық құралдарды пайдалану, сондай-ақ интерактивті әдістерді енгізу білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Орталық Азия көшпенділерінің ежелгі әлемнің тарихи процестеріне әсерін көрсету мақсатында 8) Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері тарауы жаңадан енгізілді.

*Әдістемелік ұсынымдар:* "Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері" сабағы көшпенділердің ежелгі әлемнің тарихи процестеріне әсерін ашуға бағытталған. Сабақ барысында оқушылар Орталық Азияның ежелгі мемлекеттерінің негізгі сипаттамаларымен, олардың мәдениетімен, экономикасымен және саясатымен және мәдени жетістіктерімен, сауда жолдарымен және көрші мемлекеттермен өзара іс-қимылымен танысады. Білім алушылар нақты мемлекеттермен, олардың мәдениетімен немесе тарихымен байланысты жобалармен жұмыс істеу ұсынылады. Мультимедиялық презентация, көрме немесе театрландырылған қойылым қойғызуға болады.

Шағын зерттеу. Білім алушылар кітаптарды, мақалаларды, деректі фильмдерді және онлайн ресурстарды пайдалана отырып мини-зерттеу жүргізу ұсынылады. Ұсынылған дереккөздердің тізімін дайындаңыз және білім алушыларды ақпарат іздеу процесіне бағыттаңыз.

Көрме жасау-таңдалған мемлекеттің әртүрлі аспектілерін бейнелейтін артефактілермен, модельдермен немесе плакаттармен көрмені ұйымдастыру.

Театрландырылған қойылым-оқушылар тарихи оқиғаларға немесе мәдени дәстүрлерге негізделген көріністер көрсете алады. "Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері" тақырыбы бойынша жобалық оқыту оқушыларға ақпаратты игеріп қана қоймай, ынтымақтастық, сыни ойлау және өз идеяларын тиімді жеткізе білу сияқты өмірлік маңызды дағдыларды дамытуға көмектеседі.

Қолданыста 6-сыныпта оқытылып жатқан Орта ғасырлар тарихы кезеңі ұсынылған жобада осы кезеңді тереңірек зерделеу және Қазақстан тарихының құрылымдық кезеңдеуіне байланысты кеңейтілді. Базалық білім мазмұнында Ерте орта ғасырлар кезеңі VI ғ. бастап XIII ғ.басына дейінгі дәстүрлі қоғамның

дамуы, әлемдік діндердің үстемдігі тарихи материалдармен толықтырылды. Педагог бағдарламаның сабақтастық және нақтылық қағидаларын сақтай отырып сабақты ұйымдастыру ұсынылады.

Бағдарламаның мақсатылық және сабақтастық, прогрессия қағидаларының негізін сақтау мақсатында Франк мемлекетінің құрылуы және ыдырауы енгізілді. Франк империясы туралы ақпарат дерексіз құрылымдарға емес, феодализмнің ерекшеліктерін мысал арқылы қарастыру ұсынылады. Шығыс пен Батыс феодалдық қоғамдарындағы жериелену ерекшеліктерін көрсету мақсатында құрылды. Батыс Рим империясы ыдырауы нәтижесінде сол аумақта құрылған мемлекеттерді көрсету мақсаты көзделді. Орта ғасырлардағы діннің ықпалын көрсету мақсатында Орта ғасырлардағы ислам, Орта ғасырлардағы католиктік шіркеуі Ерте орта ғасырлардағы ғылым мен мәдениет тақырыптарын оқытуда қосылды. Орта ғасырлардағы діннің әсері туралы сабақта ислам мен католик шіркеуінің ғылым мен мәдениеттің дамуындағы рөліне ерекше назар аударылады. Оқушылар осы діни институттардың сол кездегі қоғамға тигізген негізгі жетістіктері мен әсерлерімен танысады.

Византия империясы мен Киев Русінің құрылуы жеке бөлімге бөлінді. Себебі олардың бірегей тарихи жолдарымен, мәдени әсерлерімен және саяси құрылымдарымен негізделген. Бұл білім алушыларға әрбір өркениетті, олардың ерекшеліктерін және әлемдік тарихқа қосқан үлесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

«Ұлы дала және Киев Русі» тарауы жаңадан қосылды. Ұлы даланың көшпелі халықтары мен Киев Русі арасындағы өзара іс-қимылдың маңыздылығымен негізделген. Бұл өзара іс-қимыл Киев Русінің дамуына айтарлықтай әсер еткен саяси құрылымды, әскери стратегияны және мәдени алмасуды қалыптастыруда маңызды болды.Шығыс славяндардың Ұлы даламен қарым-қатынасын енгізу олардың Киев Русінің әскери-саяси құрылымы мен сауда жолдарының қалыптасуына әсерін түсіну үшін маңызды. Бұл қатынастар сонымен қатар көшпелі тайпалармен өзара әрекеттесу мәдени алмасу мен өзара дамуға қалай ықпал еткенін көрсетеді.

«Ұлы дала және Киев Русі» тақырыбы Ұлы дала көшпелі халықтары мен Киев Русі арасындағы өзара байланысты зерделеу арналған. Сабақ саяси құрылымдарды, әскери стратегияны және мәдени алмасуды дамыту үшін осы өзара әрекеттесулердің маңыздылығын түсінуге бағытталған. Ұлы даланың көшпелі халықтары Киев Русінің әскери-саяси құрылымына, экономикалық стратегиясына, мәдениетіне және сауда жолдарының қалыптасуына қалай әсер еткенін түсіндіруге бағытталуы тиіс. Оқушылардың назарын көшпелі халықтардың стратегиялық орнын, әскери тактикасын және сауда-саттық қатынастарын айқындау қажет.

«Ұлы дала және Киев Русі» арасындағы өзара байланыс туралы сабақ оқушыларға мәдениеттер мен халықтардың өзара іс-қимылы тарихи процестерді қалай қалыптастырғанын түсінуге көмектеседі. Интерактивті әдістер мен топтық жұмысты қолдану сабақты қызықты әрі танымдық етеді.

Топтық зерттеу жобалары- білім алушыларды шағын топтарға бөліп, әр топқа Ұлы дала көшпелілері мен Киев Русінің бір аспектісін (мысалы, әскери

стратегия, мәдени байланыстар, сауда жолдары) зерттеуді тапсырған жөн. Топтар жоба нәтижесін презентация түрінде көрсетіп, тақырыпты кеңінен талқылауға мүмкіндік алады.

Картографиялық талдау- білім алушыларға Ұлы дала мен Киев Русінің арасындағы сауда жолдарын, әскери жорықтарды, және миграцияны көрсететін карталарды зерттеу. Бұл әдіс тарихи деректерді визуалды түрде көрсетуге, білім алушылардың географиялық түсініктерін кеңейтуге көмектеседі. «Ұлы дала және Киев Русі» тарауының оқытылуы білім алушылардың тарихи ойлау қабілетін, мәдени түсініктерін, және сыни пікір алмасу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың тарихқа деген қызығушылығы артып, екі өркениеттің бір-біріне әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Исламның пайда болуы және таралуы тарауы бойынша Орталық Азия және қазақстандық компонентті күшейту мақсатында Қазақстан мен Орталық Азияда исламның таралуы. Талас (Атлах) шайқасы енгізілді.

«Орталық Азия мен Қазақстанда исламның таралуы» тақырыбы Исламның аймақтың мәдени, әлеуметтік және саяси дамуына әсерін зерттеуге бағытталған. Исламның таралуына әсер еткен негізгі оқиға ретінде Талас (Атлах) шайқасына ерекше назар аудару ұсынылады.

Сурет, постер-плакат жобасы әдісі бойынша білім алушыларға визуалды жұмыс жасату ұсынылады. Білім алушылар шайқастың кезеңдерін, негізгі оқиғаларды немесе діннің таралуының маңызды аспектілерін көрсету үшін плакаттар мен суреттер жасайды. Көрме ұйымдастырады, сыныпта пстер-плакаттар мен суреттерді көрсету, осылайша басқа білім алушылармен пікір алмасу.

Кейс-стадия тәсілі арқылы шайқастың талдау ұсынылады. Білім алушылар нақты оқиғаларды (мысалы, шайқас барысындағы шешімдер, әскери стратегия) зерттеп, олардың исламның таралуына әсерін талдайды. Нәтижелерді талқылау үшін топтарға бөліп, әр топ өз зерттеу нәтижелерін сынып алдында көрсету.

«Крест жорықтары» тарауына Ұлы қолбасшы Салах ад-Дин, Хаттин шайқасы, мамлюктер және Сұлтан Бейбарыс сияқты негізгі қайраткерлер мен оқиғаларды енгізу крест жорықтарының маңызды аспектілері мен динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Крест жорықтарынан кейінгі Еуропа мен мұсылман әлемінің салдарын қарастыру осы қақтығыстардың екі аймақтың саяси, мәдени және әлеуметтік дамуына терең және ұзақ әсерін көрсетеді. Салах ад-Диннің әскери тактикасы, дипломатиялық қабілеттері және христиандық жорықшыларға қарсы күрестегі жетекшілігін түсіндіру мақсатында тарихи рөлдік ойын әдісін қолдану ұсынылады. Білім алушылар Салах ад-Дин, Сұлтан Бейбарыс сияқты тарихи тұлғаларды таңдайды. Әр білім алушы өз рөліне негізделген зерттеу жүргізіп, тұлғаның көзқарасын қорғау үшін дайындалады. Хаттин шайқасына қатысты кездесулер мен стратегияларды талқылайтын сценарий құрастырады. Крест жорықтарының тарихы, әсіресе Салах ад-Дин, Хаттин шайқасы, мамлюктер мен Сұлтан Бейбарыс сияқты негізгі тұлғалардың рөлі, білім алушылардың орта ғасырлардағы тарихқа қызығушылығын арттырып, сыни ойлау, зерттеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Бағдарлама жобасында кейбір тарихи атаулар мен ұғымдар түпнұсқадағы үлгіде жақшаның ішінде берілді. Бұл білім алушыларға негізгі терминдерді және олардың сәйкес түпнұсқа атауларын жылдам анықтауға көмектеседі /әсіресе қазақ тілінде/, бұл материалды жақсы есте сақтауға және түсінуге ықпал етеді. Мысалы Бұл тәсіл әсіресе көптілді білім беру контекстінде, яғни қазақ және орыс тілдерінде оқитын білім алушылар үшін өте маңызды.

*Негізгі артықшылықтар:*

Терминологияны меңгеру: Білім алушылар түпнұсқалық атаулармен танысып, олардың мағынасын тереңірек түсінеді. Бұл олардың тарих пәніне деген қызығушылығын арттырады.

Жылдам анықтау: Жақшадағы атаулар білім алушыларға терминдерді жылдам анықтауға және оларды оқу барысында контекске сай қолдануға мүмкіндік береді.

Есте сақтау: Түпнұсқа атауларды салыстыра отырып оқу, білім алушылардың материалды есте сақтауын жеңілдетеді. Мысалы, 6-сыныпта қазақ тілінде «Салик Заңы», орыс тілінде «Салический Закон» («Salic Law»). Бұл термин бойынша, оның орысша «Салический Закон» немесе ағылшынша «Salic Law» екенін біліп, білім алушы тереңірек талдау жасай алады.

Мәдени алмасу: Әр түрлі тілдерде тарихи атауларды беру, білім алушылар арасында мәдени алмасуды және халықаралық тарихқа деген қызығушылықты арттырады.

"Yeniçer" (қазақша "жасақ") — Осман империясының әскери күштерінің бір бөлігі болып табылатын, арнайы дайындықтан өткен жаяу әскерлердің атауы. "Yeniçer" сөзі түрік тілінен шыққан, "жаңа" (yeni) және "жасақ" (çer) деген мағыналарды білдіреді.

Әдістемелік ұсынымдар:

Әр терминнің мәнін терең түсіну үшін, оны тарихи контекстпен бірге оқыту ұсынылады. Мысалы, Салик Заңының феодалдық жүйедегі рөлі мен маңызы туралы ақпарат берілгені дұрыс.

Білім алушыларға терминдерді қолдана отырып, шағын эсселер немесе пікірталастар ұйымдастыру. Бұл олардың терминологияны терең меңгеруіне ықпал етеді.

Кроссвордтар мен жұмбақтар арқылы тарихи терминдерді және олардың түпнұсқалық атауларын пайдалана отырып, ойын элементтерін енгізу. Бұл тәсілдер білім алушылардың тарихқа деген қызығушылығын арттыруға, материалды терең түсінуге және терминологияны тиімді меңгеруге ықпал етеді.

7-сынып –Классикалық және кейінгі орта ғасырлардың тарихы (XIII ғ. бірінші жартысы – XVII ғ. басы.) кезеңі дәстүрлі қоғамның дамуы, әлемдік діндердің үстемдігі, Қайта өрлеу кезеңі, отарлаудың басталуына дейінгі тарихи материалдармен жетілдірлді.

1)Ұлы дала. Түркі-Моңғол мемлекеттері тарауынан басталады, бөлім жаңадан енгізілді. Шыңғыс хан мемлекетінің қалыптасуы мен дамуындағы түркілердің рөлін көрсету мақсатында мазмұн жетілдірілді.

2) Осман империясы тарауы бойынша Оғыздардың (қынық-селжұқтардың) Кіші Азияға (Анадолы) қоныс аударуы қосылды. Осман мемлекетінің

қалыптасуы мен дамуындағы Орталық Азия түріктерінің рөлін көрсету мақсатында жүргізілді

3) Қайта өрлеу дәуірі тарауы бойынша Қайта өрлеу мәдениетін дамытуға үлес қосқан нақты тарихи тұлғаларға оқушылардың назарын аудару мақсатында нақтыланды;

7) Реформация тарауы бойынша оқушылардың назарын Реформация қайраткерлерінің көзқарастарына және протестанттық этиканы қалыптастыруға аудару мақсатында базалық мазмұн жетілдірілді.

8) Кейінгі орта ғасырлардағы ғылымның дамуы тарауы бойынша оқушылардың назарын әлемнің заманауи ғылыми бейнесін қалыптастырудың әсер етуші факторларына аудару мақсатында Әлемнің қазіргі ғылыми бейнесінің негізін қалаушылар және Орта ғасырлардағы күнделікті өмір тарихы енгізілді, нақтыланды.

*Әдістемелік ұсыным:* Тарихи дереккөздермен жұмыс білім алушыларға ресми, жеке, әдеби дереккөздерді таныстыру, олардың айырмашылықтарын көрсету. Әр дереккөздің ақпараттық құндылығын бағалауды үйрету. - жазбаша Тарихи дереккөздердің түрлерін ажырату (ресми, жеке, әдеби және т. б.); - дереккөзді құрудың мән-жайы мен мақсатын сипаттау, оның ақпараттық құндылығын ашу; - жазбаша дереккөз мәтінінде, дәуірдің көрнекі және заттай ескерткіштерінде ақпарат іздеуді жүргізу; - бірнеше бірдей көздерден алынған ақпаратты салыстыру және жүйелеу ұсынылады.

8 сынып –Жаңа заман тарихы (XVII ғ. бірінші жартысы-XIX ғасыр) кезеңі бойынша базалық білім мазмұнында индустриалды қоғамның қалыптасуы, дамуы және өркендеуі тақырыптарымен жетілдірілді.

Шетел тарихнамасын негізге ала отырып мазмұн толығымен жетілдірілді. Буржуазиялық революциялар Ағылшын революциясы, француз революциясы деп өзгертілді.

1) Жаңа заманның басталуы тарауы бойынша мақсатты аудиторияның жас ерекшеліктерін ескере отырып, материалды қол жетімді ету қажеттілігіне орай Феодализм дағдарысы және капиталистік экономиканың пайда болуы тезисі енгізілді.

2) XYIII ғ. Үндістан және Ұлыбритания тарауы бойынша мазмұнды нақтылау қажеттілігімен негізделген "экспансия", "фактория", "отарлау" ұғымдары енгізілді. Сонымен қатар терминдер мен ұғымдарды меңгеру көптеген тарихи фактілерді түсінудің және тарихи процестің заңдылықтарын түсінудің қажетті шарты болып табылады

3) Ағартушылық идеяларының таралуы тарауы бойынша мазмұнды нақтылау және әртүрлі мұғалімдер әртүрлі тарихи тұлғаларды зерттеу үшін таңдайтын жағдайды болдырмау үшін тарихи тұлғалардың есімдері енгізілген. "Американдық революция" ұғымы халықаралық пәндік терминологияға сәйкес енгізілді.

Жаңа заманның басталуы мен 4) XYIII ғ. Француз революциясы тарауы бойынша Ағылшын буржуазиялық революциясы, француз буржуазиялық революциясы ағылшын революциясы, француз революциясы ұғымдарымен ауыстырылды, Француз революциясы, ағылшын революциясы халықаралық

пәндік терминология мен ғылыми жетекші Пр.Г. К. Көкебаеваның ұсынысына сәйкес бөлімнің мазмұнын кеңейту және нақтылау келесі тақырыптардың сәтті игерілуін қамтамасыз ету үшін бөлімнің тақырыптарын егжей-тегжейлі қарау қажеттілігімен негізделген. Қазақтардың Наполеонға қарсы соғысқа қатысуы туралы ақпаратты енгізу оқушылардың ата-бабаларымыздың әлемдік тарихтағы орны мен рөлін түсіну қажеттілігімен негізделген.

5) XIX ғ. империялар және олардың бәсекелестігі тарауы бойынша

"Үлкен ойын" және "Шығыс мәселесі" тұрақты тіркестерін енгізу оқушылардың европалық және қазақстандық тарихнамада кең таралған терминдерді меңгеру қажеттілігімен негізделген. Бөлім мазмұнын оңтайландыру қайталануды болдырмау қажеттілігімен негізделген.

6) XIX ғ. Қытай және европалық державалар тарауы бойынша базалық мазмұнға кейбір тарихи фактілер мен ұғымдарды енгізу себеп-салдарлық байланыстарды қалпына келтіру қажеттілігімен негізделген және оқушылардың назарын нақты тарихи фактілер мен терминдерге аудару мақсатында жетілдірілді.

7) Жаңа қоғамдық-саяси идеялардың XIX ғ. Европаның дамуына әсері тарауы бойынша тақырыптардың тұжырымдамасын өзгерту тақырыпта зерттелген процестерді дәлірек көрсету қажеттілігімен негізделген. "Либерализм", "консерватизм", "ұлтшылдық", "социализм", "марксизм" ұғымдарын енгізу мазмұнды нақтылау қажеттілігімен негізделген. Сонымен қатар терминдер мен ұғымдарды меңгеру көптеген тарихи фактілерді түсінудің және тарихи процестің заңдылықтарын түсінудің қажетті шарты болып табылады.

8) XIX ғ. Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы және қоғамдық-саяси ойы тарауы бойынша тарау атауын өзгертілді, бұл бөлімнің мазмұнын дәлірек көрсету қажеттілігімен негізделген. "III Александрдың контрреформалары" тақырыбының мазмұнына кіріспе оқушылардың Ресейдің тарихи даму заңдылықтарын түсінуіне ықпал етеді.

9) XIX ғ. екінші жартысындағы европалық отарлық үстемдік тарауы бойынша тарихи тұлғалардың есімдерін енгізу мазмұнды нақтылау қажеттілігімен, сондай-ақ білім беру процесін ізгілендіруге ықпал ететін оқушылардың тарихтағы жеке тұлғаның рөлін түсінуіне қол жеткізу мақсатында негізделген.

10) Америка Құрама Штаттарының күшеюі тарауының мазмұны білім алушылардың сыртқы экспансия және қаржы-өнеркәсіптік монополияларды қалыптастыру сияқты күрделі тарихи процестерді қабылдауын жеңілдету мақсатында нақтыланған.

11) XIX ғ.ғылым мен мәдениеттің дамуы бөліміне Жаңа дәуірдің көрнекті тұлғалардың есімдері мазмұнды нақтылау қажеттілігімен енгізілді.

*Әдістемелік ұсынымдар:* Тарихи нұсқалар мен бағалауларды қарастыру, өткеннің ең маңызды оқиғалары мен тұлғаларына деген көзқарасыңызды анықтау ұсынылады:

- XVIII ғасырдағы тарихтың мәселелері бойынша тарихшылардың мәлімдемелерін талдау (талқыланатын мәселені, автордың пікірін, келтірілген дәлелдерді анықтаңыз, олардың сенімділік дәрежесін бағалаңыз);

- XVIII ғасырдағы тарихи тұлғалар мен оқиғалардың сипаттамаларын саралау, маңызды құндылық категорияларын (білім алушылардың әлеуметтік жағдайларын ескере отырып) талдау. Осы әдістемелік ұсынымдар 8-сынып білім алушыларына тарихи процестерді терең түсінуге, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, тарихи тұлғалар мен оқиғалардың маңызын бағалауға мүмкіндік береді.

9-сынып:

Қолданыстағы 8-сыныптың оқу материалы (бұл қазіргі заманның тарихы, XX ғасырдың тарихи оқиғалары-XXI ғасырдың басы) ұсынылған бағдарлама жобасында қолданыстағы 9-сынып оқу материалмен қоса 9-сыныпта оқытылады. Бөлімдердің санын азайту мен еуроцентристік көзқарасты болдырмау үшін бірқатар бөлімдер біріктірілді. Оқу бағдарламасының жаңартылуы білім алушылардың қазіргі заман тарихының күрделі мәселелерін терең түсінуіне, тарихи контексті бағалауына және тарихи процестердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтауына бағытталған.

Базалық мазмұнда тақырыптарды сипаттаудағы шамадан тыс мәліметтер алынып тасталды.

«*XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы алғашқы социалистік мемлекет» тарауында* 1917 жылғы революция қарсаңында саяси күштердің күресі туралы ақпарат пен бөлімнің негізгі терминдері қосылды: "Әскери коммунизм", "НЭП", "тоталитарлық саяси режим", "жаппай саяси репрессиялар", сондай-ақ осы тақырыптық бөлімнің пәндік мазмұнының негізгі аспектілерін көрсету мақсатында «1920-1930 жылдардағы әлеуметтік құрылымдағы өзгерістер» енгізілді. "Революция" термині бөлімнің бұрынғы атауынан алынып тасталды. Әлеуметтік революцияларға баса назар аудару мақсатында осы революцияның нәтижесі ретінде "социалистік мемлекет" ұғымына ауыстырылды.

Педагог Цифрлық құралдарды қолдану арқылы виртуалды турлар ұйымдастыру ұсынылады. Білім алушыларға революция кезеңіндегі тарихи орындарға (мысалы, Мәскеудегі Қызыл алаң, Лениннің мавзолейі) виртуалды турлар ұйымдастыру. Google Arts & Culture платформасын пайдалана отырып, тарихи контекстті визуализациялау.

Мультимедиялық контент арқылы Youtube немесе Vimeo платформаларынан 20-30 жылдардағы тарихи оқиғалар туралы деректі фильмдер мен бейнемазмұндарды пайдалану. Осы бойынша педагог қатысуымен білім алушылар видео материалды көргеннен кейін, топтық талқылау немесе пікір алмасу ұйымдастыру ұсынылады.

XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы мәдениет, ғылым және білім тарауы бойынша Қолданыстғы 2 бөлім: XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басында ғылым, білім және технология (4 сағат) және XX ғасырдың екінші жартысы - XXI ғасырдың басында мәдениет (2 сағат) пәндік мазмұнды оңтайландыру мақсатында бір бөлімге біріктірілді. Мәдениеттің дамуы – қоғамның рухани, әлеуметтік және экономикалық прогресінің негізі. ТҮРКСОЙ

және жаһандану жағдайында ұлттық бірегейлікті сақтау, Байқоңырдың рөлі, және қазіргі ақпараттық қоғамның маңыздылығын зерттеу – оқушылардың әлемдік мәдениетті, ұлттық мәдениет пен дәстүрлердің өзара әрекетін түсінуіне ықпал етеді.

Педагог сабақ барысында Байқоңыр ғарыш айлағына виртуалды экскурсия ұйымдастыру ұсынылады. Google Earth немесе басқа да цифрлық платформаларды пайдаланып, ғарыш айлағының инфрақұрылымын, тарихи мәліметтерін зерттеу.

Білім алушыларға ТҮРКСОЙ мемлекеттерінің мәдени ерекшеліктерін көрсететін интерактивті карта жасату ұсынылады. Білім алушылар картада әр елдің мәдениетінің, өнерінің, әдебиетінің ерекшеліктерін белгілеу арқылы ұлттық бірегейлікті талдай алады. Сондай-ақ білім алушыларға ТҮРКСОЙ және ұлттық мәдениет тақырыбында мультимедиялық жобалар жасау ұсынылады. Білім алушылар Canva немесе Prezi құралдарын пайдаланып, жобаларын визуалды түрде ұсына алады. Цифрлық құралдарды қолдану білім алушыларға мәдениеттің дамуы, ұлттық бірегейлікті сақтау, Байқоңырдың рөлі, және қазіргі ақпараттық қоғамдағы білім берудің маңыздылығы туралы терең білім алуға мүмкіндік береді. Оқушылар заманауи технологиялар мен интерактивті әдістер арқылы әлемдегі мәдениеттердің өзара байланысы мен ұлттық бірегейліктің маңыздылығын түсінуге ынталанады.

**«Құқық негіздері» оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар**

«Құқық негіздері» пәні бойынша білім беру мазмұнын жетілдіру аясында білім сапасын анықтайтын білім мазмұнына өзгеріс енгізумен қатар, білім алушылардың құқықтық жағдайларды нормативтік құқықтық актілерге сәйкес талдау, зерттеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін оқытудың әдістері мен тәсілдерін тиімді іске асыру да маңызды болып табылады.

Сондықтан пәнді оқытудың әдістері мен тәсілдері мұғалім ұсынған әр түрлі оқыту әрекеттері арқылы білім алушылардың құқықтық қатынастарға байланысты практикалық жағдайларды талдау және бағалау дағдыларын қалыптастыру және дамытуға негізделуі тиіс.

Сабақтың оқу мақсатына жету үшін мұғалімге пәнді оқытуды ұйымдастыруда мазмұнға сәйкес әдістер мен тәсілдерді дұрыс таңдай білу қажет. Оқу процесін ұйымдастыруда келесі тәсілдерді жүзеге асыру ұсынылады:

Құндылыққа бағытталған тәсіл. Бұл тәсіл сабақта білім алушылардың белсенді әрекеттерін ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылуы керек. Пәнді зерделеу құқықтық және сот жүйесінің қайталанбас ерекшеліктерінде көрінетін азаматтық, қазақстандық патриотизм, ұлттық бірегейлік, қазақ халқының тарихы мен мәдениетін құрметтеу, ынтымақтастық құндылықтарын тәрбиелеуге бағытталған. Бұл құндылықтарды алған құқықтық біліммен ұштастыру білім алушыларға құқықтың мәнін ұғынуға және әлеуметтік процестерді құқықтық реттеудің әлеуметтік рөлі мен артықшылықтарын нақты түсінуге мүмкіндік береді, сол арқылы білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық

мәдениетін білім деңгейін арттыруға көмектеседі. Құндылыққа негізделген тәсілді білім алушыларға қосымша материал, мысалдар немесе жеке тапсырмалар беру арқылы жүзеге асыруға болады.

Сабақты әзірлеу кезінде білім алушыларда жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға, заңды құрметтеуге, жағымды мысалдар арқылы өмірлік жағдайларды қарастыруға, әлеуметтік саланы құқықтық реттеудің артықшылықтарын көрсетуге ықпал ететін әдістемелер мен оқытудың белсенді әдістерін ұсыну қажет. Мысалдар зерделенетін тақырыптың контекстінде болуы керек және қажетті іс-әрекет артықшылықтарын көрсететін, құқықтық нормалармен реттелетін жағымды мәлімдемелерден тұруы тиіс. Осы көзқарас аясында қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, тарихи оқиғаларды, қазақ әдебиеті шығармаларынан үзінділерді салыстыру ұсынылады. Қазақ қоғамындағы демократиялық үдерістердің (сайлау, референдум, мемлекеттік істерге қатысу) маңыздылығын көрсететін мысалдарды қолдану керек.

Оқу процесінде тұлғаға бағытталған тәсілді қолдануда негізгі басшылыққа алынатын ұстанымдар: білім алушылардың қажеттіліктері мен жас ерекшеліктерін ескере отырып нормативтік-құқықтық актілермен жұмыс істеу кезінде ақпарат көзін дұрыс саралау болып табылады. Білім алушылардың әртүрлі топтарының қызығушылықтарын ескере отырып, практикалық тапсырмаларды орындау және мысалдар құрастыру, тапсырмалар мен мысалдар білім алушыға бағытталған, оларға түсінікті және қызықты болуы керек. Практикалық және коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған әртүрлі белсенді оқыту әдістерін қолдану ұсынылады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру – білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және өмірлік жағдайларды шешу кезінде құқық нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастыруға негізделген. Жаңа тақырыпты зерделеу барысында нормативтік құқықтық актілермен жұмыс жасау, нақты құқықтық нормаларға сілтеме жасау, сонымен қатар білім алушыларға құқықтық нормаларға қосымша ресми түсініктеме беру міндетті болып табылады. Білім алушылардың сәйкес сөйлеу мәнерін дамыту және заң терминологиясын қолдануды ынталандыру ұсынылады. Жауаптарын құқықтық тұрғысынан дәлелдеу дағдысын дамытуға ерекше көңіл бөлу керек. Сабақтарда коммуникативті дағдыларды, құқық нормаларын қолдану дағдыларын дамытуды ерекше атап өту қажет. Тапсырмалардың басым бөлігі практикалық сипатта болуы керек, құқықтық құжаттардың қарапайым нысандарын жасауға ерекше назар аудару керек.

Сабақтарды өткізуге қажетті ресурстар:

– пән мазмұнын меңгеруде құқықтық актілердің үзінділері мен түсініктемелермен бірге оқулықты пайдалану;

– оқу тапсырмаларын орындауда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйелерін пайдалану (http://adilet.zan.kz/; http://online.zakon.kz/);

– құқықтық мәселелер мен жағдайларды талдау үшін сабақтарда нормативтік құқықтық актілерді, заңдардың түсіндірмелерін және басқа да

құқықтық көздерді, интернет-ресурстарды пайдалану ұсынылады (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі): БҰҰ-ның ресми сайты. , Қазақстан Республикасындағы үлгілік шарттар, Ұлттық зияткерлік меншік институты құжаттарының үлгілері, талап арыз және сотқа басқа да шағымдардың үлгілері, азаматтық-құқықтық жауапкершілік туралы шарттардың үлгілері);

– білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін компьютерлік коммуникация құралдарын пайдалану (мысалы, онлайн форумдар, конференциялар) (әртүрлі құқықтық тақырыптар бойынша талқылау және пікірталас).

Тұлғаға бағытталған тәсілдер сабақтағы мұғалім мен білім алушының субъект-субъектілі қатынастарды, білім алушыға деген демократиялық қатынасты, оның жеке тұлғасына құрметін, білім алушының оңтайлы моральды-этикалық қасиеттерінің, ықтималды мүмкіндіктерін есепке ала отырып талanттарын айтарлықтай ашу мен қалыптасуын білдіреді. «Құқық негіздері» пәні бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысында тұлғаға бағытталған тәсіл білім алушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін ескеруді, құқықтық жағдаяттарды, кейстерді, қоғамдағы құқықтың орны мен рөліне қатысты мәселелерді талқылау процесінде өз ұстанымын айқындау және қорғай білу дағдыларын қалыптастыруды, жеке тұлғаның оқиғаларды өз бетінше бағалау және өз қорытындыларын жасау құқығын іске асыруды, қарастырылып отырған құбылыстар мен процестерге өзіндік көзқарас пен пікір білдіруді көздейді.

Саралап оқыту тәсілдері оқу процесін білім алушылардың әртүрлі топтарына бағытталуын, білім алушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді. Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқыту процесі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмаларды және коммуникация жағдайларына барабар жұмыс режимдерін (жұптық және топтық жұмыс) қамтиды. Бұл тәсіл аясында білім алушыларды түрлі құралдарды қолдану арқылы сыныптастарымен, мұғалімдермен және көпшілікпен ауызша және жазбаша қарым қатынасқа түсуі және пәннің ғылыми тілін сауатты пайдалануға ынталандыру ұсынылады. Оқу процесінде білім алушылардың тыңдалым мен айтылым дағдыларын дамытуға әсер ететін тапсырма үлгілерін ( белгілі бір тақырып бойынша пікірталасқа қатысу, осы тақырыпқа байланысты проблемаларды табу, өз пікірін жеткізу, өзгелердің пікірін тыңдау, мазмұнға сәйкес сұрақтар қою және жауап беру;  сыныпта белгілі бір құқықтық жағдаяттарға қатысты рөлдік ойындарға қатысу, өзгелердің сұрақтары мен пікірлерін тыңдап, кейіпкерлердің образын сомдай білуі) қолдану ұсынылады. Сонымен қатар білім алушылардың оқылым дағдыларын дамытуға арналған

құқықтық дерекпен жұмыс түрлерін (құқық бойынша сұрақтарға жауап іздеуде құқықтық-нормативтік актілермен, заң түсіндірмелерімен жұмыс жасау; интернет ресурстары мен мерзімді басылымдарды қарастыруды ұйымдастыру ұсынылады. Білім алушылардың жазылым дағдыларын дамытуға бағытталған белгілі бір тақырыпқа презентация жасау, құқықтық тақырыптарға баяндама, эссе жазуға арналған тапсырма үлгілерін қолдану қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану оқу процесінде білім алушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын (ақпаратты табу, құрастыру және басқару, мәліметтер және идеялармен бөлісу, бірлесіп әрекет ету, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру) дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

«Құқық негіздері» оқу пәнін оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану:

– ақпаратты іздеумен, оны іріктеумен, салыстырумен және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланысты орнатумен байланысты өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту;

– білім алушылардың өзіндік бақылау дағдыларын дамытатын электронды ресурстар арқылы оқыту;

– білім алушылардың пікірталас өткізу және құқықтық мәселелерді талқылауына оң ықпал ету үшін компьютерлік қарым-қатынас құралдарын (мысалы, конференция) пайдалану;

– белгілі бір тақырып бойынша бейне сюжетті пайдалану немесе арнайы қысқа сюжетті репортаж әзірлеу;

– ақпарат іздестіруде арнайы сайттардан алынған материалдарға сілтеме көрсету.

– білім алушылардың білімін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

– компьютерлік презентацияның әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырып бойынша шығармашылық жұмыстар жасау;

– білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін оқытудың техникалық құралдарын пайдалану болып табылады.

Білім беру мазмұнын жетілдіру аясында аталған тәсілдермен қатар белсенді оқытудың әдістерінің жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Сондықтан қазіргі тез өзгермелі заманда әлемде білім алушылардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін білім алушылардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін дамыту қажет. Бұл қазіргі мұғалімге оқу бағдарламасын меңгеру нәтижелеріне қойылатын талаптарға сәйкес сабақ құра білу талаптары қойылады, өйткені мұғалімнің қызметі оқу нәтижесіне бағытталған. Сондықтан «Құқық негіздері» пәні бойынша сабақ жоспарын құрастыруға бағыт беретін оқытудың интерактивті әдістері мен тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Сабақ жоспарын құрастыруда қолданылатын оқытудың интерактивті әдістері мен тәсілдері.

*«Топтық пікірталас» әдісі* бойынша білім алушыларға бір-бірімен білімдерімен, пайымдауларымен, дәлелдерімен бөлісу ұсынылады.

Пікірталас кезінде міндетті шарт:

а) оның қатысушыларының әртүрлі көзқарастарын құрметтеу;

б) туындаған келіспеушіліктердің сындарлы шешімі бірлесіп орындау болып табылады.

Топтық пікірталас сабақтың «бастапқы» және «рефлексия» сатысында да қолданыла алады. Сонымен қатар, бірінші жағдайда оның міндеті: бастапқы ақпаратпен алмасу, қайшылықтарды анықтау, ал екіншісінде – алынған ақпаратты қайта қарау мүмкіндігі, мәселенің өзіндік көзқарасын басқа көзқарастармен және позициялармен салыстыру.

«Өзара сұрақ» әдісі жұпта жұмыс істеудің бір жолы. Бұл әдіс сабақтың «пайымдау, түсіну» сатысында қолданылады. Білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

«Қалпына келтіруші» әдісі бойынша білім алушылар мұғалімнің әдейі бұрмалаған немесе қалпына келтірілуі керек толық емес көлемде берілген мәтінді қалпына келтіреді.

«Кешіктірілген болжам» бұл сабаққа кіру тәсілі. Тақырып жарияланғанға дейін мұғалім әдеттен тыс фактіні, сабақ тақырыбын көрсететін, бірақ оны атамайтын түсініктемені ұсынады. Талқылау барысында білім алушылар сабақта қандай тақырып зерттелетіні, жаңа нәрселер туралы не білетіні жөнінде өз нұсқаларын ұсынуы керек.

*Рөлдік ойындар.* Рөлдік ойындарға тән белгілер:

Әлеуметтік-экономикалық жағдай моделінің болуы.

Жеке рөлдердің болуы.

Әр түрлі рөлдерді орындайтын ойын қатысушыларының рөлдік мақсаттарының сәйкес келмеуі.

Рөлдердің өзара әрекеттесуі.

Бүкіл ойын ұжымында ортақ (немесе бірдей) мақсаттың болуы.

Шешімдердің көп баламалы болуы

Ойынға қатысушылардың іс-әрекетін топтық немесе жеке бағалау жүйесінің болуы.

Басқарылатын эмоционалды шиеленістің болуы.

Кейс-технология-бұл нақты мәселелерді-жағдайларды (кейстерді) шешу арқылы оқытуға негізделген белсенді проблемалық-ситуациялық талдау әдісі. Сабақтарда қолданылатын case-технологиялар әдісінің ерекшелігі – нақты өмірдегі фактілер негізінде проблемалық жағдай жасау. Әдістің мақсаты білім алушылар тобының ұсынылған құқықтық жағдайды бірлесе отырып талдау (case) және практикалық шешімді әзірлеуі болып табылады.

*Қорытынды.* Берілген тапсырма бойынша қорытынды шығарады.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша 9-сыныптың оқу бағдарламасының мазмұны пәннің күнтізбелік-тақырыптық жоспарын әзірлеу үшін негіз болатын ұзақ мерзімді жоспарда берілген. Пәнінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарына

сәйкес тақырыптар бойынша сабақтардың мысалдары ұсынылады, мұғалім нормативтік құжаттарға сәйкес сабақтардың қысқа мерзімді жоспарын өздері әзірлейді.

Қысқа мерзімді жоспарды әзірлегенде мұғалімге саралап оқыту тәсіліне және білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аудару ұсынылады. Сабақты жоспарлау мұғалімнің оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алуы керек. Мұғалім әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасап отыруы керек.

«Құқық негіздері» оқу пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар әзірлеуге келесі ұсыныстар беріледі:

Сабақтың негізгі бөліміне арналған оқу мақсаттарын алдын ала анықтау қажет. Оқу пәні аясында білім алушылардың сөздік қорын қалыптастырып, заңнамалық терминдерді дұрыс қолдануды үйрету. Жеке білім алушыға/ жұпқа/ топқа қойылатын сұрақтың нақты болуын ескеру;. Сабақта пайдаланатын көрнекі құралдар (НҚА, ресурстар, материалдар) үнемі қолжетімді болуы ұсынылады.

Сонымен қатар, алдыңғы сабақпен немесе басқа сабақтармен пәнаралық байланыс жасау; алдын ала жоспарланған сұрақтардың көмегімен білім алушыларды белсенді түрде сабаққа ынталандыру; оқыту тәсілдердің бірі ретінде білім алушылардың қателерін тауып, дұрыс түсінбеген жерлерін анықтап түзету оларды тапсырмаларды жүйелі орындауға бағыттайды.

Топтық жұмыс ұйымдастыру барысында білім алушылардың қызығушылығын арттыратын тапсырмаларды, жаттығуларды және ресурстарды, саралау әдісін тиімді пайдалану қажет. Жұппен немесе жеке жұмыс істеу барысында сыныптағы білім алушыларға өзара байланысты (ұқсас) тапсырмалар, құқықтық жағдайлар беруді; білім алушылардың арасындағы әріптестікті және жүргізген талқылауларын ынталандыруды ескерген орынды.

Сыныппен талқылау барысында білім алушыларды нормативтік құқықтық актілер негізінде талдаған құқықтық жағдайлардың шешімін түсіндіруге дағдыландыру қажет. Сонымен қатар білім алушыларға сабақта келтірілген мысалдардан ортақ қорытынды шығаруға көмектесу; меңгерілген дағдылар мен идеялардың көмегімен шешімі табылмай жүрген жағдайларды талқылау; басқа жұмыспен байланыстыру және ары қарай орындалатын шараларды талқылау ұсынылады. Сонымен қорытындалай келгенде білім мазмұны жетілдірілген үлгілік оқу бағдарламасын оқу процесінде жүзеге асыруда аталған әдіс-тәсілдерді тиімді жүйелі қолдану білім алушылардың құқықтық санасы мен құқықтық сауаттылығын қалыптастырып дамытуға мүмкіндік береді.

## «Музыка» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Музыка» пәнін оқытудағы ең маңызды әдістемелік жүйе оқушының жас ерекшелігі мен жеке мүмкіндігін ескере отыра,

оның рухани адамгершілік қағидалары мен шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға бағытталған.

Білім алушының жеке тәжірибесі негізінде музыка өнерінің табиғатын танып білу мен үздік шығармаларды қабылдауы арасында өзара байланыс орнату осы бағдарлама құрылымының маңызды принциптерінің бірі болып саналады

Бірінші кезеңде білім алушыға пән мазмұнын меңгертуде ойын түрлері мен түрлі әдіс тәсілдерді қолдану тиімді.Білім алушының музыкалық білімін дамытып, оған деген қызығушылығын арттыру мақсатында мұғалім түрлі ойын элементтерін қолданып интерактивті әдістермен жұмыс жасауы қажет. Алғашқы теориялық білім музыкалық ойын түрінде жүргізіледі.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту. Қазақтың дәстүрлі музыкасы мен әлемдік музыка өнерінің әлеуметтік-мәдени және рухани-адамгершілік құндылықтары туралы ұғымдарын қалыптастыру. Оқу мақсаттары мен міндеттері: Музыкалық білім беру саласында сапалы кәсіби білім беру, гуманитарлық мәдениетті қалыптастыру, және жаңа білім беру технологияларын меңгеру.

«Музыка» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар бойынша оқыту әдістері: Музыка сабақтарын және сыныптан тыс музыкалық сабақтарды өткізу, оқушылардың музыкалық дамуына педагогикалық бақылау жүргізу.

Бағдарламаның мазмұнына үнемі шолу жасау: Музыка өнері негіздерін, музыкалық білім берудің әдіс-тәсілдерін, музыка сауатын үнемі бақылап отыру.

Оқыту формаларына назар аудару: практикалық жұмыстар, өзіндік жұмыс түрлері, әңгімелесу, пікірлесу, рольдік және іскерлік ойындар, бақылау жұмыстары, концерт сабақтар.

Музыка сабағындағы іс-әрекеттерге музыкалық материалды жинақтауға;

-Шығармашылық қабілеттерін дамыту жұмыстары бойынша әр бөлімге сәйкес әндер жинағын , сазгерлер туралы мағлұматтар ;

-Тыңдалатын музыкаға сәйкес иллюстрациялық ресурстар жинақтау;

Білім алушылардың музыкалық қабілеттерін дамытуға арналған әдіс-тәсілдер:

Музыкалық материалды іріктеу әдісі:

Музыка сабағының  барлық компоненттері, ән, тыңдайтын туынды, орындалатын жаттығу, айтылатын әңгіме көркем болуы керек. Көркем орындау үшін барлық түрімен техникалық жұмыстар жүргізіледі.

Оқу үрдісін ұйымдастыру кезінде келесі іс-әрекеттерді нақтылап алу қажет.

Сабақтардың жоспарлау:

Нақты сабақ жоспарын жасау, оның құрамына теориялық, практикалық, шығармашылық элементтерді енгізу.

Сабақты түрлендіру:

Әртүрлі формада (концерт, мастер-класс, қалалық іс-шаралар) өткізу.

Оқыту Әдістемесі

Интерактивті әдістер:

Оқушыларды музыкалық шығармаларды орындауға, талдауға тарту.

Жобалық жұмыс:

Топтық жұмыстарды (музыкалық композиция жасау, шығармашылық жоба дайындау) ұйымдастыру.

Музыкалық әдебиеттермен жұмыстар жасау.

Тыңдау:

Ән-күй тыңдау арқылы білім алу, мысалы, классикалық және ұлттық музыка.

Бағалау Жүйесі

Критерийлер:

Оқушылардың жеке шығармашылық жұмыстарын, қатысуын, білімдерін бағалау.

Кері байланыс:

Оқушылармен және олардың ата-аналарымен тұрақты қарым-қатынас жасау, оларға жетістіктері мен жетіспеушіліктері туралы ақпарат беру

Концерттер, фестивальдар, көрмелер ұйымдастыру.Іс-шаралар жоспары, жылдық жоспар құру:

Жоспарда тақырыптар, сабақтардың тақырыптық бөлінуі, концерттер мен конкурстардың күндері.

Оқушылармен жұмыс істейтін əəлеуметтік жобалар:

Оқушыларды қоғамдық музыкалық шараларға қатыстыру, әлеуметтік жауапкершілікті дамыту.

1. Сабақ барысында үйретілетін туындыларды білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай топтастыру әдісі:

Мектеп бағдарламасына сай балалар репертуарын қалыптастырып, оны үйрету үшін мұғалім өзі де сол әнді мәнерлеп орындауға дағдыландыру әдісін және музыкалық шығармаларды қабылдай білуге үйрету тәсілдерін меңгеруі тиіс. Репертуар көркемдік-педагогикалық талапқа сай, білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкестігіне баса назар аудару ұсынылады.

Музыка пәнінің оқыту барысында – тыңдайтын шығарма мен үйретілетін әннің мазмұны мен көркемдік ерекшелігі жан-жақты болғаны дұрыс. Қазақ халқының ән-күйінен бастап, кәсіби композиторлар шығармалары кеңінен қамтылып, әлемдік музыкадан да мәліметтер берілуі керек. Жан-жақтылық-музыка сабағына деген қызығушылықты арттырудың бірден-бір жолы.

2. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды тиімді қолдану әдісі:

Жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үрдісінде іске асуы үшін оны сандық жүйеге салу қажеттілігі ұсынылады. Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді. Ақпараттық-коммуникативтік және смарт технология- оқу барысында компьютерді пайдалану, электронды оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, сандық технологияларға негізделеді.

«Музыка» пәні бойынша сабақты жоспарлауға арналған әдістер мен тәсілдерге және ресурстарға мысал келесі кестеде берілген.

| **№** | **Бөлім** | **Тақырыптар/Мазмұны** | **Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек:** | **Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Негізгі музыкалық ұғымдар | Айтыс | 5.1.1.1 түрлі жанр мен стильдердегі қазақ және әлем музыкалық шығармаларын талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды пайдалану<br><br>сенімділікпен пайдалану | Оқушылар айтыс өнері туралы ақпарат іздестіреді. Ақпарат көздеріне сүйене отырып айтыс өнері туралы мәлімет беру, қазақ халқының айтыс түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіру.<br><br>Біржан мен Сара айтысын тыңдау,талдау.<br><br>Айтыстың бастапқы буындарын үйрету: Айтыс әуендеріндегі интонациялық ерешеліктерге | Оқулық, АКТ ресурстары фонохрестоматиялар, Деректі мәліметтер https://youtu.be/vP3O9EzAD_E<br><br>https://youtu.be/CPwA_3NvrbU |
| | Музыка тыңдау және талдау | Халық әндері | 5.2.1.1 қазақ халқының дәстүрлі тұрмыс-салт әндері мен туған өлке шығармаларының ерекшеліктерін заманауи интерпретациясымен **салыстыру**<br>5.1.1.2 ауызша және жазбаша жұмыстар орындау барысында музыкалық терминологияны пайдалану | Оқушының сыни ойлау дағдыларын дамыта отырып шығармашылыққа жетелейді. Шумақтардың буындық ерекшелігіне мән берілуі қажет | Халық әні Гүлдерайым https://www.youtube.com/watch?v=xq_1dlwkHm0 |
| 2 | Қазақ халқының музыкалық мұрасы | Жетігеннің сиқырлы сазы | 5.2.1.4 қазақ халық және әлем халықтары музыкасын, музыкалық аспаптарының құрылымын, дыбысталуын, | Қазақ халқының жетіген аспаптары туралы мағлұмат беру.<br><br>Өздерінің және өзгелердің жұмысын жетілдіру | Оқулық<br><br>Жетіген хикаялары |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | орындау техникасына қарай топтастыра, түрлі контекстерде **салыстыру** | бойынша ұсыныстар жасай алады.<br><br>Жетігеннің жасалу жолдары музыкалық өнердің қандай түрлері тән болып келеді. | **z/article/185515-zhetigendi-oyatqan-qazaq-qyzy** |
| | | | 5.2.1.5 дәстүрлі халық әндерін, аспаптық музыка жанрларын және айтыстың түрлерін зерттеу арқылы **анықтау** | Музыканың сипатын талқылау. Музыканы тыңдау арқылы музыкадағы көркемдеуіш құралдармен таныстыру | Оқулық Арфа аспабы жайында **мәлімет**<br><br>П.И.Чайковский. «Щелкунчик», https://www.youtube.com/watch?v=kUaSvXTHctA Римский-Корсаковтың «Садко» операсынан үзінді https://youtu.be/Rc7HiXhKxEw |
| | | | 5.1.1.1 музыкалық шығармаларды талдау барысында негізгі музыкалық ұғымдарды анықтау және ажырату;<br>5.2.1.3 дәстүрлі халық әндерін, аспаптық музыка жанрларын және айтыстың түрлерін көркемдеуіш құралдар арқылы анықтау;<br>5.3.1.1 әнді орындау барысында музыканың көңіл-күйі мен көркем бейнесін жеткізу; | Сабақта тыңдалған музыка және орындалған әнді салыстыра отырып, аспаптық музыка және вокалдық музыка ұғымдарын бекіту.<br>Не себепті қобыз аспабын қасиетті де киелі санаған.<br>Әнді орындау немесе аудиожазбадан тыңдату. Ән мазмұны туралы белсенді оқыту тәсілін пайдалана отырып, | Қорқыттың күйі «Желмая» https://youtu.be/X0UDmGiMI_g<br><br>«Қобызым» әні https://youtu.be/HJZ5B7tu9jg |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | оқушылармен пікірлесу. Әнді фраза бойынша үйрету. | |

**«Еңбек» пәнінің оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Оқу бағдарламасының негізгі мазмұны мен зерттелетін тақырыптары:

1 бөлім. Сандық технологиялар: Бөлім дизайн мен модельдеудің сандық құралдарын игеруге бағытталған. Оқушылар 2D және 3D графикалық редакторлардағы жұмыс негіздерін үйренеді, модельдер құру және объектілерді визуализациялау бойынша тапсырмаларды орындайды.

2 бөлім. Дизайн және технология: Бұл бөлім әртүрлі материалдардан бұйымдарды жасау дизайны мен технологиясының негіздеріне арналған. Дизайнның теориялық аспектілерін де, әртүрлі материалдар мен жабдықтармен практикалық жұмысты да қамтиды.

3 бөлім. Тамақтану мәдениеті: Ұлттық және әлемдік тағамдардың аспаздық дәстүрлерін зерттеуді қамтиды. Оқушылар тамақ дайындау және іс-шараларды ұйымдастыру негіздерін меңгереді. Қазақ тағамдарын дайындау технологиясы. Буфет үстелдерін ұйымдастыру және іс-шараларды басқару. Әлем халықтарының тағамдарын дайындау бойынша практикалық жұмыс.

4 бөлім. Үй мәдениеті: Бұл бөлімде оқушылар үй экологиясы негіздерін және тұрғын үй кеңістігінде жайлы жағдай жасауды үйренеді. Үйді жарықтандыру, акустика және экологиялық жайластыру принциптерін меңгеру. Экологиялық тұрақты тұрғын үйді жобалау. Интерьерлер мен заманауи жарықтандыру жүйелерін ұйымдастыру. Үйде жайлы және функционалды кеңістік құру.

Жобалық жұмыс: Жобалық іс-шаралар пәнді оқытуда басты орын алады, бұл білім алушыларға пәнді тереңдетіп оқып қана қоймай, білімді іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Дизайн шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға көмектеседі, нақты міндеттермен жұмыс істеуге және жұмыс нәтижелерін көрсетуге мүмкіндік береді. Жобалармен жұмыс істеу білім алушылардан тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар өз идеяларын жоспарлау, талдау, сынау және жақсарту дағдыларын талап етеді. Жобалық іс-шаралар тұжырымдаманы зерттеу мен әзірлеуден бастап прототиптер жасауға және дайын өнімді сынауға дейінгі бірнеше кезеңдерді қамтиды. Бұл тәсіл өз жұмысын жоспарлау, қажеттіліктерді талдау және шешім табу қабілетін дамытады. Оқушылар командада жұмыс істеуді, шығармашылық жобаларды әзірлеуді, материалдар мен жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді үйренеді

5-9-сыныптарға арналған «Еңбек» пәнінің оқу бағдарламасы цифрлық технологияларды игеруді, бұйымдарды жобалау мен дайындауды, сондай-ақ тұрмыс пен тамақтану мәдениетін біріктіретін интеграцияланған оқыту болып табылады. Бұл жан-жақты білім білім алушыларға болашақта өзін-өзі табысты жүзеге асыру үшін қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді, мейлі ол

дизайн, технология, аспаздық немесе тұрақты өмір сүру кеңістігін құру саласында болсын.

1-кесте – 5-9-сыныптарға арналған « Еңбек» пәні бойынша сабақ өткізуге ұсынылған әдістер

| № | Бөлім | Тақырыптар /Мазмұны | Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек: | Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 5-сынып | | | | | |
| | 2-тоқсан | | | | |
| 1 | Сәндік - қолданбалы өнер | Сәндік-қолданбалы өнердің негізгі түрлері. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі<br><br>Әртүрлі бұйымды ою-өрнектермен безендіру. Нобай орындау.<br><br>Әртүрлі материалдардан ою-өрнек үлгісін дайындау. Бұйымды безендіру (өрнек, жапсырма, кесте және т.б.)<br><br>Өру өнері және өру түрлері.<br><br>Бұйым нобайы.<br><br>Бұйым өру (тәжірибелік жұмыс). | 5.1.2.1 қазақ халқының ұлттық және әлем мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету<br>5.1.5.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар құру<br>5.1.6.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, қарапайым нысандардың дизайнын өздігінен құрастыру, нобай жасау<br>5.1.7.1 әтүрлі материалдарды білу (дәстүрлі, заманауи, дәстүрлі емес матеиалдар), олардың қасиеттері мен | Ақпараттық<br>Қазақ және басқа да халықтардың сәндік-қолданбалы өнерінің негізгі түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту, Қазақстан халқының шығармашылығы мен мұрасына құрметпен қарау және салыстыру. | Оқулық, электронды оқулық<br>Сілтеме…http://www.gmirk.kz/index.php/kz/dekorativno-prikladnoe-iskusstvo-kazakhstana/izdeliya-iz-vojloka |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | Шығармашылық жұмыстарды таныстыру | қолданылуын анықтау және сипаттау<br>5.2.3.1<br>түрлі материалдардан қарапайым бұйым немесе шығармашылық туынды жасау<br>5.2.3.2<br>шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану<br>5.2.7.1<br>қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтап, материалдар мен құралдарды қолдану<br>5.2.3.3<br>түрлі материалдар мен құрал-жабдықтарды қолдана отырып, бұйымды өңдеу және безендіру<br>5.3.3.1<br>пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау | | |
| **6-сынып** | | | | | |
| **2-тоқсан** | | | | | |
| 1. | Сәндік-қолда | Табиғи материалдардың түрлері мен | 6.1.2.1<br>қазақ халқының ұлттық және әлем | Іздеу, ауызша және көрнекі.<br>Қазақтың ұлттық және әлемдік | "Технология" пәні бойынша оқулық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | нбалы өнер | сипаттамалары (өздігінен ізденіс зерттеулері).<br><br>Табиғи материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау.<br><br>Табиғи материалдан бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру.<br><br>Сәндік-қолданбалы өнердегі жасанды материалдардың мүмкіндігі (өздігінен ізденіс зерттеулері). Жасанды материалдардан дайындалатын бұйым нобайын орындау. Жасанды материалдардан бұйым дайындау. Бұйымды көркемдеп безендіру. Шығармашылық жұмыстарды таныстыру | мәдениетіндегі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы білімі мен түсінігін көрсету<br>6.1.5.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтай отырып, жоспар құру<br>6.1.6.1 композицияның негізгі заңдылықтарын ескеріп, әртүрлі нысандардың дизайнын құрастыру (нобай, техникалық сурет, сызба)<br>6.1.7.1 Әтүрлі материалдарды білу (дәстүрлі, заманауи, дәстүрлі емес матеиалдар), олардың қасиеттері мен қолданылуын анықтау және сипаттау<br>6.2.2.1 Әр түрлі матеиалдардың қасиеттері мен өңдеу техникаларына сәйкес құрал-жабдықтарды дұрыс таңдау және қолдану<br>6.2.3.1 түрлі материалдардан қарапайым | мәдениетінің зергерлік бұйымдарының әртүрлі түрлерін зерттейді, қазақтың зергерлік өнерінің ерекшеліктерін талдайды. Қазақ халқының халық шығармашылығы мен дәстүрлеріне эстетикалық көрініс пен көркемдік талғамды дамытады. | Бейне презентация, сілтеме...https://bilim-all.kz/article/8392-Zergerlik-oner |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұйым немесе шығармашылық туынды жасау<br>6.2.3.2<br>шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар дайындау үдерісінде қазақтың ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану<br>6.2.3.3<br>түрлі материалдар мен құрал-жабдықтарды қолдана отырып, бұйымды өңдеу және безендіру<br>6.3.3.1<br>пәндік терминологияны қолдана отырып, өзінің және өзгелердің жұмыстарындағы қолданылған әдіс-тәсілдерді салыстыру | | |
| **7 сынып** | | | | | |
| **1 тоқсан** | | | | | |
| 1 | Цифрлық технология | 2D графикалық редакторларына кіріспе<br><br>Графикалық редактордың құралдары мен интерфейс негіздері<br><br>Графикалық редакторлардағы кескіндермен негізгі операциялар | 7.2.3.1<br>2D графикалық редакторлардың негізгі жұмыс принциптерін, мүмкіндіктері мен функцияларын және олардың қолданылуын анықтау<br><br>7.2.3.2<br>Графикалық редакторлардың интерфейсін және негізгі басқару | Ізденіс.<br>Көркемдік күйдіру түрлері және оларды орындау әдістері зерттеледі.<br>Материалдар таңдалады.<br>Ағашты жағу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, практикалық дағдыларды дамытады. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Графикалық элементтерді құру және өңдеу<br><br>Тәжірибелік жобалар:<br>• Қарапайым графикалық жобаларды құру: логотип, баннер, қарапайым объектілердің сызбалары | элементтерін үйрену<br>7.2.3.3<br>Қию, өлшемін өзгерту және түсті түзету сияқты негізгі кескін әрекеттерін орындау<br>7.2.3.4<br>Берілген көрнекі әсерге жету үшін графикалық элементтерді жасау және өңдеу<br>7.2.3.5<br>2D графикалық редакторларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дизайн жобасын (бұйым, объект) әзірлеу | | |
| **8 сынып** | | | | | |
| **1 тоқсан** | | | | | |
| 1 | Цифрлық технология | 3D графикалық редакторларына кіріспе<br><br>3D модельдеу құралдары мен интерфейс негіздері<br>3D модельдеу негіздері<br><br>Қарапайым модельдерді құру және өңдеу (геометриялық денелер)<br><br>Тәжірибелік жобалар: | 8.2.3.1<br>3D графикалық редакторлардың негізгі жұмыс принциптерін, мүмкіндіктері мен функцияларын және олардың қолданылуын анықтау<br>8.2.3.2<br>3D графикалық редакторларының интерфейсін және негізгі басқару элементтерін үйрену<br><br>8.2.3.3<br>базалық пішінді жасау үшін 3D | Іздеу, зерттеу, көрнекі.<br>Сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдерін кеңейтеді.<br>Тарихи және мәдени мұраның өнер, қолөнер және дизайн ерекшеліктерін зерттейді. | Оқулық<br>Электронный учебник<br>Интернет-ресурсы<br>https://www.russia-deluxe.ru/kazaxskie-yuvelirnye-ukrasheniya-tradicii-vne-vremeni(казахские национальные украшения) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қарапайым 3D модельдерін құру: кейіпкерлер, көлік құралдыры, ғимараттар | модельдеудің негізгі әдістері мен техникаларын қолдану<br>8.2.3.4 модельдеу құралдарын қолданып қарапайым 3D модельдерін жасау және жасалған үлгілерді олардың пішіні мен құрылымын жақсарта отырып өңдеу;<br>8.2.3.5 функционалдылық және егжей-тегжейлі ашуғақойылатын талаптарды ескере отырып, қарапайым 3D модельдерін жасауға арналған графикалық редакторлардың мүмкіндіктері мен құралдарын қолдану; | | |
| **9 сынып** | | | | | |
| **1 тоқсан** | | | | | |
| 1 | Цифрлық технология | 3D модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді үйрену.<br>Визуализация және анимация<br><br>Күрделі 3D модельдерді құру және өңдеу<br><br>Жарық және камерамен жұмыс | 9.2.3.1 3D нысандарын визуализациялау және анимациялау үшін графикалық редакторлардың мүмкіндіктері мен құралдарын зерттеп білу;<br>9.2.3.2 Жетілдірілген модельдеу құралдарын пайдаланып графикалық | Іздеу, зерттеу.<br>Әр түрлі интерьер стильдерін салыстырыңыз.<br>Бөлменің ішкі кеңістігі, стильдерді қолдану функциясы туралы өз пікірін талдайды.<br>Қазіргі заманғы интерьер | Оқулық<br>http://stroylegko.com/prochee/svetilniki-izgotovlenie-v-domashnih-usloviyah-dlya-kvartiry-i-ulicy |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Тәжірибелік жобалар: 3D нысандарын жобалау және визуализациялау | редакторларда күрделі 3D модельдерін жасау; 9.2.3.3 Графикалық редакторлардағы күрделі 3D модельдерді егжей-тегжейлі жақсарту үшін оңтайландыру және өңдеу; 9.2.3.4 Шынайы 3D көріністерін (рендер) жасау үшін графикалық редакторлардағы жарықтандыру және камера параметрлері принциптерін үйрену және қолдану 9.2.3.5 3D нысандарын әзірлеу және визуализациялау үшін 3D графикалық редакторларының мүмкіндіктері мен құралдарын қолдану; 9.2.3.6 Жобаның эстетикалық және функционалдық талаптарына назар аудара отырып, жасалған 3D нысандары мен көріністерін талдау және жетілдіру; | стильдерінің негізгі сипаттамалары бар | |

*9-сынып: 3D модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді үйрену тақырыбын оқыту жолдары:*

3D модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді үйрену үшін сабақ жоспарыңызды құрылымдауға болады.

Міне, 8 апталық жоспар, әр аптада 2 сабақ:

1-апта: Кіріспе

Сабақ 1: 3D модельдеудің негіздері

- 3D модельдеудің анықтамасы
- 3D модельдердің қолдану салалары
- Негізгі терминдер мен ұғымдар

Сабақ 2: Бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау

- 3D модельдеу бағдарламалары (Blender, Autodesk Maya, 3ds Max, SketchUp, т.б.)
- Бағдарламалардың мүмкіндіктері мен айырмашылықтары
- Бағдарламаны орнату

2-апта: Негізгі инструменттер

Сабақ 3: Интерфейсті таныстыру

- Бағдарламаның интерфейсімен танысу
- Тасымалдау, масштабтау, өрнектеу құралдары

Сабақ 4: Негізгі фигураларды құру

- Негізгі геометриялық фигураларды жасау
- Фигураларды түрлендіру: тасымалдау, бұру, масштабтау

3-апта: Модельдеу техникалары

Сабақ 5: Полигондық модельдеу

- Полигондық модельдеудің негіздері
- Полигондарды қосу, жою, редакциялау

Сабақ 6: Сымдық модельдеу

- Сымдық модельдеу әдістері
- Сымдық құрылымдарды жасау

4-апта: Материалдар мен текстуралар

Сабақ 7: Материалдармен жұмыс

- Материалдардың негіздері
- Материалды тағайындау, параметрлерді баптау

Сабақ 8: Текстуралар мен UV-расправление

- UV карталау негіздері
- Текстураның үстіне орналастыру әдістері

5-апта: Жарық және анимация

Сабақ 9: Жарықтандыру

- Жарық көздерінің түрлері
- Жарықтандыруды баптау

Сабақ 10: Анимация негіздері

- Анимацияның принциптері
- Кілттік кадрларды қолдану

6-апта: Күрделі модельдер

Сабақ 11: Күрделі объектілерді модельдеу

- Күрделі формаларды құру
- Күрделі модельдердің элементтері

Сабақ 12: Сценаларды құру
- Сцена элементтерін ұйымдастыру
- Фон мен композицияны жасау
7-апта: Рендеринг
Сабақ 13: Рендеринг негіздері
- Рендерингтің анықтамасы
- Рендер параметрлерін түсіну
Сабақ 14: Соңғы рендер жасау
- Соңғы рендерді баптау
- Рендер нәтижелерін сақтау
8-апта: Жобаның аяқталуы
Сабақ 15: Жоба бойынша жұмыс
- Өз жобасын жасау
- Жобаның барлық элементтерін біріктіру
Сабақ 16: Презентация
- Өзіндік жобаны таныстыру
- Кері байланыс алу және сабақтан алынған білімді талқылау

Бұл жоспар 3D модельдеуге арналған бағдарламалық қамтамасыз етуді үйренуге арналған, оның құрылымы оқушылардың деңгейіне және мақсаттарына байланысты өзгертілуі мүмкін. Әр сабақта практикалық жаттығуларды қосу да маңызды, оқушылардың теориялық білімдерін практикада қолдануына мүмкіндік береді.

Тақырып: Графикалық редакторлардағы кескіндермен негізгі операциялар

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды графикалық редакторларда кескіндермен жұмыс істеудің негізгі операцияларымен таныстыру. Оқушылар кескіндерді ашып, сақтап, өзгертуді, сондай-ақ, олардың өлшемдері мен орналасу орындарын өзгерту дағдыларын меңгеруі тиіс.

Сабақтың құрылымы:

1. Кіріспе (10 минут)

- Тақырыптың таныстырылымы: Графикалық редакторлар және олардың сипаттамасы.
- Мақсаттары:

Сабақтың маңызды мәселелері мен күтілетін нәтижелері.

- Дискуссия: Кескіндермен жұмыс істеген Experiences ( тәжірибелеріңізді айтып беріңіз).

2. Негізгі операциялармен танысу (15 минут)

- Кескінді ашу:
- Файлды ашу (Open)
- Әр түрлі форматтағы кескіндерді форматтау (JPEG, PNG, BMP, т.б.)
- Кескінді сақтау:
- Файлды сақтау (Save As)
- Түрлері мен параметрлері туралы айту.
- Кескінді көшіру, қиып алу, және жапсыру:

- Кесінді көшіру, қиып алу (Copy, Cut) және жапсыру (Paste) операциялары.
3. Кескіндерді өзгерту (20 минут)
- Масштабтау және өлшемдерімен жұмыс:
- Кескіннің өлшемдерін өзгерту (Resize)
- Масштабтау (Zoom)
- Кескінді бұру және айналдыру:
- Кескінді айналдыру (Rotate)
- Кескінді қиып алу және өңдеу:
- Кескінді қиып алу (Crop)
4. Тәжірибе (20 минут)
- Оқушылар графикалық редакторды (мысалы, Paint, GIMP, Photoshop) ашып, берілген тапсырмаларды орындау:
- Нұсқаулық бойынша кескінді ашу және сақтау.
- Кескінді көшіру, қиып алу, және жапсыруды орындау.
- Кесінді өзгертіп, жаңа мәліметтер орнату.
5. Нәтижені талқылау (10 минут)
- Оқушылардың жасаған жұмыстарын көрсету.
- Келесі сабаққа дайындық: әр оқушы өзі таңдаған кескін мен онымен жасалатын жұмыстарды жоспарлауы тиіс.
6. Сұрақ-жауап (5 минут)
- Оқушылар сұрақтарын қойып, алған білімдерін бекіту.

*Сабақты бекіту*

- Сабақтың негізгі мазмұнын қысқаша қайталай отырып, графикалық редакторда жұмыстың маңыздылығына тоқталу.
- Үй тапсырмасы: Графикалық редакторда өзіңізге ұнайтын кескінді өңдеп, көркем шығару.

Қосымша материалдар:
- Графикалық редакторлардың оқу материалдары
- Видеолар мен оқу ресурстары

Бағалау:
- Оқушылардың сабақ барысында белсенділігі мен тапсырмаларды орындауы бойынша бағалау.

Бұл жоспар оқушыларды графикалық редакторларда кескіндермен жұмыс істеуді үйретуге бағытталған. Оқушылар неғұрлым тәжірибелік дағдыларды меңгерсе, соғұрлым өз шығармашылығын дамыта алады.

**«Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Негізгі орта білім берудің 5-6-сыныптарына арналған «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

5-9-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәні бойынша сабақ өткізуге ұсынылған әдістер

| № | Бөлім | Тақырыптар/Мазмұны | Оқу мақсаты. Білім | Сабақтарды өткізудің ұсынылатын | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | алушылар білу керек: | нысандары мен әдістері | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **5 сынып** | | | | |
| | **1тоқсан** | | | | |
| 1 | 1 бөлім. Жеңіл атлетика | Қауіпсіздік техникасы, білім негіздері<br><br>Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы<br><br>Орта қашықтыққа жүгіру<br><br>Секіру техникасы<br><br>Лақтыру техникасы<br><br>Эстафеталар | 5.4.4.1 қауіпсіздік ережелерін білу және қолдану<br>5.1.1.1 дене жаттығулары кезінде ағымдағы әл-ауқатты бақылау тәсілдерін білу<br>5.4.3.1 дене жаттығуларын орындау кезінде ағзадағы физикалық өзгерістерді білу;<br>5.4.2.1 жылыту кешендерін және қалпына келтіру жаттығуларын білу және орындау<br>5.2.2.1 әртүрлі мақсатты бағыттағы дене жаттығуларын білу және дамыту<br>5.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін білу және дамыту<br>5.4.5.1 өзара әрекеттесу үшін өз дағдыларыңызды пайдаланыңыз | Ақпараттық Қазақ және басқа да халықтардың жеңілатлетика түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту | Оқулық, электронды оқулық<br>Сілтеме…<br>Дене шынықтыру пәніне арналған әдебиеттердің электронды нұсқаларын табу үшін бірнеше танымал ресурстарды қарастыруыңызға болады:<br><br>1. Google Кітаптар (books.google.com) –<br>2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) -<br>3. ResearchGate (https://www.researchgate.net/) -<br>4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu (https://www.academia.edu/) |
| 2 | 2 бөлім. Спорттық ойындар | Қозғалыс техникасы және допты иелену | 5.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін білу және дамыту; | Ақпараттық Қазақ және басқа да халықтардың жеңілатлетика | 1. Google Кітаптар (books.google.com) –<br>2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) -<br>3. ResearchGate |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Спорттық ойындардағы тактика негіздері<br><br>Ойындардағы көшбасшылық дағдылар | 5.2.3.1 арнайы дене жаттығуларын білу және орындау;<br>5.3.4.1 тактика негіздерін білу және түсіну<br>5.2.2.1 әртүрлі мақсатты бағыттағы дене жаттығуларын білу және дамыту;<br>5.2.5.1 қозғалыс дағдылары мен дағдыларын бағалау<br>5.3.2.1 көшбасшылық Дағдылар мен командалық жұмыс дағдыларын түсіну;<br>5.3.1.1 тактикалық әдістерді білу және түсіну | түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту | (https://www.researchgate.net/) -<br>4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu (https://www.academia.edu/) |
| 6-сынып | | | | | |
| 1-тоқсан | | | | | |
| № | **Бөлім** | **Тақырыптар/Мазмұны** | **Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек:** | **Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері** | **Ресурстар** |
| 1 | 1 бөлім. Жеңіл атлетика | Қауіпсіздік техникасы, білім негіздері | 6.4.4.1 қауіпсіздік ережелерін қолдану<br>6.1.1.1 дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділік арасындағы байланысты және әртүрлі факторлардың (тамақтану, күн тәртібі, демалыс) спорттық | Ақпараттық Қазақ және басқа да халықтардың жеңілатлетика түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту | 1. Google Кітаптар (books.google.com) –<br>2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) -<br>3. ResearchGate (https://www.researchgate.net/) -<br>4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu (https://www.academia.edu/) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы<br><br>Орта қашықтыққа жүгіру<br><br>Секіру техникасы<br><br>Лақтыру техникасы<br><br>Эстафеталар | нәтижелерге әсерін түсіну<br>6.4.3.1 дене жаттығуларын орындау кезінде денеде қандай физикалық өзгерістер болатынын түсіну<br>6.4.2.1 қыздыру және қалпына келтіру техникасының негізгі компоненттерін қолдана білу<br>6.2.2.1 әртүрлі нысаналы бағыттағы дене жаттығуларын көрсету;<br>6.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін дамыту үшін моториканы көрсету<br>6.4.5.1 өзара әрекеттесу үшін білім мен өз дағдыларын қолдану | | |
| 7-сынып | | | | | |
| 1-тоқсан | | | | | |
| **№** | **Бөлім** | **Тақырыптар/Мазмұны** | **Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек:** | **Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері** | **Ресурстар** |
| 1 | 1 бөлім. Жеңіл атлетика | Қауіпсіздік техникасы, білім негіздері | 7.4.4.1 қауіпсіздік ережелерін көрсету<br><br>7.1.1.1.Дене шынықтыруды өзін-өзі бақылау әдістерін қолдану | Ақпараттық Қазақ және басқа да халықтардың жеңілатлетика түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау | 1. Google Кітаптар (books.google.com) –<br>2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) -<br>3. ResearchGate (https://www.researchgate.net/) -<br>4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | Қысқа қашықтыққа жүгіру техникасы<br><br>Орта қашықтыққа жүгіру<br><br>Секіру және олардың түрлері<br><br>Снаряд лақтыру<br><br>Эстафеталық жүгіру техникасы | (пульсометрия, жаттығу уақытын өлшеу және т. б.);<br>7.4.3.1 дене белсенділігін орындау кезінде ағзадағы өзгерістерді анықтау<br><br>7.4.2.1 денені негізгі дене жаттығуларын орындауға дайындау және жүктемеден кейін қалпына келтіру үшін жылытудың маңыздылығын түсіну<br>7.2.2.1 әртүрлі нысаналы бағыттағы дене жаттығуларын қолдану<br>7.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін дамыту үшін моториканы қолдану<br><br>7.4.5.1 өзара әрекеттесу үшін білім мен өзіндік дағдыларды анықтау | дағдыларын дамыту | (https://www.academia.edu/) |
| 8-сынып | | | | | |
| 1-тоқсан | | | | | |
| **№** | **Бөлім** | **Тақырыптар/Мазмұны** | **Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек:** | **Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері** | **Ресурстар** |
| 1 | 1 бөлім. Жеңіл атлетика | Қауіпсіздік техникасы, | 8.4.4.1 спорт түрлері бойынша | Ақпараттық Қазақ және басқа да | 1. Google Кітаптар (books.google.com) – |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | білім негіздері<br><br>Төмен бастау және бастапқы үдеткіш<br><br>Орта қашықтыққа жүгіру<br><br>Секіру және олардың түрлері<br><br>Снаряд лақтыру<br><br>Эстафеталық жүгіру | Қауіпсіздік техникасы қағидаларын қолдану 8.1.1.1 жаттығулардың тиімділігін арттыру үшін өзіңіздің спорттық нәтижелеріңізді талдаңыз; 8.2.6.1 тәуекелдердің алдын алу және тапсырмаларды орындау кезінде туындайтын қиындықтарды жеңу 8.4.2.1 ұзақ жүктемелерден кейін қыздыру және қалпына келтіру кешендерін орындау дағдыларын пайдалану 8.2.2.1 әртүрлі нысаналы бағыттағы дене жаттығуларын пайдалану 8.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін дамыту үшін моториканы пайдалану<br><br>Эстафеталық жүгіру 8.4.5.1 өзара әрекеттесу үшін білім мен өз дағдыларын көрсету | халықтардың жеңілатлетика түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту | 2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) - 3. ResearchGate (https://www.researchgate.net/) - 4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu (https://www.academia.edu/) |
| 9-сынып | | | | | |
| 1-тоқсан | | | | | |

| № | Бөлім | Тақырыптар/Мазмұны | Оқу мақсаты. Білім алушылар білу керек: | Сабақтарды өткізудің ұсынылатын нысандары мен әдістері | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 бөлім. Жеңіл атлетика | Қауіпсіздік техникасы, білім негіздері<br><br>Спринт жүгіру.<br><br>Орта қашықтыққа жүгіру<br><br>Секіру<br><br>Снаряд лақтыру<br><br>Эстафеталық жүгіру | 9.4.4.1 дене шынықтыру және спортпен шұғылдану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын жіктеу<br>9.1.1.1 өз нәтижелерін талдау негізінде өзінің дене дайындығын бағалау;<br>9.4.2.1 жылыту және қалпына келтіру кешендерін әзірлеу<br><br>9.4.3.1 дене жүктемесінің дене күйіне әсерін бағалау;<br>9.2.2.1 әртүрлі мақсатты бағыттағы дене жаттығуларын бағалау<br>9.2.1.1 үйлестіру қабілеттерін дамыту үшін моториканы бағалау<br>9.4.5.1 басқа адамдардың жаттығу тәжірибесін байыту үшін білім мен дағдыларды бағалау | Ақпараттық Қазақ және басқа да халықтардың жеңілатлетика түрлерімен таныстыру; дербес зерттеу қажеттіліктерін, ақпарат жинау дағдыларын дамыту | 1. Google Кітаптар (books.google.com) –<br>2. Сандық кітапхана (https://www.elibrary.ru/) -<br>3. ResearchGate (https://www.researchgate.net/) -<br>4. SpringerLink (https://link.springer.com/) - 5. Academia.edu (https://www.academia.edu/) |

# ҚОРЫТЫНДЫ

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы, сапалы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазіргі мектеп оқушыларына келешекте табысқа қол жеткізу үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеру қажет.

Оқу бағдарламасының тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар метапәндік құзыреттіліктерінің қалыптасуына бағытталғаны оның ерекше өзгешелігі болып табылады.

Білім беру жүйесінің басты қызметі – ел дамуының міндеттерін шешуге бағытталған қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау. Еңбек нарығындағы жағдайлардың және қоғамның даму қарқынын жеделдету мен өмірдің барлық салаларын кеңінен цифрландыру сияқты процестердің әсерінен қалыптасатын түлекке қойылатын заманауи талаптарды ескере отырып, білім беру мазмұны қазіргі қоғамның сұраныстарына сәйкес белсенділік пен құзыреттілік тәсілге негіздеп жетілдіруді қажет ететіні айқын.

2021 жылы барлық пәндер бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларын кеңінен сынақтан өткізу аяқталды, бір жағынан пандемияның әсері және XXI ғасырдың жылдам өзгеретін жағдайында қашықтықтан оқытуды дамыту, екіншіден осы бағдарламаларды одан әрі жетілдіруді талап ететін бірқатар себептер анықталды.

Осыған байланысты оқу бағдарламаларының мазмұны және ұзақ мерзімді жоспардағы оқу мақсаттарының жүйесі қайта қаралды.

Білім беру жүйесі түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ болашақ экономика үшін сұранысқа ие мамандықтар ескеріле отырып, мемлекеттік білім беру тапсырысын икемді қалыптастыру есебінен Қазақстан экономикасын жаңғырту үшін кадрларды даярлау сапасын жақсартуға бағытталады. Ол үшін функционалдық сауаттылықты, сыни ой-танымды, білім мен дағдыларды нақты өмірде пайдалану қабілетін қалыптастыруға бағытталған, білім беру деңгейлерің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнын жетілдіру үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет.

Дүниежүзілік Банктің есептерін талдау бағдарламаларды жетілдіру қажеттілігін негіздейтін орта білім беру мазмұны бойынша мынадай тұжырымдар мен ұсынымдар әзірленгенін көрсетеді:

- үлгілік оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарын тұжырымдау негізінен көптеген фактілерді есте сақтауға бағытталған;
- оқу мақсаттарының саны және барлық мазмұнның көлемі пәнді оқуға бөлінген уақыт мөлшеріне сәйкес келмейді;
- үлгілк оқу бағдарламаларында пәндік сала бойынша жалпы күтілетін нәтижелер туралы ақпарат берілмеген;
- күтілетін нәтижелерде білім алушылардың мета-пәндік құзыреттері, кең ауқымды дағдылар, білім беру құндылықтары, түлектің әлеуметтік портреті ашылмаған.

Дүниежүзілік банктің басты ұсынысы XXI ғасырдың білім алушыларына ұлттық басымдықтарға, сондай-ақ тез өзгеріп жатқан әлемнің сын-қатерлері мен мүмкіндіктеріне сәйкес қажетті білім, дағдылар, тәсілдер мен құндылықтарды көрсететін жаңартылған білім беру мазмұнын жетілдіру болды. Дүниежүзілік Банктің зерттеу нәтижелері жаңартылған білім мазмұны білімалушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін академиялық білімге негізделгенін көрсетті. «Білім беру ресурстарында білімді бекітуге, білім алушылардың өмірлік жағдайларда білімді қолдану қабілетін қалыптастыруға арналған оқу материалдары жеткіліксіз. Мұның бәрі білім алушылардың денсаулығы мен білім сапасына кері әсер етеді», деген тұжырым жасалған.

Сонымен, орта білім берудi жетiлдiрудiң мақсаты – орта білім беру жүйесiн қоғамдағы қазіргі заманғы трансформацияларды, бiлiм берудегі жаңа трендтер мен парадигмаларды, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуындағы жаңа мiндеттер мен басымдықтарды ескере отырып, өзінің жеке басының мүддесі, отбасы және өз елінің мүддесі үшін жасампаз қызметті жүзеге асыруға ынталы және қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағдарлау.

Негізгі орта білім беру деңгейінің оқу пәндерін оқытудың әдістемелік ұсынымдар бөлімінде білім беру деңгейлері бойынша оқу пәндері мазмұнының бірізділігі мен сабақтастығы, оқу пәндерінің базалық мазмұнын айқындайтын қағидаттар мен ұстанымдар, құзыреттіліктер, оқу пәнінің мазмұнын жетілдірудің негізгі қағидалары, оқу пәні мазмұнының көлеміне қойылатын талаптар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын ұстанымдар қарастырылды.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕРДІҢ ТІЗІМІ


1. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығы.
4. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
5. Орта білім беру ұйымдарында сабақтарды қысқа мерзімді жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023: uba.edu.kz
6. Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар - Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023: uba.edu.kz
7. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар. - Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023: uba.edu.kz
8. Бітібаева Қ. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». – 2-бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
9. Жұмақаева Б.Д. «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығы.
10. Функционалдық сауаттылық – тұлға қалыптастырудың негізі. Электрондық ресурс: http://oqu-zaman.kz

**МАЗМҰНЫ**


| | | |
|---|---|---|
| Кіріспе | | 3 |
| 1 | Жаңартылған МЖМБС шеңберінде негізгі орта білім беру пәндері үлгілік оқу бағдарламаларының ерекшеліктері | 5 |
| 2 | Негізгі орта білім беру пәндерінің үлгілік оқу бағдарламаларын енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдар | 50 |
| Қорытынды | | 162 |
| Пайдаланылған дереккөздердің тізімі | | 164 |